

А 2018

2248 к

Сауытбек
МӘДИМӘРҰЛЫ

Тегім -
Дүйсебай әулие




автор гвар биег .



А 2018 / 2248 к

Сауытбек МӘДІМӘРҰЛЫ



**ТЕГІМ - ДҮЙСЕБАЙ
ӘУЛИЕ**



ҰШ Алматы
2017 **ҚУАҢ**

УДК 821.512.122 — 94

ББК 84 Каз 7-44

М 35 ✓

М 21 Мәдімәрұлы С

Тегім - Дүйсебай әулие. Алматы: “Үш Қиян”, 2017. - 296 б

ISBN 978-601-7194-29-1

Сауытбек Мәдімәрұлы өз оқырманына бұған дейін «Менің қарапайым өмірім», «Өмір керуен» атты кітаптарымен таныс. Енді кезекті еңбегін жарыққа шығарып отыр. Бастан кешкен тауқыметтерін, өмірден көргендерін ой елегіне екшеген автор көңілге түйгендерін ортаға салады. Пікір бөліседі, тұжырым жасайды. Жалпы көздегенін бүкілесіз, жалтақсыз жеткізу Сәкеңе тән ерекшелік.

Кітап тілі жатық, көпшілік оқырманға арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№

362948

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7194-29-1

© Мәдімәрұлы С., 2017

**ОСЫ ЕҢБЕГІМДІ ІНІМ ӘБДІМАНАП,
ҚАРЫНДАСЫМ МАНАТКҮЛ, ҚАЙНЫМ
ТІЛЕУ, БАЛАЛАРЫМ БАЙМАНАТ,
МЕЙРАМБЕК МАРҚҰМДАРДЫҢ
ӘРУАҒЫНА БАҒЫШТАЙМЫН.
АВТОР**

ӨЗ ЖАЙЫМНАН ҚЫСҚА МАҒЛҰМАТ

Бірінші өмір тарихымның болмысынан.

1. Руым – Дулат одан

Шымыр одан

Бекболат одан

Жиенбетпін (боққайнат)

2. Мен Дүйсебай әулиенің шөбересімін.

Дүйсебай әулиенің әулиелігін танытып жазған кітаптар.

1) Сары Хасенов «Жиенбет» (шежіре) кітап 47-48 беттер;

(Алматы «Мерей» 1996 ж.)

2) Сауытбек Мәдімәрұлы «Күлкұдық» кітап 78-81 беттер;

(Алматы «Раритет» 2009 ж.)

3) Сауытбек Мәдімәрұлы «Аша елі» кітап 268-270 беттер;

(Алматы «Раритет» 2010 ж.)

4) Сауытбек Мәдімәрұлы «Болашаққа хат» кітап 46-48 беттер (Алматы» 2010 ж.)

5) Сауытбек Мәдімәрұлы «Менің қарапайым өмірім» кітап 10-11 беттер (Алматы «Үш қиян» 2013 ж.)

6) Токтасын Омбаев «Көңілімнің көкжиегі» кітап 34 бет (Төле би. 2015 ж.)

7) Тамаша Расилов «Шымыратаның Жисенбет ұрпақтарының шежіресі» кітап 167 бет. (Төле би. 2016 ж.)

Дүйсебай әулие менің үшінші бабам екенін кейін ержеткен соң білдім. Ол кісінің көріпкел әулиелігі туралы толық кітаптарға жазылса да аздап тоқталып өтейін.

Меккеге қажылыққа бара жатқан бір топ адамға Дүйсебай кездесіп қалып «Меккедегі Хазыретке» сәлем жолдайды. Бірақ, олар сәлемін айтпай кейін қайтар сәтінде:

-Әй сендерден жолда бір құдай жолына шын берілген кісі маған сәлем жолдаған. Соны неге маған айтпай кейін қайтқалы тұрсындар. Мә мына тақияны соған апарып беріңдер. Егер тақияны бермей өтіп кетсеңдер де мен білемін. Ол Алла жолына адал берілген кісі сендер әшейін адамсындар-депті Мекке Хазыреті. Сонымен қажылыққа барғандар жердің үстімен барып, астымен қайтқандай болып, тақияны әкеп беріп Дүйсебайдан кешірім сұрапты.

Дүйсебай әулиенің өмірі зікір тартумен өтіпті (мұнысы Алланы еске алып отыруы екен). Оның қабірінің басында шырақ жанып тұрады екен. Ары-бері өткен жүргіншілердің ер адамы қабір басына құран оқыса, әйелдер көлігінен түсіп, көлігін жаяу жетелеп өтетін болған. Менің бала кезімде біздің ауылда бір-бірімен ренжіскендер: «Жүр Дүйсебай әулиенің әруағына саламын үйіне кіріп шық»-деп анттасқанын талай естігенмін. Есенәлі деген бақсы Дүйсебай әулиенің қабірінен құран оқып топырақ алып оны суға қосып араластырып науқастарға беріп содан шипа тапқан. Маған да сырқаттанғанда Есенәлі бақсы топырақ қосқан лай су ішкізіп содан тәуір болғаным бар. Жас кезімде Дүйсебай өлетін айтқан. Баласы Тұңғышәлі «денсаулығың мықты»-деп сенбеген. Содан соң Құрман айт күні түскі намаз қабылдап басын көтермеген. «Көзі ашық әулие»-деп ел үш рет ақ іш киімге орап денесі тиген соң бір жапырақтан жыртқыс ап балаларын ырым еткен. «Жерді бассаң байқап бас, жәндік болса өлтіресің, жыланға да тиме обалың көтересің»

дейді екен. Тырнак, сақал, мұрт, қас, шаш етке мейман ет сүйекке мейман депті Дүйсебай әулие.

3.Екінші бабам Дүйсебайды баласы Тұңғышәлі. Ол кісі туралы айтқандар ашуы қатты, артық істі, артық сөзді, жай қарапайым кісі бопты. 9 ұл, бір қызы боп, көбісі ержетіп қайтыс болып, ең үлкені менің әкем Мәдімәр мен ең кенжесі Әлеш қалған. Өзі 1932 жылы өмірден өткен.

4.Менің әкем Мәдімәр Тұңғышәліұлы 1886-1945 жылы өмірден өткен. Мәдімәрдан 2 ұл, 2 қыз едік. Мен төрт жетімнің үлкені 5 жасымда әкеден жетім қалдым. Анам Іздән інім Әбдіманап сырқат болды, әкемнің інісі Бұзау деген патша үкіметінің 16 жылғы маусым жарлығына байланысты солдатқа алынатын болады.

-Ол жас бос белбеу ол жақта өліп қалады-деп әйелі екі ұлы болса да әрі әке-шешесінің қарсылығына көнбей өзі солдаттыққа барады да онда «онбасылыққа сайланады. Сонда майдан жұмысында жүрген қол астындағы әрі ауылдан бірге барған Саусақбай дегенді бөрене басып қалып қапыда қайтыс болады. Сол майданда басқа өңірден барған Насихат Сүгірұлы деген ақынға Мәдімәр ақысын беріп жоқтау олең шығартып слдегі Саусақбай марқұмның отбасына естіртіп көңілін аулайды. Мәдімәр сөзге жүйелі іске ұқыпты еңбекшіл болып қиын кездердің өзінде ауқаттылар қатарынан көрініп, 100-ден аса қой, 10-нан аса ірі қара бітіп өз шаруасын дөңгелетіп, тұрмысы төмендерге қол ұшын беріпті. Мен жасымнан әкемнен қалған көп малды бағамын, қараймын. Жемшөбін дайындаймын-деп көп бейнет көріп өстім. Жиенбет ауылының қазіргі жерге таңдап қоныстандырған әкем Мәдімәр мен анам Іздән екен. Іздән атында бір көше бар қазір.

5.Мен әкем мен анамның сағынып көрген алғашқы перзенті екенмін. Мен туардан бір жыл бұрын «Ұл туасың, ұлыңның атын Сауытбек қой»-деп анамның түсінде бір ақсақалды кісі аян беріпті. Сөйтіп мен әкемнің 51 жасында, анамның 27 жасында

өмірге келіпін. 1 октябрь 1940 жылы екен. Бірақ туу туралы куәлігім 1941 жылдың 20 майы деп кейін алыныпты. Туған жерім Жамбыл облысы, Шу ауданы, Сталин колхозы (қазіргі Жиенбет ауылы) екен. 1949-1956 жылдар арасында жетіжылдық сыныпты нашар оқып бітірдім. 6-7 жасымнан-ақ үйдегі баланын үлкені әрі анам сырқат болған соң қой, түйе, жылқыларды айдап сал, айдап келден бастап барлық үй шаруасына араласып өстім. 11-12 жасымнан колхоздың жұмысына жазғы оқудың демалысында шөмелсей салдым, арба айдадым, жылқы бақтым, сиыр, бұқа бақтым. Бір бұқа сүзіп, өлім аузынан қалдым. Сөйтіп, 1956 жылы жетіжылдық мектепті нашар оқып біткен соң үй тірлігімен бірге Мойынқұм колхозының тұрақты жұмыскері болып арба айдаушы, аға шопан, сақпаншы, қырманшы демек колхоз басшысы қайда жұмсайды неше түрлі қара жұмысынан да бас тартқан емеспін. Осы еңселі еңбегімді бағалап, мені бірінші шақырып алып 1958 жылы ауыл бойынша Мойынқұм колхозының басшысы қоғам есебінен Жамбыл қаласындағы ауылшаруашылық мектебінің «Қой шаруашылығының бригадирі» мамандығын жолдама беріп оқытты. 1959 жылы бұл мамандықты бір пәннен ғана 4, қалғаны 5 (өте жақсы) деген бағамен бітіріп шықтым.

13.12.1959 жылы сүйген жарым Зәбира Нарымбекқызымен отау құрдым. Алланың берген 4 ұл, 4 қызын тәрбиелеп өсіріп, міне 57 жыл болды бақытты өмір сүріп келеміз. 1959-1961 жылдары аға шопан болдым. Тағы мені 1961 жылы Мойынқұм колхозы, Шу аудандық комсомол комитеттері, Шу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жапар Түйебеков міне үш бірдей жолдамамен Жамбыл қаласындағы зоовет техникумына оқытуға жіберді. Ол кезде тек қоғамда жақсы жұмыс істегендерді ғана жолдамамен жіберіп оқытатын. Жамбыл қаласындағы зоовет техникумына құжаттарымды өткізгенімде директоры Есенғариев деген:

- Құжаттарыңыз жақсы екен. Осы оқуға түсуге үш бірдей жолжамаңыз бар екен. Бірақ 1956 жылы жетіжылдық орта

мектепті әрең бітіріпсіз, оған көп жыл болыпты, қарайып қалған көрінесіз. Тек қоғам жұмысын жақсы істеген мінездемеңіз үшін, бізде сынақсыз оқуға қабылдауға болмайды. Онда да экзамен алатын мұғалімдерге ескертемін. Жеңілдеп сынақтан ептеп өткізіп жібер деймін,-деді де біздің техникум Талас ауданының орталығы Ақкөлге көшіп жатыр дегені.

Мен біраз ойланып қалдым да:

- Ағай оқу орны шалғай ауданға көшіп жатыр екен. Мен сол үшін үй ішіммен ақылдасайын. Құжаттарымды қайтарып беріңіз-дедім. Есенғараев құжаттарымды қайтарып берді. Бұл сәтте ойланбасқа маған ләж жоқ еді.

Бірінші, Ақкөлге баруға жол қаражат жетпейтін болатын. Екінші, осы техникумға қарай үйден жолға шығып үлкен жолда көлік күтіп тұрғанымда анам Іздән келді де:

-Не әлі барағын жағыңа бармағансың ба?-деді.

-Иә, көлік болмай тұр.

-Көлік болмаса болмасын. Мен саған әдейі келдім. Кәрі әрі сырқат мені, бел ауру ініңді, екі кішкентай қарындасыңда, балалы келіншегіңді, алты бірдей шикі өкпе шиеттей отбасыңды тастап, төртжылдық оқуға кетіп бара жатырсың. Мына кім жүрмеген үлкен жолда аналық ақ сүтімді кешпеймін-деді тағы бірдеме деді де бірде. Іс тындырғандай анам Іздән ашулы екпіндеп жүрді де кетті. Мен не істерімді білмей ары-бері теңселіп толқып тұрғанымда ертеңгісінен бері міне сәске түске дейін күттірген кездейсоқ көлік келіп қасыма тұра қалмасы бар ма? Тәуекелге басып көлікке мініп техникумға келген сәтім еді. Міне осыны ойланбасқа маған болмайтын кез болатын. Сойтін құжаттарымды қайтарып алып Есенғараевтан шықсам ақ кител шалбары бар біреу сені күтіп тұрмын дегені. Таныса кеттік. Асылбеков Айдарбек деген Меркі ауданының жігіті екен.

-Екеуіміз жолсерік болып осы қаладан оқу іздейік-дегенде үстіңгі күміс тісі жалт ете түсті. Мына техникум көшіп жатыр, қу далада не бар бізге-деп тағы қойды.

- Қандай оқу дедім.
- Кооптан бастайық.
- Кооп деген не?
- Кооперативный училище.
- Оны бітірсек не істейміз?
- Сатушы боламыз.
- Сатушы қиын емес пе?
- Оқыған соң оңай болады.

Айдарбек бұрын 10 класты тауысып осы қаладан статтехникумды оқып жүріп, әскерге алынған екен. Әскерден оралған беті көрінеді. Білім де, жасы да менен үлкен әрі ширақ. Кооперативный училищесіне барсақ, Ақментаев деген директор менің құжаттарымнан үш жолдаманы көріп, мені табанда оқуға қабылдады да Айдарбек 10 сыныпты тауысса да Меркі райпетровсоюзынан жолдама әкел деді. Бұл кооперативный училищеге әр ауданның райпетровсоюзының жолдамасымен қабылдайды екен. Айдарбек екеуіміз де осы оқуға түсіп, оқып кеттік. Бірақ ол журналдағы «Промтовар» деген пәнге өзіне-өзі 4 деген бағаны ұрлап қойғаны үшін оқудан шығарылды. Мен 1962 жылы осы оқуды бітіріп, сатушы деген мамандық алып шықтым. «Құдай берсе бір аяқ мұздан екі аяқ су шығады»-деп Айдарбектің арқасында 1962-1977 жылдар арасында 15 жылдай сатушы болып соның нарын жедім оқырманым. Сол үшін аздап тоқталып отейін.

Мен сауда саласының көрнекті маманы болып төңірегіме тез танылып, жақсы жағынан абырой алып тұрмысымды айтарлықтай жылдам түзедім. Онда да ақыл қорыта келе өмір құбылысы мені ойлантпай қойған жоқ. Өйткені, сатушылық жұмысты таза істейтіндер өте сирек екеніне көз жеткіздім. Халық сұмдық кеңпейіл, ересен кешірімді, қандай тамаша десенізші... Олар сатушының майда-шүйдесі түгіл ірі-ірі жолсыздың да кешірім жасайды. Өзінің өте артық асқынған жүріс-тұрысынан көрмей тұтынушыларды «көрмегеннің үстіне көрмесе, сезбегеннің үстіне

сезбесе екен» - деп халыққа тіл тигізетін сатушылар қаншама?! Ал мен ақтан сопы болмағанмен осындай асқынған ұятсыз сатушылардың іс-әрекетінен айдалада жүріп ұялатынмын. Өйткені, сатушы деген ортақ ат бәрімізге тең болғандықтан. Әуелі дәрекі сатушылар менің таза істегенім үшін де «Менің өтірігімді неге сездіріп қоясың, ондай-ондай заттың бағасына баға қосып сатпасаң несіне сатушы болып жүрсің»-деп мені кінәлап ренжігендерге таңқалдым. Сонда Сауытбектен бәленнен аламыз, сенің мұның не-дейді екен. Мен сауда саласында сегіз бастықпен істес болдым. Оның төртеуі егде кісілер еді де, төртеуі өзім қарайлас жастар еді. Сол төрт егде бастықтар шындығы 100 пайыз бен жұмыс істемесе де, халыққа деген иман жүздігі бар болатын. Ал қалған төртеуі барып тұрған халықты қанаушы, қанауға жол ашушы тойымсыз ашкөздер екенін ақиқат алдында жасыра алмаймын. Сондайлығына көнбеген рабком бастығым Көшербай Өмірқұлов, Шу ауданының прокуроры Аққұлиев пен Шу ауданының бірінші хатшысы Әлімбек Әспетов жерлес екен. Үшеуі мені бағындырмаққа соңыма түсіп берді. Бірақ шын-ақиқат таза екендігім оларды мойындатып тынды. 1967 жылы Мұхтар Әуезовтың 70 жасқа толуына байланысты Совет Одағының барлық республикасымен автономиялық республикалардың ішінде Әлжапар Әбішев пен Жұбан Молдағалиев бар дүкенге кірді. Жазушылар сонда соларды басқарып Мәскеуден келген егде жазушы 0,50 тиын беріп бір шиша тұзды су ішті. Мен 0,42 тиынын қалғанын бердім, ол алмай қойды. Осындай істі үш-төрт жазушылар да қайталады. Мұндай қалдық тиынын алмайтындар көп кездеседі.

- Әй Сауытбек ақын-жазушылар саудаға келе берсе жақсы екен ғой. Қалдық тиынын алмайды екен-деді бастығым Рахмагулла Жексенбин күліп.

Тағы бір мысал келтірейін. Бір шиша астаналық арақ 2,87 тиын тұрса, 3 сом береді де 0,13 тиынын қайтарсаң алмай кетеді. Біз зорлап кейбір ерлеріне сіріңкені қабат береміз. Халықтан

айналайын, халық дария, халық кең, халық биік, халық терең, халық дана екеніне өмір бойы табынып келемін.

Мұның бәрін жазуым тек ұятсыз, дөрекі, тойымсыз, өзінің ғана кара басын ойлайтын сатушылар үшін айтуым деп түсініңіздер оқырман қауымым. Ал енді өзіме келейін: мен сауда жұмысын таза істей жүріп, тұрмысымды мал өсіру арқылы нығайттым. Қой, түйе, жылқы түлектерін тілге тиек етпегенде, бір жылдары 17 бұзау сатып алып, соның өсімінің өзі 3-4 жылда бір қора сиыр болып кетті.

Бұл ісім сол кездегі қоғам устабына қайшы болса да «адал кәсіп» деп қарсыластардан қайтпадым.

Шу ауданының кейбір басшылары «Устаптан артық мал ұстады» деп үстімнен үлкен мәселе қозғап, рабком бастығым Молдабек Оспановтан түсінік алды.

Осы дау қарсаңында зоводы елімізге іске жаңа маркалы машинаны ауданда бірінші рет 1973 жылдың 6 ақпанында 18 ірі қара өткізіп алдым. Шаруашылығым шарықтап кетті. Міне осындай адал кәсіптің әсерінен өз қатарларым түгіл төңірегімдегі белді азаматтардан ары тез ауқаттылар қатарына қосылып кеткеніме төңірегім таңқалысты.

Ендігі ойым?

Бірінші: сатушы болу, тұтынушыларға зиян тигізетін жұмыс екеніне көзім анық жетті. Ол үшін тек тәртіп бар жерде ғана сатушы таза қызмет істеуі мүмкін. Ал мен істеген жерде тәртіп жоққа тән.

Екінші: Мен өзімді кейбір сатушыға қарағанда жібі түзу секілді сезілгенімен ақтан сопымын демеймін. Поэзия, проза болсын қайсысы болса да оқырманға ой салғандай әсерде ғой. Сол үшін сауда саласында жүріп, жағымды-жағымсыз болсын бірдеме түртсем, тағы өзім тұтынушылардың бір тиынның қымқырсам не болғаным деп 1962-1978 жылдарда демек, 15 жылда бір жол да туынды жазған емеспін.

Үшінші: Мен жасымнан-ақ, көркемдігі өте төмен шағпақтап

бірдеме түртуші едім. (Бұл келесі беттерде толық баяндалады). Сол шатпағыма сауда жұмысынан бас тартып қайта оралуды ойладым.

Арнайы сауда саласының маманы бола тұра, тұрмысымды өте жоғары нығайта жүріп, ел-жұртқа тез танылып абыройлы екенімнің бір белгісі рабкооп бастығы Вера Иванова мені сауда саласынан әрең босатты.

Сауда саласынан босаған соң халыққа зияны тимейтін орман шаруашылығында орманшы болып, 1977 жылы орналастым. Енді ойласам міне, 37 жасқа дейінгі сауда саласында қызмет істеп жүргенімдегі өмірімнің адамдық қасиеті болмысын сауда саудалап сатып алып қойғандай екен. Өйткені тек күнкөріс тіршіліктің ғана адамы болыптым да басқа өмір құбылысының сан түрлі сырына көңіл бөлмептім. Мысалы кең далада жайылып жүрген мал да, төңірегіне бірдеме барға мысалы, адам, ит, көрінсе шоп жеп тұрған басын жерден көтеріп алып соған елере үрке қарап содан ескем алып бойын үрей билейді ғой. Ал мен болсам 37 жасқа дейін қу тіршіліктен басқаға көңіл болмегеніме мына кемшіліктерім қуә? Бұрынғы шаласауат білімім одан ары қарайған. Кітаптар түгіл Отан, ел, туған жер туралы неше түрлі өзгеріс ағымына бағымдамай ауыл, аудан, облыс жайындағы күнде жүріп жатқан жаңалықтың артық-кем жеріне сынай қарап, ой толғау деген пенде атымен жоқ. Сонда мен малдан да ары не деген менде атымен жоқ. Сонда мен малдан да ары не деген сезімсіз болғамын. Демек, мен өзімнің адамдық рухани қасиеттерден жұрдай екенімді міне, 37 жасқа келген соң әрі сауда жұмысынан бас тартқан соң бірақ сездім. Елде өте сирек кездің өзінде «Урал мотоцикл», «Жигули», «Газ 69» машиналарымен қоса «ДТ16» трактор иеленгенмін. Енді осындай басы артық нәрселерден бас тарттым. Сөйтін өмірге жаңа келгендей болып кемшіліктерімді жоюдың қамын ойлап, рухани адамдық қасиеттердің болмысына ой-санамды бейімдедім де барлық байлықтан бас тартып, оның жолын қуғанды қойдым. Өзіме-

өзімнің көңілім қалғаны соншама, көліктерді құртып, талай рет 30-40 шақырым баратын жерге жаяу жүргенімді көргендер: «Әй, Сәуке, машинаның неше түрін елден бұрын мініп едіңіз, мына жүрісіңіз қалай?» дегендерге «Өмір кезек» деген сияқты сөздерім кітаптарымда жазылған.

Орман шаруашылығында 1977-1984 жылдар арасында орманшы болып жұмыс істеуім міне маған осындай ой, санама рухани өзгеріс сезім тудырып, өмірге басқаша қараған кезеңім басталған тұсы бұл.

Бұдан соң да 1986-1996 жылға дейін зейнет демалысына шыққанша да «Мойынқұм» қызыл отауының меңгерушісі бола жүріп те үй тірлігімен байлық қуудан мүлдем тиылып, тек қоғам жұмысымен қоса шығармашылықпен айналыстым. Тағы да осы орманда орманшы, қызыл отауда меңгеруші болып жүріп, екі жұмысыма қоса төрт жұмысты қабаттастырып істедім. Атап айтқанда ақысыз жұмыс мыналар? 1977 жылдан «Шу өңірі»-«Шуская долина» 1980 жылдан бері «Социалистік Қазақстан» (Қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттеріне штаттан тыс тілшісі болдым. 1982 жылдан Жамбыл облысы бойынша охотинспекциясында штаттан тыс табиғат және жануар әлемін қорғаушы болдым. Малшылар қауымының «штабында» мен отырған үйге рация орнатып рацис болып жұмыс істедім. Осы ақысыз істеген төрт жұмысымның игілігін қарапайым халқым көрді. Сөзім дәлелді болу үшін аздап тоқталып отейін. «Социалистік Қазақстан» газетін (1979 жылы 15 ақпандағы нөміріне) мақалам жарияланды. Соның нәтижесінде «Дружба совхозының орталығында Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандарға арналған ескерткіш орнатылды. Дружба совхозының Қорағаты селолық кеңесі атқару комитетінің төрағасы ұлты әзірбайжан Гусейн Аслановты «Қазақ менің қалтамда» дегені үшін («Халық елесі» №31, 13.01.1992ж) мен газетке жазып қызметінен түсіргенмін. Мен маған катысы жоқ болса да ұры, қару, анашист халыққа зияны тигендерге мақала, өлең, әңгіме жазғаным өте көп. Соның бірі жамбыл облысынан менің

арызымды тексеруге келген лейтенант:

- Сен неге анашистерді жоғарыға жазасың? Колбин келіп тексермейді ғой – деп мені кінәлағаны бар. Шу ауданының бірінші хатшысы Халел Бейсеев те:

- Сіздің қолыңыздан жазу келеді екен. «Кір» нәрсеге араласпаңыз – деп ескертті де.

- Жамбыл облысына малшылардың тілегін неге рациямен хабарлайсың – деп совхоз директоры Ұзақ Халықов соңына түсіп берсе де ел тілегін елеп хабарлауды да, жазуды да, кейбірі мені өлтірейін десе де қойғаным жоқ. «Құдай берген жанды өзі алады»-деп.

Екінші: шығармашылық болмысымнан!

«1951 жылы ең алғаш өлең жазғаным 11 жасар кезім. «Төленбай деген парталас досым үш баланы көтеріп, «төртінші баланы да көтеремін» деп мақтанған. Соған арнап «Ей балалар келіндер» деген тұңғыш өлең жаздым. 1951-1961 жылға дейін нашар, қара дүрсін, жасық, көркемдігі жоқ талай өлең жазғам. Соның сегіз өлеңі ғана сақталыпты. Ал 1961 жылдан 1978 жылға дейін саудада сатушы болып жүріп біреудің бір тиынын қымқырсам, тағы өзім өлең жазсам, несіне адам болғаным – деп өлең жазған емеспін. Енді сегіз өлең ішінен тұңғыш өлеңді жазайын.

Ей, балалар, келіндер,

Келіп маған мініңдер.

Оң иығыма біреуің.

Сол иығыма біреуің,

Арқама тағы біреуің.

Үш бала жүгіріп келді де,

Мініп алды үстіме.

Менің күшім қандай деп,

Достарына келді далақтап.

Төкең қандай күшті деп,

Балалар оны мазактап.
Төртеуің тез мінсен де,
Тоймаймын деп бұл жүкке.
Мақтаншаққа салғаны – қызық болғаны

1956 жыл, жаз.

Сөйтіп Сауда жұмысынан бас тартқаннан кейін 1978 жылдан бастап өлең жаза бастадым. «Батыр аға» (Б.Момышұлына арнаған) деген өлеңім тұңғыш рет «Шу өңірі» газетіне 09.05.1978 жылы жарық көрді.

1977 жылдан бастап білімді оқып, сауаттана бастадым. Бұрынғы шала сауаттылыққа қоса, сауда саласында байлық қуып жүріп, одан да ары қате оқып, қате жазып, қарайып қалыппын. «Шу өңірі» газетінің көмекші редакторы Умәлс Асатұлы білімді, адамгершілігі зор, пайдакүнсемдігі жоқ, өзімен бірге істейтін қызметтестеріне қарағанда тұрақты, қанағатын бағындыра алған, басқаға көмектесуге дайын азамат екен. Оның жалықпай берген жәрдемі мен поэзия, проза жазудың қыр-сырын үйрене бастадым. Менің шығармашылық табысым соның арқасында дамыды. Мен оған өтелмес қарыздар екенім сол мені шығармашылық бағытқа үміттендіріп, ақыл беріп, жол көрсетіп, демеп, жебеп, күдерімді үздірмей отырды. Соның қолдауымен үздіксіз газетте жарияланып тұрды. 1980 жылы өлеңдерімнің жарық көргені бар, жарық көрмегені бар. Өз өмірімнен жазылған «Екі шелек су» деген әңгімені қоса Алматыдағы «Жалын» баспасына ала бардым. Бір кеңсеге кіріп, үш-төрт қыз-келіншек тағы бір көз әйнекті жас жігіт тобынан жөн сұрадым. Олар жолдаған «Жалын» баспасына бара жатсам, соңымнан қуа келген жаңағы көз әйнекті жігіт дауыстап мені тоқтатты да:

- Сіздің қарапайым жүріс-тұрысыңыз маған ұнады да, сізбен танысып келеді дегені. Аң-таң болған мен жөнімді айттым.

- Мен Сағат Әшімбаев деген сыншымын «Сыншы Мұраты» деген кітабым шыққан - деді. Мен келген жағымды және өлең

жазғанымды айта келіп, соны сынатуға келдім. Егер әдеби шығармаға жарамсыз десе бұдан кейін өлең жазуды қоймақпын – дедім.

Ол біраз ойланып тұрды да:

-Бүгін біздің үйдің қонағы болыңыз – деп үйінің мекенжайы мен телефон нөмірі жазылған қғазды қалтасынан алып, табанда ұсынды.

Сағат Әшімбаевтың үйі Ленин даңғылының жоғары жағында екен (қазіргі Достық даңғылы). Кешке қарай барсам үйінің балконында мені күтіп тұр екен, күтіп алды. Үйіне қондым. Шәрбену Бейсенова деген жолдасы, екі ұлы бар екен (соның бірі Мәулен Әшімбаев деген депутат). Мені өте жақсы қарсы алып, сыйлады. Үйінің жартысы толған кітап екен. Сағат Әшімбаев та мен сияқты жетім өсіпті. Менің өлеңдерімді үйінде әр жерінен оқып көріп, «Табиғи дарыныңыз бар, оқуыңыз аз» - деп қысқаша пікірін білдірді. Кейін мен «Оқулығы аз санамның» деген өлең жаздым. Шәрбену Бейсенованың алғашқы шыққан кітабы «Тойға келген келіншек» деп аталады. Сағат Әшімбаевпен үзбей байланысып, үйіне барып тұрдым. Ол өмірден қайтқанша қатынасымыз үзілген жоқ.

Ертеңіне «Жалын» баспасының поэзия бөлімінде істейтін ақын Өтежан Нұрғаливқа өлеңдерімді көрсетіп, кітап етіп етіп шығаруға болама дедім.

- Кітапқа топтастыратын болсаң, өлеңдеріңді мал құсатып соямын – деді. Тік сөйлеп, қатты кететін ақын екен. Бірақ оның қолы тимеді. Өлеңдерімді мал құсатып сойғаны дұрыс болатын еді.

Ал «Екі шелек су» деген әңгімемді «Жалын» баспасының меңгерушісі Молдахмет Қаназов көріп.

- Бір күн күт үйіме анарып асықпай оқып көріп содан соң пікіріңді айтайын – деді. Мен келістім. Сөйтіп, «Екі шелек су» - деген әңгімемді оқыған Молдахмет Қаназов менің білімімді сұрады. Бәрін айттым.

- Шіркін Сауытбек жеті жылдық мектепті өз дәрежесінде

тауыспасаңда бұрыннан прозамен айналысқан болсаң тамаша жазушы болған болғандай екенсің. Өз талантыңды дәл уағында доп баспай, босқа өткізіп алыпсың. Мына «Екі шелек су» деген әңгімеңдегі кейіпкер мінездерін жақсы ашқансың, мынандай майда-шүйде қайталанған жеріне сақ бол – деп кейбір тұстарына. Өзі жәй қаламмен белгіленген жеріне түзетулер айтты да баспаға ұсына беруіңе болады – деді. Әлі де болса кеш емес поэзиядан гөрі прозаға бейім екенсің осымен айналыса бер – деп келешекке жол сілтегендей ой білдірді. Осыдан соң Молахмет Қаназовтың жол сілтеуімен поэзиядан гөрі прозаға бет бұрып өндіре жаздым. «Екі шелек су» деген әңгімем прозадан тұңғыш рет «Шу өңірі» №22 (6482) 19.02.1982 жылы жарыққа жарияланды. Сөйтіп, осы жолы «Жалын баспасы» өлеңлерінің бәрін алып қалды. Кейін хат алғанда оншақты өлеңдерімнің кітапқа енуге жоспарланғанын естіп қуанышымда шек болмады. Осы өлеңдер ішінде «Шу өңірі» газетінің редакторы ұнатпаған «Сырласайын» деген өлең кітапқа енгенде аң-таң болдым. Осыған қарап, баспа орындарының пікірі бір жерден шыға берметінің білдім.

Бұдан бұрын «Дружба» совхозының жүзден аса азаматтары Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Соларға ескерткіш орнатуды талап етіп «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан» газетіне жазғам. Онда менің тілегімді қолдап ескерткіш орнатуын талап еткен (19 февраль 1979 ж. №90). Осы аяқсыз қалған соң осы жолы менің көзімше «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшілер бөлімінің меңгерушісі Хайдар Баймұханбетов аудандық атқару комитетінің бастығына телефон соқтырдым. Бұл ескерткіш Ұлы Отан соғысының құрбандарына кейін орнаттырып тындым. Осы Алматыға барған сапарымда «Социалистік Қазақстан» газетінің меңгерушісі Хайдар Баймұханбетовтен осы газеттің штаттан тыс тілшісі болып соның қызыл мандатын алдым. Әрі екі өлеңімді осы газетке ұсындым. Оны кейін ақын Кеңшілік Мырзабеков жарыққа жариялағты.

Кітапқа сегіз өлеңім енуге жоспарланған екен. Ол «Жыр бесік» атты топтама жинақ кітап болып жарық көрді (Алматы

«Жалын» 1983 ж.). Бұл менің тұңғыш кітабым. «Мойынкұм» қызыл отау меңгерушісі болып жүріп мен Жамбыл облысы бойынша қызыл отаулар байқауынан 1987 жылы бірінші орын алдым. Содан соң Шу аудандық мәдениет бөлімі «Жыр бесік»-атты тұңғыш шыққан кітабымды менің өзіме оқытып тұрып суретке түсіріп алды. Осы суретімді үлкен көркемделген портрет жасап «Өз творчествосын оқып тұр»-деген сөзі ірі әріптермен бадырайтып жазып қызыл отаудың (клубтың) Құрмет тақтасына қойған болатын. Осы Мойынкұм қызыл отауына бір топ кісі сау ете қалды. Келгендер әдетте малшы қауым орталығы саналатын көлқұдықтағы қызыл отау, кітапхана, аурухана, дүкен, қонақ үй, жылжымалы пошта, рация, монша, жарық беретін орын, мал емдейтін пункт сияқты орындарды аралап, малшы қауымға қызмет көрсету барысымен танысатын. Осындай ниетпен келген 4-5 өкілдер кірген мезетте бірден қызыл отау меңгерушісінің өз портреті Құрмет тақтасындағы өз кітабын өзі оқып тұрған үлкен суретіне бір өкілдің көзі бірден түсіп:

- Бұл кім,-деді. Оның сұрағына ауданнан келген өкілдер түгіл совхоз директоры Ұзақ Халықов та жауапсыз қалдырды.

- Бұл кім,-деді бейтаныс өкіл қайталап. Аудан өкілдері сұраққа жауап қайтаруға тиісті болу-болмауы екіталай болса, осы малшы қауым орталығы тікелей совхоз жайылымы болғандықтан, бұл сұраққа әуелі директор Ұзақ Халықов жауап беруге міндетті. Бірақ ол сұрақ қоюшының қасында тұрған мені «Мына Сауытбек қой»-деп айтпай тұр. Өйткені, директор Ұзақ Халықовтың мені атарға оғы болмай жүрген кезі еді.

Оған қарасты шаруашылық малшыларының көлеңкелі жағын дөп басып өне бойы тиісті орындарға хабарлаймын. Сол үшін жақпаймын. Аға шопандардың су тартатын движоғы істен шыққанда, жемшөбі таусылғанда, ауырғанда, әйелдер босанарда төтенше болған жағдайларда, ұн, кант-шайы, азық-түліктері таусылғанда, ұры, анашиттер сияқты заңсыздық орын алғанда аудан түгіл одан да жоғарғы тиісті орындарға жазып хабарласамын.

Осындай қырсыз дабылды аяксыз қалдырғанда аудан мен Жамбыл облысының тиісті орындарына рация арқылы хабарлаймын. Лудан күніне үш-ақ рет, ал облыс ертеңнен кешке дейін рацияның байланыс жасауын күтіп отырады. Оның үстіне ауданға хабарланған малшылар мұқтажы орындала бермейді. Ал облысқа рациямен жеткен жағымсыз хабар аудандағы тиісті орындарға аспаннан жай түскендей, табанынан тік тұрғызып, көзіне қамшы тиген жылқыша тез сезінеді. Осындай қырсыз жайсыз жағдай өріс алғанда Ұзақ Халықов «Совхоз малы түгел қырылып, неше түрлі төтенше жайсыз жағдайлар болса да жазба, әсіресе рациямен облысқа хабарлама дүниежүзі естіп қояды»-деп ренжіген болатын. Оған мен қарапайым халық тілегін орындаудан бас тартқан емеспін. Оның үстіне ұры-қары, суайт анашистер сияқты жаман жүрістілерге менің жазатыным біздің үйдегі рациядан сескеніп Ұзақ Халықовты маған айдап салып, мені жұмыстан босатып, сол жерден кетіркемке талай әрекет жасап онысын іске асыра алмай қойған болатын Ұзақ Халықов. Осындай араздығы үшін Құрмет тактадағы мені өкіл қайта-қайта сұраса да айтпай тұр. Оған менмін деуге менде тіл жоқ. Сонымен бейтаныс өкіл бұл кім деп қайта-қайта сұрағанын қоймаған соң Ұзақ Халықов:

- Мына Сауытбек қой қасында тұрған деп мені көрсетті өкілге.
- Әй сенсін бе? Құрмет тактадағы өз кітабын оқып тұрған.
- Иә менмін.
- Ой сұмдық-ай, айдалада саяқ жүріп, шығарма жазумен айналысасың ба?
- Ептеп.
- Қазір жазған шығармаң бар ма?
- Бар.
- Бар болса маған берші. Бүгін аудан орталығындағы «Қонақ үйге» түнегенде оқып, ертең осы жерге ауданның бірінші хатшысымен келгенде шығармаңды әкеп беремін-деді. Мен үйге жүгіріп барып, жаңа жазған әлі сиясы кеппеген бес әңгімемді әкеп бердім. Өкілдер кідірмей суыт жүріп кетті. Мен аң-

таңмын. Ертеңіне ауданның бірінші хатшысы Халел Бейсеевпен бірге бейтаныс өкілде «Көлқұдыққа» келді. Қолындағы менің әңгімелерімді көрсетіп тұрып:

-Мына айдаладағы құм қойнауында тұратын кәдіріңіз тамаша жазушы екен. Мен бес әңгімесін түнде аудандық «Қонақ үйінде» оқып шығып, риза болдым,-деп қолжазбаларымды түгел ауданның бірінші хатшысы Халел Бейсеевтің қолына ұстатты. Қолына алған бойда әр әңгімені парақтап, тек бас тақырыптарына біртіндеп көз жүгіртіп шықты да:

-Сіздің қолыңыздан жазу келеді екен. Бірақ «кір» нәрсеге араласпаңыз-деді бірінші хатшы қолжазбамды маған беріп жатып. «Кір» нәрсеге араласпаңыз деген ескертпесіне қарағанда директор Ұзақ Халықов мені ауданның бірінші хатшысы Халел Бейсеевке шағыстырып қойғаны белгілі болды. Осы сөзін естіп төңірегінде тұрған Ұзақ Халықов, анашистер, ұрылар ыбы қапып жаны кірді. Бұдан соң өкілдер Ұзақ Халықов дайындаған жаман әдетпен айналысатын үйге түстік ішуге кірді. Қол жугышқа қолын жуп жатып:

- Атың кім?-деді кірген үйдің отағасына өкіл.

- Әбілахат.

- Е, онда сен Сауытбек Мәдімәрұлының әңгімесіндегі жағымсыз кейіпкер Әбілахат екенсің ғой-деді өкіл оның анашамен айналысатынын жазғам. Әрине сырттан келген қонақ қандай үйден түстік ішкенін қайдан білсін. Бұл үйден шыққан соң Сауытбек Мәдімәрұлы келсін деп мені шақырып алды да елдің көзінше бейтаныс өкіл:

- Мен Алматыдан келген Әбікұл Ибрагимов деген жазушымын. Қарадай айдалада жүріп сенің жазған шығармаң маған ұнады. Алматыға келсең біздің үйге келгін деп «Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 81 үй, 20 пәтер, телефон 33-91-59» деп өз адресін жазып берді де Әбікұл Ибрагимов жүріп кетті. Жергілікті жердегілер ит құсап таласа да, солардың көзінше Алматыдан келген бейтаныс өкіл өзі іздеп тауып, танысып көңілімді бір көтеріп кеткеніне тағдырыма шүкіршілік етіп қала бердім.

* * *

Мені шақырып кеткен соң қолжазбамның біразын Әбіқұл Ибрагимовтың үйіне апарып бердім. Ә-дегенде ақ «Ұрыға жол көп деген», «Арамза», «Қақпаншының ақыры» деген үш әңгімемді газетке жариялатыпты («Жас Алаш» 14.04.1992 ж. №73 (12860)).

Жоғарыда жазылған Шу ауданының бірінші хатшысы Халел Бейсеев «Кір» нәрсеге араласпаңыз-деп маған ескерткенде сол сөзін естіп тұрған ұры, анашистер туралы жазған «Ұрыға жол көп деген» мен «Арамза» әңгіме еді бұл. Әбіқұл Ибрагимов менің бірде қолжазбамды жарамсыз демей «Аша елі» кітап (Алматы «Мерей» «Қазақстан» 1994 ж.) шығарып берді. Екінші кітабым бұл.

05.01.2000 жылы Әбәқұл Ибрагимов «Менің карапайым өмірім» атты қолжазбамды толқып, таңкалып оқығанын телефон шалып хабарлады. «Сөз саптауың, сөйлемің, оқиға желісі, өмір жолыңдағы кедергілер, жетістік, ашық айту, қатты кеткен тұсың бәрі орынды»-деді маған. Кейін Мұратбекпен сөйлескенде: «Әкең өзін тым төмен көрсетіпті. Әрі қолжазбадағы оқиғаларда көп кездесетін кісі аттары өзгертусіз берілген. Осы туралы ақылдасамыз үйге келіндер»-депті.

07.01.2000 жыл. Мұратбек екеуіміз Ә.Ибрагимовтің үйіне бардық. Қолжазбаны оқығандағы өзі белгілеп қойған тұстарынан пікір-сын айтты.

- Мен де бұрын «Ерназардың қарттары-ай» атты осыған ұқсас шығарма жазғанмын. Одан өзгешелігі сен бәрін тарау-тарауға бөліп жазыңсың,-деді.

- Ойымды шашыратып алмайын дегенім ғой.

- Оның дұрыс. Бірақ сенің оқиға барысында орын алған істер ақиқат болса да кісі аттарын өзгертусіз бергенің дұрыс емес,-деді. Ақиқатқа тура қарай алмайтын, шындықтың шырқына шаң бүркетіндер бұрын жарық көрген кітабымда белгі берген Әбекен осыны айтып тұр. Пікіріне келістім.

- Тағы сен өзіңді тым төмендетіп көрсеткенсің,-деді.
- Шыны солай, білімім төмен шала-сауат екені рас қой,-дедім.
- Екі-үш кітабы шыққан авторға оқырман қауым сенс қоймас, әрі олардан ыңғайсыз,-деді Әбікұл Ибрагимов.

10.03.2005 жыл. Әбікұл Ибрагимов айтып еді: «Сен сауатсызбын деме. Сенің сауатсыз екеніңе ешкім сенбейді. Кітаптарыңды оқығанда білімсіз қарадай жүріп жазғаныңа сүйсінемін. Сол үшін сені жақсы көремін. Кейбір оқығандардың өзі сен сияқты жаза да алмайтыны бар, сол үшін де сені ұнатамын»-деп еді. Мен оған ішімнен мың да бір рахмет деп ойладым. Бұл кісіге құдірет менің болмысымды шын танытып еді. «Адамды адам шын бағалай білу де қалыстық қой» шіркін. Қазір Әбекең о дүниелік қой жатқан жері жайлы болсын марқұмның.

Баспадан шыққан кітаптарым:

1. «Жыр бесік» атты кітап («Жалын», 1983 ж.)
2. «Аша елі» атты кітап («Мерей», 1994 ж.)
3. «Түсімдегі жолбарыс» атты кітап («Раритет» 2008 ж.)
4. «Колқұдық» атты кітап («Раритет» 2009 ж.)
5. «Аша елі» атты кітап қайта жазылған («Раритет» 2010 ж.)
6. «Болашаққа хат» атты кітап («Алматы» 2010 ж.)
7. «Менің қарапайым өмірім» атты кітап («Үш қиян» 2013 ж.)
8. «Өмір керуен» атты кітап («Үш қиян» 2015 ж.)

1951 жылы 11 жасымда «Ей балалар келіндер» деген олең поэзия жазуыма себеп болды. 1960 жылы даладан тауып алған өлеңдердегі Секер батыр жайлы деректер проза жазуыма түрткі болды.

Үшінші: құдіреттің қасиетін сездірген болмысымнан.

1. 23 жасымнан жолбарыс түсімнен шықбай өмір бойы менімен жолдас болды.

2. Екінші түс: түсімде кокте самғап калықтап жүремін өңімдегідей. Бұл екі түсте түсімнен шыққан емес. Кітаптарымда бұл түстер толық жазылған. Бұл екі түс те құдіретті тәңірдің маған деген қасиетті сыйы шығар.

3. Аудандық бірінші хатшысы Жапар Түйебеков біздің үйден шығып бара жатып анам Іздәнға «Балаңыз Сауытбек тегін бала емес» деп жүре айтыпты. Кейіннен ол Жамбыл облысының атқару комитетінің бірінші орынбасары болып қызметі жоғарылап ауысып бара жатып, Шу ауданының атқару комитетінің бірінші орынбасары Уәш Асатовқа тағы «Сауытбек тегін бала емес, көзіңнің қырын сала жүр» деп мені табыстағанын Уәш Асатов өзі айтты.

4. Далада кетіп бара жатқан мені қуа келіп тоқтатып: «Сыртыңыздан сізді ұнатып, сізбен таныскым келді» деп танысқан соң табанда үйіне қонаққа шақырып, пікірлескен Сағат Әшімбаев сыншы да мені танып танысты.

5. Мен қызмет істеген жерге кездейсоқ келген Әбікұл Ибрагимов мені жағымсыз санаған топтың ісін ерең қылмай менің арғы болмысымды сезіп таныды.

6. Атпен келе жатқанымды көз ұшынан шалған өмірде кездеспеген бір күрт азаматы «мені тегін емес» дегенге келтіріпті. (Бұл жеңіл айтуым, оның теңеуінен ұяламын).

7. Құдірет маған мейірімін түсірген Махмұд Қосмамбетов «Сізде Дүйсебай Әулиенің қасиеті барын шығармаларыңыздан сеземін» деп менің кітаптарымды алтын жалатқандай жарқыратып, тегінге тән шығарып берді. Мұндай менің болмысыма пікір айтқандар аз емес еді, бесеуін ғана айттым.

8. «Өзін дәріптегі» деп айып етпеңіздер оқырман қауым. Шын ақиқаты осы. «Тәңір қасиетті кісілерге менің қарапайым болмасымды танытқан құдіретке шүкіршілік етемін. Ендігі болашақтағы арманым: Отаным тыныш, туған жерім қалпын сақтап, ел-жұртым, отбасым аман-есен болып, ақырымды берсін» - деп Алладан тілек тілеймін - Әмин.

01. - 09. 04. 2016 жылы

Шу ауданы Жиенбет ауылы Іздән көшесі 7 үйде жазылды.

МҰҚАҒАЛИ НЕ ДЕГЕН КӨРЕГЕН

(Ақынның туғанына 85 жыл толуына орай)

Ақынның өлеңдері мен күнделігінде кезінде өмір жолының ауыр болғанын сездіреді. Әсіресе күнделігінде сыр бергені болмаса Мұқағали Мақатаев өз тұсында арам ниеттілерден жана шегіп, жұмыссыз, киген-жегенге зар болса да, аса ешкімге қатты сын айтпай, қайта замандастарын неше түрлі тамаша сыйқырлы өнеркермен толғап, жырға қосқан.

Соның бірі өзін қасқыр мен боранға қалдырып, көлігіне мінгізбей кеткен қатыгезді «Аға, мен тірімін, шұбар ат желіп кетті шу» -деп едің-дегені «Атамекен» дастанында жұмсақ, жеңіл баяндайды. Қатыгездіге тіл тигізбей «Аға» дегені не деген жақсы мінезге бай.

Мұқағали Мақатаев қайран ақын тірі кезінде 25 мың жолдан аса көп өлеңдерін жарыққа шығара алмай арманда кеткен ғой. Сол арманы ақынның көзі тірісінде орындалмаса да, бүгін орындалып, бәрі жинақтарға жарияланып, кітап болып шығып жатуы елдің оған деген сүйіспеншілігінің көрінісі.

Мұқағали осындай кедергілерге кездесе де, мүлдем қатты ауыр сөзге бармай, тек қана жаны жайсаң ақын адам мен табиғатты көркем тілмен жеткізе жырлаумен болды. осындай кедергілерге көзі тірісінде тап болса да, Мұқағали өміріндегі бақытсыздық, кейін өлген соң болашаққа саналы, мәңгі есті бақыттылыққа айналатынын өзі күні бұрын сезетін сияқты. Өйткені өткен күндерінің күнделігіне «Мен кереметке қатты сенемін. Кереметтер болуға тиіс. Ей, безгелдектер: сендер емессіңдер маған баға беретін. Нағыз бағалаушылар әлі алда» деген екен (21 қыркүйек, 1974 жыл. күнделігінен). Не деген көреген әулие.

Қазір Мұқағалига деген халық қошеметі осы сөзін растайды.

Жақында ғана: «Сөз саңлағы, поэзия бағбаны Америка асып, ағылшын тілінде сойледі. Бірінші болып ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың жыр жинағы топ бастап барып мұхит асып, АҚШ-

тың Нью-Йорк қаласындағы «Metropolitan Classics» компаниясы шығарып, тұсауын кесті.

Айтулы жинаққа мұзбұлақ ақынның алпысқа тарта таңдамалы жырлары енді.» деген мақала да Мұқағалидың көрген екенінің куәсі (Егемен Қазақстан 2015 жыл, 9 желтоқсан). Осының бәрі Мұқағали Мақатаевтың ерекше қасиетін танытады.

29.02.2016 жыл.

ҚАРАПХАШАНЫ ҰМЫТҚАНСЫЗ БА?

(Болған әңгіме)

Бұрын мен «Көлқұдықта» (штапта) тұрғанда бізден ары бес шақырым қашықтықта «Қаракұдық» жайлауында екі шаруашылықтың түйешілері, жылқышылары, аға шопандар тұратын. Осылардың тек тек аға шопандары коктем кезінде қой төлдеп болған соң жазда жайлауларына қоныс аударады да түйешілер шуатын, жылқышылар қымызын дайындап, күнде қоғамның тиісті орындарына өткізіп, жаздай Қаракұдық жайлауында отыратын.

Сонда Қарабай деген ағашопанның әйелі жайлауға қарай көшіп бара жатып үй-мүлкін басқан колікпен біздің үйге келіп маған:

- Қайным, көшкен жерімізге біздің бір қарапхашамыз қалды. Соған көзқұлақ бола жүріңіз –деп табыстады. Қаракұдық қонысында өздерімен көрші бірге тұрғанда ірі мал баққандарға емес, айдалала тұратын маған келіп табыстағанына аң-таң болдым да «мақұл» дедім. Содан соң атқа мініп барып жеңгейдін айтқанын ештан басына қарай қарапхашасын көріп түстесем, сол жердегі көршілерінің сиырларының ішінде жүр екен. Анда-санда барып, сыртынан көріп, түгендеп жүрдім.

- Кейінгі жолы сол жердегі көршілердің бірі сиырын еміп жүргендей қарапхашаның мұрнына мұрындық өткізіп қойпты. Екі жасар қарапхаша сиыр емуші ме еді. Бұл малдың түрін өзертіп өзіне иеленген ұрының әдісі. Ондада мен ешкімге мұрындықты кім өткізді деп сұрау салмай түк те сездірмей

сыртынан қарапұхашаны қарауылдап көріп жүрдім.

Күз айына қарай жайлаудан қыстауға қарай көшкен жүкті көлігімен тағы да біздің үйге келіп, менен қарапұхашасын сұрады жеңгей:

- Өзіңіз көшкендегі көршілеріңіздің сиырларының ішінде жүр қарапұхашақсыз. Аман-есен жоғалған жоқ – дедім.

- Көршілерден сұрадым. Олар қарапұхашаның біздің сиырлардың ішінде жоқ деді ғой, - деді жеңгей.

- Онда қазір қайта барып сұраңыз. Олар сіздің біздің үйге келгеніңізді көріп тұр ғой дедім. Көршілері сол сәтте 500 метрдей жерде топталып, біздің үйге қарап тұрған болатын. Жүкті көлігіне міне салып барып оларға жолығып, қайта маған келді де'?

- Ойсұмдық-ай бағапа қарапұхашаның біздің сиырлардың ішінде жоқ деп еді, енді табында бар деді, - деп жеңгей маған рақметін жаудырды.

Бұл оқиға талай жыл өтіп кеткен кез еді. Шу қаласында автобузға мініп, алдыңғы орындықта отырғам. Көлік аялдамаға тоқтаған кезінде артқы орындықта отырып, бұрыннан келе жатқан жеңгей Қарабай күйеуі ексеуі менің қасымнан өте берген сәтте, мен амандастым. Танымайтын адамша сәлемімді қош алмаған соң, көліктен түсе берген кезінде:

- Жеңгей, қарапұхашаны ұмытқансыз ба? дедім табанда.

- Ойбай қарағым кешір. Сізді мен байқамай қалыппан – деп тоқтап тұрған көлікке қайта мініп келіп орындықта отырған менің қолымды алып, жалпандау да болды.

Ой шіркін өмір-ай дессіңі. Өткен оқиғалардың бәрін уақыт ұмыттырып, танытынды танытпайды ғой. Әйтпесе өмірі ұсдаздықпен (мұғалімдікпен) өтеп, саналы жеңгейдің мені танымай қалуы мүмкін емес еді. Қазір міне шал болғапда ойласам, жастықтың жалынды кезінде кұр сенім артқанына місе тұтып, ақы-пұлсыз ұрыларға алдырмай алты-жеті ай бағып қарапұхашасына әурелендім. Не маған қатысты болсашы, баска рудың адамы ғой жеңгей.

Қазір ойласам, жастықтың жалынды кезінде маған қатысы

жоқ болса да, мұндай оқиғалардың талайын бастан өткізіп, ұры, қару, анашист, жүргіштің еркек-әйелге дейін ашынасын, мақала, өлең, әңгіме жазып соларға жеккөрінішті болыппын.

Сөздің реті келіп тұрғанда, мына әңгімеге кірме болса да, соның бірін тілге тиек етейін оқырманым.

«Түсімдегі жолбарыс» атты кітабымның 138-142 бетіндегі 36 шумақ өлеңде «Өзі еріншек, өзі ұры» дегеннің бір шумағын ғана айта кетейін.

Туысы Мәте қосты аманатты,

Әби мен Әблехатқа оны сатты.

Сыйласы Әуесханның тайын ұрлап,

Ұят-ай Тілсуғазыдан танып апты –деп ашық ұрының іс-әрекетін ашық ащы жазғыным 36 шумақ өлеңде жетерлік. Мәте мен Әуесханның малын ұрлаған ұрыны өлең ғып нем бар деп қазір шал болғанда ойлаймын. Сол ұрының кішкентай баласы ойшап жүріп бірде:

- Папам сізді олтіремін деп жүр – дегені. Зәбира бұған баланың сөзі тегін емес деп неше күн тулады. Мен қызыл қапмен күнделікке жазып қойдым. Бұдан басқа да өлең, мақала, әңгімеге, ұры, анашист, жүргіш еркек-әйелдер туралы талай жазылды ғой. Бірде менің жазғандарымды оқыған Әбдіманат деген бейтаныс біреу келіп:

- Өміріңізге қауіп төнбесін, сақ болып жүріңіз деп ескертті. Мұндай маған ескерту бергендер көп болған «Мен құдай берген жанды құдай алады» - деп ұры, анашистер, қара ниеттілер, жүргіш еркек-әйелдер тағы басқалардың аттарын дәл беріп жазғанды қойғаным жоқ оқырманым.

Жамбыл облысынан менің арызымды тексеруге келген лейтенант:

- Сіз неге анашисттерді жоғарыға жазасыз? Колбин келіп тексермейді ғой – деп мені кінәлағаны бар. ұры, анашистердің азғыру мен жергілікті басшылардың да менің соңыма түскені аз болған жоқ. Онда да жазғанымды қоймадым.

Жиенбет ауылы Іздән көшесі 7 үй 26. 02. 2016 ж.

ТӨРТ ЖАСТАН ЖҮЗ ЖАСҚА ДЕЙІН

Сөйледім шалды күйлы төрт жасымда,
Күлдіріп үйді іші от басында.
Айналып үйіріледі анам менің,
Түйеше еміренген ботасына.
Апама еркелесем жүрмеймін деп,
Арқалап көтереді жотасына.
Қонақтар біздің үйге келген сайын,
Жеті атамды үйретті жас болсам да.
Балаңыз жеті атасын біледі деп,
Әкеме мал сойдырып той жасатты да.
Жетіден сегіз жасқа шығарымда.
Отырдым мен мектептің партасына.
Балаңа той істе деп жиылған көп,
Жабылып апамды алды ортасына.

Мектепте оқып жүрдім он жасымда,
Бірге оқып бірге жүрді құрдасымда.
Азанда мектепке бар шырағым деп,
Жұлқылап шешем қоймайд тұрмасыма.
Балаға ойын серік әуел бастан.
Бар бала шулап ойнап жүр қасымда.
Тамақ тоқ, киім бүтін, уайым жоқ,
Бәрі бар не керектің бір басыңа.
Ойнадым кешке дейін үйді көрмей,
Қосылып ойындағы жолдасыма.
Ойнаймыз үйшік-үйшік қыздармен де,
Ата-ана теріс ойды ойласын ба.
Он үшке келгенімше өтті осылай,
Еркелеп балалықтың тұлғасында.

Мінекей енді келдім 15 жасқа,
Оқимыз үлкендермен бір класта.
Бес жастан жетім едім әкем өлген,
Жас болсам да бола ма ойланбасқа.
Біткен соң жетіжылдық оқуымды,
Үш жетімге кім қарайды менен басқа.
Енді сен көмектескін деді анам,
Балалық-шалалықтың бәрін таста.
Балалар көше кезіп ойын қуып жүргені,
Үй тірлігі тізгіндеген менен басқа.
Шақырад балалар кеп ойнамаққа,
Бармадым, үй күшігі деп аттақса да.
Төрт жетімнің үлкені мен болған соң,
Балама олар үшін ойланбасқа.
Тағы да анам менен інім сырқат,
Отбасына керектінің бәрі де хат.
Осылай балалықтан баз кешкемін,
Балалықтың бал дәурені болып жат.

16 – 17-ге келген кезім,
Әртүрлі өмір жайлы бітті сезім.
Үйдегі көмектестім жұмысына,
Шешемнің екі етпестен айтқан сөзін.
Шөп шабам малды өріске айдап салсам,
Болған соң ересегі жалғыз өзім.
Колхоздың жұмысын да жас істедім,
Сүйенері мен болған соң жетімдердің.
Әртүрлі араластым, өз әлімше,
Жұмысқа ауыр-жеңіл ептеп төздім.
Жүрсемде жүк астында сәуріктеймін,
Кетеді кейді билеп артық сезім.
Іштеңе тындырымды болмасам да,

Алақтап келіншекте екі көзім.
Ауылды ұйықтамастан түгел кездім,
Бұрында жазғаным бар бозбастықта.
Жігіттің түнде жотқан сол бір кезін,
Оқырсың тауып алып қажет десең,
Жиналып бозбалалар ылғый өзің.

* * *

18-де атақ алдым жігіт деген,
Әркім-ақ жақсылықтан үміттенген.
Күш-қуат қабат бітіп өн бойыңа,
Барлығы қасиеттің түгелденген.
Оқуға колхоз шекті жолдамамен,
Жұмысты жақсы істегенге іріктелгем.
Біргадір деген атақ алып,
Ауылға маман болып күліп келгем.
Келген соң Зәбирамен отау құрып,
Мал бағып айналыстым түліктермен.
Кейбіреу жалқау, қырсық өзі қисық,
Көпшілік мұндай жаннан күдіктенген.
Ерінбей еңбек етсең көзін тауып,
Істесең бақ-дәулетің жүріп берген.
Қолынан, тілінен де бәрі кеп тұр,
Артынан жақсі жігіт мақтау ерген.
Пайдалан жас шағыңда жиырма бесті,
Кетпейтін көздегенің сен бір мерген.
Жиырма, жиырма бесті көп аңсайды,
Бұрынғы қариялар көпті көрген.
Жүрмегін арманда боп сенде кейін,
Баласың солардан сен өсіп, өнген.

Уа шіркін, қайран жасым отыздағы,
Танысып жолдас болған тосындағы.
Отызда отыз бесте кемел толып,
Жігіттің орта жаста болған шағы.
Қосылып үлкенге де, жастарға да,
Адамға бірдей болған екі жағы.
Үлкенмен араласып кісілікке,
Онда да оңай бозбастыққа қосылмағы.
Ортаға үйіп тастап дүниені,
Талқандап күшіңменен опырдағы.
Еңбекпен көзге түсіп көтерілер,
Жігіттің қырсық кесер болса бағы.
Оңбайды ешқашанда бұл жасында,
Мал таппай үйде жігіт отырғаны.
Ел билеп, басшы болар жігіттердің,
Жетелеген ақыл ойы оқығаны.
Қызығып мазалаған өсекке еріп,
Әйелдің шошқа мінез қорсылдағы.
Кеткен соң мал дүние отыз бесте,
Талайдың толған еді торсылдағы.

Боласың қырық жаста байсалды адам,
Жамандық қиянатқа бой салмаған.
Саналы басалқалы кісі болып,
Жастағы мінездің жоқ сайтандаған.
Қадірлеп ел-жұртын араласып,
Сыйласып ойнап-күліп жайтаңдаған.
Орынды жұмыс істеп көпшілікке,
Ешкімге жат мінезін байқатпаған.
Жетіліп ақыл-ойың, күш-қуатың,
Еңбектен жеңіл ауыр тайсалмаған.

Ісіне, із етіне, мінезіне,
Риза қызығына жан тоймаған.
Сүйсініп сүйген жарың жанындағы,
Мін тауып төсегінен айта алмаған.
Бар болса кеуілдесін жасындағы,
Ода тек барғанында қайтармаған.
Күшімен ісі бірдей неткен жан деп,
Көре алмай күншілдікпен айтар надан.
Қырық жас қандай жақсы қылшылдаған,
Сұлу аз біз қасында жантаймағын.

Елуде бұрынғыдай баяулайсын,
Қонақтап ақыл-ойға аялдайсын.
Үшқалақ мінезің жоқ жасыңдағы,
Молайып ар-ұятың аяңдайсың.
Кеңессе ақыл сұрап кейбіреулер,
Айтуға білгеніңді аянбайсың.
Адамды ақылменен тани біліп,
Сырыңды көрінгенге жая алмайсың.
Мылжыңдап айта берсең әр нәрсені,
Рахат үйде-түзде таба алмайсың.
Жұмыста тыныш жүрсең өсек айтпай,
Ешкімнен қартайғанда ұялмайсың.
Елу жас толған кездің бәрін көріп,
Сай келсе тыңдаушыға баяндайсың.
Біреулер таныстырып апармаса,
Әйелге өз бетіңше таянбасың.

Алпыста пенсия алып шеттелесін,
Тарыдай шетке шығып екшелесін.

Жақсы емес көптен ерек кеткен деген,
Өзіңде іштей тынып жек көресің.
Жұмыста жаңалықты сол айтады,
Бар болса елу жаста өкшелесің.
Күн батып таң атпайды алғаш кезде,
Күніңді бірдеме ғып өткересін.
Айқайлап үй маңында тіршілікке,
Өзіңде бір жұмысқа ептелесін.
Не істедің бүгін сендер балалар деп,
Тапсырған жұмысыңды тексересін.
Қыдырып барар жерің біткеннен соң,
Кемпірге ыңғайланып бет бересін.
Таспақаша тарбаңдап кемпір қашар,
Құрбақаша қорбаңдап сен қоймайсың.
Екеуге ортақ өмірдегі бітпес іс сүйсінуді, ләззат ап,
Шал-кемпір боп орындауды қайталаумен боласың.
Ол байқұс тұра қашып жолатпаса,
Бұртиып жас балаша өкпелерсің.

Жетпіске жасың керген қариясың,
Сыйласа қария деп далиясың.
Орын ап, төрден барып той-жиында,
Ішінде қалың көптің шолжиясың.
Көргенің, білгенің көп бұл жасыңда,
Таусылмас бастап айтсаң дариясың.
Мақалдап мәнерлі айтып көргеніңді,
Мақтаулы ел аузында жариясын.
Адалдық, әділеттің, батырлықтың,
Айтарсын жақсылықтың тәрбиесін.
Сөзге олақ, доғал болсаң жаназада,
Таласып үлкен не молдамын деп мал жиясын.
Өстіп жүрген батыр, бір күндері,

Өзіңде тасбақаша тарбиясың.
Еңкейсең бел ауырып жүрсең аяқ,
Жақындап секенге де қалды жасың.
Бір кезде саңың ауып сүйген жарға,
Байқұсты тартқандай ғып жарбиясың.
Оған да кеуілденіп көнсе жақсы,
Керексіз етер мүмкін ойнап кәрі-жасың.

Сексен жас сенде аяңдап келдің жетіп,
Мінеки, аяқ ақсақ, тісте кетік.
Көз нашар, құлақ ауыр сексен бесте.
Қалдырбай бар пәлені келдің ертіп,
Бүкшіп қолда таяқ, санап басып.
Тұрмайсың жер таянбай қуат кетіп,
Қауысып астыңғы иек мұрныңменен.
Екі ұртың тамақ жесең бұл-бұлт етіп,
Ет жесең қақаласың, шашаласың.
Тісің жоқ өңешіңді түйнеп өтіп,
Жас ағып екі көзден, мұрыннан су,
Тұрғандай шала ұйқыдан есінетіп.
Жер бассаң қырық қадам өкпең өшіп,
Пендеше қолға түскен жәудірейсің,
Жастық шақ бір қайрылмай кетті ау көшіп.

Тоқсанға кіргеннен соң о да өлгенің,
Алжисың естен шығып, бар көргенің.
Танымай өз балаңды кімсің дейсің,
Шақырып атын айтып, басқа өңгенің.
Ішінде жау танымас сен бір жалғыз,
Бірі жоқ қатарыңның көз көргенің.
Айнала төнірегін жана адамдар.

Білмейсің қалай дүние өзгергенін.
Жүз жасқа шанда келер кейбір адам,
Сезбейді таңның атып, мал өргенін.
Баста ми, ауызда тіс қалмаған соң,
Не қажет тірлігінен ол пенденің.
Жасарып қайта өзгерер өмірде жоқ,
Жүздегі қызығы не қу пәленің.

13-30.12.2015 жылы Астана.

АНАМ ІЗДӘНҒА

Жақсы әнге анам үшін салайын-ай,
Тыңдаңыз жиналған көп ағайын-ай.
Өсірген мені аялап жастайымнан,
Білгенім өнерімді аянбай-ай.

Пейілі кең мәдениет сарайындай,
Ажары атқан таңның дидарындай.
Мінезі жайдары ашық апашымның,
Рахат жанға жайлы жаз айындай.

Анамның айналасы мәуелі егіс,
Көктеген төңірегі түгел тегіс.
Аралап бау-бақшаны жүргендеймін,
Жан-жағын пісіп тұрған толған жеміс.

Елжіреп «құлыным»-деп төнген маған,
Құрбандық шыбын жаны жалғыз саған.
Қайткенде ақтаймын деп ақ сүтіңді,
Ойлаймын, жатсам-тұрсам асыл анам.

08.01.2016 жылы Астана

ӘКЕМ МӘДІМӘРҒА!

Көрініп асқар таудай маған әкем,
Бейнесі көз тартарлық оның әсем.
Бала үшін қамқорлығы қыран құстай,
Болмаса бұл өмірде болмас та ем.

Жау шауып үйге от қойған түнді,
Естен шығармаймын бірде мұны.
Екі шелек сумен өртті өшірді де,
Өлімнен ажыратып алды мені.

Құшағына алатын ол езіліп,
Жалғасы өмірімнің деп сезініп.
Атыңды әйгілеумен мен келемін,
Болашаққа ұрпағыңды ергізіп.

Білімді, саналы, адалдықты,
Меңгеруді тілепті адамдықты.
Кісілікті дәрежені міндет етіп,
Жолыма ақ тілегін мақсат қыпты.

Қалжыңдап игі ниет айтыпты кеп,
Әр жасы әр колхозды сұрайды деп.
Көреміз балаңызды тірі жүрсек,
Өмірде аман-есен болғанда тек.

Шіркін –ай бұл өмірден ерте кетті,
Қызығын баласының көрмей өтті.
Әкемді сағынумен мен келемін,
Ойлаған мақсатына кімдер жетті.

Кенеттен қапыс кетті тілге келмей,
Кірсе бар, шықса жоқ лебізі түк сезілмей.

Опасыз бұл өлімге айлада жоқ,
Бұл өмірде қалмайды ешкім өлмей.

Дүние бейне теңіз біз бір қайық,
Қайықты толқын ұрса болар майып.
Осылай әрбір пенде өтер анық,
Амал не кеттің әке көзден ғайып.

Дүние өтерінде бұраңдайды,
Аз күнге қызықтырып құр алдайды.
Сағынып өзіңді ойлап қамыққанмен,
Ешбірі ажалға ара тұра алмайды.

Жан әке о дүние мәңгі төрің,
Баратын жеріміз ғой мен білетін.
Артың құт, топырағың торқа болсын,
Тәніңе жайлы болсын жатқан жерің.

15.01.2016 жылы Астана

БІР ЖЕМҚОР ҚАЗАСЫНА

Бұл өмірден күнің бітіп дүние салдың,
Жәрдемі болмады ғой жиған малдың.
Иллалап жемқорлықпен тапқан байлық,
Шіркін-ай опасы жоқ артта қалдың.

Өлімнің төтен келген болмас бабы,
Тірінің әйтеуір бір өтер шағы.
Табылмас дер кезінде ем де оған,
Дүниенің төрт бұрышын кезсең-дағы.

Ел билеген тойымсыз қараудың біреуі еді,
Жоққа салауат, барға қанағат етпеді.

О дүниесі жұмақ па, әлде тозақ па,
Алладан басқа жазасын кім біледі.

Ақылсыз, надан, ұры, суайт көрім,
Тойдырмады топырақтан басқа көзін.
Байлығының бәрін артына қалдырып,
Алды қара жер жалаңаштап өзін.

Ақылды, адал, білімді жігітке қонады бақ,
Болмысына қарай қызмет те бұйырар оған бап.
Ал, жемқор, қарау, наданға ел тізгінін,
Ұстатпай халқы жүрер ондайдан сақ.

22.01.2016 жылы Астана

Мұқағали Мұқағали,
Ел-жұрты сағынуда оны ылғый.
Ақпарат құралдарында сездіріп жүр,
Халқынан ақиық ақынға бұйырған сый.

Мұқағали поэзиясы таңғы шықтай,
Төгілдірген мөлдір сыры ойдан шықпай.
Жырсүйер қауымы ардақтауда,
Мұқағалиға сағыныш толастамай.

12.02.2016 жылы Астана

БАЛАЛАРЫМА ҚОСЫМША АМАНАТ ӨСИЕТТЕМЕ

Забира екеуіміздің сырымыз өздеріңе белгілі. Біз қалай өмір сүрдік кандай адам болдық көз алдарыңда. Жасымызда аням іні-қарындастардың қамы үшін адал ары таза еңбектеніп күш жұмсадық. Қарындастарымды болмей-жармай шын пейілмен тәрбиелеп өз орнына қондырдық. Бүгінде бұл еңбегіміз еш болса мейлі құлайдан қайтсын.

Одан кейін сендерді саналы тәрбиелеуге күш салдық. Басқа біреулердей барды қимай көз жұмбай жасағанымыз жоқ. Барамыз сендердікі деп шешіп сендерге жұмсадық. Мұның бәрі адал еңбектің арқасында қатарымыздан тізгінді тез ұстап, тұрмысты ұтымды игергендіктің әсері шығар. Бұл еңбегімізді әр қайсысың әртүрлі қабылдадыңдар. Соның әсері іні-қарындастармен өздеріңнің ерте егде болғандарыңның өзі бізді қолдап кету түгіл өзің-өзі игеруі мұң болды. Бұл тағдырдың ісі шығар, оған не шара бар. Өмірдегі таусылмас тіршіліктің көзі үшін бар өміріміздің мәнді де сәнді жалынды жас шағымыздың уағын алыстағы «xxxxxxxxxxxx» өткізгеніміз өздеріңе аян. Бұған Забира екеуімізде өкінбейміз. Себебі, сендер туған жер, өскен жер, сендерді саналы етіп тәрбиелеуге біздің еңбек еткен жеріміз мекеніміз. Бұл еңбегіміз зая кеткен жоқ. Құдайдың мұнысына шүкір. Енді бүгін түс ауған уағымда ойлап отырсам мына өмірден босқа өткендеймін. Шет мемлекет тұрмақ, СССР-дың бір қаласында аралап келіп қызықтамаппын. Курорт тұрмақ бір демалыс орындарына барып демалмаппын. Әуелім кейде сырқат сыр берілгенде дәрігерге қараалмай күндеріміз көп болды, қу тіршіліктен қол тимей мейлі біз көрмеген жерді сендер көрсендер, біз көрмеген қызықты сендер қызықтасандар болды. Құдайдан осыны тілейміз.

Қазір мен аса жерортасы жасқа жетіп басым жерің жетіп тұрмасам да келешек өмірім туралы қатты ойланамын. Мына жасаған қазіргі өмірім маған қанағат сияқты. Өйткені,

кейінгі кезде Забирам көп аурушаң болғалы осыны көп ойлап толғанамын. Құдайға тағдырыма жалбарынып, мені Забираның артында қалдырмай соның алдында төрелесе екен деп тілеймін, армандаймын. Забирасыз өмір сүру маған мәнсіз. Оған құдай кімнің тілегін берген дейсің. Мына фәни өмірден біз не көрдік. Екі тағдырластың көрген қызығы, шыжығы келешегі де сендерсіңдер. Құдай бізді сендердің жаманшылықтарыңды көрсетпей алдарыңда алсын. Сол үшін мен мына қосымша аманат өсиеттемені сендерге жазып қалдыруды мақсат еттім.

Өлілер тірлігінде тындырған еңбегіне қарай артына қалдырған ұрпақтарының сана-сезіміне қарай еліне ұрпағына бағалануы келешектің ісі ғой. Ода болса әке-шешеге балалары қай уақытта да құдды таусылмас қарыздар екені белгілі.

* * *

Сондықтан ескертетінім біз өлгенде бізді биіктен көрнекті онаша жолға жақындау жерде Забира екеуімізді қатар жатқызып, сыртымыздан үлкен күмбез орнатасыңдар. Күмбез көрнекті әрі келешекті болсын. Әрқайсысымыздың жатқан тұсымызға көрнекті әрі биік үлкен тас қоясыңдар. Оған ойып тұрып суретімізбен туған, өлген жыл, ай күнін толық жазарсыңдар. Бұл екі тастың биіктігі тепе-тең болсын. Өйткені, осы екі тастың маңдайшасының үстіне тағы бір үлкен тиісті көлденең бастырып орнықты қойылсын. Бұл Забира екеуіміздің өмірде қол ұстасып жүргендігіміздің әрі о дүниеде де бір екеніміздің белгісі екенін сездіреді. Осы көлденең тасқа өте ірі әрі өшпейтіндей етіп, қашап ойып тұрып өзім жазған «Бейіттерден өткенде» атты өлеңімнің бір жолы.

«Ей тірілер бізде сендей болғанбыз»-дегенді жазыңдар.

Бұл шаруаны бір жылда бітіре салу шарт емес. Бір жылдан бес жыл арасында бітірсеңдер болды. Бұл аманатқа алып-қосарларың болса өздерің біліңдер, бәріңе ортақ жүк. Бәрің біріксең бітеді.

«Өлінің тілін тірі алмайды» немесе «Көзден кетсе көңілден

кетеді»-дегендей, өсиетті аяқсыз қалдырсандар да мейлі, тірі тұрмақ өлсем де әруағым сендерді қарғамайды. Мұны «Өлісіңе қарай көмісің»-деп уағы, ағымы, балалардың сана-сезімі, ой өрісі, қара жатыр, ынтымағы келешегі шешеді. Менің артықтау айтқанымға кешірім сұраймын. Бірақ, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген де босқа айтылмаған шығар. Ал енді бізді өлгендегі жүргізу, жетісін, қырқын, асын беру, туған күн өлген еске алу, мал сойып құдайы беру, құран оқыту сияқты шараларды бұрын жазғанмын. «Болашаққа хат» - кітап ұрпақтарыма 65-71 бетінде. Мына өсиетім екінші ескерту. Осы тілекті орындасандар болды. Бұған аса артықтықтың керегі жоқ. Ат шаптыру тіпті қазіргілер ой өрісіне қарағанда артық іс. Өйткені, қазір жұрттың көбі ішімдік ішеді. Мұндай маңызды өлген адамын ойына алып оның ісін сөзін есіне алып артында қалған қаралы адамының қайғысын бөлісудің орнына кейбіреулер ішімдік ішіп аузына не келсе соны айтып жүрген ойсыз сезімдерді ағым күнде көрсетіп жүр. Әр нәрсені өз орнымен талғап терең түсінуге әлі көп уақыт керек. Мұның бәрін бұрынғы қолжазбам «Болашаққа хат» дегендегі кітапта «ұрпақтарыма» деген тарауында тәмпіштеп жазғанмын. (65-71 бетінде)

Ал енді хош сау болыңдар. Өсіңдер, өніңдер, келешегін саналы ұрпақ қалдырыңдар. Жемісті еңбек етіп сезімді сергек болыңдар. Тек қана күн көрістің құлы болмаңдар. Өмір сырына кең қарандар. «Өміртану, ол - өлімтану» - депті (Асқар Сүлейманов.)

Бұл жазғанымды өздерің ғана біліп, басқаға сездірмей өте құпия сақтаңдар. Себебі, мұның бәрін өздерің ойласып істеген болыңдар. Сонда ел жұрттан келешектен келешекке абырой алып алғысқа бөленесіңдер.

«Баласы жаман болса, әкесін түйенің үстінде ит қабады»-деген мақал бар.

Енді мына өлеңді бұрын жазғанмын. Кейін «Шу өңірі» газетінде (№45 (7314) жұма қараша 1995 ж.) жарық көрді.

БЕЙІТТЕРДЕН ӨТКЕНДЕ

Ей тірілер, бізде сендей болғанмыз,
Бұл фәниге ширақ із салғанбыз.
Салтанатпен талай-талай сән құрып,
Талап қылып тамашаға барғанбыз.

Дегендсі боп бейіттерден өткен сайын үн қатар,
Ойсыз өткен сәттерімді кешірмейтін күнә артар.
Сол бір сәтте бойымды мазасыздық қажытып,
Жаулап алар санамды небір қилы сұрақтар.

Ағат өтсем асығыста кешіре гөр о әруақ,
Сендер жүрген өткелмен менде келем туралап.
Менмендіктен ада жанмын, артық кетем пенделік,
Кейде адамды қояды екен қу тірлік те арбап ап.

17.04.1996 ж.



ТҰРАР ЕСІМІ ШУ ТЕМІРЖОЛ БЕКЕТІНЕ СҰРАНЫП ТҰР ЕМЕС ПЕ?

Т.Рысқұлов РСФСР халкомкеңесі төрағасының орынбасары болып тұрған кезінде Түрксіб құрылысына жәрдемдесу комитетінің төрағасы міндетін қоса атқарып, «ғасыр жолының» бастапқы жобасына елеулі де ұтымды өзгерістер енгізіп, туған халқын жол азабынан құтқаруға жанашырлықпен, біліктілікпен атсалысты. Болат жолдың сан жетпес жүк тасымалдануы тұрғысынан ұтымдылығын былай қояйық. Шу, Мойынқұм аудандарының тұрғындары күнделікті тіршілік қамымен Алматы, Тараз, Шу, Астана бағыттарына қарай кедергісіз қатынауда игілігін көріп отыр. Алда-жалда бастапқы жобада көрсетілген «Луговой-Фрунзе-Алматы» бағыты өзгеріссіз қалдырылған болса, аталған қос ауданның тұрғындарының Астанаға баруы үшін пойызға Луговой бекетіне барып мінулеріне тура келер еді. Оның қиындығы айтпаса да түсінікті. Рысқұловтың туған халқын осындай жол азабын тартпауын жан-жақты ойластыруы негкең көрегендік десеңізші...

Осы орайда, Тұрар сынды тау тұлғамызға қандай құрмет те лайық. Шу теміржол бекетіне есімін беріп, саябақ тұсындағы ескерткішін көрнекі орынға вокзал алдына, болат жолдың бойына әкеліп орнатсақ, өте орынды іс болар еді. Бұл ұсынысым тиісті басшыларға тарапынан қолдау табады деген сенімдемін.

(«Ақ жол» №76 30 маусым 2016 жыл)

* * *

Тұрар Рысқұлов «Ең ауыр азап – жол азабы» дегеннен елді күтқарған

Шындығында тек бүкіл әлемге әйгілі болған, он сегізінде от уыстап халқының болашағы үшін аянбаған ардагер азаматымыздың ересені Тұрар Рысқұлов екені белгілі.

Мәселен, жалынды революционер, қарапайым қазақ баласы Тұрар Рысқұлов оқумен талмай, толықтай ізденудің нәтижесінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы және басшысы болды. Октябрь социалистік революциясына, Азамат соғысына, Орта Азиядағы, Қазақстан мен РСФСР-дегі социалистік құрылысқа белсене қатысты. Қысқа өмірінде қаншама қиындықты бастан кешірді десеңізші. Ол біздің өмірде жалынды революционер, ірі қоғам қайраткері ретінде жатталып қалғанын аздап сөз етемін. Әрине бұл жөнінде айтылып та, жазылып та жүр. Замандасымыздың даңқты жазушысы М.О.Әуезовтың «Қараш-қараш» оқиғасындағы «Әкесі Рысқұл мен түрмедегі жас ұлы Тұрардың бейнесі кімдерді тебірентеді. Ал жазушы Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романында қалың жұртшылығымыз жылы қабылдады. Ашаршылық жылдары қазақ елінің қамын ойлап, Сталинге талай хат жазды.

Ештеп зергітеп жазған кітаптарымдағы дерек көздерге тоқталайын.

Бірінші дерек: «Кеңес үкіметі орнаған жиырмамыншы жылдардағы Мәскеуде өткен автономиялы ұлт республикаларын шекараластыруға байланысты Түрік комиссиясының мүшесі Григорий Сафаров Тұрар Рысқұловтың ұсынысымен қазақ жерлеріне сұғынып еніп кеткен «кулактарды» кері қайтаруды ұсынды. Демек мұның мәнісі Тұрар Рысқұлов өзімізден гөрі орыстың сөзі ұтымды боларын біліп, Г.Сафаровқа қазақ жеріне сұғынып етіп кеткен «кулактарды» кері қайтаруға ұсыныс жасатқан.

Алыстан ойлаған Т.Рысқұловтың туған халқы үшін ерен

еңбегі зор ғой шіркін. Сонда да Ресей алпауыттары сол кезде-ақ Гурьев, Орал аймағын иеленуге жан салады. Осыдан соң көп ұзамай, ВЦИК-тен Серафимов деген бірсудің басқаруымен казак жеріне арнайы комиссия шығарылды. Мақсаты – Жетісу, Шу, Ыстықкөл аумақтарын Ресей автономиясын құру болатын. Ресей автономиясын құруды қалағандарға Ленин қатты тойтарыс берген. Бұл үшін казак халқы В.И.Ленинге ризалық сезімін білдірген жөн. («Аша елі» кітабы, 61 бет).

Екінші дерек: «Заң газеті» 31 қазан 2001 жыл №47, журналист Қалбай Әділдің мақаласынан.

Жоғарыдағы дереккөздерін айта келіп, мақсаты – Жетісу, Шу, Ыстықкөл аумақтарынан Ресей автономиясын құру болатын. Біз бұл М.Калинин қол қойған нұсқау жайлы М.Шоқай еңбегінен оқыдық. (1 том Алматы, 1998 жыл). Әлімхан Ермековтың деректеріне жүгінсек – дейді Қалбай Әділ. («Көлқұдық» кітап – 331 бет).

Үшінші дерек: «Жиырма бес жастағы Тұрар Рысқұлов «Түрік Республикасын» құрыпты деген хабар жетісімен Ленин Түркістанға 1919 жылдың күзінде бір топ комиссиясын (Ш.З.Әлиев, В.В.Куйбышев, М.В.Фрунзе, Ч.И.Бокин, Ф.И.Голошекин, Я.Э.Рудзутак) жіберді. Сондағы конференцияда Тұрар Рысқұлов Э.Рудзудтан басқасын «Түрік кенестік республикасын құруға көндіреді. («Қазак энциклопедиясы» II том, 221-222 беттер), («Болашаққа хат» кітабы, 99 бет).

Төртінші дерек: Т.Рысқұлов РСФСР халкомсовы төрағасының орынбасары болып тұрғанда және осы қызметіне қоса РСФСР халкомсовы жанынан құрылған «Түркісіб» құрылысына жәрдемдесу комитетінің төрағасы міндетін атқарады. Сонда бұрын зерттеліп, жоспарланып қойған бағытты өзгертіп, жолды қысқартуға, соның нәтижесінде бірнеше ондаған миллион сом қаржыны үнемдеп, әрі өз туған елінің арасын теміржол басып өтсін дегендей, Луговой-Фрунзе-Алматы арқылы өтетін Қордай бағыты орнына Шокпар арқылы жүріп, 23 км қысқарады.

Солтүстікте Лепсіге соқпай Балқаш бағыты қабылданады. Бұл жолды 78 км қыскартты. («Қазақ энциклопедиясы» II том, 227 бет, «Болашаққа хат» кітабы, 99-100 беттер).

Осы деректерді келтірген себебім, бұл сан жетпес жүк тасымалдауымен еліміздің жол жүру қатынасы үшін теміржолдың ұтымды жағын айтпағанда Шу, Мойынқұм ауданының тұрғындары күнделікті тіршілік қамымен бір жағы Алматыға, екінші жағы Тараз қаласына қарай, үшінші жағы Шу-Астана бағытына қарай қатынау игілігін көріп отыр.

Егер бұрынғы революцияға дейін зерттеліп қойған теміржол Луговой-Фрунзе-Алматы бағыты арқылы жүретін болса өзгеріссіз бір жағы Астанаға қарай Шу мен Мойынқұм елі Луговойға барып, сол арқылы қатынар еді. Т.Рысқұлов туған халқының қамын алыстан ойлап, осы азаптан құтқарғаны не деген көрегендік десеңізші.

Мен Тұрар Рысқұловтың осы көрегендігін бұрын («Көлқұдықтың» кітаптың 214-215 беттеріне жазып келтіргенмін). Шіркін Т.Рысқұловтың сан жетпес туған халқының қамын алыстан терең ойлаған көрегендігіне біз де, бізден кейінгі ұрпақтарымыз да қарыздар екенін ұмтпайық.

Мен осы деректерді толық келтіріп, Шу ауданының әкімі Б.Ж.Қарашолақовқа 17.05.2010 жылы, одан кейінгі әкімі Қ.Қ.Жабағиевке 05.06.2012 жылы, одан кейінгі әкімі Т.Ә.Тортаевқа да, демек ауданның үш әкіміне де отініш-арыз бердім, ауызша да айттым.

Біріншісінде Осы жоғарыдағы дереккөздерін толық келтіріп, үш аудан әкіміне де отініш-арызға қоса ауызша айтып, Шу вокзалына Тұрар Рысқұловтың есімін беріп, тағы сол жерге тасада қалтарыста тұрған ескерткішін орнынан алып, вокзалдың алдына бетін өзі Шуға әкелген теміржолға қаратып қоюға ұсыныс жасадым. Ары-бері поезбен үздіксіз жүрген жүргіншілер Тұрар Рысқұловтың ескерткішіне тәубе етіп, басын иіп өтетін ойлы, саналы, сезімділер үшін дедім, әрине. Ескерткішін ауыстыруға

тек аудан әкімі болған Қ.Қ.Жабағиев қана көңіл бөліп, құптаған болатын. Ал вокзалдың Шу атауы тарихи атау болғандықтан әрине өзгермейтіні құптарлық. Бірақ Қ.Қ.Жабағиевтің қызметінің өзгеруіне байланысты бұл іс шешімін таппады.

Екіншісі: Шу ауданының түпкі тарихын 30 жылға жуық жазған болатынымын. Сондай-ақ, Шу ауданының тарихын отыз жылдай зерттеп, «Аша елі» атты кітабымды жарыққа шығардым. Шу ауданының елін (бұрынғы аты Аша) ұйымдастырып, құрған Секер деген батыр болған. Бұл батырдың ересен еңбегі аталмыш кітапта толық баяндалады. Сондықтан Төле би ауылының бір көшесіне Секер батыр есімін беруді ұсындым. Бірақ Абай ауылында батырдың атынан аталған көшенің бары кедергі болды.

Үшіншісі: Негізінен Төле би ауылының бұрынғы тарихи аты «Қазыққакқан» болатын. Сол себепті Төле би ауылының бір көшесіне осы есімді беруін ұсынғанмын. Бұл тілегім 2014 жылы орындалып, «Шу өңірі» газетінің 2014 жылғы 6 желтоқсандағы санына «Ел риза» атты мақалам шыққан.

Қорытындылай келе, сырт көзден таса, әрі жергілікті жұртшылықтың көзіне көрінбей қалтарыста тұрған Тұрар Рысқұловтың ескерткішін орнынан алып, Шу вокзалының алдына, өзі әкелген темір жолға бетін қаратып тұрғызуын тиісті орындардан сұранамын. Егер ескерткіштің орнын өзгертуге қоғам қаражаты жеткіліксіз болса, Шу мен Мойықұм ауданының ойлы, саналы азаматтары бұған үлес қосады деп ойлаймын және мен де бір айлық зейнетақымды аударуға дайынмын.

*Жиенбет ауылы Іздән көшесі 7 үй
04. 11. 2015 ж.*

*Шу аудандық ардагерлер ұйымы кеңесінің төрағасы
Байжуманұлы Қазақбайға Шу ауданы, Жиенбет ауылының
тұрғыны, зейнеткер Сауытбек Мәдімәрұлынан*

ХАБАРЛАМА

Хабарламаны басынан бастап айтқанда, әуелі Тұрар Рысқұловтың туған халқы үшін ересен еңбегінен аздап кітаптарыма жазғанмын. Атап айтқанда, «Аша елі» (1994 ж.) атты жарық көрген кітаптың 61-бетінде, «Колкұдық» (2009 ж.) атты жарық кітаптың 216-бетінде, «Болашаққа хат» (2010 ж.) атты жарық көрген кітаптың 99-100-беттерінде баяндалған.

Соның ішінде, әсіресе, біздің өңірге қатысты Луговой-Бішкек-Алматы арқылы өтетін Қордай бағыты орнына жол Шоқпар асуы арқылы жүрзіліп, бұрынғы жобадан 23 шақырым қысқартты. Солтүстікке Лепсіге соқпай Балқаш бағыты қабылданды, бұл жолды 78 шақырым қысқартты. Не деген еңбек!

Егер бұрынғы өзгеріссіз теміржол салынып кеткенде, басқа аздапты жерін айтпағанда Алматы мен Тараз қалаларына қарай, Луговой арқылы Астана мен Шуға қарай, оның ішінде, әсіресе, Шу мен Мойынқұм, демек екі аудан халқының ары-бері қатынауы қиямет болар еді. Шіркін, Тұрар Рысқұлов туған халқының қамын терең ойлаған қандай көреген. Бұған біз де, бізден кейінгі ұрпақтар да қарыздар екенін ұмытпайық.

Бірінші, теміржолды Шуға әкелген еңбегін бағалап, Шу теміржол бекетіне Тұрардың есімін беріп, ескерткішін көрнекті орынға вокзал алдына, теміржол бойына орнатуын сұранғанмын. Осы ұсынысты Шу ауданының әкімдеріне Б.Ж.Қарашолақовқа (03.08.2009 ж.), Қ.К.Жабағиевке (17.05.2010 ж.), І.Ә.Тортаевқа демек үш әкімге өтініш-арыз жазылған.

Бұған, Төле би ауылдық округінің әкімі Қ.Баєтов, аудан

әкімінің орынбасары А.Нәметқұлов, аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы А.Есеналиев, аудан әкімінің орынбасары Д.Ускумбаева өтініш-арызға жауап берген еді. Шу ауданының үш әкіміне берген өтініш-арызды, бұған жауап берген шешімсіз хаттарының көшірмесін де «Өмір-керуен» (2015 ж.) атты жарық көрген кітаптың 276-281-беттерінен оқи аласыз.

Бұл ұсынысым шешім таппаған соң жақында Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетіне жаздым. «Тұрар есімі Шу теміржол бекетіне сұранып тұр емес пе?»-деген тақырыпта «Ақ жол» №76 30 маусым 2016 жыл жарық көріп менің ұсынысымды құптаған. Қазір осыдан соң Тұрар туралы игі істер жүріп жатыр.

Екінші, Абай ауылында Секер батыр атында көше бары оған кедергі болды.

Үшінші, Төлс би ауылының тұрған жерінің тарихи аты Қазыққанқан. Сол ауылдан бұйырмай, Қазыққанқан атты көшеге Зверохозжайыт жақтан бұйырды. Бұған да шүкіршілік етіп, газетарқылы рахмет айттым.

* * *

Енді өзім туралы

Өмірдеректі толық жазып беремін содан оқып танысыңыз. Онда да қысқа айтқанда, «Штабта» қызыл отау менгерушісі болып жұмыс істедім. Бұл жерде де атқарылған жұмыстың нәтижесі бағаланып, «Қызыл отау» облыстық байқауға қатысып, 1987 жылы Жамбыл қаласында бірінші орынды, ал 1989 жылы екінші орынды иелендім.

Мен 1980 жылдан бері «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), 1977 жылдан «Шу өңірі»- «Шуская долина» газетіне штабтан тыс тілші болдым. Сонда қоғамда болып жатқан қарапайым халықтың мүдделерін қорғап, әділ шешімге мұқтаж болған азаматтардың жағдайына байланысты жаздым. Ол мен жариялаған мақаладан кейін өз деңгейінде

тиісті нәтижесін беріп, араша түскен мәселе шешемін табатын. Бұл жөнінде көп мысал келтіруге болады. Бір екеуіне тоқтала кетейін. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысында қайтыс болған боздақтарға ескерткіш орнату жөнінде «Социалистік Қазақстан» газетіне (1979 жылғы 19 ақпандағы санында мақала жарияланды). Соның нәтижесінде «Дружба» совхозының орталығында Ұлы Отан соғысында қайтыс болғандарға арналған ескерткіш орнатылды. «Дружба» совхозының Қорағаты селолық кеңесі атқару комитетінің төрағасы ұлты Әзірбайжан Чусин Асланов А.Өзенбаев, Қ.Септеміров, М.Иманбековке «Қазақ менің қалтамда» дегені үшін («Халық кеңесі» №31 13.01.1992 ж.) газетке жазып, қызметінен тусіргенмін. Ол сонда қалтасындағы пәресіне сеніп, «Қазақ менің қалтамда» деп бүкіл қазақ халқының намысына тиген. Осы мақаламды оқыған талай азаматтар келіп, маған рахмет айтты. 1982 жылдан Жамбыл облысы бойынша охотинспекцияда штаттан тыс табиғат және жануар әлемін қорғаушы болдым. Малшылар қауымының штабында мен отырған үйге рация орнатып, радиост болып жұмыс істедім. Айдала құм ортасында отырған малшы қауымның қажетіне керекті заттар мен төтенше жағдайлар болғанда малшылардың сауалдарын ауданға, облысқа хабар жеткізіп отырдым. Аудан күніне үш рет байланысқа шығады. Ал облыс ертеңнен кешке дейін хабар беруді күтетін. Ауданға берген хабар орындала бермейді де, облысқа жеткізген хабар тез орындалатын. Халыққа зиянын тигізген ұры, анашистер мен жаман жолдағыларды жоғарыда жазған хатымды Жамбыл облысынан келіп тексерген лейтенант:

- Сіз неге жоғарыға жазасыз. К.Колбин келіп тексермейді ғой,- деп өзімді кінәлағаны бар. Мұндай оқиға көп болды өмірімде.

Мен Қызыл отау меңгерушісі болып жүріп бұған қоса ақысыз төрт жұмысты бірден істей жүріп, қарапайым қазақ халқына қалтқысыз қызмет еткенмін. Біраз жылдардан бері шығармашылықпен айналысып, Шу ауданының түпкі тарихын

30 жылдай зерттеп жүріп, «Аша елі» атты кітап жаздым (1994 ж.) Бұрын Аша елін болыстанған елге ояз қаратып әрі қанатып қойған. Содан құтқарып өзінше «Аша болысын» құрдырған Секер батырдың ересен еңбектерін көп жыл зерттеп жүріп жаздым. Бұдан басқа да поэзия мен прозамен айналыстым.

Атап айтқанда, жарық көрген кітаптарым мыналар:

1. «Жыр бесік» («Жалын», 1983 ж.).
2. «Аша елі» («Мерей», 1994 ж.).
3. «Түсімдегі жолбарыс» («Раритет», 2008 ж.).
4. «Көлқұдық» («Раритет», 2009 ж.).
5. «Аша елі» («Раритет», 2010 ж.).
6. «Болашаққа хат» («Алматы», 2010 ж.).
7. «Менің қарапайым өмірім» («Үш қиян», 2013 ж.).
8. «Өмір-керуен» («Үш қиян», 2015 ж.).
9. «Тегім Дүйсебай әулие» («Үш қиян» баспасында дайындалып жатыр).

Көп жыл Қызыл отау меңгерушісі болып, зейнетке шықтым. 2014 жылы жасымның 75 жасқа толуына байланысты Шу ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Базарова «Шу ауданының Құрметті азаматы» атағына ұсыныс берді. Бұл ұсыныс тиісті орындардан шешімін тапқан жоқ. Екінші рет 2015 жылы Қорағаты ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Жексенбиев «Шу ауданының Құрметті азаматы» атағына ұсыныс жолдады. Бұл да тиісті орындардан шешімін тапқан жоқ. Сонда қалай, бұл атаққа қарапайым еңбек адамдары емес, «жылы» жерде отырғандар ғана лайықты ма?-деген ой туады. «Құрметке лайық жан»-деп «Шу өңірі» (23 қыркүйек 2015 ж.) газетіне суретіммен мақала жарияланған. Бұл да ескерілмеді.

Қорыта айтқанда, сізден және кеңес мүшелерінен сұранарым:

Бірінші, Тұрар Рысқұлов туралы көп жыл зерттеп жүріп ой қозғап, ұсыныс жасаған еңбегімді;

Екінші, менің еңбек жолымның болмысына лайықты, жазған хабарламаға ой-пікіріңізді білдіріп, қолдауыңызды күтемін.

7 қыркүйек 2016 жыл.

ОҚЫРМАНҒА АШЫҚ ХАТ

Мен төртінші сыныпта оқып жүргенде бір парталас Төленбай деген жолдасым үзіліс кезінде үш баланы көтеріп төртінші баланы да көтеремін деп мақтанғанына «Ей балалар келіндер, келіп маған мініңдер»-деген тұңғыш өлең жаздым.

Бұл 1951 жылдың жазы менің 11 жастағы кезім болатын. Өлең жазуым осыдан басталып еді.

Содан соң осындай жеңіл нашар өлеңдердің талайы туғанмен, оның соңына түсіп көркемдігіне ізденбедім. Әрі жетіжылдық білімді де өз дәрежесінде тауыспаған шала сауаттымын. Оның үстіне өлеңді жасымнан жазсам да 1961 жылдан 1978 жылға дейін демек 37 жасқа келгенше көп жыл өлеңнен қол үзіп қалған жайым бар. Осы 15 жыл қызмет істеген сауда жұмысында өлең жазуға арлансам әрі дүние қуып кеткен пенделігімді мойындаймын.

Одан кейін өзіме ой түсіп арақты, картаны, дүние қууға жақын тұратын сауда жұмысымнан бас тартып поэзияға бет бұрдым.

Бұған дейінгі жазған өлең сымағымның ойымда қалғаны сегіз-ақ екен. Бұдан басқасын не жазып қоймаппын. Осы өлеңдерді ең соңына беріп отырмын.

Енді бүгін білімімнің аздығы, не жастай өлеңнің сан қырлы техникалық шеберлігін ізденіп сырын меңгермегенім, демек жастық жалынды кезімдегі бойдағы дарынды дамытпай уағын өткізіп алғандықтан, жасық, нашар, жеңіл өлеңдерден ары аса алмадым. Жазған өлеңдеріме өзімнің көңілім талмайды. Өрем жетпегенін өзім сезінемін, әрі мойындаймын. Осы туралы

-Менің көңіліме қарамай поэзиям жайлы ашық шын пікір айтуын сұрағанымда сыншы Сағат Әшімбаев «Табиғи дарыныңыз бар оқулығы аз» десе жазушы Молдахмет Қаназов «Поэзиядан гөрі прозаға жақынсыз, проза жазыңыз»-деп ақыл берді. Содан кейін поэзияны кідіртіп прозаға ден қойдым.

Енді бүгін осы екі аралықта жазған өлеңдердің жарық көргені, көрмегені бар шашылып кеткенін жинастырып, оларды ретке келтіріп оқырман қауымға ұсынып отырмын.


Өйткені, жасық, нашар, жеңіл ойлы, дәмсіз, татымы жоқ жайдақ өлеңдер болса да, менің де өмірге, өмір сүріп отырған қоғамға өзімше көзқарасым бар пендемін ғой. Акын не жазушы болу үшін емес, өз әлімше өмір сырын ашуға поэзия мен проза жазуыма мәжбүр етті. «Жаманның да жаманы бар, оның да адам білмес амалы бар» - деп амалым асып кетпесе де өмірге деген көзқарасымның сан қырлы сыры ептеп осы ойланып-толғанып өз әлімше ой қорытқан жеңіл өлеңдерден көрініс тапқан жемісі ғой.

«Лаж жоқ осы жағын ескертіп, әр жүйрік өз әліне қарай шабады» - деп осы өңкей жасық өлеңдерді түгел оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдім.

Ескерту: мен өлеңдерді жақсы-жаманын ажыратпай түгел ұсынғанмен бүгін не ертең демек мен о дүниелік болсам да жаман өлеңдерді алып тастап, ретке келтіруіне келісім беремін.

Сол үшін оқырман қауымға ашық сыр ұсынғанымға кешірім сұраймын.

16.06.2002 жс.



ТОЙДАҒЫ СӨЗ!

(Болған оқиға ізімен)

Құрметті осы отырыстың куәгерлері! Сіздер үйленгендеріне 50 жыл толуына байланысты той иелері Токтасын пен Жұмаханның отау құрып, өздері өз тізгініне толық ие болған соң ғана кейінгі таныстары, сыйластары, жегжат-жұраттарысыздар.

Әуелі осы отырыста туысқаны болғансып отырғандардың көбісі Токтасын пен Жұмаханнның өзіне өзі келген соң ғана туысқаны болғандар. Сондықтан сіздер шаңырақ көтерген екеуінің 50 жыл толуының арғы жағы емес бергі жағындағы іс-әрекет қатыстарынан тілге тиек етіп сөз-ғып отырсыздар. Бұлардың тойға шақыру қағазындағы «Еске алайық балалық шағымызды» деген бір өлең жолының өзі олардың өткен өмір жолындағы беймәлім кезін мен айтамын, соған құлақ түріңіздер.

* * *

Мен Токтасын екеуіміз бір ауылдың азаматы болсақ, әрі бір көшеде арамызда бір-ақ үй бар көрші тұрдық. Ол менен 2 жас кіші болса да, Тілеуқабыл болыс айтпақшы, «Бала да теңін тауып ойнайды» деп бала кезден екеуіміз бірге ойнап өстік. Қазір ол пысық, тәуір көрінгенімен жас кезінде ххх жасық аса ешнәрсенің жөнін таба білмейтін түсінігі шамалы болып, ағасы Серген үйінде елеусіз өсті. Ал мен әкеден жетім болсам да, баршылықта еркін өстім. Мен жетіжылдық мектепті шала оқысам, ол онжылдықты тауысқан соң ғана адамдық тұрғыдан өзіне өзі келгендей болып, сана сезімі ояна бастады. Екеуіміз де колхоздың неше түрлі жұмысын істеп жүргенде оның қолынан келмейтін ұғымы жетпейтін істің көзін таппайтын шалағайлығы, түсініксіз кезі сезіліп қалатын. Сондайының бір ғана атап айтқанда, колхоздың арбасын айдағанда қос аттың тізгінін (можысын) жондеп ұстай да алмайтынын көрген Тұрар деген кісінің күлгені бар. Әрбір ісі осындай болып шешімін таппай тұрса да қолынан келсін,

келмесін алға ұмтылып жұмысына беріліп, шын ниетімен еңбек ететін. Сөйтіп, екеуіміз де көзге көріне колхоздың жұмысында еңбек еттік. Бір жүрдік, бірге қыдырдық. Сонда Тоқтасын маған дос болайық деп ескерткішке кездік берді. Онсыз да біз екеуіміз достасқандардан ары ниеттес едік. Менсіз ол аса алыс жақтарға қыдырмайтын. Сол бір кезде Сары Хасенов деген ағамыз қазіргі Төле би (бұрынғы Новотройцк) ауылында тұратын. Соның үйіне анда-санда барғанда Сары ағамыз Тоқтасынға оқы дейтін. Бір күні клубта кино көріп отырсам ол келіп менің құлағыма сыбырлады: «Мені Бірліктегі (Көктерек ауданы) механизатор дайындайтын мектепке, сені Жамбыл қаласындағы ауылшаруашылық мектебінің қой шаруашылығы бригадирлік мамандығына колхоз басшылары жолдамамен оқытатын болды. Сен оған үйінді ойлап қарсы бол ма? Ай сайын 30 күн еңбеккүн жазып, 200 сом (ескі ақша) ақша төлеп, колхоздың қаржысымен оқытатын болды,-деді Тоқтасын.

Ертеңіне екеуіміз барып «Мойынқұм» колхозынан оқуға жолдама алып, құжаттарымызды дайындай бастадық. Сонда өмірбаянымызды да бірлесіп толтырғанымызда «Мен ұяламын»-деп Тоқтасын, мұнайып еді маған. Қазір ойласам ол кезде жастықтың әсері ме немесе ақиқаттың көзімен қарайтын кезі ме шындықты толық мойындап айтқаны бұл. Бұл оқиғаға Тоқтасын кінәлі емес, оған жазған тағдырының оқиғасы ғой. Бірақ, ол өмірінде бұдан зор істерді істеп жүрсе де, жолсыздың өз қолымен жасаса да ұялмайтынды шығарды.

Сонымен өмірбаянын өтірік толтырып жүріп, оқуға аттанды. Сонда Жамбыл қаласына қарай мені пойызға Елубай екеуі мінгізіп, шығарып салғанда суретке түстік. Сол сурет ескерткіш ретінде әлі бар. Екеуіміз де біржылдық оқуды бітіріп келген соң, Тоқтасын тракторшы, мен аға шопан болдым. Екі жыл өткеннен кейін Тоқтасынды Алматыдағы зооветинститутына, мені Жамбыл қаласындағы зооветтехникумына «Мойынқұм» колхозының Шу аудандық комсомол комитетінен, Шу аудандық

партия комитетінен үш бірдей жолдамамен екеуімізді де оқуға жіберді. Ол кезде колхозда жақсы жұмыс істегендерді ғана жолдамамен оқуға жіберетін. Бір айта кететін жай, жаңадан Шу ауданына бірінші хатшы болып келген Жапар Түйебековтен сонда қызмет істейтін Үрім Қанымбетқызы Сабинова әпкеміз бізді хатшыға кіргізбей-ақ жүгіріп жүріп жолдама алып берді. Ол кісіге өте рахмет. Сол жолы да Токтасын әуелі мені Жамбыл қаласына қарай шығарып салып, Алматыдағы оқуына аттанды. Жамбыл қаласында оқып жүргенімде Токтасын маған хат жазып тұрды. Бір жолы соның хатын оқып отырғанымда менімен бірге оқитын қыз келіп қалып:

-Не сенің қызыңнан хат келген бе, деп тиісе күлді.

-Жоқ мен үйленгенмін.

-Онда мына хат кімнен келген.

-Алматыда зооветинститутында оқитын жолдасымнан.

-Өтірік айтасың, қайсы, корсетші-деп хатқа көз жүгіртті (ашық жарқын қалжыңбас, тамаша қыз еді). Хаттағы Токтасынның сөзі орнықты, сөйлемі жазуы жатық екенін хаттан оқып көріп.

-Бұл жолдасыңа менің таныстыршы,-деді.

-Сен Жамбылдасың, ол Алматыда қалай таныстырамын-дедім.

Мен өзім Алматыға іздеп барып танысып, өзіме бейімдеп аламынға шықты қыз. Сонда қыз Токтасынның түр-түсі аса толық жігітке тән емес екенін болмыссыздығынан көрсе оны ұнату, ұнатпауы екі талай еді. Бірақ, қыз оны көрмей тұрып тек маған жазған хаты арқылы оған ғашық болғанына аң-таң болдым да, Токтасын Алматыда «ай қарап» жүрген жоқ шығарды ойлап бір-біріне таныстырған жоқпын. Құрметті осы отырыстың куәгерлері: «Бүгін, міне үйленгендеріне 50 жыл болған Токтасынның әйелі Жұмахан сіздердің көздеріңше маған рахмет айтсын. Егер мен сол бір қызды Токтасынға таныстырсам, бүгін міне той жасауға куәгер болып отырған Жұмаханға Токтасын жоқ еді» дегеніме көпшілік қауым күлді. Токтасын да әйелін шақырып менің сөзімді естірті. Ол күлді де қойды.

Екеуіміз де оқуды тауысып келген соң мен алыс күм өңіріндегі

малшы қауым орталығы «Штапта» (Көккұдық) сатушы болдым, Токтасын «Мойынқұм» шаруашылығында зоотехник болып қызмет істеді. Бір күні алыссынбай штаптағы маған «Далақайнар» совхозының директоры Сары Хасенов «ГАЗ-69» көлігімен келіп:

-Жүр мен үйленемін-деді Токтасын. Сонымен Алтынбек үшеуіміз Сары Хасеновтың үйіне барсақ, ол кісі далада тұр екен.

-Әй, деді Токтасынға. Сен қатын аламын деп үйінді сайламай барды, сайлап шауып жүрсің. Ауылдағы ағаң Серген «анау жоқ, мынау жоқ» деп қиналып жүрген шығар-деп күлді.

Сол күнгі түнде барып, отау құрғандарына 50 жыл болған мына Жұмаханды алып келдік. Ол кезде үлкен той жасауға жағдай қайда? Ауыл тойын жасау үшін әуелі алыс штаптағы менің әйелім Зәбираны алып келдік. Ол Торқа деген әйел екеуі тойдың дастархан мәзірін дайындады. Мен болсам тойдың болуының артық-кеміне толық мүмкіндік жасап, жақсы өтуіне атсалыстым. Ол кезде мына қазір қаптап отырған туысқан сымақтарыңның туыстығы сезілмейтін. Той өткен соң Токтасынның ағасы Мырқашым деген кісі:

-Мен үлкен әрі ұстаз болсам да аса мұндайға жоқ едім. Сауытбек сен жас болсаң да әр нәрсенің жөнін біліп қалыптың. Ауыл тойының өтуіне көп еңбек еттің, рахмет саған-деп қолын берді.

Осы тойдан кейін біраз жылдан соң Токтасын шығысқа қызметке шегілді, мен болсам күнбатыстағы малшы қауым орталығында ұзақ жыл сатушы болдым да, үш мүшелі жасымнан бастап халқына зияным тимесін деп саудадан бас тартып, «Қызыл отау» меңгерушісі болдым. Міне, осы ауыл тойынан кейін-ақ Токтасын екеуіміздің арақатынасымыз бір-бірімізді танымастай үзілді. Қызметі болар болмас оскен сайын Токтасынға дәреже пайда болып, сес бітіп: «Жер астынан жік шығып, екі құлағы тік шыққанға» тәңгі болды. Тұрмысы түзелген сайын дүниенің құлы болса, болар болмас уақытша мансабы, лауазымы мәңгі тұрақтап қалатындай сезінді.

* * *

Балаларымның арқасында біраз шет мемлекетін араладым. Атап айтқанда, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркия, Швейцария, Грузия, Англия, Германия, міне осылар әрқайсысында бір айдай, екі айдай болып одан алған әсерлерім 6-7 шыққан кітабымда ептеп, сыр беретіні бар. Мұны мен қисынсыз неге айтып отырған себебім, Тоқтасынмен көрші тұрсам да бала жастан бірге өсіп, өзі дос болайық-деп, кездік берген досымның үйі мен аралаған бірталай шет мемлекеттерінен де алыстап кеткеніне сенесіздер ме осы тойдың куәгерлері. Өйткені, бүгін міне тойына келіп отырсам да Тоқтасын досымның үйінің қайда екенін білмеймін. Сенсесіздер екеуінің тұрмыс кұрған 50 жылында үйінің табалдырығын бір де аттаған емеспін. Сонда оның үйі мен аралаған шет мемлекеттерінен де ары қашық болғаны ғой. Міне, мына тойына шақырған соң жоласым Зәбира мені зорлап ертіп келді. Менің келгім жоқ болатын. Тоқтасын мен бала жастан бірге өскендігі оған менің жан-жақты өскендігімнің септігін айтпағанда мен өз ауылымдағы қатарларымнан тізгінімді ерте игеріп, қол қайырымды ешкімнен аяған емеспін. «Жаман бергенін айтады, жақсы көргенін айтады»-деп мейлі қайсысына жатсам да оны бір Алла білер. Кімде болса қаншама жоғары лауазымды болса да сол бір мансап уақытша екені белгілі емес ме? Ол Тоқтасын болар болмас лауазымда мәңгі тұрақтап қалатындай сезінді. «Дүние тапқанға жаманың кемдігі жоқ» деп қолдың кіріс сияқты жуса кететін байлық пен болар болмас мансапқа дәреже бітіп, сестеніп қалған Тоқтасынға не айтуға болады. Мансаптан да шіріген байлықтан да ең жоғарғысы адамдық қасиет емес пе? Ақиқаттың кілті – салыстыруда деп осы арада екі салыстырманы еске түсірудің реті де жөні де келін тұр осы отырыс куәгерлері.

Біріншісі: малшы қауым орталығы «Штаптағы» (Көлқұдықтағы) дүкенді жаңадан қабылдап алған кезім еді. Екі «ГАЗ-69» көлігі келіп тоқтады да одан түскен екі адам дүкенге кіріп келді. Мен сауда жасап жатыр едім. Сәлем бермек түгіл

оларды көзге де ілмедім. Көңіл де болгемін жоқ. Аздап кідіріп тұрған екеудің бірі орта бойлы акқұба кісі зілді сұрақ қойды.

Бұл дүкенді қашан қабылдадың - деп

-Жаргы ай болды.

-Бұрынғы кайда жұмыс істегенсің?

-«Мойынкұм» совхозының орталық азық-түлік дүкенінде.

-Кәні, қысқа қарай малшы қауым сұранысына не дайындағаның бар? Деген сұрағына түсінбей аңырап қалдым. Әрі оларға жақпай қалғанымды сезіндім. Содан соң тұтынушыларға керек заттардың әр қайсысын атап-атап сұрай бастады. Мен барын бар, жоғын жоқ деудемін. Бір уақытқа сұрақ қоюшының қасында тұрған ұзын бойлылау акқұба кісі менің қасымдағы стаканды көріп:

-Не сен арақ ішкенсің бе? Деді. Мен стаканды алдым да:

-Мә иіскеп көріңіз-дедім.

-Тә тарғ ары деп өктем дауыспен зекіп тастады. Содан соң менен әр затты жеке-жеке сұраған кісі:

-Әй сен жас бала екенсің (сол кезде мен 23 жаста едім).

-Мен Шу ауданының бірінші хатшысы Жапар Түйебековпын. Ал сен стаканды иіскеп көргін деген мына кісі Шу ауданы атқару комитетінің төрағасы Айтбай Назарбеков болады. Біз сияқты сирек келетін аудан өкілі келген кезде жөндеп қарсы алып тұрғын-деп екеуі де көліктеріне мініп жүрді де кетті.

Сөйтіп мен оларды дөрекі қарсы алсам да Шу ауданының бірінші хатшысы болып он екі жылға жуық қызмет істеген Жапар Түйебеков менің ағаттығымды кешіріп, оның қолдауында болдым. Ол Жамбыл облысының атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары болып қызметі жоғарылап ауысып кетерде Шу ауданының атқару комитетінің бірінші орынбасары Уәш Асатовқа:

-Сауытбек тегін бала емес, көзіңнің қырын сала жүр деп мені табыстап кеткенін Уәш ағаның өзінен естіп өте риза болдым.

Бұрын Жапар Түйебеков біздің үйге келіп жүргенде анам Ізданға үйден шығып бара жатып:

-Балаңыз Сауытбек тегін бала емес деп айтты дегеніне аңтан болып, сол біз кезде Мәскеуде съезд болып, сонда жаңадан сайланған политбюро мүшелерін, соған кандидаттарын және әрбір министрлердің газетке жарияланған суреттерін киып алып үйге жапсырып қойып едім. Соны көріп айтты ма екен деп ойлады. Сол күні мені үйде жоқ едім.

Тіпті, одан кейін менің басыма ұйымдасқан жалаы жайсыз жағдай туғанда да соны облыста жүріп естіген Жапар Түйебеков сол жайында «Абай» совхозының директоры Сағат Жұмағұловпен «Коммунизм» совхозының директоры Сәбит Тастүлековты жазғырыпты. Қасында Алға Байсалбаев бар Сағат Жұмағұлов: «Маған жағдайыңды ескертсең қайтеді»-деп кінә тақты.

-Естіп, білмей жүрсіз бе?-деп мен бұрылып кеттім.

Сәбит Тастүлековте спетцмаң кеңсесінде осындай сыр берді маған. Сол кездегі Шу ауданының бірінші хатшысы Әлімбек Әспетовтен осы менің басыма төнген қырсыз жағдай туралы Жапар Түйебеков сыр тартып сұрапты. Оның да менің басыма әдейі ұйымдастырып тондірген жалалы төтенше сәтсіздікке қатысы болса да түк те істемеген, білмеген сияқты жауап беріпті. Бірақ қорыта айтқанда, менің басыма төнген қара бұлтты Жапар Түйебеков бір аптада түріп тастады. Оған мында бір рахмет. Осы менің басыма төнген қырсыз жағдайдан кейін бір шаруашылықтың директоры Әділ Жакуповтен:

-Мына бала қай ауылдың баласы-деп мені нұсқап сұрады. Сонда ол: «Құдайдың құлы пайғамбардың үмбетіміз, Тарайды Бекболаттан есебіміз.

Ботбайдың қораласы сықылданып,

Қалмайды Ноғай деген өсегіміз»-деп Бестерек руының ақыны Жігітектің Қоралас руының ақыны Қылышбайға айтқан өленін айтып, сен де Бестерексің, бұл бала да Бекболаттан тарайды-дегенді астарлы келтірді Әділ Жакупов. Ноғай дегеніне Әлімбек Әспетов намыстанып:

-Сіз ауызыңызға не келсе соны айта беретін болғансыз ба, менен не жаза күтіп отырсыз-деді.

Әрі ол Жапар Түйебековтің одан мен туралы сұрағанына қарай бұл балаға қалай жақындығы бар-деп Әлімбек Әспетовтың мен туралы астарлы сұрағаны еді бұл. Осы жолы ол маған бір істі тындыруға сұранды. Бірақ мен оған уәде бермедім.

* * *

Міне көпшілік қауым. Жапар Түйебековты мен уағында дәрекі қабылдасам да ол сонымды кешіріп мені өмір бойы қолдап өтті. Оған қарағанда Тоқтасын кім? Бірге өсіп, ыстық-суық күнімізді бірге өткізгеннің ісі мынау. Ол нағыз тексіздің өзі емес пе?

* * *

Екіншісі: Шымыр руының Байгөбек деген кісінің екі нары қолды болады. Оны Дулат болысының адамдарынан көреді. Бірақ болыс Байболат Дәуітәліұлы оған теңдік бермейді.

Содан соң ешбір лауазымда болмаған бірақ та қарадай хан сияқты халыққа танылған Сарыүйсін Сәрсенбі деген кісіні Байгөбек екі нарын өндіруге ертіп барады. Сәрсенбіні Байболат болыстың өзі алдынан шығып күтіп алады. Бата сұрап мал сойып жақсылап сыйлап, күтеді де ертеңінен екі нарын өндіріп береді. Байболат болыс бұрын мұндай іс істемейтінін білетін оның төңірегіндегі шабармандары таңғалады да:

-Бәке, мұныңыз қалай? Өзіңіз Сәрсенбіні далаға шығып алдынан күтіп алдыңыз. Бата сұрап мал сойып жақсылап күттіңіз. Біздің ауылдың жігіттері алды ма, алмады ма дәлелі жоқ белгісіз екі нарын өндіріп бердіңіз. Мұныңыз қалай-деп шабармандары бірінен соң бірі шуылдайды. Оған ол:

-Әй шуылдақтар, сендер не білесіндер. Сәрсенбінің екі жолбарысы жолын бастап келгенде менің жалғыз жолбарысым жүкаяқтың астына кіріп кетіп, тығылып қалды. Содан соң оның алдында құрақ ұшып, зыр жүгірмей қайтейін. Сәрсенбінің шыққан жері Сарыүйсін нашар. Әйтпесе, ол менен артық -дейді Байболат болыс. Түйе де жөніне шөгеді деген осы.

«Жақсыда – кек жоқ,

Жаманда тек жоқ» дегендей Байболат болыстың шуылдақтары мен маған кездік берген досым Тоқтасын нағыз тексіздер ғой. Ал Байболат болыс әрі төрт-бес болыстың үстінен қарайтын ара болысы болып үлкен мансапты болса да, өзінен төмен Сәрсенбіні сыйлап, кішірейгенін өзіне ол кек санамайды. Өйткені, ол текті. Тектіні – текті танитыны белгілі.

* * *

Ал енді осы Тоқтасын мен Жұмаханның үйленгендеріне 50 жыл толуына байланысты тойының куәгерлері мен олар туралы біраз шын-ақиқатын айттым. Оның артық-кеміне өздеріңіз баға берерсіздер. Қорыға айтқанда, бала бастап бірге өсіп, өзі дос болайық деп «кездік» берген досым Тоқтасынның ісі мынау. Қызметі болар-болмас өскеніне сес бітіп, ары кеміп, тұрмысы түзелгеніне дүниенің құлы болып, оны дәреже көріп, бұрынғы өткен күндерін ұмытып кеткенін бүгүсіз баяндадым.

Бұған салыстырма жасап жоғары лауазымды игергендер Жапар Түйебеков пен Байболат болыс дулат болысы болса әрі ол 4-5 болыстардың үстінен ақ-қарасын қарайтын «Ара болыс» екенін айтып, тектілер екенін дәлелдедім емес пе? Бауыржан Момышұлы айтқандай «Тексізден-тезек артық, арсыздан-айуан артық» деген мақалды лаж жоқ Тоқтасын сияқтыларға тенеуге тура келетіні сөзсіз екені белгілі ғой деймін.

* * *

Осы тойдың сөзін айтып тұрғанымда Тоқтасын «болды, болды» деп қайта-қайта намыстанып тұрса, даяшы да көп сөйледіңіз деп екеуі де сөзімді бөліп, сөйлетпеуге кедергі жасап тұрды. Ал Тоқтасынның әйелі Жұмахан болса:

- Сауытбек екінші қызымды босанарда өзінің көлігімен мені әйелдер босандыратын дәрігерге апарып еді. Соны айтпағанына құдайға шүкір-деді.

* * *

Тағы да осы той болатын карсаңында Тоқтасын сонау атамзаманнан шын-ақиқаты белгілі тарихи шындықты өтірік бұрып жазып, ел-жұртынан «оның шежіре жазып несі бар деген» сөз естіп күлкі болып тынды оқырман қауымнан.

Демек: Тоқтасынның «Өмірбаянымды толтыруға ұяламын» - деу түпкі сыры бізді тойға келушілерден төмен аяқасты жолына отырғызуы оның өгейлігі десті ауыл тұрғындары. «Тойдағы сөз» айтылуы да оның іс-әрекеті тудырды оқыраным.

26.07.2015 жыл.



САРЫСУ АУДАНЫНА БАРА ЖАТҚАНДА

(болған әңгіме)

Жамбыл қаласында тұратын Зәбираның әкесі Нарымбек атайдың қарындасы Қатира әпкейдің үйінде Зәбира екеуіміз үш-төрт күн аялдадық.

Мен сонда қаланы аралап қыдырып жүріп бір қарапайым ашық-жарқын қария кісімен кездейсоқ кездесіп қалып, танысып әңгімелестім. Ол кісі маған:

-Қайдан келдің деді.

-Шу ауданы, «Бірлік» совхозынан.

-Ой әлгі біздің ауылдың азаматы Совет Одағының батыры Гапу Тәңіров көп жыл қызмет істеп, сол жерден мәңгілік орын тапқан ауылдан екенсің ғой деп менің туған жерімді өзінің азаматы арқылы тани кетті қария.

-Иә, ол батыр азаматыңызды жақсы танымын. Ол кісі біздің үйде талай қонақта болып сырласып жақын араласқам.

-Мен сол батыр туып-өскен, әрі бүгін соның атындағы ауылданмын. Көп жыл сол ауылда мектеп директоры болып, 3-4 жыл болды зейнетке шықтым.

-Сол батыр азаматыңыздың біздің үйде болғандағы бір-скі іс-әрекет сөзін айтайын ба?

- Айта ғой.

-Ең алғаш біздің үйге үш кісі болып келді. Сонда қасындағы жол серігі Шу ауданының екінші хатшысы Әнуарбек Жүнісәлиев.

-Сіз Совет Одағы батыры атағын аларда сізде сезіну болды ма деді.

Бұл сөздің астарына түсінбей Гапу Тәңіров:

-Сезіну дегенің не деді?

-«Түс көру» сияқты осындай сезінулер деді Жүнісәлиев.

-Ой мұндай сезіну тұрмақ, қай күні өліп, қай жерде қалар екем деп қорқыныш үрейлі болып жүрдім соғыста. Қазір бар адам

табанда өліп, қырылып жатты ғой. Солтатар деді Гапу Тәңіров батырыңыз.

-Иә, содан кейін деп қария сүйсіне тындады.

-Осы жолғы тағы қызық айтайын ба?

-Айта ғой.

-Совет Одағының батыры Гапу Тәңіров жылылау еді. Жаңа отыра бастаған қызымыз Галаны түрегеп тұрып қолына алып алақанына тік тұрғызбасы бар ма? Қаз-қаз тұрып та үлгермеген сәби басы ауған жағына қарай қисайса, алақанындағы аяғын ауған жағына теңесе, содан тепе-теңдік туындап, тік тұрғандай болады. Осылай бұлтақтатып, аяғы мен басын теңестіріп, алақанына қаз-қаз тұруға тән әдісін қолдану сәтінде шыр-шыр еткен ауданның екінші хатшысы Әнуарбек Жүнісәлиевті де тындамады сіздің ауылдың батыры дедім.

-Ой сен біздің батырмен жақсы таныс екенсің ғой деді қария.

-Мен Талас ауданынан келген себебім, осы қаладағы гидромел. Институтының су жөніндегі мамандығын балам бітіріп еді. Оған біздің ауылда су шаруашылығына байланысты жұмыс жоқ. Сол жайында Жамбыл облысының обкомына келдім. Сен неғып жүрсін мұнда деді маған.

-Осында әйелімнің әпкесі тұрады. Соған келдік деп бейтаныс қариямен осылай аз-маз пікірлесіп қалдық.

Ххх

Ертеңіне Сарысу ауданында екінші хатшы болып қызмет істейтін бажам Шабан Базилов тұратын «Байқадамға» қатынайтын автобуска Зәбира екеуіміз мінсек кешегі кездескен қария да отыр екен. Бұрыннан таныс адамдарша амандаса жөн сұрасып алдық. Көлік ілгері жүрген соң қария:

- Әй бала келінді күнде көріп жүрсің ғой. Бері келіп менің жаныма отыр, әңгімелесейік деді де, қасында отырған жолаушыны орындығынан тұрғызып жіберді. Мен барып қасына отырдым.

- Кеше Совет Одағының батыры Гапу Тәңіров біздің ауылдың

азаматын танитыныңды айттың. Енді ол сендердің Шу өңіріне қалай барғаны туралы сыр шертейін деді қария.

-Айтыңыз дедім.

Совет Одағының батыры болып Ғапу Тәңіров туған еліне ең алғаш келген кезде ел-жұртының құрметіне сұмдық бөленді. Үлкен той, атшапқан болып, неше түрлі дүбірлі керемет жиындар өтті. Сонда батырдың туған ауылдық атқару комитетінің төрағасы бір парасатты саналы жақсы кісі еді. Барлық батырға деген құрметтің жиын той іс-шараларын ұйымдастырып соның салмағы сол кісіге түсті.

Ғапудың батыр атағын құттықтап обкомнан басқа аудан ауылдардан әрі «жақсыны көрмек үшін» құтты болсын айтып сәлем бере келетін кісілер де тек осы төрағаның үйіне келіп ниеттерін сездіріп жүретін. Төраға кеңпейіл дастарқанды болатын. Қашанда жақсыға елдің бәрі ортақ болса, туған ауылы үшін одан да қымбат. Сол кезде батыр Ғапудың әке-шешесі тұрған үйінің жағдайы шамалы екені баршаға аян.

Дәл сол бір сәтте батыр Ғапудың қазіргі өмірлік жолдасы Тұрымжан бұрын тұрмыс құрып, күйеуімен өкпелесіп жездесі болған соң осы төрағаны паналап үйіне қашып кеп жүрген кезі болатын. Батыр Ғапуды құрметтеп осы ауылға келушілер көбінесе төраға үйінде болғанда қонақтарға дастарқан мәзірін жасағанда Тұрымжан да әпкесіне көмектесіп жүретін. Әрине, батыр Ғапу осы төраға үйінде жиі болатын. Сонда Тұрымжан күйеуден шыққандай емес, уылжыған талдырмаш жап-жас қыз сияктанып, сыланып, боянып батыр Ғапуды өзіне магниттей тарта білген. Сонымен не керек аңғал батыр Ғапуды құрығына іліндіріп, әуелі жанасып жүріп тез арада оған үйленіп алды. Осы хабардан құлағдар Тұрымжанның бұрынғы күйеуі:

- Батырдың мұнысы нес. Мен Тұрымжанмен өкпелескенім болмаса, онымен әлі ашық ажырасқаным жоқ. Көпе-көрнеу менің әйелімді алып, бұл мені қай басынғандығы. Ол Ғапу мылтықтың батыры болса, мен жұдырықтасудың батырымын.

Мен онымен жекпе-жекке шығамын деп алып тұлғалы дәу дәң кеуде о жар неме Гапу мен Тұрымжанды іздеп үйіне барады. Сөйтсе Гапу жоқ, Тұрымжан үйінде екен. Ол әрең дегенде О жар күйеуінен және өз үйінен өзі қашып шығып жылап еңіреп Төраға жездесіне болған жағдайды баяндайды. Егер батыр Гапу үйінде болғанда үлкен жанжал болатыны былай тұрсын Гапу мен Тұрымжанның ажырасуы анық еді. Өйткені, Тұрымжанның тұрмыс құратынынан батыр бейқам. Балдызы енді мені Гапудан ажырататын болды деп жылап жалынған соң ел-жұртқа беделді, төраға жездесі Тұрымжанның О жар күйеуін кеңсесіне оңаша шақырып алады да:

- Сен Тұрымжан екеуің тату-тәтті отбасы болып тұрғаныңда әйелінді айнытып алса Гапу да Тұрымжан да айыпты болар еді. Керісінше екеуің ұрысып өкпелеп, үйіңнен кетіп әйелің біздің үйде жүрді. Не уағында келіп, тіл табысып әйелінді өзің алып кетпедің. Басы бос болған соң Гапуға тұрмысқашықты. Енді болар іс болып, бояуы сіңді. Күйеуге тигенін көріп отырып, сен қайта алмайсың. Алған күнде де ар-намысың бар азматсың. Екеуінде тату-тәтті баянды өмір болмайды. Енді екеуің ажырасқаннан не шығады. Одан да Тұрымжанның айыбы сол «Астына ат, үстіңе шапан» осыған риза болуға келісім бер деп әрең дегенде көндіргендей болды төраға жездесі. Бірақ, ол екеуінің арасына бүлік салатынынан қайтпайтын өркөкіректің дәл өзі еді. Осыны ойлаған Тұрымжан астыртын Гапуға сездірмей бізді басқа өңірге кетіру жағын ойлаңыз. Бұрынғы күйеуім біз мұнда тұрсақ маза бермейді, ажыратып тынады деп төраға жездесіне жылаумен болды.

Содан соң төраға жездесі Гапуды оңаша шақырып алып:

- Сен Совет Одағының батырысың. Қайда барамын, не қызмет істеймін десең де жолың ашық. Бұл жер саған қол емес. Мен Жамбыл облысындағы қызметі істейтін жігіттерге сені ұсынып табыстап қойғанмын. Олар келсін қызмет бар деп, келісім берді-деп Гапуды Жамбыл облысына көшіріп, қызметке тұрғызады

өте беделді төраға жездесі. Сөйтіп, астыртын Тұрымжанның тілегін төраға орындады. Бұдан соң одан әрі тегі біздің Талас ауданынан алыстатып, Шу өңірінен бірақ шығуы бұрынғы күйеуінен қашқандығы бұл Тұрымжанның. Демек, Совет Одағының батыры Гапу Тәңіровке әйелінің кесірінен туған жерінен топырақ бұйырмай басқа өңірден бұйырып, сол жақтан өмірден озды деді қария.

* * *

Тағы да қария сөзін одан әрі жалғастырып былай делі:

- Біз еркекпіз ғой еркекпіз. Ер азаматпыз. Атқа мінеміз. Жауға шабамыз. Әр еркектің өзінің әйелі бар. Онда да деді де құлағыңды төсшы маған деді. Мен құлағымды аузына жақындаттым. Тағы да әйеліміз болса да, басқа әйелдің жасырып жерінде сұраймыз ғой дегені. Мен ішімнен «бұралқы сөз күлмекке жақсы» деген осы екен ғой дегенді ойлап күлдім. Отырған көліктегі жолаушылар күлгенімізді көрген мен қарияның сыбырлаған сөзін естіген жоқ.

* * *

Тағы да жүріп келе жатқан көліктегі отырған орындықтан тұрды да қария:

- Бұл отырғандардан «Сарыүйсін» бар ма деп дауыстады.

Қасында отырған мен:

- Сарыүйсін болса не қыласыз?- дедім.

- Сарыүйсін болса мұрнын бұзайын деп едім.

- Неге?

- Сарыбәйбіше «Домалақ» анама маза бермеген деген сөз ой сұмдық-ай бұрынғы ата-бабамыздан келе жатқан ауызша тарихи деректен хабардар екенін сездірді. Бұл сөздің астарын жүргіншілерден ешкім сезбейтін сияқты. Егер сезсе дұрыс-бұрысына баға беріп тіл қатар еді ғой. Тек бұл сөздің астарын мен түсіндім.

Сөйтіп неше түрлі қызық әңгімеге қарық қылған бейтаныс

қария Талас аудан орталығы Ақкөлден түсіп қалды. Ұзын жолды қызықты әңгімесімен қысқартқан қарияның жолда қалғанына ой санам құлазып, ол кісіні сағынғандай әсерде болдым. Бүгін осы бейтаныс қарияны көп жылдан кейін ойласам не атын не қай ел екенін сұрамағаныма өкінемін. Бірақ, әйтеуір «Домалақ» анамыздан өрбіген рудан екенін сездірді оқырманым.

07.03.2016 жыл

ОЙ

Ірі кәсіпкер Жайлыбай шаруашылығын аралатып көрсетіп жүріп дүкеніне кіргенде сағушы түрік келіншекке:

- Мына кісі менің ағам,-деп мені таныстырды.
- Жасыңыз қаншада?-деді маған сол келіншек.
- Жетпіс алтыда.

Біраз бетіме аңырап карап тұрды да:

- Әйеліңіз жақсы екен-дегені.

Бұған аң-таң болған мен:

- Сіз әйелімнің жақсы, жаман екенін қайдан білесіз, көрген жоқсыз, танымайсыз да-дедім.

- Түріңіз жетпіс алты жастағы сияқты емес, жап-жассыз. Әйеліңіздің күтімінен сіз солай көрініп тұрсыз. Алланың жазмышынан тыс, әйелі нашар кейбір ер-азаматтар тез қартаяды, тез өледі-дегені түрік келіншек.

- Ой сұмдық-ай,-деп менің оған таңқалғаныма Жайлыбай күлді де:

- Аға сіз қатарларымның бәрі кетті, мен жалғыз қалдым деп қиналып едіңіз ғой, әлі Алла қаласа жүре бересіз,-деді ол да.

- Айтканың келсін, рахмет,-дедім.

* * *

Енді бүгін міне әйелім сырқаттанып емханаға түсті. Соның болмысына қарай:

«Ұрысқаны сүйгені,

Су бергені бал еді.

Аман болсын кім мені,

Зәбира құсап күтеді»-деген ой маған күдік тудырып тұрғаны,
көз ілдірмей ұйқым сирексіді.

Алматы. 11.05.2016 жыл

КӨШЕКЕҢЕ ҚАЙТСЕМ ЖАҒАМЫН?

Жарқыраған жаздың күні. Әдеттегідей тіршілік болғаннан кейін қарап отыруға бола ма, әркім өзіне тапсырылған жұмыстарды атқару жолында қолдарынан келгенін істеп жатқанын көресіз. Мен де Мойынкұм құмының ортасындағы шағын ғана екі бөлмелі малшылардың дүкенінде әдеттегі кәсібіммен айналысып, дүкенді ұстап тұра бердім. Міне, кенеттен қулағыма жаңа хабар келіп саңқ ете қалды. Бастық ауысыпты, бастықтың орнына бастық болып бір декей келіпті. Түсі суық деседі, бірақ істесе келе үйренісіп кетерміз. Сатушы деген адамдардың өзі кішіпейілдеу болады ғой. Біз халық қызметшісі емеспіз бе? Бізді есіркемесе де тұтынушыларды есіркейтін шығар, болмаса олардың жағдайына қарайтын шығар. Әйтеуір қол қусырып қарап отырып қалмаспыз деген сыбыстар сауда қызметкерлері арасында жиі-жиі естіліп қалды. Мен де сауда қызметінде істегеніме 13 жыл болғандықтан ба немесе бұрын-соңды не тұтынушылардан не басшылар тарапынан жаман сөз естімегендіктен бе сол сатушылардың сөзіне құлақ астым да қойдым.

Бір смс Абай, Алға, Коммунизм, Новый путь сияқты совхоздардың бірнеше малшыларына қызмет көрсетіп отырғаннан кейін бірде жолым түсіп жаңа бастықпен танысуыма тура келді. Бастық десе бастық дегендей екі бетінің ұшы алмадай

сұлу қара мұртты келбетті келген жігіт-ақ екен. Бір көргенде ішім жылып қоя берді. Бұрын болса өзі сауда қызметінде бірнеше жыл істеген көрінеді. Былайша айтқанда, тәжірибесіз де емес сияқты.

Содан менде қарап жүрмейтін ғой шайтан түртті ме елдің сөзіне елігіп малшылардың мұқтаждығын айтам деп келесі жолыққанымда бастығымның ерні бүлк етіп, «Ә, жігітім солай де»-деді де. Табан астында төгіп жіберіп нөсер бұлтындай қабағын сабрыатып қоя бергені.

Міне, пәле осыдан басталды. Сен жігітім тым пысық екенсің. Амандық болса, сенімен де қош айтысатын шығармыз деген кейіппен тыржиып жақтырмай жанына жуытпай-ақ қойғаны. Бұрынғым бір сәрі екен. Қайтейін малшылардың үнді шайы, кант сондай-ақ малшылардың бала-шағасына қажетті жылы киім дегендерді алмақ тұрмақ өз басыммен қайғы болып кеттім. Алайда, соңғы жолы келгенімде Көшекен бұрынғыдай емес қарағым осы сенің демалысқа шығатын уақытың болып қалды-а деймін. Қазіргі заман жаман, заң заман басқа қызметкерлер сияқты емеспіз. Біздің сауда орны деген заң алдында ерекше есепте ғой. Бір жыл жұмыс істегеннен кейін міндетті түрде демалысқа шығаруымыз керек емес пе. Сондықтан да ләжім болса демалысқа шығып кайтқаның дұрыс болар. Дегеннен кейін шықсам шығайын қазір шығып алмасаң кейін малшылар жайлаудан түскеннен кейін қолым босамай кетер деген оймен отпускесіне де шықтым. Содан Көшекен жымыя күліп қала берді. Ал менің ойымда ештеңе жоқ еді. Түсі жылыдан түңілме деген маған қиянат ойлайды деген менің тіптен ойымда жоқ. Содан отпускеден оралғанымда, яғни 1974 жылдың 24 декабріндегі №70 бұйрықты қолыма алғанымда төбе шашым тік тұрды. Бұйрықта былай деп жазылыпты. Тұрақты товар айналымы жоспарын орындамағаны үшін 490 сом 94 тиынның товарларын жарамсыз еткені үшін Сауытбек Мәдімаров жолдас қызметінен босатылсын. Бұл жөнінде әңгімелескенімізде жігітім жағдай осылай болды. Баяғыда бір атамыз айтыпты ғой, барған жерін

тескен тау, ол да біздің көрген тау демекші, барар жерін аудандық болмаса, облыстық тұтынушылар одағы шығар. О да біздің көрген ауыл. Менің саған титтей қиянатым жоқ, семьянда 11 адамның бар екенін жақсы білемін. Бірақ, амал қанша, екі қолға бір еңбек қой, оданда басқа жерге барып жұмысқа орналассаншы деді. Бұл менің қолымда емес. 1974 жылдың 10 ноябрінде келген «Аттестационный комиссия» осылай деп шешіп кеткен деп салған. Сонымен жазған құлда жазық бар ма салып ұрып көрген ауыл облысыма да барайын. Мұндай келісім тіпті болмағаны жөнінде олардың да нұсқауын әкеп бердім. Бірақ қырсық шалған Көшекең қисайып көнер емес. Амал қанша ақыры заңға кеп тірелдім. Мұны сезе қойған Көшекең маған бұйрық берер кезінде жергілікті комитеттің келісімін байқаусызда естен шығарып алса керек менің мәселемді солардың шешуін сұрады. Сөйтіп, 1975 жылдың 3 январь күні Новотройцк совхоз жұмысшылар кооперациясы жергілікті комитетінің мәжілісі болды. Соңында жергілікті комитет мынадай шешім қабылдады. Әкімшіліктің С.Мәдімаровты жұмыстан босату туралы өтінішін қанағаттандырусыз қалдырып, Мәдімаровқа ескерту беріп және үш ай мерзімде сынға қалдырылсын. Бірақ мұным да ұзаққа бармады. Баяғы әлеулайыма салып жүрдім де қойдым. Жұмыс істейін десем, оны бермеді не жалақыңды төлемеді. Ақыры екеуіміздің арандаған айқайымыз аудандық халық сотына кеп тірелді. Шу аудандық халық соты менің талап-арызым бойынша 1975 жылдың 10 марты күні ашық сот мәжілісінде қарап мені жұмыстан босанғаным заңсыз, өйткені, мен Қазақ ССР КЗОТ 35-ші статиясының тармағын бұзып жұмыстан заңсыз босатылған деп табылдым. Сөйтіп, осы кодекстің 213, 214 статияларының талабына сай халық соты Мәдімаров өз жұмысына қайта орналастырылсын, үш ай бос жүргендегі жалақысы Новотройцк совхоз жұмысшылар кооперациясының председателі Өміркүловтың кінәсінен болғандықтан, соның тікелей жалақысынан маған 204 сом өндірілсін деп бұйрық

шығарып мені сол күннен бастап өз жұмысыма қабылдауды ұсынған болатын.

Бірақ, амал қанша айтқанның аузы жаман, жылағанның көзі жаман дегендей бұған да Көшекке селк етер емес. Мен болсам баяғы сергелдеңге түсіп тоздырмаған табалдырығым жоқ. Мен ұлы заманның әділ заңына арқа сүйеген де әрі сенген де болатынмын. Сенемін де. Ерте ме, кеш пе мұның шындыққа шығатыны ақиқат. Бірақ көкірегі ояу, көзі жарық, жоғары білімді бар сауатты Көшербай Өмірқұлов сияқты ел басқарған әзағайдың ішпей жемей мен сияқты он балалы адамды сергелдеңге салғаны өтті емес пе. Мен түсінбедім. Өзімше ешқандай жазығым жоқ сияқты. Бірақ сонда да қайтсем де Көшекке жаға алмадым. Көшекке белшерінен кешіп жүрсе мен жұмысқа орналаса алмай кезіп жүрмін. Әділетті оқырмандар сіздерден күттім.

1975 жыл.

Шығармадан магнитофон таспасын жаздырардағы қысқаша түсініктеме

Мен поэзия мен прозаға қалай келгендігім туралы қысқаша тыңдаушыға баяндай кетемін.

Ұмытпасам төртінші класс оқып жүргеннен бастап өлең жаздым. Оның соңына түскенім жоқ. Әрине, көркемдігі төмен екені белгілі. Мен жас кезімнен үй тірлігіне көп араластым. Оның басты себебі, әкеден жас қалсам, тағы өзім төрт жетімнің үлкені болумен бірге анамның көп аурушандығымен әкемнен қалған жекеніс малдарымыз түйе, жылқы, қойдың бардамдыда оқудан гөрі үй тірлігіне мені бейімдеді.

Сөйтіп жетінші класты шала-пала тауыса салысымен қызу еңбекке араласып кеттім. Өмірім жайлы «Менің қарапайым өмірім» деген қолжазбамда толық бастан аяқ айтылады.

Қысқартып айтқанда, қалай сатушы болып кеткенімді өзімде сезбей қалдым. Осы кәсіптің маманы болсам да он бес жыл

істеген соң әдейі қойып баяғы поэзияма оралдым. Әрине, осы сауда жұмысында жүріп поэзия прозамен айналысуды ар көрдім. Бұл кәсіптің ар алдында тайғақтайтын кінәлі тұстары көп-ақ екені халық алдына ақиқат қой деген ой мені мазалады. Сүттен ақ судан таза болмасамда менің суайт сатушылардың қатарына қосып қалатындар табылар. Шындығында халыққа адал қызмет көрсететін сатушы мен істеген тұстары жоқ деп толық айта аламын. Құдай алдында осыны жазып отырған менің өзімнің кейбір кінәлі тұстарым «Менің қарапайым өмірім» толық айтылады.

Прозамен поэзияға ой өрісім білімім толық жетпесе де мына төмендегі себеппен жаздым.

Білімім жоқ деп қапаланба сақта мұны есте,
Естігенің, көргенің, сезгенің білім емес пе-деп даналар айтпақшы осы мақалды еске тұттым.

Шынында даналар айтпақшы естігенің, көргенің, сезгенің бұл өмірде кімге болсын сабақ екен. Осыдан нәр алып поэзия прозамен жазуға ұмтылыс жасадым. Артық-кем тұстарына оқырман-тыңдаушы қауым бағасын бере жатыр. Сөйтіп, шығармамнан магнитофон таспасына жазардағы қысқаша ойым осы тыңдаушы қауым.

6.01.1993 ж.

БҰЛ НЕ?

Қазған арықшасының бәріне демек шарбақтың іші сыртына түгел шыбықтың әр түрі терек, көк тал, қараағаш, клен тағы жеміс салатын өрік, слива, вишня сияқты ағаш көшеттерін отырғызды.

Бұған гуілдеген іш құса алып қашпа сөз одан да ары өрбін, өрікке тиген құйын желдей ескен өсек қарқын алды. Осыны ерсі көргендердің бірі ауыл әкімі құрамында қызмет істейтін көзі ашық, көкірегі ояу деген Кермектің өзі.

-Бұл не қоршау сырты кеше мен ел, мал жүретін жаққа да адам тал мен жеміс беретін ағаш отырғыза ма деп Сауытбекті сөкті.

-Бұл талды күлазыған көше мен ел жүретін орын көгалдансын, көлеңкесіне адамдар саялап балалар ойнасын, ал жеміс салатын ағаштар жемісін бергенде солар жесін деп отырғыздым. Осы қоршау сыртындағы талдарға мал түссе өзім қараймын.

Ал менің еншіме қоршау ішіндегі жеміс ағаштарының түсімі де жетеді деді Сауытбек.

* * *

Міне осылай қызғаныштың қызыл тілі картты қаншама сезім жүйкесін жұқартып қарып өткен мен еңбегі жанып отырғызған ағаштарын жер ана да құп алып коктей бастады.

10.05.2001 жс.

ЖАҒЫПБАЙ МЕН ЕГОРДЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ (болған әңгіме)

Тау алқабында «Бокқайнаттың қамбасы» ақ егістікке арналған алты-жеті отбасы тұратын ауыл. Сол өңірге егілген бидай, арпа, сұлы сияқты дәнді дақыл астықты егін орағының науқанды кезінде орып алып шала аршылған қауызынан тазалап, суырып, колхоз орталығында тұратын тұрғындардың сәбеккүніне тиісілерін әрқайсысына таратып беріп болған соң қалған астықты жиып-теріп осы ауылдың қоймасына құйып алады. Бірен-саран көлігі жоқ уағында астығын ала алмаған тұрғындар кейін күш көлік табылғанда осы қоймадан барып бидайын алады. Осы ауылда ақ егістің бригадирі, қойма меңгерушісі, қорықшы, жұмысшылар, жерді өңдейтін, түсімді таситын, арбаға шегетін, ары-бері орталыққа (колхозға) қатынайтын мініс көліктер түйе, ат, өгіз тағы шағын ірі қараның табынын бағатын бақташылар

тұрады. «Бокқайнаттың камбасы» -деп аталу сыры тек «Жиенбет» елінің жанама атынан аталған «Сталин» колхозында тек қана Бокқайнат (Жиенбет) елі ғана тұратын болғандықтан «Бокқайнаттың камбасы» аталған.

Осы «Сталин» колхозын әуелі «Еңбек» колхозына қосып бір шаруашылық еткен. Одан кейін тағы да «Сталин», «Еңбек», «Ақтобе», «Мойынқұм» колхоздарын қосып, демек бұрынғы төрт колхозды бір-біріне біріктіріп бір «Мойынқұм» колхозы етіп ірілендірілген. Сонда «Сталин», «Еңбек», «Ақтобе» бөлімшелер болып қалды да, «Мойынқұм» шаруашылықтың орталығы болды. Осы орталықпен тау алқабының ара қашықтығы 150 шақырымдай. Екі ортасында ары-бері қатынасқа арнайы салынған жол жоқ. Ойлы-қырлы, тастақ, кедір-бұдыр жерді қуалап жүргіншілер өзі қатынасқа ыңғайлы жол салып алған. Ал жауын-шашынды қыс, көктем кезінде салт атты, түйеліге қатынас барда техника жоқ та, арба, шана сияқтыға қатынас жоқ.

Сол бір кезде төрт колхоздың тұрғыны еңбекші қауымға, не кәсіп істесе де ай сайын еңбеккүн жазады. Ақша деген атымен жоқ. Сол еңбеккүніне шағып есептеп, тау алқабында бидай орғанда бидай береді. Бұл келесі жылғы бидай орағына дейінгі беретін еңбекақысы осы ғана. Сонда колхоздың орталығында тұратын тұрғындардың тау алқабына барып еңбеккүнін алатын астығын әкелу көлігі арбасы барлардың өзіне бір ақырет. Ал көлігі, арбасы жоқтардың күні күн емес, астығын әкелу үшін көрінгенге жәудіреп, күш көлік арба сұраумен жүргені. Бұл әлі техника жоқ кез ғой. Ал колхоздың аз ғана ат арбасы кімге жетсін. Сол кезде кімнің түйе арбасы, ат арбасы барлар бір волга машинасы бардай болатын. Мен бес жасымнан төрт жетімнің үлкені болсам да түйе арба да, ат арба да болды бізде. Осындай халықтың қиын кездегі жағдайын бала кезімнен көзіммен көріп өскен мен қазір ойласам сол бір ауыр кезеңнің адамдары не деген сұмдық еңбекшіл не деген сұмдық қанағатты десенізіші... Еңбеккүніне колхоз басшысы не берсе соған риза соған көнпіс,

не алса да еңбегіне аз-кем деген айқай-шу атымен жоқ. Тек қана алға ұмтылып, ынтымақ бірлігін сақтап, техника жоқ кездің өзінде қоғам жұмысы жер жырту, егін егу, оны өңдеу, оны орып алу, шөп шабу, оны тасу осының бәріне күш көліктер түйе, ат, өгізге сүйене отырып, қара күшін жұмсап, қол еңбекпен ересен еңбектеніп, еңбекші халық ың-дыңсыз жұдырықтай жұмылатын, болашақтан үміт күтеді. Еңбегіне алған астығы келесі жылдың егін оратын уақытына дейін күн көрісіне жетпейтін болғандықтан, кейбір отбасы мүшелері орталықтан жаяу шуап барып тау алқабындағы бидай орман жерден бидайдың масағын теретін. Менің бала кезім Отан соғысы біткеннен кейінгі жылдарда тау алқабында малмен көшіп жүрген біздің үйде ғана емес «қонақ таңдап қонады, ұры басынып ұрлайды»-демекші, әрбір масақ терушілер осы тау өңірінде тұратын өзінің туысын, таныс-тамырын, жегжат-жұратын әрі үй иесінің пейіліне қарай ренжімей қабылдайтын үйінде жүріп масақ тереді. Менің анам Іздән кенпейіл дастарқанды еді, біздің үйде масақ терушілер көп жүреді. Сонда күнде терген бидай масағын біздің үйдің төңірегіне жайып қойып, кептіріп шетінен үгітіп қауызынан суырып аршып алып қаптап алғанын талай көргенмін. Сонда масақ терушілер маған бір сұлу құс ұстап әкеп бергені әлі есімде. Мен баламын ғой сол құсқа қуанғанмын. Құстың атын да айтып еді ұмытыппын. Сол кезде масақ терушіні көргенімнің бірін тілге тиек етейін. Құдайберген деген бала өзінің туған анасы әтілес оны анасы Ұмытшақ кәрі кемпір. Осы екі кемпірді жетелеп жүріп демек үшеуі Құдайберген жас бала болса да масақ тергенін көрдім. Бүгін Құдайбергеннің жасын өзіммен салыстырып санасам төрт-ақ жас менен үлкен екен. Тұрмыс жоқшылығы не істетпейді. «Бар не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді» деген осы. Ал орталықтағы «Мойынкұм» колхозы мен үш бөлімше төңірегіне де күріш, тары, қызылша, басқа дәнді дақылдармен қоса көкөністің нешеме түрін егеді. Бұған да жоғарғыдағыдай күш көліктің күші мен қарапайым халықтың қара күш, қол еңбегімен бұйырған түсімін алады. Әсіресе, күріш

пен тарыны қол орақпен бау-бауғын орып алып, күш көлікпен тас бастырып өңдейді. Ауылдағы орталықта тұрған тұрғындар да не ексе де соны жиып шаруашылық қамбасына өткізіп болған соң оларда масақ теріп күн көрісіне талшық ететіндер де көп болған. Біздің отбасы мүшеміз жетім-жесір, жас болсақ та құдайға шүкір масақ терген емеспіз. Енді сөзім дәлелді болу үшін масақ терген туралы бір мысал келтіре кетейін оқырман қауымым.

Шу ауданы мен Қордай ауданының бірінші хатшысы қызметінде болған азамат бала күнінде Әнуарбек Жүнісәлінің (Өмір өткелдері) (Алматы «Мерей» 2003 ж.) атты кітабына жазған дерекке тоқтала кетейін.

«Қыстың күндері тіземізден қар кешіп барып біздің колхозға көрші орналасқан «Мойынқұм» атты шаруашылықтың маялап жиып қойған күріштің сабанын қағып күніне 2-3 кило дән әкелсек шешеміз ұл тапқандай қуанатын едік» (кітап 6-беті) дейді.

Қыста қарда кешіп барып маялап жиып қойған күріш сабанын маядан ашып алып дәнін қағу деген қыс кезінде қандай азап. Бұған қарағанда жазда астықты орған жерінен теру тегін емес пе? Бұрынғыларға қарағанда қазіргілердің жоқшылық, қымбатшылық, таршылдық, жұмыссыздық деп жүргендердің бәрі біздің аталарымыздың, ағаларымыздың, уақтысымен салыстырғанда күр бос сөз емес пе? Бұрынғылар жұмысты болған мен олар жұмыссызға тән ғой. Өйткені, ертеңнен кешке дейін он екі ай істеп жарытып түк те алмаған соң, бұл да жұмыссызға жатпай ма? Қазір тәуелсіздік кезінде кім еңбектенсе болды табысының бәрі өзінікі.

* * *

Мен осы тау алқабындағы «бидай орағы басталған кезде бардым. Бокқайнаттың қамбасы» таудың ойлы төмен жазығындағы кішілеу өзенше жағасына орналасқан. Осыдан бір шақырымдай таудың үстінгі биігінің жазына қырман қылған. Жаңадан орылған бидайды комбайндардан көліктер

(машиналар) үздіксіз қауырт тасып қырманға төбе-төбе ғып үйіп жатыр. Оншақты жаңа үйленген отбасы осы қырманда жұмыс істейміз. Солардың ең кішісі менмін. Басқасы менен 2-3 жастай ғана үлкендігі бар отбасылар. Осы оншақты жас жаңа үйлі болып үйленгендер қырманнан бір шақырымдай алыс айналасында әрқайсысымыз ағаш үйде тұрамызда, ертеңмен бидайды көп машиналар бірінен соң бірі үздіксіз тасып әкеп өлшеп түсіріп жатыр. Сол төбе-төбе болып қырманда үйіліп жатқан бидайды тазасын болек, жартылай дәнінен шала аршылған қауызы бар бидайды бір бөлек, сыпырғышпен сыпырып суырып тазалаймыз. Сонда тазалаған бидайды таза үйілген бидайға күрекпен қосамыз. Міне бұдан басқа да аты жоқ, заты бар, жұмысы көп, сәнтүрлі жұмыстар шаш етекпен. Бұл кезде комбайндар да, машиналар да баршылық кез. Егістік алқап көлемді болған соң жұмысы қауырт жүруде. Оншақты жаңа ғана үйленген ер-азамат жұмыскерлер тыным таппаймыз. Мен 13.12.1959 жылы Зәбирамен отау құрып, 1960 жылдың жазында қырманда жұмыс істеп жүрген кезім бұл.

Сонда осы бидай орағының қауырт жұмысын жүргізуші «Завток-бұл комбайннан бидайды тасыған көліктерден өлшеп алып қабылдайтын Жағыпбай Тұманбаев пен қамба (қойма) меңгерушісі Егор Апилгание деген неміс ұлтының азаматы болатын. Осы екі кісі бізге жұмыс істетіп не тындырғанымызды бақылап отырады. Анам Іздән мен інім Әбдіманап екеуі де сырқат тағы екі қарындасым бар төртеуі «Мойынқұм» колхозының бөлімшесі «Сталин» (қазіргі Жиенбет ауылы) де тұрады. Ол кезде жағдайымыз ауырлау еді, жаңа үйленгендіктен, анам іздән колхоздан 2,5 центнер бидай алатын ордері дайын. Колхоз басқармасы мен бас бухгалтер қол қойылған. Соны тауға барып әкелуге көлік жоқ болғандықтан, жеткізе алмай жүргені. «Іздегенге сұраған» дәл келіп мен сол бидай алатын қырманда жұмыс істесем, тағы қырман қасында ағаш үймен Зәбира екеуіміз-ақ тұрамыз. Осы сәтті пайдаланып ой түйдім. Өйткені, қырман басына бидайды есепті-есепсіз үсті-үстіне қауырт көлікпен тасып әкеп төбе-төбе ғып үйіп жатқан кезінде

2,5 центнер бидайдан артық тау береме деген үміт туды маған. Оларға құр қол барғанша ойлап, 5 сом әрең таптым. Сөйтіп, бір шиша бір консерві алдым. Жағыпбай мен Егорға осы қырман басынан торт бұрышты ғып жер қазып «жеркепе» істеп берген. Ол кезде қазіргідей стандартты үй қайда? Жеркепе 4x4 метрлік үй сияқты бір бөлме. Екі кісіге жататын, ауқаттанатын орын дайын. Қырман жұмысы аяқталғанша завтоқ пен қойма меңгерушісінің мекені осы жеркепе. Бір күні қырман жұмысы саябырсып басында ешкім жоқ кезде оңаша екеуі ғана отырғанда жеркепеге кіріп бардым. Жағыпбай мен Егор екеуі ауқаттанып отыр екен.

Сәлемдескен соң:

-Сіздер менің мезгілсіз келгенімен айып етпеңіздер. Апамның ала алмай жүрген 2,5 центнер бидайы бар еді. Рұқсат ордер қағазы мына. Мына қызыл қырманда береке тауып үйіліп жатқан диқаннан осы аласы астығымызды желеу ғып ептес қосып берулеріңізді сұранамын-деп бір шишамен бір консервіні алдындағы дастарханға қойдым. Аң-таң болған Егор Апилгани неміс қазақша тіл білмейтін. Екеуі орысша тілдесіп күбірлесіп алды да Жағыпбай былай деді:

-Әй, Сауытбек осы қырманда сенімен бірге талай адам жұмыс істейсіңдер. Солардың ішінде сен ғана осындай оймен келіп отырсың. Ал ана сенімен бірге жүргендердің бірінің мұрнына ештеңенің исі сезілмейді. Сен болашақта жаман болмассың. Өйткені, сенің сезімің бар екен. Мына әкелген сыйлығыңды қойшы. Онда тұрған түкте жоқ. Әңгіме сенің жөн білетін сезімің де? Анау тұрған бұрыштағы жабулы тұрған киізді көтеріп көрші деді маған Жағыпбай. Барып киізді көтеріп көрсем 2 жәшік x 20-дан шишаның московский, тағы қағаз коровкіде әртүрлі құнды консервінің қаттаулы тұр екен. Мен осыны көргенде бір шишаның өзін жай жамбылский мен әншейін арзан консерві апарғанымға іштей ұялдым.

-Әні әңгіме сенің желеу ғып әкелген сиың да емес, әңгіме сенің сезіміңде дегенді тағы қайталап айтты да.

-Әкелген бидай алатын қағазыңды, сиыңды алып кетте, қаптар

әкеліп бір машина ақ бидайдан қаптап әкет,-деді Жағыпбай мен Егор.

Мен бидай алатын қағазымды алдым да бір шиша мен консервіні алмай кеттім. Қуанғаннан қуанып таудан ат арылтып барып «Сталин» бөлімшесіндегі анам Іздәнға қап дайындаттым. Апам үйдегі алашаларды басқаны қапқып тіккенде бәрі 13-ақ қап болғаны әлі есімде.

-Бар қап осы-ақ болды деп айтқанымда Жағыпбай мен Егор ыдысын аз деп өкініп бастарын шайқады. Содан кейін осы тау өңіріндегі аға шопан Тұрғын Еспергенұлының тұңғыш қызы бір жасқа толған тойын ойдағы «Боққайнаттың қамбасының» ауылына жасады. Сол тойда отырған Жағыпбай мен Егор маған:

-Сен бидай алатын машина не 13 қаптан басқа не қап таппадық. Қазір елдің бәрі тойда отырғанда, қырман басында ешкім жоқта, ешкімнің көзіне түспей мына Рудиктің машинасына толтырып сал да бидайды үйіңе жеткізіп ал деді. Бұл Рудик Егордың Абилгани Иван деген інісінің баласы болған соң сөз қылмас-деп өз адамын жұмсады бидай алуыма.

Сөйтіп, машинаға толтыра бос бидайды салдық та, оның үстіне 13-қапты да толтыра салып оны да бос бидайды үстіне салып апарып төрт қанат үйге әрең сыйдырдық. 2 тоннадан асады ғой. Одан соң Зәбира екеуіміз үйге сыймай даладан тамақтанып, далада жатып жүрдік. Осы бидайды колхоздағы үйге көлік тауып жеткізуім өте қиынға түсті.

Құрметті оқырман қауым, өмір тіршілігін сөз қылғанымға айып етпңіздер. Өмірдің өзі тіршілікке баланысты ғой. Тіршіліксіз өмір жоқ. Мен жетімдердің үлкені болып әрі анаммен інім сырқат болып, қосылып қорлық көріп өскен соң ба біреудің істеген жақсылығын да, жаманшылығын да ұмытпай тілге тиек етемін. Әуелім маған қатысы жоқ біреудің біреуге істеген адал, арам қылықтарына мән беріп отырамын. Әсіресе, адал, еңбекшіл, мейірімді, кішіпейіл, көпшіл, елдің, отанның, туған жердің қамын ойланғанда жаныма рахат алам. Қазіргіге қарағанда бұрынғының адамдары жастарға сын беріп отыратын.

Оның озі де бір көрегендік қасиет қой. Мына жазғандарым менің жас кезімдегі көзбен көрген ақиқат істер еді. Сол бір қиын кездің уағында тұрмыс жоқшылығы қарапайым халыққа керемет ауыр тиді. Сонда да сол кездің адамдары қазіргі адамдарға карағанда сұмдық мейірімді адам танығысыз ба деп ойлаймын. Әйтпесе, менің қисынсыз барғаныма «Сен болашақта жаман болмассын»-деп ұлты неміс Апилгани Егор мен Жағыпбай Тұманбасевқа мен кіммін? Ең болмаса мен олармен таныс та емеспін. Егордың отбасын білмеймін де танымаймын. Ал Жағыпбай болса ол бөтен елдің адамы. Осы екеуінің сиын ұмытқан емеспін. Жакыпбайдың екі ұлы бар еді, соның кіші ұлына «Әкесінің жақсылығын кездескен сайын айтып рахметімді жаудырып жүрдім.

Бұл Егор мен Жағыпбай да мен баршылықты игеріп алымды-шалымды кезімнен бұрын қайтты ғой өмірден. Әйтпесе, керемет сыйлайтын едім деп ойлаймын оқырманым.

09 - 15.03.2016 жыл

* * *

Туған жерім Шу ауданы да,
Тарихтан орын алған зор мағына.
Керей, Жәнібек хандық құрған,
Мекені Шу өңірі Қозыбаста.

Даңқты Төлеби де сонда туған,
Басқыншыға қарсы жиын құрған.
Қазыбек, Әйтеке боп үш данышпан,
Ақылымен Жоңғарды елден қуған.

Руымды сұрасаң айтайын өмірбаян,
Дулаттың бір бұтағымын қазаққа аян.
Соның мен Жиенбет еліненмін,
Кітаптар жазып болмысымды елге жайғам.

22.03.2016 жыл

ЖАБЫҚ ӘҢГІМЕЛЕР ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Тәтті ләззатқа малынған скеуге ортақ қанағатшыл сезімін тудыратын жыныстық қатынастың қыр-сырын (осы жыл санаудан бұрын) зерттеп, Қытайдың ұлы «Дао-Де-Дзин» ілімін «Лао-Цзи»-деген біздің эрамызға дейін VI ғасырда кітапқа жиыстырып қалдырған.

Қытайдың ұлы Дао ілімі жайлы өзінің жабық жазылған секс техникасында, яки өнерде ешқандай айуандық та, ауытқушылық та жоқ. Қытайдың жыныстық өнері таза, мықты әрі садимз мен мазохизм секілді ауытқушылықтан ада, тәтті ләззатқа малынған скеуге ортақ қанағатшыл сезімін тудыратын осының дәлелі деп уқан (жөн) деп түсіндірген.

Бірақ, ұятсыз көңілдер кай кезеңде де өзінің екеуара некелісімен жыныстық қатынастың тәтті ләззатына малынғанын қанағат тұтпай, одан аттап өтіп басқамен табысып жатқанын өмір көрсетіп жүр. Бұдан екеуге ортақ ұятсыз екені сезілсе шаңырақ шаттығы шайқалып, әйел жесір, бала жетім, еркегі бұзылып кеткендер өмірде аз емес болатынына ескертулер де көп екеніне ой қозғағандардан деректер келтірейін.

«Қияметке жакын қалған заманда кісі таңдап сәлем беру (яғни, танығанына ғана амандасу) етек алады, сауда кең жайылады. Тәтті, әйел күйеу саудасына көмектесетін болады. Туыстық қатынас үзіледі. Жалғанға жалаға куә болу белең алып, шындыққа келгенде куәлік жасырынады. Қаламның беделі артады».

Тағы: «Қияметтің кіші белгілеріне қатысты Алла елшісі (с.а.у.) бір сөзінде «Ақырзаман басталуының шарттары – білімнің жоғалып, надандықтың таралуы жезөкшеліктің жайылуы және ішімдіктің көп ішілуі. Елу әйелге бір еркектен келіп, әйелдер санының көбсюі»-дейді (202. Муснәд 1/407408: мустәдрак 4/98, 446. Мұхаммед пайғамбар кітап 147-бет).

Құран хадисінде тағы: «Әйелін, әйел жақындарын жезөкшеліктен қорғап қызғанбаған еркектерді «Дәис»-деп о дүниесіне жауы еткен.

«Қызғаншақтық жаман қасиет емес. Шексіз сенімге мен өзім иланбаймын. Көбінесе әйелдер қызғаныш сезіміне тамызық тастап отырады. Қазақ қашанда ерлі-зайыптылар ортасындағы опасыздықты ар-ождан сотына салып отырған» («Егемен Қазақстан» 26.09.2009 ж.) деген Нәмст Келімбетов.

Бексұлтан Нұржекеұлы – әйелдің күйеуі, еркектің әйелі болса да, көзіне шөп салды дегеннен гөрі өзгемен қатынасқа барып, екеуі де бір-бірін тілеп, құмарға құшып-сүйін сүйіспеншілік махаббатқа пәк қып жеткізуге бейім тұрады «Бейтаныс әйелдердің құпиясы» атты кітабында.

Осы жерін құптамаған оқырман Нәзікен деген келіншек: «Оттан алып, мұзға салып, тас қараңғы түнді демде жарқыраған күнге айналдырар махаббат жөні бір басқа, кей-кейде төсектен төсекке еш себеп-салдарсыз, талғам-талғаусыз анай ауыса салатын әйел-еркек кейіпкерлеріңізге «каталдау қараныз» деген тілек айтқым келеді. Сүйіспеншілікке қомағай озбырлық емес, аяулы сезім, жан тазалығы жарасатынын сіз кім-кімнен де артық түсінесіз ғой»-деп хат жазған Нәзікен адал ары таза, тамаша келіншекке риза болдым.

Автор: «Нәзікен де»... кей-кейде төсектен төсекке еш себеп-салдарсыз, талғам-талғаусыз анай ауыса салатын әйел-еркек кейіпкерлеріңізге «каталдау қараныз» дегенді айтады. Орынды тілек. Одан бірақ оқып алып, оқырманның бәрі сөйтеді-ау деген күдік тумаса керек. Алайда, «себеп-салдарсыз-ақ сөйтіп жүргендер аз ба? Оларға әдебиет жазушы тиым сала ала ма? Адамның адалдығы, сенімділігі, мәдениетті жүріс-тұрысы, өзгені сыйлай білерін, өзге үшін қинала білетін қасиетті де сүйіспеншілік сәттерінде жарқырап көрінбей ме»-деп лаж жоқтан жазғанына Бексұлтан Нұржекеұлы ақталғандай сыр танытады. Сондықтан бәрібір ойнас жасағанды қойдыра алмаймыз. Одан да олай деуден гөрі суық жүрістілерді, өзгені өліп-өшіп сүйгенін сүйіспеншілік махаббатқа лаж жоқ жатқызатынын меңзегеніне сезесің Бексұлтан Нұржекеұлының. Қорыта айтқанда, Нәзікен мен Бексұлтан екеуіне де рахмет айтамын, екеуінің де пікірі дұрыс.

Мұны ой-толғау деген себебім, жазушы не кім болса да әуелі әркім өзінің не туралы жазса да сонысына жауапты болуы керек, оқырмандары үшін. Менің де екеуге ортақ жыныстық қатынас туралы жазғаным көп бар. мен соған жауаптымын.

Басқасын сөз қылмағанда? «Әй қайдам-ай (04.09.1998 ж.) «Ене әдетін келін де жалғастырған» (16.06.2001 ж.) «Қарымта» (05.06.2003 ж.).

Осы үш әңгімені (өзі оқып шыққан) неге бұрынғы басылымдардан алып қала бересіз?-деді бірде менің жарық көрген кітаптарымның редакторы Кеңес Оразбекұлы.

-Оған оқырманнан, адал әйелдер қауымынан және бүгінгі мен болашақ ұрпақтарымнан ұяламын.

-Әңгімеде адалдықтан аттан, жаман қылыққа барған ақымақ жандардың жат әрекеті сезіліп тұрғанда мұның несі ұят.

-Оның рас. Мұның бәрі болған оқиғалар, оның үстіне Ашыналары әйелдерімен қалай қалай төсек қатынасын жасағанын неше түрлі құбылтып айтуы әңгімедегі кейіпкерлердің өз сөзі.

-ел аузындағы азғындар жолына түскендерді ашық жазып, бетіне басып, тазартуға тосқауыл қоймасак, болашағымыз бұлдыр болып барады емес пе,-деді Кеңес Оразбекұлы.

Демек осы үш әңгімедегі күйеуінің көзіне шөп салып, адалдықтан аттаған келіншектер бұл ойнаскұмарлығын адаскандық санамайды. Керісінше өзінің дегеніне көндірген әйелдерді Акпар, зоотехник, Тумандар төсектес кезіндегі жыныстық қатынастарын неше түрлі құбылтқан сәтгерін корінгенге жария етті. Келіншектердің айыбын ашып, елге жайғанын опасыздық санамай.

Мен осы үш әңгіменің жарыққа жариялау жайлы жазушылар Әбікұл Ибрагимов, Кеңес Оразбекұлы, Умәлс Асатұлымен ақыл қостым.

Сол үшін де бұдан басқа да аз емес осындай әңгімеде өлеңдерде қатты кеткеніме оқырмандардан тағы кешірім сұраймын. Соным үшін «Жабық әңгімелерім туралы» дегенді жазып отырмын.

20.05.2009 жс.

ӘҢГІМЕ

*Марқұмдардың мәңгілік мекені де сыйластығын
сездіріп тұр!*

(Осы деректі әңгімені Ұлытаудағы
кұдаларыма арнаймын)

Ғалия деген қызымның жолдасы Жомарттың ағасы Қайрат менің отбасымнан өрбіген бала-қыз жолдастарымен коса бір құдамды Жезқазған облысындағы өзі тұрған Ұлытауға екі ай бұрын қонаққа шақырып қойған болатын.

«Шақырғанға бармасаң шақырғанға зар боласың» - деп лаж жоқ, алыс жер болса да Алматыдан, Астанадан, Шудан солай қарай жолға шықтық. Сырттағы бала-қыздарым өз көліктерімен жол тартса, «Жолаушыны жолда көр» деп Рысбек құда-құдағиымды жолда кездестіріп, Зәбира төртеуміз «Жарық» бекетінен бұрылып, Жезқазған қаласына баратын поезбен келеміз.

Бізді «Қош келдіңіздер!» деп күтіп алған Жомарт пен Дулат құда Жезқазған қаласында тұратын Бағдат құданын үйіне апарды. Өз көліктерімен келген бала-қыз, күйеу балаларымызбен басқосып, осы үйде дем бастық. Бағдат құданың үйінде шашудай шашылған берекелді дархан дастархан мәзірінен дәм татып, сый-құрметіне бөленген соң Жезқазғаннан 130 шақырым алыс тұратын Ұлытаудағы Қайрат құданын үйіне жеткізді бізді. Қайрат құда, Гүләйым құдағимен коса әкпелері Тәтті бала, бауыр-жиендері Қанат, Болат, Нұрбақыт, Талғат, Жайбақыт, Іргебай, Серік, бұлармен коса ауыл ағалары болып бізді табанынан тік тұрып қошамет көрсетті. Өте тілмар, өнерлі, тамаша асаба әдемі әзілмен, ақжарқын күлкіге ұластырып, домбыра, гармонын сайратып, сиқырлы әуезге бөлетіп, ән қалықтап, күй төгіліп, ойын-сауық кеші шаптыққа айналды.

Ертеңіне қазақ жерінің кіндігі іспетті Ұлытаудың құпия

сырын аралатып көрсетпекке ауылдан шыға берісте Ұлытаудың биігінің беткейіндегі үш еңселі ескерткіш күмбезге аялатты.

Әуелі біз қорым алдына арнайы орнатылған орындыққа отырдық та: «Ағузу биилаһи мен ықылас сүресі бисми иллаһи ир-рахани. Құлкуа аллаһу ахад, Аллаһу ас-сәмәд. Ләм иәлид уәләм йулад. Уәләм йақуи ләкку куфуан ахад» деп үш рет қайталап, марқұм құдаларыма құран бағыштадым.

Содан соң бір қолдан шыққан бәрі бірдей біркелкі еңселі ескерткіш күмбездердің әрқайсысының сыртқы қасында жанамаластырып орнатқан, бой түзеп тұрған биік қызыл мәрмәр құлнығас бетіне әрбір марқұмның ойып тұрғын суретін салып, аты-жөні жазылған ойлы сөзімен таныстық. Әр күмбез ішіне кіріп, марқұмдар жамылып жатқан шөкімдей төмпешіктен әрқайсымыз бір-бір уыс топырақ алып: «Жеңіл жат, жарық, жайлы, орның пейіш болып, Алла о дүниенді берсін, әмин» - десін зиярат етіп, бет синадық марқұм құдаларыма.

Қайта барып орындыққа отырып, екінші рет тағы құран оқыдым. Сол отырыста байқалғаны қазқатар тұрғанда өзгеріссіз бір қолдан шыққаны бәрі бірдей көрініп тұрғанымен еңселі ескерткіш күмбездердің тек қана өзгешелігі басынан бастап биіктігіне қарай сап түзеген солдаттардай кішірейе тұрғанынан сыр тарттық.

* * *

Сөйтсе бұл еңселі ескерткіштер бір кісінің баласының күмбездері екен. Осы үш ағайынды марқұмдардың ең үлкені Ағайынбек 16 жасынан ауылды, ортаншысы Әліпбек 22 жыл шаруашылықты басқарса, ең кежесі Әріпбек те Отанынан, еліне, жеріне ерен еңбек еткен азаматтар болыпты. Сол үш ағайындының ортаншысы Ағайынбек Бекетаев қазақ елі егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет болған соң тиісті орыннан өздеріне мәңгі жататын орынды жекешелендіріп алуға сұрапты.

- Сіздің мұныңыз қалай, бауырларыңыздың да, сіздің де

денсаулықтарыңыз мықты. Неге ол жаққа асықтыңыздар? – депті. Сонда оған:

- Туғанда адам ажал тұрар алдынан,
Тірі жанға бір өлім бар аңдыған.
Тіршілікте алданбағын - өшеді,
Дүниеге алданбағын – көшеді.

Дайындала жүр өлімді де ұмытпай,
Тегінді де біл өзінді де ұмытпай, – деп Жүсіп Баласағұни айтқандай, о дүние ақыр баратын мәңгі мекеніміз емес пе? Соған дайын болуымыз керек, - деп мәңгілікке мекен ететін жерін заңдастырып жекешелендіріп алыпты.

Үш ағайындының әуелі кенжесі Әріпбек Бекетаев, одан соң ен үлкені Ағайынбек о дүниелік болыпты. Екі бауырын да өзі қалап алған Ұлытаудың биігінің беткейіне мәңгі қоныстандырып, Әліпбек Бекетаев та кейінірек мұнда екі бауырының ортасынан мәңгі жәй тауыпты.

Осылай туындаған өте көрнекті еңселі үш ескерткіш күмбез де бір шебердің қолынан біркелкі болып шыққанымен үлкен бауырынан басталып ең кіші бауырына дейін үш-төрт қатар кірпіш кем өріліпті. Өйткені зиярат етушілерге қайсысы үлкен-кіші екені ағайындылардың күмбезінен де көрініп тұрса, марқұмдардың бір-біріне жол берген сипастығын да мәңгілік мекені сездіріп тұрғаны екен бұл.

Бұл іс-әрекет өмірде де, о дүниеде де сирек кездесетін оқиға екеніне таңғаласын.

* * *

Бұдан кейін Ұлытау алқабының еркіндігін аралап көріп жүріп, қазақтың бірлігінің алтын діңгегі – хандар ордасы Ұлытау орналасқан сол Хан ордасы болған шежірелі мекен-жайынан сыр шертіп тұрған құлпытас жазуын оқып танысып, соның төңірегінде орлы қоршау екенінен көз жеткізіп, соны танытып тұрған ойлы-қырлысын аралап көрдік.

Содан соң арнайы Амангелді ауылының қасындағы көл жағасына демалушылар үшін тұрғызған мекен үйлерінің біріне барып демалдық. Колден балық аулап, төңірегін аралап, ерекшеліктерін қызықтадық. Шашудай шашылған дарқан дастарханнан құстың сүтінен басқа неше түрлі астың да дәмін кіргізген тағамнан дәм таттық. Осы отырыс барысында бұрын аталғаны бар, аталмағаны бар толып жүрген жұрт жиынын жүргізуші асаба гармон, домбырасын да кезек-кезек ойнап, ән мен жыр күйдің бесігіне тербетіп, арасында сүйкімді әзіл-қалжыңы көпшілік қауымды күлкіге қарық қылды. Осының арасында неше түрлі би де орындалып, көңіл көкжиегін құлпыртып, шаттыққа бөледі.

Кешіне қарай Қайрат құданың үйіне келіп, отырыс қайта жалғасын тапты. Сонда:

- Сіздерді Жезказған қаласындағы Дулат құдаңыз қайта-қайта телефон шалып, үйіне қонаққа шақырып жатыр, - деп хабарлады Қайрат құда.

- Бізге алыстан келдіңіздер, жолдарыңызға гүл бітсін, ой-мақсаттарыңызға жете беріңіздер, ауылыңыздағы құда-құдағи, жегжаттарға сәлем айтыңыздар, - деген тамаша игі тілек айта келіп, - «орамал тон болмайды, жол болады» демекші, шақырылған құдаларының бәріне ат мінгізіп, соны Астанаға, Алматыға, Шуға өзі жеткізіп беретініне тоқталды Қайрат құда.

Бұдан соң Гүләйім құдағи да біздің арнайы мейман болып келгенімізге рахметін жаудырып, болашақта тілеген тілектеріңізге жете беріңіздер деген ізгі тілегін айта келе, құшағындағы жағалы киімдерді барған қонақтарының қолына ұстапты. Осы сәтте «Бармасаң-келмесең жат боласың, алмасаң-бермесең сарт боласың» деген мақал менің ойыма түсіп, маған үлкен ой тудырды. Міне, біз алыс жер болса да бардық. Көрмеген жерді, елді көрдік. Бәріміз ат міндік, тағы әрқайсысымыз жағалы киім кідік. Ал осы кезде «алмасаң-бермесең сарт боласың» деген мақалға қарағанда басқа кейбір ұлтта мұндай сый-құрмет жоқ екенін сезінесің.

Демек біздің қазақ халқының ниеті сұмдық кең екенін тағы мына төмендегі дерек көздерінен де сезінуге болатынын біраз дәлел келтірсем, мына әңгімеге кірме болса да артық болмас деп ойлаймын. Қазақ халқының ата салты, тәлім-тәрбиесі, дәстүрі керемет кең пейілді екенінен аздап сөз қозғайын.

* * *

«Мен Өтеген батыр екеуміз жарты әлемді араладық. Мен дүниеде өз жұртымнан асқан ел бар деп танымаймын, - дейді («Түп-түқианнан өзіме шейін», кітап 128-бет Шапырашты Қазыбек Бек Тауасарұлы). Бұл да Қайрат құданың кеңпейілді екенінен туындап «Алмасаң-бермесен сарт боласың» деген мақалды еске түсіреді.

* * *

Орыстар бір күндік жолға үш күндік тамағын алып жүрсе, қазақ халқы «ер азығы мен бөрі азығы жолда» деп ауқат алып жүрмеген. Оның себебі: «Бұрын қазақтың үш баласына бөлінетін еншіні төртке бөліп, үшеуін үш баласына үлестіріп береді да қалған бір бөлікті қайта үшке бөліп, үш баласына үлестіріп берген әкесі:

- Мына кейінгі берілген екінші бөлік сендердің бөлінбеген еншілерің. Өйткені үйлеріңе келген қонақты көлігімен тегін тамақтандырып, олар кеткенше жатып-тұруына жағдайын жасау үшін берілген бөлінбеген еншілерің, - депті.

Егер үйіне келген құдайы қонақты дұрыс қабылдамаса: «Сенде бөлінбегем еншім бар. Мұның қалай?» – деп сөккен бұрынғы қазақтар. Тіпті құдайы қонағын қабылдамаса айып төлеген бұрынғы қазақтың ата-салтында.

Біздің қазақ халқының пейілі өте кең болғаны «ниет көшбасшысы» деп ата қонысымыз дүниежүзі бойынша кеңдігі тоғызыншы орын болса, әрі асты-үсті толған қазына байлық екені қазақтың ниетінің кеңдігінен шығар деген ой туады. Бұған

Ұлытаудағы құдалардың кең пейілінен жазылып отыр. Реті келген соң осы қазақ халқының кейбір салт-дәстүрін ескерткен артық болмас.

* * *

Арнайы Қызылордадан біздің үйге келген қонақтар шөлін басқан соң есіктен көрсетіп оларға соятын қойға бата сұрағанды жақтырмай:

- Неге біз келгенге дейін қойды сойып, дайындап қоймайсындар? – деп ренжіді қонақтар.

Сонда бата сұрап сойған малдың етін – тірі ет, батасыз берген етті – өлі ет деп айтатын қазақ халқының бұрынғы ата салтын қонақтар білмегені гой. Әсіресе, текті, қадірменді, ұятты кісі келген үй үйінде малы тұрып, өлі ет асып силағанды ұят санаған қазақ халқы. Дәл қазір қадірменді қонақ түгілі патшаға да «өлі ет» асып силайтын болды. Ата-салтымыз ескерусіз қалып тұр.

* * *

Біз тұрған Колқұдықтың арғы жағында үш шақырым Қаракұдық жайлауында жаздай екі шаруашылықтың түйешілері түйе сауып шұбат, жылқышылары бие байлап, қымыз дайындайды. Сонда шұбат, қымызының бабына қарай дайындалғанын талғап, ұқыпты үйге бас сұқсақ, басқа көршілері: «Біздің үйде аттан өтін, қымыз, шұбат ішпедін» - деп өкпе айтатын. Шіркін, біздің қазақ халқының пейілі өте кең болған ғой. Үйіне қонақтың көп келгенін қалайтын. Ал қазір сондай салт-сана дәстүр сиреп барады. «Үйге басы артық кісі келмесе екен» - деп ойлайтын болды.

* * *

Малшы қауымның орталығы «Штабта» қонақ үй ашылған кез. Біздің үйге ұлты орыс жоғарыдан жоғары шенді қонақ келді. Мейманға деген екі шәй, бір еттің алғашқы шәйі берілді.

Уағымен үйме табақ ет және койдың басы мен жамбасы өзінше тағы қонақ алдына қойылды. Соған таңырқай қараған қонақ:

- Бұл не? Мен қазір тамақ жеп тойып алдым. Мынау бір артық ауқат сұмдық қой, - деп ренжи бастады. Оған ауданнан ілесе келген қошаметшілері қазақ халқының мейманын қалай сұлайтынын айтып түсіндіргенінен құлақ асnaды.

- Осынша етті неге дайындаған? Бұл неше күн жейтін тамақ қой. Неге үй иесін әуреледіндер, әйтпесе тағы тамақ бар деп маған неге ескертпедіндер. Жаңағы ауқаттан аз жейтін едім, - деп (бірінші шәйді айтып отыр) бірталай реніш білдірді. Келген орыс қонақ қазақ еліне бірінші келуі екен.

Міне, осындай қазақ халқының өте кеңпейіл екенін басқа ұлт өкілдері де таң көргенін Қайрат құданың сый-сияпатынан айтылып отырғанын артық көрмеңіздер, оқырман қауым.

* * *

Қайрат құданың ауыл азаматтары болып әндетіп тұрып қошамет көрсетіп, сәт сапар тілеп, бізді жолға шығарып салды. Ымырт жабыла Жезқазған қаласындағы Дулат құданың үйіне келдік. Маған сөз кезегі келгенде:

- Дулат құда, сен бір жағы менің түпкі бабамсың. Өйткені мен Дулатпын. Дулаттың Шымырының Бекболатынан тараған Жиенбет еліненмін. Атыңды біздің бабамыздың атына теліп аттас қып қойғаны тегін емес. Сенің әкең де үш ағайынды екен. Сол үш құданың еңселі ескерткіш күмбезіне барып, көрнекті екенін көріп, зиярат етіп құран бағыштадым марқұм құдаларыма. Біздің арғы түпкі Жарықшақтан өрбіген бабамыз да Суан, Албан, Дулат үш ағайынды болған. Соның ұрпақтары ұлтымыздың ең кемі үштен бірін құрайды. Соның жолын берсін, біздің бабаларымыз құсап өніп-өссін деген ниетпен сенің атыңды жора қылып қойған ғой. Тек қана Суан, Албан, Дулат – осы үш ағайындының Дулаты қайда жерленген екен деген ой туады. Кейінгі кезде Дулат бабаны Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Құлан ауылының аймағына жерленген деген хабарды естіп, баба ұрпақтары медеу тұтып жүрген жәйіміз бар.

Демек Дулат құда, саған да сол бабаларымыздың жолын тілсеймін. Сен де атыңа лайық іс тындырып жүр екенсің. Алла сені Дулат бабаның әруағы колдасын, - дедім.

Ертеңіне бізді осы Ұлытаудағы Жағыпар құда бас болып, Дулат құда басқалары шығарып салды ауылға қарай.

* * *

Біз сый-күрметтің талайын бастан өткеріп жүрміз. Ал мына Қайрат құда шақырғандағы қошамет соның ең биігі екені алтын әріппен жазуға тұрарлықтай екенін айта кеткен жөн сияқты. Шынында да: «Мен дүниеде өз жұртымнан асқан ел бар деп танымаймын» - деген Қазыбек Бек Тауасарұлы сөзі ойға оралады. Сол үшін мен де қазақ екеніме мақтанамын.



ГРУЗИЯ

Грузия, кейде Гүржістан. Грузия Республикасы (Сакартвело). – Еуропа құрлығының оңтүстік шығысында, Кавказ тауының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемлекет. 66 әкімшілік ауданға бөлінеді. Құрамына Абхаз (1931) және Аджар (1921) республикалары енеді. Шекарасы Ресей, Әзірбайжан, Түркия мемлекеттерімен шектесіп жатыр. Жер көлемі – 69,7 мың шаршы километр. Халқы 5,4 млн. (1995). Тұрғындарының 70,1 пайызы – грузиндер (гүржілер). Бұдан басқа армяндар (8,1 пайыз), орыстар (6,3 пайыз), әзірбайжандар (5,7 пайыз), осетиндер (3 пайыз), абхаздар (1,8 пайыз), гректер, украиндар, т.б. тұрады.

Астанасы – Тбилиси қаласы (1,2 млн.). Халқының көпшілік бөлігі – христиан дінінің православие тармағын ұстанады, қалғандары мұсылмандар мен католиктер. Ресми тілі – грузин тілі. Мемлекет басшысы – президент. Заң шығарушы органы – бір палаталы парламент. Конституциясы 1995 жылы 24 тамызда қабылданған. Ұлттық ақшасы – лари 1995 жылы қыркүйек айынан айналымға енгізілген. Ұлттық мейрамы – мемлекеттің тәуелсіздіктің қалпына келтірген күні (26 мамыр, 1918 ж.)

Мазмұны [жасыру]

Табиғаты [өңдеу]

Жерінің 87%-ын таулы қыраттар алып жатыр, 36,7%-ы – орман. Солтүстігінде Үлкен Кавказ қатпарлы тау жүйесі бар. Қара тау жағалауын Колхида ойпаты алып жатыр. Жерінің географиялық құрылымы күрделі. Негізгі байлықтары: марганец, тас көмір, мұнай, полиметалдар. Минералды су көздеріне бай (Боржоми, т.б.). Тау мұздықтарынан басталатын, суы мол, екпінді өзендер (Кура, Риони, Ингурн, Сунса, т.б.) жиі кездеседі. Климаты жылы және ылғалды субтропикалық. Қаңтар айындағы орташа температура 4-7 оС, ал шілдеде 22-24 оС. Жылдық жауын-шашын мөлшері 1500 мм.

Тарихы [өңдеу]

Грузия жеріне адам баласы ерте замандарда-ақ қоныстана бастаған. Б.з.б. 2-мыңжылдықтың аяқ кезінен бастап алғашқы мемл.бірлестіктер пайда болды. Б.з.б. 8 ғасырда қазіргі Гүржістан территориясын алдымен кемерліктер, кейін сақтар басып алды. Көп уақыт бойы бүкіл Кавказ аймағы Мидия патшалығы (б.з.б. 7 ғ.) мен Ахемен әулетінің (б.з.б. 6 ғ.) иелігінде болды. Б.з.б. 6 ғасырда Қара теңіздің шығыс жағында орналасқан саудамен айналысатын грек қоныстары мен Кавказ халықтары арасында сауда байланысы күшейді. Б.з.б. 6-ғасырда Батыс Гүржістанда Колхида патшалығы, ал 4 ғасырда Шығыс Гүржістанда Иберия патшалығы құрылды. Қалалар пайда болып, басқа елдермен қарым-қатынас, сауда-саттық дамыды. Б.з.б. 1 ғасырда Гүржістан аумағын Рим империясы басып алды, бірақ б.з. 2 ғасырынан бастап оның билігі әлсіреп, жергілікті әкімдердің билігі күшейді. 3-4 ғасырларда елге христиан діні тарай бастады. 4 ғасырдан бастап Гүржістанға Сасанилер әулеті билеген парсылар қайта-қайта шабуыл жасап, 523 ж. елді толық бағындырды. 7-9 ғасырларда Гүржістанның көпшілік бөлігі Араб халифатына қосылды. 10 ғасырдан бастап Гүржістан біртұтас мемлекет болып бірікті. Елді Багратион әулетінен шыққан патшалар билеп, 11 ғасырда Солтүстік Арменияны жаулап алды. Давид I (1073-1125), Георги III (1156-84), Тамара (1184-1213) патшалар тұсында Гүржістан Кавказдағы аса күшті мемлекеттердің бірі болды. Бұл кезеңде Гүржістан патшаларының билігін Солт. Кавказ, Солт.Иран, Әзірбайжан, Қара теңіздің оңтүстік-батыс жағалауы елдері (Трапезунд патшалығы, т.б.) мойындады. Осы кезде қалалар көркейіп, мәдениет өркендеді. Философия, тарих, әдебиет, сәулет өнері дамыды. Ш.Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» туындысы осы кезде жазылды.

Гүржістан 13 ғасырдың екінші ширегінен бастап Шыңғыс хан ұрпақтарының, 14 ғасырдың екінші жартысында Әмір Темір мемлекетінің иелігінде болды. 15 ғасырда бірнеше ұсак

мемлекетке (Картли, Кахети, Имеретия патшалықтары мен Мегрель, Гурий, Абхазия князьдіктері) ыдырап, 16-18 ғасырларда Иран мен Осман сұлтандығының арасындағы ұрыс майданына айналды. 17 ғасырда Иран шахы Аббас I Грузияға бірнеше жорықтар ұйымдастырды. 18 ғасырдан бастап Гүржістан қайтадан біріге бастады. Вахтанг VI патшаның тұсында (1703-24) орталық үкіметтің билігі күшейтіліп, кең көлемде құрылыс жұмыстары жүргізілді. 18 ғасырдың 2-жартысында Ираклий II патшаның тұсында Картли (Иберия) және Кахети патшалықтары біріктірілді. Ол сепаратистік пиғылдағы князьдердің қарсылығын талқандап, шаруашылық пен сауданы қайта жандандыруға күш салды. Қалалар қайта жандана бастады. Бұл кезеңде бір грузин патшалығы Имеретияда Соломон I-нің (1754-84) басшылығымен күшейіп, патшаның жеке билігі нығайтылды. 17-18 ғасырларда Гүржістан қайтадан гүлденіп, кітап басып шығару ісі қанат жайды.

1783 жылы Георгий трактаты бойынша Картли-Кахети патшалығы Ресейдің протектораттығын қабылдады. Бұл жағдай Гүржістанның Иран және Түркия мемлекеттерімен қарым-қатынасын шиеленістірді. Ираклий II патша қайтыс болып, ел ішін жайлаған тақ тартысын пайдаланған Иран шахы Ага Мухаммед хан Каджари 1795 жылы Тбилисиді өртеп жіберді. 1807 жылы Картли-Кахети патшалығы өмір сүруін тоқтатып, Шығыс Гүржістан толығымен Ресейге қосылды. Осыдан кейін Батыс Гүржістан үшін орыс-иран (1804-13, 1826-28) және орыс-түрік (1806-12, 1828-29) соғыстары болып өтті. Сөйтіп, 1803-64 жылдары Батыс Гүржістан да Ресейге толығымен бағынды.

Сырттан шабуыл саябырлап, ел ішінде сауда-саттық жанданғанымен, гүржілерді орыстандыру саясаты басталып, шаруаларды қанау күшейді. Халық қотерілістерін үкімет әскерлері күшпен басып отырды. 1864-71 жылдары шаруалардың басыбайлылығы жойылғаннан кейін, ел ішінде өндіріс пен сауда-саттықтың дамуына жол ашылды. Ұлттық интеллигенция

калыптасты. Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылғы 7 наурызда Кавказ сыртқы ерекше комитеті құрылды. 1917 жылғы 17 қарашада бұл комитет таратылып, үкімет басына меньшевиктер партиясы келді. 1918 жылғы 26 мамырда Гүржістан тәуелсіз республика болып жарияланды. Ішкі-сыртқы жағдайдың шиеленісуіне байланысты бұл үкімет 1920 жылғы 1 мамырда РКФСР-мен келісім-шарт жасасуға мәжбүр болды. Осы келісім-шарт негізінде большевиктер үкімет құрамына енгізілді. 1921 жылы Қызыл Армия бөлімдері меньшевиктер үкіметін құлатып, Кеңес өкіметін орнатты. Гүржістан 1922-36 ж.ж. Кавказ сыртқы кеңестік федеративтік соц.республикасы құрамына кірді, 1936-91 ж.ж. КСРО құрамындағы одақтас республика болды. 1991 жылғы 9 сәуір күні өткен жалпыхалықтық референдумның қорытындысы бойынша республика Жоғары Кеңесі елдің 1918 жылғы тәуелсіздігін және 1921 жылғы конституцияны қалпына келтіру туралы акт қабылдады. Сол жылы мамыр айында өткен президент сайлауында З.Гамсахурдия жеңіске жетті. Бірақ ел ішіндегі жағдайдың шиеленісуіне байланысты құрылған Әскери Кеңес президентті елден кетіріп, парламентті таратып жіберді де, бар билікті өз қолдарына алды. 1992 ж. наурыз айында Әскери Кеңес те таратылып, орнына Эдуард Шеварнадзе бастаған Мемл. Кеңес құрылды. Сол жылы 11 қазанда жаңа парламент және оның төрағасы сайланды. 1995 жылы жаңа конституция қабылданып, соның негізінде өткен президент сайлауында (5.11.1995) Э.Шеварнадзе жеңіске жетті. Ішкі саяси жанжалдарды, Абхаз республикасымен арадағы қарым-қатынастарды бейбіт жолмен реттеп, ел экономикасын реформалау ісіндегі қызметін бағалаған халық оны 2000 ж. жаңа мерзімге президент етіп сайлады.

Гүржістан – аграрлы-индустриялы ел. Экономикасының негізгі салалары: тамақ өнеркәсібі (шай, темекі, минералды сусындар, шарап, коньяк шығару), жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығында шай, темекі, жеміс-жидек өсіру, мал

шаруашылығы дамыған. Қара теңіз жағалауындағы курортты қалаларда туризм жақсы жолға қойылған. Жан басына шаққанда ұлттық табыс – 1060 доллар шамасында. Гүржістан БҰҰ, ТМД, т.б. халықаралық ұйымдардың мүшесі. Басты сауда серіктестері – Ресей, Түркия, Әзірбайжан. Гүржістан Қазақстанмен 1992 жылдан (23 шілде) бері дипломатиялық қатынас орнатқан. Екі ел арасында тікелей және ТМД шеңберінде экономикалық және мәдени байланыстар дами түсуде. Болашақта екі жақ Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінен өндірілетін мұнайды Баку-Джейхан маршруты бойынша Батыс Еуропа елдеріне шығаруға мүдделі.

Мәдениет [өңдеу]

Гүржістан мәдениеті шығыс халықтары және грек-рим мәдениеттерімен араласу нәтижесінде қалыптасты. Елдің ежелгі жазба мәдениеті сақталып қалған. Гүржістанда 4 ғасырдың 1-жартысында жоғары шешендік мектебі – Колхида академиясы құрылған. 5 ғасырда шіркеулер жаңынан алғашқы мектептер ашыла бастады. 10-12 ғасырларда алғашқы жоғары оқу орындары Галат академиясы, Икалтой академиялары дүниеге келді. 13-17 ғасырлар арасында ішкі бытыраңқылық пен шет ел басқыншыларына қарсы күреске байланысты грузин мәдениеті біршама тоқырап, тек саяси жағдай тұрақтаған 18 ғасырдан бастап қайта жандана бастады. Осы ғасырдың аяғында оқу-ағарту жұмысы тез көтеріліп, Тбилиси (1755), Телав (1782) семинариялары, 1851 жылы Тбилиси опера театры ашылды. Қазіргі Гүржістан – мәдениеті, өнері кемелденген мемлекет. Елде 19 мемлекеттік жоғары оқу орындары (оның ішінде Тбилиси және Сухуми университеттері), 32 театр, 110 музей жұмыс істейді.

Әдебиет [өңдеу]

Гүржі әдебиеті өз бастауларын ерте заманнан алады. Ежелгі

грек ақыны Аполлон Родоскийдін (б.з.б. 3 ғ.) шығармаларында гүржілер жөнінде айтылады. 5-11 ғасырлар аралығында шіркеулік діни әдебиет дамыды. 12 ғасырда орталықтанған Гүржістан патшалығы кезінде эпостық жырлар жазылды. («Жолбарыс терісін жамылған батыр», «Абдул-Мессия», «Тамариани», т.б.). 16 ғасырда гүржі әдебиеті қайтадан жанданды. Кахети патшасы Теймураз I (1589-1663) лирикалық, философиялық, тарихи тақырыптарда өлеңдер жазды, көптеген шығыс ақындарының шығармаларын («Ләйлі-Мәжнүн», т.б.) қайта жырлады. Екінші бір гүржі патшасы Арчил II (1647-1713) ұлттық-тарихи тақырыптарда өлеңдер мен поэмалар жазды. 1830-40 жылдары Гүржі әдебиетінде романтикалық бағыт дамыды. Оның ірі өкілдері А.Г.Чавчавадзе (1786-1846), Г.Д.Орбелиани (1804-1883), А.М.Бараташвили (1815-1845) болды. 1860 жылдан бастап гүржі әдебиеті жаңа классикалық сатыға көтерілді. Гүржі әдебиетінің классиктері: И.Г.Чавчавадзе (1837-1907), А.Р.Церетели (1840-1915), Н.Я.Николадзе (1843-1928). Кеңес заманында да Гүржістан әдебиетінде әлемге танымал көркем шығармалар жазылды. Бұл кезеңдегі ақын-жазушылар: И.В.Абашидзе, К.С.Гамсахурдиа, В.Ш.Авалиани, О.Р.Чхендзе, Н.Думбадзе, т.б. болды.

Горидегі Иосиф Сталиннің мұражайы Грузиядағы тарихи орын. Ол қаланың төл тумасы, Совет үкіметін 1925 жылдан 1953 жылға дейін басқарған Иосиф Сталиннің өміріне арналған. Музейдің үш бөлімі бар, барлығы да қаланың орталық ауданында орналасқан. Бас корпусстың құрылысы жергілікті тарихи мұражай ретінде 1956 жылы басталған. Оның Сталиннің мемориалы болуға толық мәртебесі жетеді.

Мұражайдың жәдігерлері өте бай. Сталиннің жеке заттарынан бастап, қызметтік кабинетіндегі жиһаздары мен алған сыйлықтары қойылған. Сондай-ақ карталар мен құжаттар, суреттер мен газеттегі мақалалары да сақталған. Сталин жайлы жәдігерлер қайтыс болғаннан кейін алынған бет пердесінің 12 көшірмесімен аяқталады.

Бас корпусың алдында Сталин дүниеге келіп, 4 жасына дейін тұрған үйі орналасқан.

Мұражайға Сталиннің жеке вагон-салоны қойылған. Бұл вагонмен Сталин 1941 жылдан бастап жан-жаққа шығып тұрған. Ялта конференциясы мен Тегеран конференциясына да осы вагонмен барған. Вагонды мұражайға Солтүстік-Кавказ темір жолы 1985 жылы берген.

Гори қаласы 50000 тұрғыны бар үлкен қала. Ол Шида-Картли өлкесі мен Гори ауданының әкімшілік орталығы. Кура өзенінің солтүстігінде, үлкен Лиахви өзенінің құяр тұсына орналасқан. Орталық Грузиядағы Тбилисидегі екінші ірі қала, кезінде ұзақ уақыт Картли республикасының астанасы болған. Тбилиси қаласы 500 жыл арабтардың бұғауында болған. Яғни Гори ортағасырда және археологиялық кезеңде Шығыс Грузияның жүрегі саналған.

Гори Горисджвари храмымен даңқы сыртқа жайылған Сталин мұражайы арқылы танымал. Қаланың шетінде белгілі Улиссцихе қаласы мен белгісіздеу Атен Сион храмы орналасқан.

Мен өзім үшін Гори базары сияқты тағы бір нысанды аштым.

Гори өзінің жетістіктерімен қатар индустрия әсерінен біршама Гори жазығы секілді бүлінген. Оны жандандыру ұзақ уақыт қолға алынбады. 2012 жылы Гори қамалын қалпына келтіру жөнінде шешім қабылданған еді. Бірақ жүзеге асыруға сайлау кедергі болды. Әйтседе 2013 жылы мұнда Сталин мұражайын көру үшін ғана емес қыдырып, көңіл көтеріп қайту үшін қызығушылар көбеюде.

Атаудың этимологиясы соншалықты түсінікті де емес, менің түсінігім бойынша бұл «тау-қырағ төбе» деген сөз болу керек.

«Боржоми-Палас» шипажайының қонақ үйі сізге ыңғайлы жағдай жасап, жақсы демалыс ұсынады. Қонақ үйде әр түрлі типтегі қазіргі заманға сай 49 нөмір бар.

«Боржоми-Палас» қонақ үйінде SPA емдеу-сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Жаңа аппараттармен жабдыкталған диагностикалық кабинеттерде түрлі зерттеулер жүргізіледі.

Ультрасонографиялық, доплерографиялық, жүкті әйелдерді «4D-УЗИ» аппаратымен тексеру, эзофагогастродуоденоскопиялық, биохимиялық зертхана өтшырыны мен өтті зерттеу;

Дәрігерлік кеңесті кәсіби жоғары білікті дәрігерлер жүргізеді.

Дәрісгу кабинеттерінде тәжірибелі, кәсіби біліктілігі жоғары мейірбикелер жұмыс істейді.

12-қанат ішек пен асқазанды жуу, гинекологиялық емдеу жүргізіледі.

Физио емдеу кабинеттері жүйке ауруларын созылмалы сырқаттарды. Құяң, гайморит ауруларын электрлік емдеу жүргізіледі.

Уқалау кабинеті тек біздің шипажайымызда ғана минералды сумен, сүтпен, әр түрлі шоптен жасалған тұнбалармен бірге SPA-кабығындағы «Дермолайф» туралы біле аласыз.

Сондай-ақ жүзу байсейні, түрік хамамы, фин саунасын ұсынамыз.

Климаты тамаша Боржоми қаласындағы біздің емдеу-сауықтыру кешенімізде Сіздің демалып тынығуыңызға қолайлы жағдай жасалады.

Біз осы «Боржоми-Палас» шипажайында Зәбира екеуміз он күн демалдық.

2014 жылдың басында ГРУЗИЯ еліне барған сапарында жасаған саясатым туралы

2. Гардабанидан 25 шақырым қашықтықта қала маңындағы Руставиде, Давид Гареджи монастыры орналасқан. Бұл монастыр дүние жүзіне белгілі өзінің ерекше тастан үңгіленіп жасалған кұрылыстық архитектуралық тау қыратына салынған ескерткіш.

Давид Гареджи монастыры маңынан әр кезеңде салынған 14 монастыр Лавра Давида, Мохатули, Цамебули, Натлис-Мтцемели, Додос Рка, т.б. табылған. Бұл монастырлардың арасында Давид Гареджи монастыры VI ғасырдың бірінші жартысында салынған бірінші тарихи комплексі болып саналады. Осы жерде 13 сирийлік әскерлердің Давид есімді ол және оның шәкірттері жерленген.

II ғасырда Давид Гареджи Грузия елінің шығыс жағындағы мәдени-рухани орталығына айналған. 13 ғасырда моңғол шапқыншылығынан бұл монастыр ұрланып, бүлінген. Бірақ әр тарихи кезеңді бастан өткізсе де сол заманғы ғасырлардан бері өзінің тарихи көркемдік жағынан, діни-рухани бағытында елінің дамуына қызмет жасап келеді.

Давид Гареджидің тағы бір ғажайыбы – ол бір құнды ерекше күші бар құдай тасын сақтаған. Мұны құдайға құлшылық ету үшін Иерусалимге барғанда алып келген дейді. Давид Иерусалимге барып тұрып қалаға кіруге дәті бармай, үш тас алып, кері қайтқан екен. Сол түні патша түсінде Иерусалимге ең қымбат, қуат-күш беретін рухани затын бірсу алып қойғанын көрген, сөйтіп Давидтің артынан солдаттар қуып жетіп, екі тасты алып қойған. Ол Грузияға үшінші тасты әкелген. Бүгінгі күнде Иерусалимнің рухани күшінің үштен бір бөлігін құрайтын сол тас Тбилисидің Сионский соборында сақтаулы тұр.

3. Боржомидің курорттық демалыс орны Грузияның оңтүстік шығысында, тау беткейінде Кура өзені бойында шамамен 810-850 теңіз биіктігінде орналасқан. Боржомидің ауа райы жаз бен қыста да бірқалыпты, аумағын әртүрлі тау ағаштары мен өсімдіктер жайлаған жер. Боржомиде емдік қасиеті бар әлемге белгілі минералды су бар. Адам баласының іш құрылысына, нерв жүйесіне пайдалы әсер ететін ем қабылдайтын жер.

Боржомидің айналасында 200-ден астам тарихи ескерткіштер мен құдайға сыйынатын шіркеулер, монастырлар бар. Олардың ішінде орыс патшасы Романовтарға 18 ғасырдың соңында арнайы салынған сарай (дворец) тұр.

4. Гори қаласы – шамамен 50 000 халқы бар үлкен қала, Шида-Картли аймағының және Гори ауданының әкімшілік орталығы. Бұл қала Грузиядағы Тбилисиден кейін екінші үлкен қала болып саналады, ұзақ жылдар бойы кезінде Картли мемлекетінің астанасы болған өйткені арабтар Тбилисиге 500 жыл бойы билік жүргізген.

Тағы бір ерекшелігі – қалада Горисджвари храмы орналасқан және Сталиннің мұражайы бар. Осы қала маңында әйгілі Уплисцихе қаласы және Атенский Сион храмы орналасқан.

5. Тбилиси (грузия тілінен аударғанда «жылы, зәм-зәм су» деп атауға болады). Мтквари (Кура) өзені бойында орналасқан. Алғашқы Тбилисидің атауы 4 ғасырдан айтылады. Бұл қала 1936 жылға дейін Тифлис деп аталған. Ал 1936 жылдың 20 тамызынан бастап Тбилиси деген атау берілген. Қаланың көлемі 726 мың шаршы метрді алып жатыр, 1 693 768 адам тұрады. Қала негізін 5 ғасырда (б.э.) Иберия патшасы Вахтанг Горгасали тұрғызған. Қазіргі кезеңде Грузия мемлекетінің астанасы болып табылады.

6. Мцхета өте ежелгі қала және Грузия мемлекетінің бірінші астанасы болған жер. Кезінде 736 жылға дейін Мерван араб әскерінің шапқыншылығынан кейін бұл қала талқандап бұзылған, соның әсерінен ауылға айналған болатын. Тек 1956 жылы ғана бұл жерге қала атауы қайта берілген. Қазір мұнда шамамен 7-8 мың адам тұрады. 2010 жылдан бері қаланы қайтадан қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

7. Карибче – көрікті жер, барлығы көз алдында, көп адам біле бермейтін жер. Бұл жерде совет одағы кезінде көркем театр салынып жатқанда ежелгі қаланың қақпасын тауып алған екен. Сөйтіп екі қабақты кинотеатр салған, оның екінші қабатында кинотеатр болса, бірінші қабатында экспозициялық қойылым болған. Қазіргі кезде барлығы ескірген, бірақ көруге тұрарлық. Алаңның қасында археологиялық мұражай тұр.

8. Сигнахи – Кахетияның кішкентай ғана қаласы, шамамен

2 мың адам тұрады. Сигнах ауданының әкімшілік орталығы. Бұл қалада 2007 жылдан бері туризм саясатына бағытталған жұмыстар жүргізілген, осыған қарап Грузияның туризмі осы жерден басталады деп атайды екен. Қазіргі кезде осы қалаға ең көп саясаттауға, демалуға келетін шет ел азаматтары көп келетін жер болып саналады. Бұл жерді ежелгі қалалар қатарына жатқызады, бірақ алғашқы тасы 18 ғасырдың екінші жартысында Ираклий II патшасы салған. Негізінде қаланы нақты қай кезеңде тұрғызғаны жөнінде дерек жоқ.

9. Таудың етегінде Святой Давид (оны тағы Мама-Давити деп те атайды екен). Құдайға шүкіршілік ететін үй бар. Бұл жерде 6 ғасырда адамдар тұрған дейді. Ал 19 ғасырда осы жерде тастап соғылған құдай үйі пайда болған. Бұл жағдайды жылда құдай үйіне арналған мерекелерде мамадавитоба деп аталады, сол кезде еске алып, атап өтетін көрінеді. Ал осы құдай үйінің ауласында 1929 жылдан бері Мтацминда пантеоны орналасқан, бұл жерде Грузия елінің атақты азаматтары – ғалымдар, жазушылар, әртістер және ұлттық батырлары жерленген екен. Мұнымен қатар тау шыңында 277,4 метрлік телемұнара тұр және ресторан бар. Осы таудан төмен қарай қарасаң көздің жанарын алатындай табиғатын тамашалайсыз және Тбилиси қаласын да көресіз.

10. Телави Кахетидің жүрегінде орналасқан жер дейді. Бұл тарихи облыс Грузияның шығысында Иори мен Алазани өзендері бойында тұр. Телавидің жері өте сұлу және Циви-Гомборский деп аталатын тау етегінде 490 метр теңіз биіктігінде, ауасы таза, табиғаты тамаша, орналасқан жері бай, көрсен көзін тоймайды деп осындайда айтатын шығар.

Қазіргі Телави қаласының туған жылы 1801, бірақ ғасырлар бойы тұрған қала. Себебі, Телави ежелгі Тбилиси, Мцхета, Кутаиси қалаларымен бір қатарда тұр. Өйткені бұл қаланың тарихи қалыптасуына үңілсек – өте терең, 1-2 ғасырларда біздің дәуірге дейін белгілі болған дейді және Таяу Шығыс пен Еуропа елдерімен сауда-саттық қарым-қатынаста болған, караван

жолымен саудагерлер жүргені белгілі. Телави қаласы Грузия елінің маңызды қалаларының бірі деп саналады.

11. Череспашье көлі үлкен емес. Тбилисидің оңтүстік-батысында шамамен 3 километр қашықтықта Мтацминда тауының солтүстік етегінде, 686,7 метр теңіз биіктігінде, көлемі 0,034 шаршы километрді алып жатыр, ал максималды тереңдігі 2,6 метр болады. Көлдiң етегінде кезінде тасбақалар көп болған екен, соған байланысты аты аталған. Бұл жерге адамдар демалуға көп келеді екен.

12. Иосиф Сталиннің мұражайы (музейі) Горида орналасқан және ол Грузияның тарихында ең белгілі тұлғасына арналған. Ол 1925-1953 жылдар аралығында Совет одағын басқарған. Мұнда оның кезінде Кремльдегі кабинетінде тұрған жиһаздары мен жеке бұйым заттары және құжаттары мен іс қағаздары, газетке берілген мақалалары, суреттері, сыйға берген заттары сақталған.

Музей алдында оның тұған үйі тұр, дүниеге келгеннен кейін ол алғашқы 4 жылын осында өткізген екен. Өлген кезінде бет әлпетінің 12 кошірмесін гипсқа түсірген екен, соның біреуі осында тұр.

Кезінде Сталинге арнап жасалған теміржол салон-вагоны 1941 жылдан қолданыста болған, ол осы вагонмен Ялта конференциясына және Тегеран конференциясына барғаны жөнінде айтылған. Бұл вагонды Солтүстік Кавказ темір жолы осы мұражайға 1985 жылы табыс еткен.

2014 жыл, Грузия.

28.02.2014 жылы Қазақстан Республикасының Грузиядағы елшілігінде қызмет істейтін балам Мұратбекке барып, ол талай елді мекенін аралағып, 21.04.2014 жылы қайтқан сапарымның күнделігі.

Мұратбек мына күнделіктегі деректерге қол жеткізді.

01.03.2014 жылы Гори қаласындағы И.В.Сталин музейіне бардық. Екінші рет 08.03.2014 жылы барғанда өзім жазған

«Болашаққа хат» атты кітабымды И.В.Сталин музейіне сыйға тарттым.

12.03.2014 жылы Қазақстан Республикасының Грузиядағы елшілігіне маған Алғыс хат келіпті.

(№23 12.03.2014 год

Господину Сауытбек Мадимарову

Дирекция государственного музея И.В.Сталина благодарит Вас за подаренную книгу. Желаем Вам здоровья и долгих лет жизни.

С уважением,

Директор музея

Печать

Лиана Окропиридзе

Подпись)

Бұл Алғыс хаттың көшірмесін жіберіпті. Түп нұсқасын келіп алсын депті маған. Елшіліктен осы хаттың көшірмесін әкеп берді маған.

05.04.2014 жылы үшінші рет И.В.Сталин музейіне барғанда директор Лиана Окропиридзе Алғыс хаттың түп нұсқасын өз қолымен табыстап, маған алғыс айтты. Көп суретке түстік. Мені суретке түсіріп алды.

Мұратбек Зәбира екеумізге күніне 22 мың (грузияның ақшасымен төлеп) ақша төлеп, «Боржоми» курортына 24.03.2014 – 03.04.2014 жылы 10 күн демалдырды. Осы курортқа демалуға келген қазақстандықтар жиналып, бәрі И.В.Сталин музейіне барса, менің кітап сыйлағанымды айтыпты музей директоры. Осы сапарда Мұратбек аралаған қалалардың бәріне 283 суретке түсіріп, бәрін шығарып берді. Енді Мұратбектің аралатып, қол жеткізген елді мекен дерсктері күнделікте баяндалады. Балам Мұратбекке мың рахмет.

жолымен саудагерлер жүргені белгілі. Телави қаласы Грузия елінің маңызды қалаларының бірі деп саналады.

11. Черспаньс көлі үлкен емес. Тбилисидің оңтүстік-батысында шамамен 3 километр қашықтықта Мтацминда тауының солтүстік етегінде, 686,7 метр теңіз биіктігінде, көлемі 0,034 шаршы километрді алып жатыр, ал максималды тереңдігі 2,6 метр болады. Көлдін етегінде кезінде тасбақалар көп болған екен, соған байланысты аты аталған. Бұл жерге адамдар демалуға көп келеді екен.

12. Иосиф Сталиннің мұражайы (музейі) Горида орналасқан және ол Грузияның тарихында ең белгілі тұлғасына арналған. Ол 1925-1953 жылдар аралығында Совет одағын басқарған. Мұнда оның кезінде Кремльдегі кабинетінде тұрған жиһаздары мен жеке бұйым заттары және құжаттары мен іс қағаздары, газетке берілген мақалалары, суреттері, сыйға берген заттары сақталған.

Музей алдында оның тұған үйі тұр, дүниеге келгеннен кейін ол алғашқы 4 жылын осында өткізген екен. Өлген кезінде бет әлпетінің 12 кошірмесін гипсқа түсірген екен, соның біреуі осында тұр.

Кезінде Сталинге арнап жасалған теміржол салон-вагоны 1941 жылдан қолданыста болған, ол осы вагонмен Ялта конференциясына және Тегеран конференциясына барғаны жөнінде айтылған. Бұл вагонды Солтүстік Кавказ темір жолы осы мұражайға 1985 жылы табыс еткен.

2014 жыл, Грузия.

28.02.2014 жылы Қазақстан Республикасының Грузиядағы елшілігінде қызмет істейтін балам Мұратбекке барып, ол талай елді мекенін аралатып, 21.04.2014 жылы қайтқан сапарымның күнделігі.

Мұратбек мына күнделіктегі деректерге қол жеткізді.

01.03.2014 жылы Гори қаласындағы И.В.Сталин музейіне бардық. Екінші рет 08.03.2014 жылы барғанда өзім жазған

«Болашаққа хат» атты кітабымды И.В.Сталин музейіне сыйға тарттым.

12.03.2014 жылы Қазақстан Республикасының Грузиядағы елшілігіне маған Алғыс хат келіпті.

(№23 12.03.2014 год

Господину Сауытбек Мадимарову

Дирекция государственного музея И.В.Сталина благодарит Вас за подаренную книгу. Желасм Вам здоровья и долгих лет жизни.

С уважением,

Директор музея

Печать

Лиана Окропиридзе

Подпись)

Бұл Алғыс хаттың көшірмесін жіберіпті. Түп нұсқасын келіп алсын депті маған. Елшіліктен осы хаттың көшірмесін әкеп берді маған.

05.04.2014 жылы үшінші рет И.В.Сталин музейіне барғанда директор Лиана Окропиридзе Алғыс хаттың түп нұсқасын өз қолымен табыстап, маған алғыс айтты. Көп суретке түстік. Мені суретке түсіріп алды.

Мұратбек Зәбира скеумізге күніне 22 мың (грузияның ақшасымен төлеп) ақша төлеп, «Боржоми» курортына 24.03.2014 – 03.04.2014 жылы 10 күн демалдырды. Осы курортқа демалуға келген қазақстандықтар жиналып, бәрі И.В.Сталин музейіне барса, менің кітап сыйлағанымды айтыпты музей директоры. Осы сапарда Мұратбек аралаған қалалардың бәріне 283 суретке түсіріп, бәрін шығарып берді. Енді Мұратбектің аралатып, қол жеткізген елді мекен деректері күнделікте баяндалады. Балам Мұратбекке мың рахмет.

БҰЛ ҚАЛАЙ?

Төрт түлік малды баққаннан, механизаторлардан, егінші, сушы, кіші кәсіпкер, құрылысшы сияқты қара жұмыскерлерден, әртүрлі үлкенді-кішілі салаларда ерен еңбек еткендерден, демек, еліміздегі қарапайым еңбекшіл қауымнан ата аталғандар жоққа тән сияқты.

Бірен-саран мәдени қауымнан болмаса, тек қана шенсуніктер, жемқорлар, пәреқорлар ауданның, облыстың Құрметті азаматы болуда.

Көшеге, мекемеге ат беру мен атак, награда алғандардан да осыған ұқсас жері кездесіп қалады. Сонда бұл қалай?

11.03.2015 жыл.

Мен бүгін Шу ауданы әкімінің орынбасары Дәмеш Үскімбасеваға кірдім де анам Іздән Тұңғышәлиеваның 100 жылдығына орай өзінің атындағы кошенің басына құлпытас орнатуға рұқсат беруін сұрандым. Анамның еңбек жолын мен қысқа тоқ етерін толық баяндаған соң ауданның ішкі саясатымен айналысатын аудан әкімінің орынбасары Дәмеш Үскімбасева орнынан тұрып келіп, менің арқамнан қағып:

- Сізге рахмет. Бұл ісіңіз жалпы анаға деген құрмет, - деді. Содан соң әуелі осы шараға қатысы бар «Шу өңірі» газетінің редакторы Ахметжан Қосақовты шақырып алып:

- Мына Сауытбек Мәдімәрұлының анасы Іздән Тұңғышәлиева атында көше бар екен. Соған құлпытас орнатам дейді. Сол жөнінде сөйлес, - деді.

- Анаңыз сонда не істеген, - деді А.Қосақов.

- Бұрын Мойынкұм құмында кошіп-конып жүрген елді 1929

жылы қазіргі (бұрынғы «Дружба» совхозы) Мойынқұм ауылын Шу өзені алқабына қазіргі тұрған жерін таңдап, сол араға қоныстандырған, - дедім.

- Сонда шешеніз не істеген, - деді.

- Ең алғаш Сталин артелі болып серіктестік құрғанда мақта егіп, анам звено жетекшісі болған.

- Қандай наградалары бар?

- Сен қызық екенсің. 1929 жылы жаңадан серіктік болып қоныстанып, ерен еңбектене бастағанда қандай награда болушы еді, - дедім.

- Енді анаңыз Іздән Тұңғышәлиеваға не істейсіз?

- Өзінің атындағы көшенің басына «Осы көше Іздән Тұңғышәлиеваны құрметіне аталды» деп құлпытас орнатам.

- Одан кейін не істейсіз?

- Сен тіптен қызық екенсің. Мен той қылады дейсің бе? Ауыл тұрғындарын шақырып, тамақ беріп, құран оқытамын.

- Көп сөзді қой. Анасы туралы іс-шарасын орындасын, - деп Дәмеш Үскімбаева менің ой-мақсатымды құптады.

- Онда өзіңіз біліңіз, - деп А.Қосақов та келісті.

Бұдан соң Дәмеш Үскімбаева Қорағаты ауылдың округінің әкімі Анатаев Ерғазыға телефонмен звонок шалып:

- Сауытбек Мәдімәрұлы анасы Іздән Тұңғышәлиеваға өзінің атындағы көшеге құлпытас орнатпақшы. Соны орнатуға келісім бер. Сол жөнінде Сауытбек Мәдімәрұлымен сөйлескін, - деп бұйрық берді.

26.02.2013 ж.

*Қорағаты ауылдық округінің әкімі
Анатаев Ергазыға
Жиенбет ауылының тұрғыны
Сауытбек Мәдімәрұлынан*

ХАБАРЛАМА

Анам Іздән Тұңғышәлиеваның өмірі мен еңбек жолы Мойынқұм ауылы (бұрынғы «Дружба» совхозы) тарихымен тығыз байланысты. Олалғашқы серіктіктің негізін қалағандардың бірі. 1929 жылы серіктік құрған кезде Шу өзені бойынан қазіргі Мойынқұм (бұрынғы «Дружба») ауылының орнын таңдап, сол жерге елді қоныстандырған Іздән Тұңғышәлиева болатын.

Бұл дерек тірі кезінде Қазақстан Республикасының құрылғанына 60 жыл толуына байланысты қазақша-орысша екі тілде «Шу өңірі» - «Шуская долина» газетіне №80, 12.07.1980 толық баяндалып, жарық көрген болатын.

Осы еңбегін бағалап ауыл ардагерлері Жиенбет (бұрынғы Қорағаты) ауылындағы өзі тұрған көшені Іздән Тұңғышәлиеваның (1913-2013 ж.ж.) туғанына 100 жыл толуына байланысты оның атындағы көшедегі өзі тұрған үйдің алдына мемориалдық тақта орнатып, оған «Іздән көшесі» деп жазып қоюды хабарлаймын.

Бұл жалпы анаға деген құрмет екенін естеріңізге саламын.

Хабарлама беруші Іздән Тұңғышәлиеваның баласы
Сауытбек Мәдімәрұлынан.

27.02.2013 жс.

* * *

«Көздің зинасы – харамға қарау, құлақтың зинасы – әдепсіз (ұятсыз) сөзді тындау, тілдің зинасы – балағат (ұятсыз) сөздерді тындау, тілдің зинасы – балағат (ұятсыз) сөздер айту, қолдың зинасы – өзіне халал болмаған әйелді ұстау, аяқтың зинасы – күнә болған жерге бару» Хадис (Бухари).

* * *

Бүгін Ұлытаудан қызым Галяға құда түсіп, оннан аса жегжаттар келді. Көп киіттерімен қоса 300 мың теңге әкелді. Әуелі құда-құдағиларды барлық ұл-қыздарым мен күйеу балаларым, келіндерім Төле би ауылындағы Ниязбектің үйінде күтті. Кешіне «Жібек жолы» мейрамханасында үлкен той өткізді. Ертеңіне Әлия мен Мәрлен үйіне шақырды. Түс қайта Болат пен Ләззат шақырып, Шу өзені жағасындағы ағаш үйге күтіп шығарып салды.

Құда-құдағилардың бәріне Зәбира да құнды жағалы киітгер сыйлады.

Құдалардың басшысы біздің сый-құрметімізге разы болып:

- Бұл сыйларыңыз алтын әріппен жазылады, - деп өте разылық ниетін білдірді.

* * *

«Біз өзіміз пір тұтатын, жақсы көретін адамдарға да сын көзбен қарай білуіміз керек. Мысалы, бүкіл адамзат мойындаған данышпан жазушы Толстойдың шығармаларын талдағанда да сын пікірлер айтылып жатады. Біз Абайды айтсақ тек қана көкке көтереміз. Талдау жоқ. Сын пікір бола қалса Абай құлап қалатындай көреміз. Бекер. Менінше, Абай ол күдікпен әлдеқайда жоғары тұр. Батыл талдаудан ол ешқандайда төмендемейді, тек адамның санасы мен жүрегіне жақындай түседі.

Нәсмесе Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты шығармасын алайық. Әуезовке тамсанады. Әуезовты

пайғамбарға айналдырды. Шын мәніндегі ет пен сүйектен жаралған Әуезовтың адами бейнесі жоқ. Әдебиет өмірдің қайшылығы мен шындығын көрсеткенде ғана әдебиет, шындық тәтті болмауы әбден мүмкін. Біз Әуезовты мақтай бергенше, оның «Өскен өркен» романын жазуына не себеп болды» деген сұраққа жауап іздеген жөн болар еді. «Өскен өркен» оқырман жүрегінен орын алған жоқ. Егер Әуезов «Өскен өркенді Лениндік сыйлықты алғанға дейін жазса, түсінуге болар еді. Әлем таныған, әлем мойындаған Әуезовтың «Абай жолы» тәрізді классикалық шығармасынан соң, арзан қол шығармаға баруы менің санама сыймайды», - дейді Төлен Әбдіков. «Жаңа заманның әдебиетін жазуға кірісуіміз керек» - деп айтты сұхбаттасқанда. («Айкын» №112 (2267) 25 маусым 2013 жыл, сейсенбі).

* * *

Менің 2010 жылы жарық көрген «Болашаққа хат» атты кітаптың 103-бетінде, тағы да 2013 жылы жарық көрген «Менің қарапайым өмірім» атты кітаптың 171-бетінде Абай туралы жазғаным бар. Басқа шығармаларымда да кездеседі. Өлеңдері мен кара сөзінде қазақ халқынан Абайдың бір адамға да жылы сөзі жоқ. Шығармадағы аты атанған кейіпкерлері сыналып бағасын алған. Ал өзінің отбасына арнап жазған он жеті өлеңінде көтере айтқанымен ересен теңеулері жетерлік екенін дәлелден тұрып жазғамын кітапта. Керісінше, «Несі ел, несі жұрт, оншең қырт» деп қазақ елін, мейлі тек өзінің тобықты елін айтқан болсын. Әйтеуір бір адамға емес, «несі ел, несі жұрт» деп халықты жамандап тұрғаны анық. «Көпті жамандама көмусіз қаласын» деп Абай қаншама данышпан болса да көптен үлкен емес екенін мен қабылдай алмаймын. Даналық сөз бен ақыл айтқан адам да өзі де соған лайық болуы керек емес пе? Осы ой-пікірімді оқырман қауымға ескертемін. Егер менің жазғаным күдік тудырса Абайдың өлеңдерін зейінді оқып көрсін.

* * *

Төлен Әбдіков: «Біз Абайды тек қана көкке көтереміз. Талдау жоқ. Сын пікір бола қалса Абай құлап қалатындай көреміз. Бекер. Батыл талдаудан ол төмендемейді» - деп шын-ақиқат сын айтқанына разы болып, маған да қосылатындар бар екеніне сенімім туды.

* * *

Осыдан көп жыл бұрын кеңес окіметі кезінде әртүрлі жоғары-төмен компартияларда лауазымды қызметте болған, әрі білімді Төребай Сейсенбаев деген болды. Ол Әуезовтың көзін көріп, сәлемдесіп сөйлескен де екен. Сол кісі Әуезовтың «Өскен өркен» романынан жарты бетін маған оқып беріп, «мынадан не түсінесің» деп күйіп-пісіп пікірін білдіргені бар. Марқұмның шын мәнінде Төлен Әбдіковтың «Өскен өркен» оқырман жүрегінен орын алған жоқ» - деуі орынды. Біздегі ақын-жазушылардың қайсысының шығармасы болсын шын әділ талдап, бүгүсіз сын-пікір айтқан жөн ғой.

* * *

Мен өзімді ақын не жазушымын демей жазғандарымды шатпақ санап, өзіме-өзімнің көңілім толмайды. Сыншы Сағат Әшімбаев, ақын Өтежан Нұрғалиев, жазушылар Молдахмет Қаназов, Әбіқұл Ибрагимов, журналист Мэлс Шоқалақовтарға:

- Менің шығармаларымды шын сынап, қате тұстарымды бетіме басындар. Сіздердің сындарыңыздан мен түзелейін, - дегенім бар. Және шығармаларымда өзімнің сана-сезімім жетпейтін кемістігім, білімімнің төмен екенін мойындап жазған тұстарым көп. Соны оқыған марқұм Әбіқұл Ибрагимов балам Мұратбек екеумізді үйіне шақырып алып:

- Әкең өзін-өзі төмендетіп жазғанды қойсын. Кітаптары шыққанына оқырман қауым сенбейді. Әрі әкең карадай жұрып білімсіз болса, осы саланың оқуын бітіргендердің кейбірінен жөндем жазады, - деп ренжіген болатын. Онда да мен шын-

акикатқа құл екенімді білдіріп, өзімді әлі төмендетіп жазып жүргенімді оқырман қауым есіне саламын. Өйткені адам болған соң мен өзімнің болмысымды мойындауым керек қой. Ал оқырман беретін бағасы өзінше ғой деп.

* * *

«Бірде жазушылар ортасында отырғанда Асқар аға (Сүлейманов) Абай атамызға байланысты «Абай ескіре ме?» деп сұрақ қойыпты біреуі. Отырғандар: «Қалай ол, Абайдың ескіргені несі?» - деп шулап кетеді. Сонда Асқар аға: «Қазаққа ес кірсе Абай ескіреді» - деген екен. («Жұлдыздар отбасы» №18 (156) қыркүйек 2013 жыл, 33-бет) Досхан Жолжаксынов».

Бұл Абайға да, қазаққа да өте терен айтылған астарлы сын. Өйткені Абайдың өлеңінде өз еліне тіл тигізгенін, қазіргі кейбір сыншылардың ескермегенін Асқар Сүлейманов ашық айтқаны.

* * *

Көпқабатты үйдің астына төсеп көтерегін екі блок үстіне тағы да бір үлкен плита қойып құлпытасты соның үстіне орнаттық. Өзі екі метрден биік әрі өте салмақты құлпытасты, блокты, плитаны кранмен орналастыру оңай болған жоқ. Осының бәрін орналастырып, тұрғызып, қоршауын дәнекерлеп жүрген екі балам Ниязбек пен Мұратбек. Екеуі жарты айдан аса осы анам Іздән Тұңғышәлиеваның құлпытасын орнатуға ерен еңбек етті. Мын да бір рахмет, апасының әруағы қолдасын. Құлпытаста анамның үлкен суретінің астында 1913-1991 жылы деп туған-қайтқан жылымен қоса «Осы Осы көше ауылымыздың Шу өзені алқабына қоныстандырған және оның негізін қалауға айтарлықтай үлес қосқан Іздән Тұңғышәлиеваның құрметіне атанды. Құлпытас анамыздың 100 жылдығына орай орнатылды» - деп сөзін жазған Мұратбек.

Бұған Мұратбек 20 мың, Дания-Талғат 10 мың теңге қосты. Құрылыс шығындарын есептемегенде 300 мыңнан аса теңге

өзім жұмсап бітірдім. Қазір ана кұрсағынан қалған қарындасым Сауыткүл екеуміз-ақпыз. Сол қызы апамыздың 100 жылдығына кұдайы тамақ бергенге, кұлпытас орнатқанға бір тиын ләзат қылмағанын ләж жоқ ақиқат үшін айтып отырмын. Аллаға шүкір, менде баршылық. Бірақ оны мен дәнекер үшін шындықты айтуға тиіспін, тек қарындасым бар болсын. Міне, бүгін кұлпытас толық орнатылып бітіп, ақ матамен жабылып, ашылуын күтіп тұр.

* * *

Кұлпытастың жабылғысын сыпырып алып ашылуына орай ауыл тұрғындары мен туыс-жегжат, ұл-қызым, күйеубала мен келіндерім бәрі сөйлеп, осы іс-шараның орындалу барысы елге түсінікті болу үшін толық тоқталуды жөн көрдім. Өйткені мұндай көшеге аты берілгендерге біздің өңірде кұлпытас орнатылмаған. Аяғымен жүрмей, аузымен жүретін жеңіл ойлылар «Неге мүрде басына орнататын ескерткішті көшеге орнатып жатыр» деген сыбыс та естіліп қалған болатын. Сол үшін кұлпытасты қалай орнатқаным жайлы толық баяндай бастадым.

- Апам Іздән Тұңғышәлиева 100 жылдығынан екі жыл бұрын «не істеуім керек?» деп ойландым. Апамның жатқан жерінде күйген кірпіштен қорғаны мен суреті салынған ескерткіш бар. Сондықтан өзінің ағындағы көшенің басына кұлпытас орнатсам деген ой мені жегідей жеді. Осы шешімін таппаған ойымды отбасымнан бұрын әуелім жолдастарым Умәлс Шоқалақов пен Қали Қораласбаевқа айттым. Бұрын әкем Мәдімәровтың 100 жылдығына орай үйде стол үстінде тұратын ескерткішті Қали Қораласбаевқа жасатқанмын. Олар «Бұл өңірде ондай игі шара болмаса да, сенің бұл ойың дұрыс. Бұл анаңа деген кұрмет» - деп екеуі де ақыл қосты.

Содан соң өзімнің отбасымда бәрінен бұрын тек Мұратбекпен ақылдасып, кұлпытасты қалай жасау керек екен деген сызбамды көрсеттім. Бұл ойымды балам қуана қарсы алғанмен басқасы қолдай қоймады, «көшеде тұрған кұлпытасты мал не жүргінші қағып кұлатып кетеді» - деп.

Онда да мен жиналған көпшілікке Шу ауданының ішкі саясатымен айналысатын аудан әкімінің орынбасары Дәмеш Үскімбаеваға 2013 жылдың 26 ақпанында кіргенімді айтып, Қорағаты ауылдық округінің әкімі Анатасев Ерғазыға жазған хабарламаны оқып бердім (27.02.2013 жылы деп).

Құлшытастың жабылғышын сыпырып алған қарындасым Сауыткүл сойлеп, маған рахметін айтты. Одан соң үш адам кезек-кезек құлшытастың өте көрнекті жасалғанын, ондағы суреті мен жазуын оқып, разы болысып, апамның өміріндегі еңбек жолы мен болмысынан сыр шертісіп, маған рахметін жаудырды. Бұдан соң жиналған көпшілік үйге келіп, құдайы тамаққа отырып, имам анама құран бағыштап, бірінен кейін бірі сөйлеуші толастамады. Бәрінің сөзі апамның еңбек жолынан сыр шертісіп тарасты.

* * *

Мен шығарма жазғанда болашаққа артымның таза болып, қайбар сөз етпеуін ойлап, кейбір жағымды-жағымсыз кейіпкерге өз атын дәл бергенімді хабарлағаным туралы шын-ақиқат болған оқиғалардан тек үшеуін ғана айтып өтемін. Олар: Тілеу Беккұлов, Бейбіт Жазылбаев, Төрехан Қабаховтар. Бұлар жарыққа шығып тергелгендер. Басқа да шығармадағы аты аталмағандар да осындай күй кешкен. Бірде көлікте бірге жол жүріп бара жатып, Бейбіт Жазылбаев:

- Сен мені жамандап жазынсың, Сталинді де жамандап жазған, - деп кінәсін мойындады.

«Сөзден сөз туындап Төрехан Қарамазанұлы туралы жазылған деректі жағымсыз шығармадағы оқиғалардың жарық көргені – кормегені бар бәрінің бас тақырыбын тізіп беріп Салпи Қсенұлы арқылы Төреханға хабардар еттім. Ол аузына келгенін айта отырып, кінәсін мойындапты. Бұдан кейін Бектұрсын, Тұткабай, Серікбай, Елдар марқұмдар жаназасында тағы басқа да кездейсоқ маған қарама-қарсы келе жатып, жүздесуге сәл қалғанда табанда тайсала жалт бұрылып кетіп жүрді Төрехан. Онысы маған дау

айтуға дауа таппай шығармадағы істеген жолсыздығы шын-ақиқат екені оның өзіне бетіне бетперде болғанын сездіреді. Менің шығармаға кейбір жағымсыз кейіпкерлердің өз атын дәл көрсетіп, оны ашық маскаралауым, әрине, халық қамы үшін екені белгілі жәйт. Ал осыны күнделікке ашық жазу себебім де оқырман қауым мен жағымсыз кейіпкерлердің кейінгісі «мұнысы несі» дей ме деп жауап беру ретіндегі ескертпе екенін сездіргенім. Тапсырыспен жазылғандары бар.

* * *

Қазығұрт бөктері «ғайып ерен қырық шілтеп» Загіратаға жақын орнатылған тас. Үш бұлақ бар. Біріншісі – шуақ бастау суы құлаққа ем. Екіншісі – оңеш бастау суы тыныс жолдары мен кеңірдекке шипа. Үшіншісі – көз бастау суы жанарға жақсы. Әулие тастың арасынан өсіп шыққан бір түп киелі тұт ағашы бар. «Биіктігі он метрдей, ұзындығы жиырма метрдей Ата мен Ана деп аталатын алып тастар қатар тұр. Көпшілік осы тастың алдына түнейді. Ата мен Ана арасынан бар күнәм кешірілсін деп ниет етіп өтеді. Тастар арасындағы тесіктен кісіге қиянаты бар күнәһар адамды өтерде әруақтар қысқандай болып, оның жолын буады. Ондай кісі тобаға келіп, құрбандық шалып, әулие басына құран оқытып кетуі керек. Шілтер ата түйесі шөккен жер кездеседі. Мұнда түйенің төрт табанының және баланың іздері түскен жер бар. Шілтер әулие жері тылсым сырға толы жер. (Зиярат кітап, 54-бет).

* * *

Міне, осы Шілтер әулие жерінде Зәбира, Әсия, Серік төртеуіміз болдық. «Ғайып ерен қырық шілтеп» деп жазылып тұрған қасиетті, әулие, киелі жердегі жеті орынға да жеке-жеке құран оқытып, шырақшысына қайыр-садақа беріп, бұлақтарынан су ішіп, су алдық. Ата мен Ана арасындағы тесіктен әруақтар жолымызды бумай төртеуімізді де өткізді. Талай адамның жолын

эруақтар буып, өте алмағанын көрдік. Осыны көргенде тобаға келіп, күнәміз болса кешірілсін деп ниет етіп, тілек тіледік.

* * *

Осы Шілтер әулие жері «ғайып ерен қырық шілтеннен» Шымкенттегі үйге келе жатқан жолда өмірімде ешкімге айтпаған көп жыл түсімнен шықпаған түсімді мына қасиетті киелі орындар ойыма түсіріп, сол сырымды баяндадым.

- Түсімде мен өне бойы аспан көгінің биігінде қалықтап жүретінмін. Төсегімде жатқанымды ұйқыдан оянғанда ғана бірақ білетінмін. Бұл түсті түсімдегі Жолбарыс құсатып жиі-жиі көрген мен мән берген емеспін. Менің ой тоқтатпай, ағат кеткен кезім аз емес қой. Міне, мұны сендерге бірінші рет айтып отырмын, - дедім.

- Бұл өте жақсы түс екен. Бақытты болып, болашағыңыз даңқты болады екен, - деп жорыды қызым Әсия.

- Мені қорғап, қолдап жүрген Жолбарысым сияқты жолымды ашып, жақсылық қып соған аян берген құдіреттің сезігі екен ғой ауа биігіндегі көкке қалықтап жүргенім, - дедім.

Сол үшін болашақ оқырман қауым шын-ақиқат болған түсімді айтып отырмын сіздерге. «Өзін-өзі дәріптеді» деп айып етпеңіздер, шын-ақиқаты осы. Енді тағы сіздерден кешірім сұрай отырып, әрі Алланың құдіретін тоба қылып, Жүсіп Баласағұнидің «аспанда қалықтап» жүрген түстің жоруын келтірейін.

Ұшып жүрсең мәртебенің артқаны,
Қанша биік ұшсаң сонша асқаны.

Қанша биік ұшсаң – құтың тасады,
Бағың жанып атақ-даңқың асады.

Ұшып көкке самғап бара жатқаның
Тәңірден бар тілегіңді тапқаның – депті.

Осы Жүсіп Баласағұнидің ауа көгінің биігінде қалықтап жүрген түсімнің жоруы қанағатты қарапайым өмір жолына тура келгеніне тоба қылып, тағы күдіреттен болашақ ұрпағыма осы жоруды Алладан тілеймін. Әмин.

* * *

Қанағатты ту етіп: ішкен-жегенге ток, киер киім бүтін, жүріп-тұруға жетерлік, артта қалатын байлықты қумай, ой-мақсаты орындалып, еркін өмір сүрсе болды емес пе АДАМ баласына?

Жалаңаш туған кірер жерге жалаңаш,
Дүние жиып нең бар қалар жарамас – депті Жүсіп Баласағұни.

* * *

Ал қанағатсыз адам бай болып, төрт қыбыласы сай болса да тағы байлықты қуалаумен өмір тағдырына разы болмай, өмірден көңілі ортайып өтеді.

Ақымаққа қонған бақыт тоналар,
Қалай қонса солай ұшып жоғалар.

Дүние үшін жанған отқа жүгірме,
Тый нәпсіңді сорың содан түбінде – депті Жүсіп Баласағұни.

* * *

Демек мен жетім болып, қорлық көріп, білімсіз өссем де күдіреттің жазмышы осылай еткен тағдырымның өмір жолына өте разымын. Алла бүгін алса да. Әмин.

15.07.2013 жыл

* * *

Бүгін балам Мұратбекке Сыртқы істер министрлігі жұмыс орны Грузия мемлекетіне елшілік қызметке бұйрық шығарды. «Үйдің шатырын ауыстыр» - деп маған 900 доллар берді.

* * *

Күнделікте, демек 21.03.2013 жылы, Укаша атаға мен, Серік, Аида-Қуаныш төртеуміздің барғанымыз жазылған. Сонда Укаша атаның сүйегі жатқан жерінің шырақшысы Аида қызыма көйлектік кездеме беріп тұрып:

- Сенің сүйегің ауыр, ұл туасың. Ұлыңның атын Қожа Ахмет Яссауи атын қысқартып Ахмет қойғың. Ол ұлың ел танитын азамат болады, - деген болатын. Шыны керек, мен оған аса мән берген жоқпын. Міне, 19.12.2013 жылы, бүгін, Аида аман-есен ұл туып, атын Ахмет деп қойдық. Укаша атаның шырақшысы айтқанына рахмет айта отырып, таңғалдым. Алла айтқанын келтіріп, аман-есен баянды қылсын.

* * *

Биыл ел аман, Отан тыныш, экономикамыз қарқындап өсіп келеді. Менің де отбасым түгіл аман-есен, ауру-сырқаттан аман болдық. Галя-Жомарт екеуінің тойын өткізіп және Жезқазғаннан келген құда-құдағиларды жақсы күтін, шығарып салдық. Мұратбек Грузияға елшілік қызметке көшіп кетті. Қызметі құтты болсын. Жезқазғандағы Ұлытауда тұратын құдалар шақырып, сонда барып келдік. Аида қызым аман-есен босанып, Ахмет деген шөберемді өмірге әкеліп қуантты. Құтты болып, жасы ұзақ болсын.

* * *

Жаңа жылдың бірінші минутын Ниязбектің үйінде қарсы алдық. Жаңа жыл жаңа зор бақыт әкелсін. Ел-жұрт аман, Отанымыз тыныш болып, менің отбасым да түгіл аман-есен қылып, ойлаған мақсатымызға Алла жеткізсін. Әмин.

* * *

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының қорлар құру бөлімінің меңгерушісі К.Нұралиноваға менің жарық көрген 6 дана кітаптарымды қызым Дания Сауытбекқызы бүгін өткізіпті

* * *

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мәдениет комитеті. «Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» республикалық мекемесі №05-03/267, 04.06.2014ж. ізгі ниетпен бас директордың орынбасары Ж.Шаймұхамбетова маған Алғыс хат жіберіпті. Дерекі төменде баяндалады:

«Құрметті Сауытбек Мәдімәрұлы!

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының қорын толтыруға үлес қосқаныңыз үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

Сіздің шығармашылық жұмысыңызға жаңа табыстар тілей отырып, еліміздің болашақ ұрпақтары үшін сіңірген еңбегіңіз ел мерейіне бөлене берсін демекпіз!

Ізгі ниетпен,

Бас директордың орынбасары к/к Ж.Шаймұхамбетова».

* * *

Мен бұрын әуелі 5 жыл, одан кейін 2 жыл, демек 7 жыл намаз оқып, ораза ұстадым. Екеуін де қаза қылған емеспін. Сонда байқағаным мешіттегі кейбір имамдардың, басқа жерлерде де имам сияқты белсенділердің ислам дінін аякасты қылғанына наразы болдым. «Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш!» (4.) «Олар намаздарын немқұрайды оқиды (5). «Олар көрсету үшін оқиды» (6.) (107/ 4-5-6). Міне, құран сүресіндегі аятта айтылғандай, болғанына куә болдым. Олар көпке көріну үшін ғана дін шарифатын айта отырып, халықтан қаражат алу ғана ниетте екенін көзім көріп, көңілім қалды. Бұл бірінші.

Екінші, намаз оқығанда, құран сөзіне мен тілімді сындыра алмай, қате оқыдым.

Үшінші, намаз оқып тұрғанда тілмен ғана айтып, шын көңілмен оқыған намаз ниет ете алмай басқа жаққа алаң болғанымды мойындаймын.

Мен «сүттен ақ, судан таза болмасам да» пенделікке үш мүшелі жастан бері аса жоқ екенімді (Алла кешірсін өзімді-өзім айтқанымды) - әмин және намаз оқып, ораза тұтпай-ақ сырттай ислам дініне үйде отырып таза ниет етейін деген ойға келгенімді бұрынғы күнделікке жазғанмын.

Міне, мені намаз оқып, ораза ұстаудан тоқтатқан осы үш ойымды Алла кешіріп, жақсылығымен жарылқасын деп тілеймін.

Енді «Битке өкпелеп тоныңды отқа салма» дегендей, мұным ағаттық екен деген тоқтамға келдім. Бүгін міне, 06.06.2014 жылдан бастап намаз оқып, ораза ұстауды бастадым. Алла қабыл көрсін. Әмин. Намазды қате оқып, ислам дінінің негізгі шариғаттарын орындай алмасам оным әдейі істегендік емес, сауатсыздығымды Алла кешірсін деп тілеймін тағы. Әмин.

* * *

Менің өмірімде қайталап көп оқығаным Бабырдың «Бабырнама» кітабы. Ал әсіресе бұрынғы 7 жыл рамазан айында ораза тұтқан кезде тек қана Мұхаммед пайғамбар туралы зерттеген кітап, газет-журналдармен қоса Құран Кәрімді, «Бабырнама» кітаптарын да көп оқыдым. Әсіресе Құран Кәрімді түгел оқығанмын. Ал әкем Мәдімәрға, анам Іздәнға, қайын атам Нарымбекке, балам Мейрамбекке Құран Кәрімнің сүресіндегі аяттарын толық оқып, әр марқұмға жеке-жеке құран аудардым. Сонда өзіме керекті-ау деген сүре, аяттарынан және хадистеріне де жазып, көшіріп алып отырдым. Оларды шығармаларымның басым көпшілігінде жағымды-жағымсыз кейіпкерлерге лайықтысын түйіндеп, даналық сөздерін эпиграф ретінде мазмұнын байытуға пайдаландым.

Мен не оқысам да қайталап оқитын кезім жиі. Өйткені сауатым шамалы болған соң «оқудың анасы қайталау» деп қайталап, көп оқуым сондықтан.

Енді сүреліңаяты мен хадистен шығармама пайдаланғанымнан екеуін ғана тілге тиек етейін. «Көз алдымнан кетпес бейне»

деген («Аша елі» кітабы, 163-бет) әңгіме жаздым. Бұл жағымды кейіпкер: «Алла (Т.) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе оған көптеген игілік берілген болады. Бұны ақыл иелері ғана түсіне алады» (2-с. 269-а).

«Өздеріне білім берілгендер: Алланың сыйлығы. Иман келтіріп, ізгі іс істегендерге тағы жақсы. Ал оған сабырлылар ғана жетеді» - дейді (28-с. 80-а.). Дінмұхамед Қонаев осы құран сөзіне лайық мемлекет қайраткері деп жазғам.

Енді жағымсыз кейіпкері: «Кет» деген әңгіме («Көлқұдық» кітапбы 113-бет) «Егер біреу әлдекімнің үйіне рұқсатсыз үніліп қараса сол үйдің иесіне оның көзін шұқуға рұқсат етіледі. Амандықтан бастамаға кісіні табалдырықтан аттатпандар» деген Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) қасиетті хадистерінде. Бұл жағымсыз кейіпкер Төрехан Қарамазанұлы туралы жазылған.

Мұхаммед пайғамбар туралы зерттеп жазған көп кітаптың ішінен үш кітапты да тілге тиек етейін. Әуелі Фариза Оңғарсынова зерттеп жазған «Мұхаммед пайғамбар» атты кітапты да (Алматы, «Жазушы» 1991ж.) өте көп қайталап оқыдым.

Сол кітапта тік кеткен тұстары 70-71-72 (73-74-беттерінде Айша туралы), (75-бетінде Мұхаммед пайғамбардың 14 әйел алғаны туралы), 84-85-беттерінде ашық баяндалған. Осы тұсын көп адамға оқып бердім. Кейбіреуі маған оқыма деді. Негізінде болған оқиғаны жасырмай, ашық жазған Мұхаммед пайғамбармен әйелі Айшаны тазартып, оның қадір-қасиетін арттыру деп түсінді.

Екінші: Фетхулалаһ Гулет зерттеп жазған ғаламның рақым нұрын Мұхаммед пайғамбар саллалаһу аләйһи уәсәлләм (Алматы 2009 жыл). Бұл кітапты да өте жиі-жиі қайталап оқудамын.

Үшінші: Аманбай Күнтөлеуұлы зерттеп жазған «Мұхаммед пайғамбар» (Алматы 2003 жыл) кітапты да қайталап оқудамын.

«Оқудың анасы қайталау» деп Алла өмір берсе қайталап оқи бермек ойым бар. Еш нәрсені «осыны ертең істеймін» деп айтпа (23). Бірақ, Алла қаласа жасаймын де (24), (18-с., 23-24-а.) деген ғой аятта.

Алла қаласа осы Мұхаммед пайғамбар туралы кітаптарды оқи бермек ойым бар. Алла қабыл көрсін. Әмин.

* * *

Менің жазбаларымда зинакор әйелдер бар. Оларды әуелі сұм, суайт, караниет, алаяқ еркектер арбап, өз дегеніне көндіріп, адалдыктан айырады.

Ал керісінше, кейбір өзінің де бетімен кеткен әйел жаман әдетке бейім екенін өмір көрсетіп жүр.

Онда да әсіресе сұм, суайт, алаяқ адал жолдан азғырып айыратын еркектер көп. Сондайдың бірі еркектің зинакоры Төрехан Рамазанұлы екеніне көпшілік қауыммен бірге кезінде бірге тұрып, бірге жүргендіктен мен де көз жеткіздім. Ода ағайын-туыс, жора-жолдас, достасып бірге жүргендерге деген адал ниет жоқ.

Ол басқа түгіл әуелі сондай жақсы қатынаста араласып жүргендер әйелін көздеп арбап, өз дегеніне көндіруді мақсат етеді. Сондайдың бірі Қайыпберген деген көлік жүргізуші екеуміздің көзімше Байтөре дегеннің әйелі Зәурехан үйінен Төрехан Рамазанұлын қуып шығып, біз отырған машина кабинасына тығылғанша жотасына сыпыртқышпен тоқпақтады.

- Тұқым қуалаған көксау неме, сен кімге дәрісің, - деп айтпаған жаман сөзі жоқ сол кезде.

- Қойсаншы, мына кісілерден ұят емес пе? – деді

- Сен ұятты білесің бе? Білсең жаңағы жаман сөзді үйде айтасың ба? – деп Зәуреханның айтпаған қарғыс сөзі табанда қалмады.

Бұған аң-таң болған Қайыпберген:

- Әй, Сауытбек, мына әйел Төреханмен бірге екеумізді қоса сабай ма? - дегенде қолындағы сыпыртқышымен жабулы тұрған кабинаға жіберіп ұрды Зәурехан.

- Тез жүріңізші, - деді Қайыпбергенге Төрехан. Машинаны жүргізіп жатып:

- Не істеп қойдың? Сені сонша масыпыртқышпен сабайтындай,
- деді Қайыпберген.

- Екі бұтының арасын сұрап едім пәлеге қалдым, деді Төрехан.

- Ой, сен әшейін-ақ екенсің, байқамайсың ба? Енді сенің абыройыңды айрандай ғып талай жерге тогеді, - деді Қайыпберген. Сол күні тірі өлік болған Төреханды үнсіздік билеп, тым-тырыс ішінен күйінді.

Осы болғаноқиғаны сүренің аяттарымен өрнектеп түйіндейін: «Сондай ұятты жерін сақтағандар (70/29). Бұған осы әйел жатады. «Әлбетте біреу зұлымдық көргеннен кейін өшін алса, сонда оларға сын жоқ» (42/41). Зәурехан өшін алды Төреханды сыпыртқышпен сабалап. «Расында нәпсісін тазартқан кісі құтылады да (9), әлде кім оны кірлетсе қор болады» (10) (91/9-10). Нәпсісін тазартқан Зәурехан құтылды да, оны кірлеткісі келген Төрехан табанда таяқ жеп қор болды. «Алла (Т.) кімді тура жолға салса, сонда ол тура жол тапқан болады және кімді адастырса, сонда олар зиянға ұшырағандар (7/178). Тура жол тапқан Зәурехан да, адасқан Төрехан.

* * *

Тұрғымбай дегеннің әйелі Күләш та менің көзімше жаман сөзіне бола Төреханды:

- Көкірек ауруың жұғады, кет, - деп дүкеннен қуып жіберген. Мұндай оқиғалар көп болған.

Басқа елден сырғақтап келіп, шаруашылықтың бір отар қойын баққан бөтен ұлт өкілінің әуім-сәуім әйеліне қалып:

- Ертең келіп мені осы үйден алып кет, - деді көп адамдардың көзінше машина жүргізушісіне Төрехан. Сол әуім-сәуім әйелді Сарыарқа жайлауына кошiп бара жатқанда онымен ұрысып қалған Д. Деген әйел оны вагоннан итеріп жіберіп жүріп келе жатқан поезға тапталып қайтыс болды. Төреханның мұндай алаяқ істері өте көп. Оған тек әйел болса болды әуім-сәуім, жақсы-жаман, таза-таза емесі – бәрі бір. Сондайдың өзі құрығына іліндірсе болды «үйттім-бүйттім» деп жалпыға жар салып,

мактанып жүреді. Оның осындай сұм, суайт, алаяқ, зинақор, залым екені көп болған. «Расында шектен шығушылар – олар тозақтық» (40/43).

- Біз көбінесе зинақор әйелдерді ғана жазамыз да, зинақор еркек бәйгіден келгендей қалтарыс қалады.

- Мұхаммедтің пайымдауынша, біреудің әйеліне көз салу, оны адал жолдан адастырумен барабар күнә. Жұбайынның көзіне шөп салу – күнәнің үлкені осы. «Сәләсатун» - беймілсім сөз. Олар – беймәлім адамдар. Олар – қор болған адамдар. Олар – түрлерімен емес, жүректерімен тәнқұмарлыққа салынып, ар-ожданы тәнінің қыспағына езіліп, бүкіл қасиеттерін түбегейлі жоғалтқандар. (Мұхаммед пайғамбар кітап 284-бет) «Зинақорлықтың батпағына батқан ұлттар бірер ұрпақ жалғасқан соң, ілгеріге аяқ баса алмайды. Задында жыныстық күштарлықты қанағаттандыру үшін ерлі-зайыптылардың ақ неке аясы жеткілікті. Харамға кірігудің қажеті жоқ. Үмбетінің көбеюі сол екі шап арасындағы ұятты жерді қалай ұстауына байланысты – депті (Мұхаммед пайғамбар кітап – 293-бет).

* * *

Бүгін «Жамбыл» журналының 3-4 2013 жылғы санында Аманкелді Кеңшілікұлының 13- «Көңіл күнделігі» деген сын мақаласын оқыдым. Бұрын да оның сын мақалаларын талай оқығанмын. Әсіресе «Гогольдың өлімі» туралы жазғанын оқып, оны қолдан өлтіргеніне қиналсам, Аманкелдінің осы құпияны ашық айтқанынан өте разы болдым. Бұл менің күнделігімде бар. Ал Аманкелдінің әкесі Кеңшілік марқұммен де менің емтеген таныстығым бар еді. Ол менің біраз өлеңімді қазіргі «Егемен Қазақстан» (Социалистік Қазақстан) газетіне жарыққа шығарып, жақсылық жасаған азамат болатын. Аманкелді де сол әкесіне тартып, көрнекті ойлығ өзінше айтары бар азамат екенін жазғандарын оқып ой түйгенмін. Аманкелді Кеңшілікұлы сынды сын айтатын екендігі мына 13-күнделігінде сезіліп тұр.

Басқалармен қоса Шыңғыс Айтматовтың атақ-даңқына

қарамай, артық-кеміне бүкпесіз тура пікір білдіргеніне разы болды. Мұндайда сынды шын айтпай аттап өтетіндербар ғой өмірде?

* * *

Бүгін ораза ұстаған күнімнен бастап қайын енем Күлиза апайға құранның 114 сүресіндегі аяттарды түгел оқып, құран аударма бастадым. Бұрында әкем Мәдімәрға, анам Іздәнға, қайын атам Нарымбекке, балам Мейрамбекке құран аударғанмын.

* * *

Грузияда елшілікте қызмет істейтін балам Мұратбек отбасымен түгел келді бүгін. Үйдің есік-терезелерін ауыстырып, веранданың коршауын тұрғызып, сырлап қойды. Елге ауыз ашар берді. Бізге көп қаражат беріп, 23.07.2014 жылы Алматыға кетті. 2014жылғы 25.07. күні Грузияға ұшақпен кетеді. Алла жолын болдырсын. Әмин.

* * *

Бүгін қайын енем Күлизаға арнап 28.06.2014-25.07.2014 жыл аралығында Құран Кәрімнің 114 сүресіндегі аяттарын түгел оқып, марқұмға құран аударып біттім. Алла қабыл көрсін. Әмин. Осы жолы да құранның аяттарынан керекті-ау дегендерімді жазып алып отырдым. Құран Кәрімді оқыған сайын өте терең астарлы мағына беретінін мойндайсың. Иман келтіруді, сабыр етуді, шүкіршілік қылуды, тәуекел етуді адам баласына тағы толып жатқан дін шариғатын терең мойындатулы бұл дүние мен о дүниедегі барлық нәрсе тек Алла тағалаға тән ғой, шіркін.

* * *

«Аша елі» 30 жылға жуық зерттеп, «Аша елі» атты кітап жазғанмын. Сонда Новотроицкое селосы (қазіргі Төле би ауылы) бұрын Қазыққакқан деп аталған. Әрі Аша елі (алты рулы елді) Әулие ата оязы бір болыс болуға толмайды деген сылтаумен

тоңірегіндегі болыстанған елге канатып қойған. Соған ересен еңбек етіп, Секер батыр Аша болсыны оязға құрдырғаны «Аша елі» кітабында толық баяндалған болатын.


Сондықтан мен Кеңес өкіметінің тұсында Новотроицкінің атын өзгертіп, Қазыққакқан, не Аша деп ауылға ат беріп, тағы екеуіне де бір-бір атауын көшеге ұсынғанмын. Бұл «Көлқұдық» атты кітаптың 307-308-беттерінде 04.01.1991 жыл деп жазылған.

Міне, менің осы ұсынысымнан түк те нәтиже шықпаған болатын. Тағы да «Аша елі» атты кітапта да 62-бетінде баяндалғаны оқырман қауымға белгілі.

Содан бері, демек 04.01.1991 жылдан 05.07.2012 жылға дейін Шу ауданының бірінші хатшылары мен әкімдеріне талай мәрте өтініш-арыз жазғанмын. Шешім таппаған болатын.

Мына төмендегі сол кездегі өтініш-арыздың бір көрінісі:

*Шу ауданының әкімі Қ.Қ.Жабағиевке
Жиенбет ауылының тұрғыны
Сауытбек Мәдімәрұлынан*



ӨТІНІШ-АРЫЗ

Менің өтініш-арыз беру себебім – Шу ауданының құрылуының 80 жылдығына орай әрі төмендегі деректерге сай үш ұсынысым бар.

Біріншісі: Түркістан-Сібір темір жол құрылысының тез және сапалы жүруіне РСФСР Халкомсовы жанына құрылған Түрксіб құрылысына жәрдемдесу комитеті (пред. Т. Рысқұлов) көп қызмет етті. Магистраль өтетін жол бойы революцияға дейін зерттелген еді.

1927-28 жылдары ол қайтадан зерттелді. Соңғы зерттеу барысында магистральдың бағыты өзгеріп, рельстік жолды қысқартуға, соның нәтижесінде бірнеше ондаған миллион сом қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туды. Луговой-Фрунзе-Алматы арқылы өтетін Қордай бағыты орнынан жол Шоқпар асуы арқылы жүріп 23 км қысқарды. Солтүстікке Лепсіге соқпай, Балқаш бағыты қабылданды, бұл жолды 78 км қысқартты деп жазған (Қазақ совет энциклопедиясы, II том, 227-бет). Осы деректерді келтірген себебім, бүгінде бұл сан жетпес жүк тасымалы мен жол қатынасы үшін ұтымды жағын айтпағанда, Шу, Мойынқұм сияқты екі ауданның халқы күнделікті тіршілік қамымен мына жағы Алматыға, бір жағы Тараз қаласына қарай, үшіншісі Шу-Астана бағытына қарай қатынауда, соның қаншама игілігін көріп отыр.

Егер бұрынғы өзгеріссіз темір жол салынып кеткенде, басқа азапты жерін айтпағанда Алматы мен Тараз қаласына қарай Луговой арқылы Астана мен Шуга, әсіресе екі аудан халқының қатынауы қияметтің қияметі болар еді.

Шіркін, Тұрар Рысқұлов туған халқының қамын алыстан терең ойлаған қандай қореген. Бұған біз де, бізден кейінгі ұрпақтар да қарыздар екенін ұмытпайық.

Сол үшін ересен еңбегін елге, өзі темір жолды әкелген Шу вокзалына есімін беріп, тағы сол жердегі Тұрар Рысқұловтың

ескерткішін орнынан алып, вокзалдың алдына темір жолға қаратып көшіруін сұранамын.

Екінші: Шу ауданының түпкі тарихын 30 жылға жуық зерттеп, мен «Аша елі» (1994ж.) деген кітап жазған болатынмын. Бүгінде соны қайта толықтырып жазғандықтан баспадан жақында қайта жарық көрді. Сонда Шу ауданын (бұрынғы аты Аша болысын құрған) сондағы елді ұйымдастырып құрған Секер батыр болатын. Бұл ерессен еңбегі «Аша елі» кітапта толық баяндалады.

Сондықтан Төле би ауылынан бір көшеге Секер батыр есімін беруін;

Үшінші: Төле би ауылы тұрған жердің бұрынғы аты Қазыққакқан болатын. Сондықтан Төле биден «Қазыққакқан» деп бір көшеге ат беруін сұранамын.

Осы үш ұсынысымды жүзеге асыруды ұйымдастыруыңызды сұранамын. Сонда бабалар рухы риза болар еді.

05.06.2012.

Шу ауданы әкімінің аппаратына

Кошірмесі

*Жиенбет ауылы, Іздән кошесі, №7 үй
С.Мәдімәрұлына*

Сіздің, 2012 жылдың 5 шілдедегі хатыңызға орай, Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі тураы Заңның 7 бабының 6 тармағына сәйкес төмендегіше хабарлаймын:

Бірінші сауалыңызға: «Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңындағы 38-бапта тарихи мәдени ескерткіштерінің орнын ауыстыруға және оларды өзгертуге тиым салынады» - делінген. Вокзалдың Шу атауы – тарихи атау екендігін ескергеніміз жөн. Ал, Тұрар Рысқұловтың ескерткіші өз есімімен аталатын алаңда, әрі теміржолшылар саябағына баратын аллеяға орналасқан.


Екінші және үшінші сауалыңызға: Төле би ауылының

көшесіне Секер батыр есімін және Төле би ауылы орналасқан жердің тарихи аты «Қазыққаққан» атауын беру туралы өтінішіңіз орынды. Бірақ, Мемлекет басшысының 2010 жылғы 12 қарашадағы тапсырмасына сәйкес еліміздегі ономастикалық объектілерді атау мен қайта атау шараларына уақытша мораторий жарияланғандығына және бұрын қолданыста болған «Мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының» күші жойылуына байланысты көшелерге атау беру мен қайта атау шаралары уақытша тоқтатылғандығына назарыңызды аударамын.

Лудан әкімдігі мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

М.Базарова

Міне, бүгін, демек 27.10.2014 жыл Төле би ауылына «Қазыққаққан» деп бір көшеге ат беретінін хабарлаған Қуантай Байжолға рахметімді айтып, өлген әкем тірілгендей қуанып отырмын, оқырманым. Алла қасиетті жердің киесі қолдасын. Әмин.



ескерткішін орнынан алып, вокзалдың алдына темір жолға қаратып көшіруін сұранамын.

Екінші: Шу ауданының түпкі тарихын 30 жылға жуық зерттеп, мен «Аша елі» (1994ж.) деген кітап жазған болатынмын. Бүгінде соны қайта толықтырып жазғандықтан баспадан жақында қайта жарық көрді. Сонда Шу ауданын (бұрынғы аты Аша болысын құрған) сондағы елді ұйымдастырып құрған Секер батыр болатын. Бұл ересен еңбегі «Аша елі» кітапта толық баяндалады.

Сондықтан Төле би ауылынан бір көшеге Секер батыр есімін беруін;

Үшінші: Төле би ауылы тұрған жердің бұрынғы аты Қазыққакқан болатын. Сондықтан Төле биден «Қазыққакқан» деп бір көшеге ат беруін сұранамын.

Осы үш ұсынысымды жүзеге асыруды ұйымдастыруыңызды сұранамын. Сонда бабалар рухы риза болар еді.

05.06.2012.

Шу ауданы әкімінің аппаратына

Кошірмесі

*Жиенбет ауылы, Іздән көшесі, №7 үй
С.Мәдімәрұлына*

Сіздің, 2012 жылдың 5 шілдедегі хатыңызға орай, Қазақстан Республикасы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі тураы Занның 7 бабының 6 тармағына сәйкес төмендегіше хабарлаймын:

Бірінші сауалыңызға: «Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңындағы 38-бапта тарихи мәдени ескерткіштерінің орнын ауыстыруға және оларды өзгертуге тиым салынады» - делінген. Вокзалдың Шу атауы – тарихи атау екендігін ескергеніміз жөн. Ал, Тұрар Рысқұловтың ескерткіші өз есімімен аталатын алаңда, әрі теміржолшылар саябағына баратын аллеяға орналасқан.


Екінші және үшінші сауалыңызға: Төле би ауылының

көшесіне Секер батыр есімін және Төле би ауылы орналасқан жердің тарихи аты «Қазыққакқан» атауын беру туралы өтінішіңіз орынды. Бірақ, Мемлекет басшысының 2010 жылғы 12 қарашадағы тапсырмасына сәйкес еліміздегі ономастикалық объектілерді атау мен қайта атау шараларына уақытша мораторий жарияланғандығына және бұрын қолданыста болған «Мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасының» күші жойылуына байланысты көшелерге атау беру мен қайта атау шаралары уақытша тоқтатылғандығына назарыңызды аударамын.

Лудан әкімдігі мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

М.Базарова

Міне, бүгін, демек 27.10.2014 жыл Төле би ауылына «Қазыққакқан» деп бір көшеге ат беретінін хабарлаған Қуантай Байжолға рахметімді айтып, өлген әкем тірілгендей қуанып отырмын, оқырманым. Алла қасиетті жердің киесі қолдасын. Әмин.



МҰҚАЛМАЙТЫН ҚАЛАМ ИЕСІ

Соғыс басталардан бір жыл бұрын яғни, 1940 жылы қоңыр күзде Шу ауданындағы Сталин атындағы ұжымшардың бөлімшесі саналатын Қорағаты ауылындағы Мәдмардың келіншегі ұл тауып, ауыл-аймақ шағын отбасының алғашқы қуанышын бірге тойлады.

Ата-ана тұңғыштарының есімін Сауытбек деп атағанды жөн көрді. Онысы кедейден шыққан, суырып салма ақын Сауытбекті елге сыйлы, халықтың қалаулы ұлы болсын дегені шығар. Анасы жарықтық үлкеннің алдын кесіп өтпейтін, ибалы жан еді. Елдің ала жібін аттамай, қолында болса барын ағайынға бөліп беретін жомарттығы да бар болатын. Үйдің берекесін кіргізіп, отбасын мейірім-шуаққа бөлей білген ол, Сауытбектен кейін төрт құрсақ көтеріпті.

Колхоздың қыруар, қат-қабат жұмысының бел ортасында жүрген Мәдмар үйге келгенде балаларының былдырлаған тіліне қызығып, оларды сөйлетуге құмар болатын. «Балалы үй базар»-демекші, балапандарының тәтті қылығын көріп, шаршағанын ұмытып та кетер еді.

Кешікпей дүниені дүр сілкінткен Ұлы Отан соғысы басталды. Колхоз жұмысы бұрынғыдан да қиындай түсті. Ер азаматтар майданға аттанып, ауылда қайрат көрсетер қажырлы жандар да аз қалды. Соғыстың ауыр салмағын көтерген әйелдер мен балалар ел іргесін ыдыратпай еңбек етіп, Отан үшін от кешкендердің отын сөндірмеді әйтеуір.

Сауытбек бес жасқа толғанда арқа сүйер асқар тауы әкесінен айрылды. Қаршадай кезінде жетім қалып, қиындыққа кез келген жас бала, ауыр жұмыстың қамытын мойнына ілген анасына көмектесіп, ерте есейді. Анасымен бірге жұмыс істей жүріп, ауылдағы жеті жылдық мектепті 1956 жылы бітіріп шығады. Ол кезде қазіргідей жұмыс іздеп сабылмайсың. Екі қолға бір

күрек әзір тұратын кез. Сауытбек те анау-мынау демей, арба айдаушы болып жұмысқа тұрды. Арбакеш деген ол кезде анша-мұнша қызметінмен бірдей. Ауыл арасында сыйлы, құрметі көп, алғысы да мол жұмыс. Сауытбек тапсырылған жұмыстарды мінсіз атқарып, ел көзіне түсе бастады. Колхозда малшы да жеткіліксіз еді. Тындырымды жігіттің еңбеккерлығын байқаған басшылар оған бір отар қойды сеніп тапсырды. Сөйтіп, 1959 жылы аға шопан болып шыға келді Сауытбек. Мал басын аман сақтап, сапалы өнім өндірген жас жігіттің келешегін ойлаған колхоз басқармасы 1961 жылы аудандық комсомол комитетінің жолдамасын алып беріп, Жамбыл қаласына (бүгінгі Тараз) оқуға жіберді. Оқуын бітіріп ауылға келген ол, аудан орталығы Новотройцк ауылындағы өнеркәсіп тауарлары дүкеніне сатушы болды. Елге қызмет көрсетудің жауапкершілігін түсіне білген ол, халықтың сұранысын аяқасты етпей, барынша қажетті тауарлармен қамтамасыз ете білді. Кейін Коммунизм кеңшарына барып, сондағы азық-түлік дүкенін қабылдап алады. 15 жылдай сауда саласында абыройлы қызмет атқарған Сауытбектің халыққа мінсіз қызметі ескерусіз қалған жоқ. Ол облыстық, аудандық тұтынушылар одағының бірнеше рет мақтау грамоталарын алып, талай рет заттай сыйлықтарға ие болды.

Бір жылдары орманшы да болған, қоршаған орта мен жан-жануарлар әлемін сұғанақ қолдардан қорғап, табиғаттың сұлу көрінісіне тамсанған сәттері де әлі есінде.

Кезінде қолдың қысқалығынан білімге сусап өскен Сауытбек құм арасында ашылған малшылар штабындағы «Қызыл отауға» басшылық жасап, мұндағы әдеби кітаптардан бас алмай оқыды. Қазақтың тарлан жазушыларының шығармалары бойында бұғып жатқан таланттың көзін ашқандай болады. Енді оны өзі туып - өскен өңірдің тарихы өзімен күнде араласып жүрген адамдардың тыныс-тірлігі толғандыра бастайды. Қолы қалт еткенде, солар туралы мақала, очерк естеліктер жазады. Жазғандары жерде қалмай, мерзімдік басылымдарға үнсімі жарияланып тұрады.


Сауытбек жазған өзекті мақалалар еліміздің бас басылымы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), облыстық «Еңбек туы» («Ақ жол»), аудандық «Кировшы» («Шу өңірі») газеттерінде үзбей жарияланып, ел тілегі оң шешіліп жатты.

Кейін зейнетке шыққан соң, қаламының желі бар Сауытбек шығармашылыққа бірыңғай бет бұрып, жазу үстеліне нықтап отырды. 1983 жылы алғашқы жинағы «Жыр бесік» жарық көргеннен кейін, «Аша елі», «Түсімдегі жолбарыс», «Көл құдық» «Болашаққа хат», «Менің қарапайым өмірім» атты жеке кітаптары түрлі баспалардан басылып шықты.

Тірлігін ел бірлігімен біте қайнатқан жазушы бүгін де 74-те. Әлі тың. Жазғандарын саралап, жазарларын жобалап жатқан жайы бар. Қаламы мұқалмаған қаламгерден оқырмандарының күтері көп әлі.

Т.Молдақұлов.

(«Шу өңірі» газеті, №90, 25 қазан 2014 жыл.)



ЕЛ РИЗА

Аша елін 30 жылға жуық зерттеп, кітап жазғаным оқырман қауымға белгілі. Ұзақ жылғы зерттеудің нәтижесінде көз жеткізгенім Әулие ата уәзі: «Аша елінің бір болысы ел болуға халқының саны аздық етеді»-деп, басқа болысқа бағынышты етіп қойған. Сонда халықты қокандықтардың қыспағынан алып шыққан Секер батыр ояздың қарсылығына көнбей, «Аша» болысын құруға көп еңбек етеді. Ал бүгінгі Төле би ауылы «Новотроицк» селосы болып аталса, алғашқы атауы «Қазық қаққан» екенін көнекөз қариялардан білдім. Бүгінде елді мекендердің бұрынғы тарихи атаулары қайтарылып жатыр емес пе? Осыған орай, бұрынғы «Новотроицк» селосы Төле би ауылы аталды, енді осы ауылдың бір көшесі Секер батыр есімімен аталса, ел қорғаған батырдың әруағы риза болар еді.

Жақында осы сауалымыздың жауабын алғандай болдық. Төле би ауылындағы бір көшеге оның байырғы аты берілді. Мұны аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, аудандық ономастикалық комиссияның төрағасы Қуантай Байжол хабарлады. Азаматтың ісі алға басып, Алланың нұры жаусын!

(«Шу оңірі» газеті, №101 6 желтоқсан 2014 жыл).



* * *

Жаксы атак-даңк күтпеймін тірімде. Тек өлген соң болашақта іс-әрекетімді таразылауы мүмкін.

* * *

Серттен тайған адам өзіне қастандық жасайды: Алла тағалаға берген сертінен қайтнаған адамға оның рақымы түседі. - депті Бабыр.

* * *

Не айтсан да әуелі ойлап айт, айтып алып оны ойласан - опық жейсің.

* * *

Күдіктенгеніңе күдігінді сездірмей байқап жүрсеңде ертеме, кеш пе ақиқатқа көзің жетеді.

* * *

Біреулердің сөзін тыңдаса, елдің бәрі ақымақ. Мына сөзіне қарағанда олар емес, шын мәнінде өзі ақымақ екенін қалай ол өзін сезінбейді. Ә.Ш. сондай адам.

* * *

Ойлы адам ойсыздың қасында отырса - өзін жалғыз сезінеді.

* * *

Кейбіреулер байыған сайын, не лауазымы жоғарылаған сайын төңірегіне тәкаппарланып шыға келеді. «Ұлық болсаң кішік бол» дегенді де ескермейді.

* * *

Ақылды әйел бағыңа кездескен ерінің артық-кеміне мақұл. Түсініксіз әйел келіскені мен кері кетісіп, жалғыз басты болып үйінде отыр.

* * *

Сөз бен іс тең келмейді? Егер басынан тең келген болса, бұл дүние басқаша болған болар еді-ау.

* * *

Әркім табиғат көрінісінен үйренсе соның өзі сабақ.

* * *

Күнделікті тұтынатын заттан басқа дүниенің бәрі адамға артық. Себебі, ол саған қызмет істемейді. Сен оған қызмет істейсің.

* * *

Бірге туған ағайыннан бастап оныншы буынға дейін тарайтын. 1-бірге туған, 2-Немере, 3-шөбере, 4-шөпшек, 5-немене, 6-туажат, 7-жүрежат, 8-ағайын, 9-аталас, 10-рулас.

* * *

Өмір адамға бір-ақ рет берілетінін оны босқа өткізіп жүргендер аса сезінбейді.

* * *

Адам баласы өмірді жаңа таныған жігіт, қыз күнінен бастап үш нәрсеге ғашық болуы шарт:

1 – Жігіт пен қыз ғашықтығы

2 – Туған еліне деген ғашықтығы

3 – Отанына деген ғашықтығы.

Міне, осы үшеуін меңгергенде ғана бұл өмірге оны толық ғашық деуге болады. Егер осы үшеуінің біріне қабілетсіз болса, онда ол бұл өмірге ортақтаса алмайтын толық ғашық болмағаны.

* * *

Мен өзімді кейде бір түсінбеймін,
Адасып, басқа планетадан келгендеймін.
Ойым мен тілімді билей алмай,
Әлін білмес әлекте жүргендеймін.
Мәңгілік мына адамға тұрақ іздеп,
Жайлы жатуын ол жақты жүрмін коздеп,
Құран сөзі құптарлық сана берді,
Қазақтың жерлеу салтын сұрадым кеп.

* * *

Құры жалған лайықсыз ісіне мақтағандар – кейін датталады.
Шын бағасын алмай датталған – Мұқағали құсап мақталады.

* * *

Әкімдер қарапайым жұрттан аз істеп, жалақыны көп алады.
Пәре, ұрлық, елді, жерді тонағанмен осының бәрі оған аз
болады.

* * *

Жаксы адам біреуге берген қолқайыры мен жасаған
жақсылығын айтпақ түгіл, ойына да алмайды.

* * *

Нағыз адамды зұлым қаралайды,
Ақтап алып келешек саралайды.
Кісілігін танытып, атын сомдап,
Мәңгілікке лайық бағалайды.

* * *

Шығармаларын оқыған сайын Мұқағали Мақатаев пен
Қарауылбек Қазиевтың мінездес екенін сезінемін.
Мұқағали мен Қарауылбек нағыз суреткер. Қатты сөзге

бармайды. Тек жаны жайсаң адам мен табиғатты көркем тілмен
мөлдір, тұнық жеткізеді.

* * *

Қасқыр тартса бірін сиырлар өкіреді,
Өлгенін тұр дендей, мүйіздей көтереді.
Ал кейбіреулер өлгенін ерен қылмай,
Мал құрлы да болмағанын көз көреді.

* * *

Ерінбей еңбек етіп, көз майын тауысқанын,
Істелген іс ізін танытып, көрсетеді болашағын.
Артық-кемін кейінгі ұрпақ айта жүрер,
«Болашаққа хат» шығармадан оқығанын.

Жазған иесіне шешімді баға берер,
Сарапқа сап, ой түйіп, мініне кінә тағар.
Өткен дәуір ағымын ашық айтқан,
Жеріне сену-сенбеу дау да шығар.

* * *

Еркекқұмар, бірақ бала туғысы келмейтін әйелді куса да
құмалақ түспей, өмірі жаралы өтеді.

* * *

Көлқұдық қырық жыл тұрған мекенім,
Қасистінді дарыттың бақ қыдыр скенін
Балаларыма өзінді мәңгі мұра ғып
Аманаттадым
Енді мен де өмірден өтермін.

* * *

Еңбек пен білімді іскерлік қана сомдайды,
Ретін таппаған қай іс болсын оңбайды.
Ақылды, дана, білікті бол мейлің,
Өнер иесін де іскерлік бәрін шыңдайды.

* * *

Маған қымбат бәрінен оқулықтар
Білместігім бас иіп, ақылым қол қусырар.
Сол үшін кітаптарды көріме ала кетсем,
«Сұмдық-ай!» - деп тірілер кінә тағар.

* * *

Ей, адамдар, көңілді бол туған күнге,
Онсыз аттап келмейсің бұл өмірге.
Жарық сәуле сыйлаған аналарды
Сыйлап өткін
Тіршіліктің тірегі ана емес пе?

* * *

Тікұшақ пен кемеде жолаушыны аман қыл,
Тудырады күдікті адамзатқа о да бір.
Сәт сапарды Алладан жүргіншіге тілейік,
Жазымынан жалғанның жарылқаушым, сақтай гөр.

* * *

«Тәкапарлық - өзін өзгеден артық санағанды көрсететін ұғым. Бұл жалғанда адам жақсы ма, жаман ба, өз болмысының артық-кем игілігін өзі көреді. Сол үшін өмірдегі адамдар бір-бірімен тең құқылы. Демек, тәкапарлық топайықтың белгісі. Нағыз жаман адам тәкапардың дәл өзі.

* * *

Қаталдың жалпы көпті тәртіпке салады.
Тыныштық Отан байлығын молайтады.

* * *

Қызғаншақтық та бекер тұмайды. Сенімсіз іс-әрекет сезік
тудырған соң туады.

* * *

Ұлы Заңға бас имеушілік, әуелі үлкенді-кішілі лауазымдылар
мен байлар болса, түсінгісі келмейтіндер мен түсінбейтіндер
заңға қайшы әрекетке барады. Түсінбейтіндерге лаж жоқ. Ал
басқасын кешіруге болмайды. Қазіргі қылмыстың ең ірісін жасап
жүргендер - ірі лауазым иелері мен байлар. Мұның қылмыстық
жазасынан құтылып кетіп жүргендер де солар.

* * *

Қазір ең ауыр майдан - ішімдік пе деймін. Өйткені үйінде
ішуге тамағы жоқтың кейбіреуі араққа қаражат табады да,
нанға - жоқ. Үлесіне алған жерін өңдеуге уақыты жоқ та, көше
кезіп, арақ ішуге уақыты бар. Міне, бұдан басқа да неше түрлі
сорақылықтарды арақ істеуде.

* * *

Адамда бір-бірін құрметтеу жетіспейді. Бейтанысты
айтпағанда, таныстар түгіл, кейбір отбасы мүшелерінің бір-
біріне деген құрметі жоқ болып шығады. Әке-шешесін сыйлау
баласына міндет болса, оны да орындамайтындар өмірде бар.

Біз қашан бір-бірімізді құрметтеуді үйренер екенбіз?

* * *

Саналы жан кездейсоқ бір ұятқа қалса оның өзі бір жасын
кемітіп, ел-жұртқа қарай алмай, сырт айналып жүреді. Ал ұятты

сезбейтіндерге бәрібір, ол тағы ұятты істерін қайталай береді. «Ер - бір өледі, ез – күнде өледі» деген осы.

* * *

Өмірдегі ескірмейтін тақырып махаббат туралы жазылғандар шығар. Бұған дәлел Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш-Баян сұлуды ғана алайық. Бұл мөлдір махаббат, сүйіспеншіліктің болған оқиғаның уағындағымен бізге дейінгі болған қоғам, хан, патша, ұлы қолбасшы, би, батыр, тағы тағылармен өмір тіршілігі бәрі өзгеріп отырған. Бұған қоса мейірім мен жауыздық, қуаныш пен қайғы, теңдік пен теңсіздік, шын мен өтірік, жеңу мен жеңілу, үміт пен өкініш, күлу мен жылау, жақсылық пен жамандық сияқты толын жатқан өмір құбылыстары осы екі махаббат тақырыбына ілесе алмай жолда қалып, не тарихта жоқ, із-түзсіз жым-жырт болғаны көп.

Ал мына екі махаббат хикаясы бізге кеше ғана болған жаңа туынды сияқты естілуде. Бізден кейінгіге де солай бола бермек.

Адам жанын сүйіспеншілікпен жаулап алатын мөлдір махаббат кейінкері ұмытылмайтын шетсіз, шексіз, өміршең, мәңгі ескірмейтін тақырып емес пе деп ойлаймын.

* * *

Бұл өмір өзі бір қызық. Өтірік айтпайтын, ұрлық не басқаға қиянат жасамайтын қоғам, не басқаның мүлкін көзінің қарашығындай сақтайтын, тура жүріп, таза істейтін, еңбекшіл, турашыл, өзінің бар-жоғына риза, қоғам мен адамдарға пайдасынан басқа зияны жоқ, адал адам да ел-жұртына жақпайтынын көзім көрді. Ол менің құдайы көршім еді. Оның жақпайтыны, басқаның жолсыз ісіне жол бермегендігі ғана. Бұл Иманалы Шуақов деген еді.

Ой, сұмдық-ай, өте адал адамға да осындай қараулық болады екен.

* * *

Адамның әрбір өткен күні өзінің келер күніне сабақ. Өткен күннің қуаныш-қайғысы, жеңіп-жеңілуі, істерінің түзу-қисығы, күліп-жылауы, сәтті-сәтсізі, жаман-жақсысы, міне, тағы осы сияқтыларды ой елегінен өткізіп жіберген, кемшілігіне өкініп, жаңылысқандарын қайталамай, түзелуге ниет қылса осының бәрі келер күнге сабақ.

Осыны біз ойламаймыз-ау?

* * *

Кейде танитын адамын біреу өзі білетін жаман қылықтарын үдетіп, біреуге жамандайды. Тындаушысына бұл өзі білмейтін тосын болса да жамандаған сөзінің шын-отірігін ақиқаттамай, о да қосыла кететініне таңғаласың.

Мақтағанда да дәл осылай.

* * *

Салдарлы, парасатты, сұмдық көптің тамаша қариясы еді. Қазаны оттан түспейтін, дастарханы жиылмайтын, күнде үйінен қонақ үзілмейтін, кеңпейіл отбасы болатын. Көбінесе жоқ-жұқана, кемтар, мүгедек, нашарларға жаны ашитын. Соларды сөз қылғанда көзі жасаурап, тілі күрмеліп, жасып қалатын. Ол кез менің жас кезім, «Мына шалдың айдаладағы біреулерді ойлап жылағаны несі?» - деп ішімнен ойлайтынмын. Сөйтсем, менде де ес жоқ кезім екен. Соның екеуін ғана тілге тиек етейін.

* * *

Адам сезім-ойының жетілуі өзіме карап, жасы ұлғайған сайын дами бере ме десем, Шокан, Сұлтанмахмұт, Мұқағали, Лермонтов сияқты толып жатқан жалынды жастардың терең ойлы еңбегіне тәнті боласың. Шіркін, адамның сезім-ойы жасында жетілгенге не жетсін. Талантын дөп басып, ұстап қалатын кезең ғой. Жасамал болғандығы ой-талғамдар өмір көргеннен туындаса,

кұры шатпағын да, ұмытып қалт жібергенін де аз емес сияқты. Менде осылардың салқыны бар. Мен егде тартқан сайын неше түрлі сезім-ойға бара беретін болдым. Бұл менің күнделігімде, басқа жазбаларымда да сыр береді. Солардың әрқайсысы қай жанр екенін қалам тартқан мен, сыншылармен қоса оқырман қауымнан кешірім сұрай отырып, бағасын күтемін.

* * *

Бұрын мені танымайтын екі адам өздері іздеп тапты. Біріншісі: сыншы Сағат Әшімбаев марқұм.

- Сіздің қарапайым жүрісіңізді сыртыңыздан көріп, ұнатып, танысқым келді, - деп кетіп бара жатқан мені артымнан қуа келіп тоқтатып, танысқан соң, үйіне қонаққа шақырды.

Екіншісі: жазушы Әбіқұл Ибрагимов.

- Шала сауат болсаң, әрі айдаладағы құм ішінде тұрып-ақ жазғандарың үшін сені ұнағамын, - деп «Көлқұдыққа» мені іздеп келіп, тапты.

* * *

Менің болмысымды танып, бағалаған екеуіне де өтелмес борыштар болсам, әрі мені танытқан кереметке ризамын.

* * *

Бүгін кешкі көгілдір экрандағы «Күлтөбе» бағдарламасында «Қазақтың жауы - сырттан», деді біреу. Оған «Қазақтың жауы - іштен, Қаныш пен Мұхтарға күн көрсетпеген» деген қарсы дау айтылды. Отырғандар екі жарыла төрт тағандаған қатты пікірталасқа ұласты.

Екеуінікі де орынды: қазақтың жауы іште де, сыртта да бар.

* * *

Қасым Қайсеновтың жазғанында бар «Сәттілік – батыр анадан – туа батыр болады. Анадан туа батыр Бауыржан мен Махамбет» - депті деген де сөз бар.

* * *

Бұл да өте дәл айтылған пікір. Анадан туа батыр – Бауыржан мен Махамбет деген тура сөзге риза болдым.

* * *

Бұрынғылардың басы қосыла қалса тәлім-тәрбие беретін ұлағатты әңгіме айтысып, бір жасап қалдық деуші еді. Қазіргілердің басы қосылса, тек арақ ішуге көшетіні қалай болды екен? Ой, сұмдық-ай!..

* * *

Өмірде жақсы адамдар көп. Бірақ соның көбі қарапайым халықтан. Жоғары, байлықты меңгерген, сөз бен істің көзін табатын, сөзі жоғары-төменге өтімді осындай қабілеттерді бойына сіңірген шыншыл, әділ топтан жақсы адамдар сирек. Егер осы топтан халық қамын ортақ ойлайтын жақсы адам көп шыққан болса, жер үсті басқаша болар еді.

* * *

Қарны тоқтықтан пейілі тоқтық озық.

* * *

Нағыз данышпандар ой ұлылығын меңгергендер ғой, шіркін.

* * *

Қытайлар адамды үш топқа бөлді екен. Біріншісі, алдын-ала іс шешетін адам. Ол – адам. Екіншісі, соңынан ойлап, соңынан іс шешетіндер, олар – құлдар. үшіншісі, ешнәрсе ойламайтын, ешнәрсе шешпейтіндер, бұлар – хайуандар.

* * *

Мен 37 жасқа келгенше екінші мен үшінші топқа жатып, құл мен хайуан болып келгенімді мойындаймын.

* * *

Менің қарапайым өмірімде болар-болмас із қалдыруымда тәнірдің бір қасиеті бар-ау, деймін. Әйтпесе «мен кіммін?».

* * *

Өзін-өзі іштей бақылап-сынап отырмаған адам айдалаға лагып, адасқанмен бірдей.

* * *

Өмірін-ұсақ нәрсемен өткізетіндер бар. Мен отыз жеті жасқа дейін ұсақ болдым ба деп ойлаймын.

Бұдан кейінгі тірлігім де мәз емес, көңілім толмайды.

* * *

Қазір біз көсемсіп, көп сөйлеп, көп жазатын болдық. Бірақ соны өз бойымызға сіңіруіміз тым аз.

* * *

Жер бетіндегі адамның сөзі мен ісі тең келіп, әр адам өз кінәсін мойындап, соны түзетуге тырысса, бұл өмірде адамдар арасы мөлдір болар еді-ау. Оған біз керсіншеміз.

* * *

Әйелі жоқ үйде төрт қыбыласы қаншама тең болса да берекесі болмайды.

* * *

«Аталы сөзді» - ессіз, не есерсоқ тыңдамайды.

* * *

Әрбір істің басталуы қандай болса, аяқталуы да сондай болады.

* * *

Алысты көзбен емес оймен болжайды.

* * *

Әр нәрсенің өлшемі бар. Сол сияқты әрбір адам өз шамасына қарай болуға тиісті. Соны сезінбей, артық сөйлейтін, күшінен артық іс істейтін, өзіне лайықсыз киім киегін, демек, өз болмысынан артық жүретін адамдар да аз емес. Сонда өз қабілетіне сай болғанға не жетсін.

* * *

Басқа адам бойындағы қасиетті де соған сай көреген адам таниды.

* * *

Өткен уақыттың кейбір өкілі бүгінгі күнге ілесіп келе жатқандары бар. Олар Абылай хан, Төле би, Шапырашты Наурызбай бағыр, Бұқар жырау, Жиренше шешен, Байзақ датқа, тағы тағылар.

Ал қарапайым халықтың игі істерінің жемісі келешекке ілесіп отырады да өздерінің аты аталмайды. Мәселен, ата қонысымыздың тұтастығы солардың арқасы.

* * *

Жас кезінде «сондай болсам» деп кәрілікті сағынады. Кәрі болған соң баяғы ойына түсіп, жас кезін аңсайды. Демек, өмір құбылысының екеуі де дұрыс, екеуі де орынды-ақ.

* * *

Сұңғыла дарын, өте білікті білім, ой ұлылығы осы үшеуі бір адам бойынан табылса, ол дананың данасы. Сол Карл Маркс пе деп ойлаймын.

* * *

Өмірде небір ақылды адамдар көп. Оған жол бермейтін, кедергі келтіріп, тосқауыл қоятындар да көп. Бұған тағы сол ақылын тек өз кара басына пайдаланатындарды қосыңыз. Сонда ақылдылардың өзге жұртқа түк те қатысы жоқ болып шыға келеді.

* * *

Өмір көріністерін айыра алмайтын адам да болады. Оны қалай толық адам деуге аузың барады-ә!

* * *

Ақпарат құралдарында сынаудан гөрі мақтау жиі. Соған лайық болсақ, біз рухани әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз, тіл-дініміз неге кейіндеп барады.

* * *

Қоғам мен ел қамын жейтін халықтың шын өкілі болып жүргендерден қосақ арасында жүргендер көп.

* * *

Сұңғыла білімін көптің игілігіне жаратса - шам-шырақ. Тек өз жеке басына жаратса - арамдық. Одан есігінде жүрген құлың артық.

* * *

Әйелдің көркемдігінің маңызы - естілігінде. Бергі сұлулығын да арттыратын сол естілік. Егер қанша сұлу, көркем болса да, ессіз болса, ол ұсқынсыз солғын көрінеді.

* * *

Қызға жігіт таласы ашық сезіліп тұрады. Ал қыздың жігітке таласы одан да күшті. Бірақ қыз жолы жіңішке, оған жол жоқ болғандықтан құпиясын сездірмеуге бейім.

* * *

Әр адам өз алдына бір-бір соны төбе. Сонылығы сол миллиард адам бір-біріне түрі, жүріс-тұрысы, сөзі, іс-әрекеті, қабілеті, тіпті барлық адамға тән жаратылысы бойынша ұқсамайды.

* * *

Қазір ойласам, мен бұрын мағынасыз (өз жақыным болған соң солай айтам) каталдыққа берілген екем. Әсіресе бала күнгі басыма түскен ауыр кезеңде көрген қорлығын ойыма мықтап сақталыпты. Мұны менен басқа адам баласы көрмеуін өмірден тілеп келем.

* * *

Малын ұрлатқан біреу жоғын іздеп, бір ауыл тұсынан өтіп бара жатса, әйелдің әндеткен дауысын түзге отырып айтқанын естиді. «Бұл әнді тегін айтпаған шығар» деген күдікпен сол ауылды араласа, жоғын табады. Тегін келген олжаға масайраған әйел көңілін осылайша көтерген екен.

* * *

Қазақтың ата-қонысы, жерін, жер байлығын, ел байлығын қазақ еместер ие болғаны көбейді. Осының ақырынан қорқам. Өйткені Мұнның бәрі бөтендер меншігі болып қалуы хақ. Болашақта бүлік осыдан шығып қалмаса екен.

* * *

«Жан құштарлығы достықты туғызады, ой құштарлығы сыйластықты туғызады, тән құштарлығы сезімді туғызады. Тек осы үшеуі тоғысса ғана махаббат оты тұтанады»-бұл көне үнді жырынан. Осылай қосылған Зәбирама қауіп-қатер төніп тұр. Оның орнына құрбандыққа мен кетсем екен деген ой мазалайды.

* * *

Өмірде ұзақ өмір жасаған да, қысқа ғұмыр кешетін де тағдырдың жазуы. Енді ұзақ өмір сүргеннің кейбіреуі із-

түзсіз кететін болса, енді бірінің ізі болашаққа сайрап жатады. Мұндайды мәңгі тірі деуге болады.

* * *

Қазір парламентте отырғандар отаншыл, халықшыл болып көрінеді. Бірақ көбі одан ала. Әрқайсысының түпкі ойы өзінің жеке басының мақсатында.

* * *

Соғыстың ақ-қарасы екі жағынан да жайсыз бейбіт халық үшін. Өйткені басқыншы да, қорғанушы да адам қырушы.

* * *

Ұягты жерінен басқа, денесі түгел ашық сахнаға шығып, тайрандап өнер көрсетіп жүрген қыз-келіншектен қандай қайран күтуге болады? Керсінше. кейбір көрермендер әлгілерге дәл қарауға именшектесп, жүзін төмен салатынын қайтесін. Ой сұмдық-ай, бұған бір тосқауыл болар ма екен деген ой мазалайды.

* * *

Коңіл бір секем алса, одан арылу қиын,
Ұзақ уақыт оны ұмыта алмайды миың.

* * *

«Есепті дос - ажырамас» деген мақал тура айтылған. Шынында «есепті дос» сыйластығын тұрақты сақтайды.

* * *

Біз кейде бүгіннің жетістігі мен кемшілігін кешегімен салыстырамыз. Ғасырдан ғасыр, жылдан жыл, күннен күн озып, адам санасы да соған ілесіп қалыптасып отыратынын кейде ескермейтін кезіміз де бар.

* * *

Нельсон сүйген жары Гамильтонға: «Мен сені сөзбен тұрмақ, оймен де өкпелете алмаймын» - депті. Мен керісінше екенімді мойындаймын.

* * *

Бұрын шалдар бір-бірімен кездескенде жасын сұрасып, «жетпістемін», «сексендемін» дегенге «Жетпіс қандай екен? Сексен қандай екен?» деп қалжыңдасатын, сол жетпіске жақындап тұрмыз.

* * *

Білімсіз болса да еңбектенсе, талапты таланттан нәтиже шығады.

* * *

Талантты ұштайтын, дамытатын-еңбек. Қаншама талантты болса да, еңбек етпесе одан түк те шықпайды.

* * *

«Жас Алаш» газеті 5 сәуір 2007 жыл. Қасым Аманжол «Шынның жүзінде» бағдарлама сұхбатында «шындық айтылған жоқ» делі. Ол рас, ешкім шындық ақиқатты дәл айтушылар сирек.

* * *

Әрбір адамда дос пен қас қатар жүреді.

Шын дос достығын сақтаса, өтірік дос бұзып, қисық жолға бағыттайды.

Қас қолынан келсе, қастықтың барлық түріне баруы мүмкін. Оның бір жақсы жері кемістігіңді бетіне айтып, содан сақтандырып, түзейді.

* * *

Қазіргі үлкен билік өтірік мақтаған, бағынышты құлдардың

ортасында камалып тұрғанын сезінбейді. Әрине, мақтайтын тұсы болса да, тым шектен тыс екенін ойына да алмайды.

Бұрынғы мақтағанда - Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин, Брежнев сияқты болмас па екем деп ақырын ойлайтынына таңғаласың.

* * *

Өмірге жеңіл қарағанымға өзіме өзгелер шын бағасын беріп, өкінгендер болды. Олар Сағат Әшімбаев, Әбіқұл Ибрагимов, Молдахмет Қаназов, тағы басқалар.

«Ең болмаса жетінші сыныпты өз дәрежесінде тауыспасан да, бұрын жазған болсаң белгілі жазушы болар едің. Нағыз шабытты кезеңінді өткізіп алғансың, онда да жаза бер», деді.

Молдахмет Қаназов

* * *

Бұрын қазақ қағаз ақшаны-ақша, күміс теңгені - теңге деуші еді. Бүгін қағаз ақшаны да теңге, күміс теңгені де теңге дейтін болдық. Олай атауымыз тиісті тіл мамандарының шатастыруынан ба, әйтеуір тілімізді шұбарландырып бара жатырмыз.

* * *

Ойдан бұрын сезім туғанмен сезімді дамытып орнықтыратын ой.

* * *

Күн де, ай да, жыл да біркелкі өтіп жатқандай болып көрінгенмен, тіршілік пен адам санасының ілгерілеуі болады.

* * *

Өмірдегі нешегүрлі құбылыстар сезім мен талапқа ой тугызған соң, талантқа жол ашылуы мүмкін. Сонда талантты дамытқан адам, еңбекпен коса, әуелі өзіне айнымас мақсат қоюы керек.

* * *

Сөз қасиеті соның орнын тауып сойлеуде. Асыл, көркем сөздің өзі ретін таппаса, қиюы қашып тұрады.

* * *

Дарияның ар жағында біреу итке ілініп қалады. Бергі жақтан біреу соны көріп, «Мені көрсе ұялып қалар» деп бұғынып отырады. Әлгі, иттен босана алмай көп әуреленеді. Содан соң бергі жақтағы жаны ашып, орнынан түрегеліп:

- Ей, азамат, иттің мойнынан қыс, мойнынан қыс, содан соң жібереді, - деп дауыстайды.

Оның айтқанын істеп, иттен босанған азаматта та:

- Ей, азамат, сен де осыны көрген азамат екенсің, рахмет, - депті. Мұның рас-отірігін бір Алла білер. Мұны бұрын да жазғанмын. Қайталап айтудың реті келіп тұр.

* * *

Ал енді болған оқиғаға келсек. Бір ауданның сауда жүйесі бастығының басынан да осындай оқиға өткен көрінеді. Оның атын атап, түрін түстемей-ақ қояйын.

Сол бастық түскі үзілісте өз кеңсесінің есігін ішінен кілттеп алып, хатшы қызбен байланыс жасап жатқанда ілініп қалады. Екеуі бір-бірінен босана алмай, көп әуреленеді. Ләж жоқ, содан соң екеуі құшақтасқан бойда аудандық дәрігер жолдасына құпия телефон соғып, хабарлайды. Одан соң дәрігер жедел жәрдем көрсету көлігімен келіп, екеуін өлген адам құсатып, нәсілкеге салып, үстіне жабылғы жауып, сездірмей әкетіп ауруханада укол салып, бір-бірінен босатады.

* * *

Өмірде құмарлықтың неше түрі бар екен. Соның ішінде тән құмарлықтан асқан құмарлық жоқ.

* * *

Халықтан асқан ақылды, халықтан асқан кешірімді, халықтан асқан мейірімді, халықтан асқан күш жоқ. Халықты қанап отырып жамандаған оңбайды. Сауда жұмысында жүргенде халықты жамандаған сатушыларды көрдім. Солардың тоз-тозы шығып, оңғаны жоқ. Бұл «Халық жазылмаған тарих» атты шығармамда ештеңе сезіледі.

Мен кейде ойлаймын, сұмдық керемет, есті туған дарынды, данышпан философтар ашқан тың жаңалықтар болмаса, көпшілігі өмір болмысын қайталаумен жүр-ау деймін. Өйткені өмір көреміз, естиміз, кітаптан оқимыз, үйренеміз, міне осы сияқтылардан сезімділердің ой түйюлері қайталау емес пе екен?

Тірісінде жақсы не жаман деген атаққа сенім жоқ. Шын атақ өлгеннен кейін.

«Нағыз көркем әдебиетке үн қосқан» деп кейбір жазушыны жер-көкке сыйғызбай асыра мақтап жататындар бар. Соның шығармасын зейін қойып, арғы жағының ішкі сырына үңіліп оқысаң, оқырманын түсініксіз сезімге бағалағандай ойда қаласын. Ең болмаса өтірігінің өзін орнымен жазсашы, шіркіндер.

Қандай екені ар жағынан көрініп тұрса да, соны жақсыға боямалап айтатындар өмірде аз емес-ау. Тура сөйлегенге не жетсін.

Адам болмысы әуелі сөз, қабілет, еңбек осы үшеуінен құралады.

Сөз: сөз-ойдың көрінісі. Сол арқылы төңірегімен қатынас жасап, әркім өз ойының барысын өмір бойы орындайды.

Қабілет: әуелі денсаулық, күш-қуат, сөз, ақыл, ес, сана-сезім, дарындылықтың неше түрі, алған білім, іскерлік- міне осылар қабілетті толықтырады.

Еңбек: сөз бен қабілеттер істің көзін тауып, әркім өмірін сақтауға еңбек етеді. Демек, өмірдің негізгі тұрағы еңбек.

* * *

Қатар-қатар көрші отырған малшы қауымының бір еркекшора бойжете бастаған қызы киіз үйде ертеңгі төсек орнын төрдегі қағтаулы тұрған жүк үстіне жиып жатады. Сол сәтте күнде қалжыңдасып жүрген бір қылжақ - бала киіз үйдің есігінен сездірмей кіріп, босағаға отыра қалады. Оны байқамаған қыз теріс қараған бойы бүктелген көрпені жүк үстіне асылып қойып жатып артынан жел шығып кеткеніне:

- Ой, тоқшылық-ай, - дейді. Екінші мәрте шыққанда жел шыққанына:

- Ой, көп нан-ай! - дейді де төсек орнын жиып болып, есік жаққа беттескенде, баланы көріп, қалып сасқанынан:

- Қашан келгенсің? - дейді.

- Жаңағы «тоқшылықта» келгенмін, - депті бала.

* * *

Бұрын әр елдің ақылды қариялары ел ішінде болып жатқан жақсы-жаман оқиғаларға баға беріп, артық-кеміне ақыл-кеңесін айтып отыратын. Қазір мұндайлардың жоқтың қасы екені белгілі. Бәрі өзі білерман.

Аласапыран қиын жылдың ашаршылық нәбест кезінде беталды қаңғырын жүрген Құрман дегенмен Көккөз есімді келіншек ниет қосып, оғау құрады. Біз сол әйелді «Көккөз апа» дейтінбіз.

Арғы тегін тереңнен білген Тілеуғабыл болыс отырып қалған болса да, Құрманды шақырып алып:

- Сені не құдай ұрды, өз қарындасыңа үйленіп? - дейді. Бұл

кезде Бекболаттан тараған ру Жиенбет пен Шілменбеттің қыз беріп, қыз алыспаған кезі екен. Бұған сасып қалған Құрман:

- Онда Көккөзбен ажырасамын, - дейді.

- Болар іс болды. Енді тастама, мына жаман уақытта қаңғып жүріп аштан өліп қалады,- депті Тілеуғабыл болыс. Кейін ел есін жиып, етегін жапқан соң Шілменбет елінен Көккөз апаның екі ағасы қарындасын іздеп келеді. Сонда Тілеуғабыл «болар іс болды, енді тастама, қаңғып жүріп, аштан өліп қалады» деген сөзін естігенде:

- Бауырым-ай, бауырым-ай, - деп екі ағасы Тілеуғабыл болыстың ақылды сөзіне риза болып, дауыс көтеріп жылапты. Бұл Тілеуғабылдың өмірден өткен кезі екен. Соның үйіне барып, көңіл айтып, баға қылады екі ағасы.

Қазір ойласам Жиенбет пен Шілменбет арасы 8-9 буындай болса да қыз алыспаған соң әлі бірге туған туыстығын сақтаған кезі екен ғой, шіркін.

Қайран, бұрынғы ақылды қариялар-ай, десеші!

* * *

Қытайлар адамды үш топқа бөледі. Осыны тағы қайталап айтамын.

Біріншісі - алдын ойлап, алдын ала іс шешетін адам, ол - адам.

Екіншісі - соңынан ойлап, соңынан іс шешетіндер, олар - құлдар.

Үшіншісі - ешнәрсе ойламайтын, ешнәрсе шешпейтіндер, бұлар - хайуандар.

Мен 37 жасыма дейін үшінші топқа жатып келгенімін. Бұдан кейінгі жасымда соңынан ойлап, соңынан іс шешуге шықтым. Сонда мен екінші топқа жағамын.

Алдын ала ойлап, алдын ала іс шешетін адам болсам, онда мен бұрынғы өткен күніме өкінбес едім. Демек, бірінші топтан құр қалғанымды мойындаймын.

* * *

Жер бетіндегі адам баласы бір-біріне үстемдік етпей, тең құқылы өмір сүрсе. Терең ойлап, соның жолын тыңнан тауып, өмірін өткізгендердің бірі. Карл Маркс. Осы жолы бүгінгі күні іске аспағанына мен қайран қалам.

Бағырлардың батырына тағы оған қоса өте шыншыл Бауыржан Момышұлы сирек туатын тұлға. Оған мына сөзі тағы дәлел:

«Мен өтіріктен аулақпын, өтірік айтсам имансыз кетейін». «Менің жақсы қасиетімнен жаман қасиетім аз емес». «Құдай маған кемістіктерді аямай теріп беріпті». «Адам-пенде». «Кемістік әркімде де бар». «Кемістігім жоқ деп ойлайтын адамдар - адам емес. Надандықтың үлкен дәрежесі сол ойда жатыр». (Бауыржан Момышұлының жарияланбаған күнделігінен). Басқа түгіл өзін аямайды.

Акындардың ақыны Мұқағали Мақатаев таусылмайтын тақырып, айтыла беретін ән, ақындығы биікпен көрініп жұлдыздай жарқырай беретін тұлға. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген мақал бар болса да «Кейбір тірі жүргендерден Мұқағалидың өлігі артық». Қатты кеткеніме кешірім сұраймын.

Сыншының сыншысы Сағат Әшімбаев «бір адамға сөйлегендей болғанмен, көпке айтылғандай жазыңыз» деп мұндай ақылдың талайын айтып еді, шіркін. Қайран, Сағатымай! Бұл өмірден кім қалады десеңші.

* * *

Тәуелсіздік алғалы байларға заң жоқ та, кедейлерге бар.

* * *

Әрбір үйдің жағдайының қандай екенін сөзінен, дауысынан көңіл-күйінен сезінуге болады.

* * *

«Адамның өмірден алары, өз тілегінен қашан да аз» - депті Д.Лондон.

Басқаны кайдам, мен сондай жанмын.

* * *

Бардың да, каттының да артығы артық болады екен!

Әркімнің өткен күні өзін ойдан көргендей, ал келер күні күңгірт.

* * *

«1937 жылы Қытайдың жазушысы Ба Жин үлкен ағасын кейіпкер еткен «Отбасы» романын жазып бітірді. Роман Шанқайдағы бір газетте жарияланған күннің ертеңінде-ақ Ба Жин осы ағасының Чықауда өзіне қол жұмсап, қайтыс болғаны туралы телеграмма алады. Бірақ Ба Жин осы роман арқылы феодалдық отбасының бір дарынды жастың өмірін қалай күйреткенін оқырмандарына ұғындыра алған еді» деп жазады.

Мұндай жағдай менде де ептеп кездеседі. Ешкім қайтыс болмағанмен, сыртымнан неше түрлі өсек жүрді. Менің басымнан өткен іс, сол өсекшілердің басына келсін, деп тілеймін. Бірақ шын-ақиқат бәрін бір қалыңқа келтірді.

Біз кейде өміріміздің көбін ұсақ тірлікке жоғалтамыз. Мысалы мен үш мүшелі жасты ұсақ тірлікке жібергем. Одан кейінгі өмірімің де түкке тұрмайтын тұсы көп.

Мінсз ақылға бағынуы керек. Егер мінсзді ақыл бағындырмаса, ақыл мінсзден опық жейді.

* * *

Ойыма келген қай нәрсе болсын соны орындап, әрі түсінгім келеді. Бірақ соның көбісіне ақылымның топшылауы жетпейді. Ой-сананың өрісі жетік болғанына не жетсін.

Біреуді біреу жай жақтырмағаны үшін: «Оны қойшы, адам емес» деп салады. Шын мәнінде ол адам баласына тән емес іс істесе не дер еді? Бұған дейін таусылып, түптесп сөйлеп, бағасын беріп қойды. Біз адамдар кейде осындаймыз-ау.

Кедергі жасап, «баласыз еркек-әйелдерді» ірі қызметке, парламентке, өкімет басына, президенттікке жібермеу керек. Баланы керек етпеген еркек-әйелдер халықты, көп отбасынын жағдайларын ойлап, қарық қылмайтынын өмір өзі көрсетіп жүр. Міне, бұл күдік болашақ ұрпақтың ойында болған жөн.

Қазір ақпарат құралдары газет, кітап, радио, телевизор, әр салада неше түрлі оқу орындары, тәрбие беретін ұйымдар мен заң орындары бар. Осының бәрі жабылып жүріп, өзі азғантай қазақты рухани тәртіпке келтіре алмай дүрбелең кезеңге кез келді. Біржарым миллиардтай қытай елі қалай өзінің рухани тәртібін нық ұстайды десеңші? Мұндай ақпарат құралдары бұрын болмаса да ата-бабамыз ұлтымызға тән рухани тәртіпті қалай сақтап келгеніне таңқаласын.

Қайран қазақ халқымның қара шалдры-ай, Өстіп әр істің бәрінің болмысына баға беріп, қалыстығын айтып отыратын! Бүгінде «берекесі тап» деген сөзді ұмытып, «сауда сақал сипағаншаға» көштік емес па?

Күннен күн, айдан ай, жылдан жыл жылжып отыруы жанды түгіл жансыздың да кейбіреуін өзгертіп қана қоймай, адам баласының барлық қажетті құбылыстарын жақсарта, жетілдіре отырып, жеткізбес болашаққа бет алдырып, ұмтылдырып қоятын үміт тіршілігі екен. Сондықтан адам баласының болашаққа деген үмітімен тіршілігі таусылмасын. Егер таусылса, ақырзаман деген сөз, оның беті ары. Алла болашақты аман қылсын деп тілейік, ей адамдар!

* * *

Балаға деген тәрбие әуелі отбасынан басталса, оның ішінде әсіресе, анасына байланысты. Анасы қандай болса, балалары да сондай болып өсуіне көп ықпалы тиеді.

Иранда Аятолла Хоменей көтеріліс жасап, небәрі 22 күннің ішінде американдықтарды елден аластап жіберген көсемін мен оны «Егіз жолдан жүз шумак» деген өлеңге қосыппын. 87-ші ақылды да шанда бар екі жағын тең ұстау. «Хоменейді айтар ем мұндайдың халқы бақытты-ау» деп («Түсімдегі жолбарыс» атты кітап, 162-бет, 15.06.1992 ж., Алматы).

Біз басқа ұлттың жоғарыда айтылғандай намысқа тиер артық сөзін естіп тұрып, ішімізге кіргізіп, байлығымызды тонатып жатырмыз. Біз кешірім жасағанымен, болашақ ұрпақ қалай қарайтынын Алла білер. Осы жері қауіпті.

* * *

Қазақтың кейбір сөзінің өзі бірталай мағына берсе, тағы соған бірталай шешім бар. Бұған үш мәселе айта кетейін, бұралқы сөз болса да.

Әккі ку ұрыларды жоғалтушы малының ізімен іздетіп келіп, олардан ант алғанда, жеңінің ішіне бізді тығып отырып: «Сенің малыңды ұрласам, Алла мына бізді ұрсын» - деп, қолындағы жеңі ішіндегі бізді жерге ұрын, ант бергенсін, қулық жасағандар болған.

* * *

Дананың данасы – Карл Маркс.

* * *

Батырлардың батыры – Бауыржан Момышұлы кезінде қоғамнан бағасын алмағанмен халықтан алған.

* * *

Ақындардың ақыны – Мұқағали Мақатаев кезінде қоғамнан бағасын алмағанмен халықтан алған.

* * *

Жаксыны әсіресе, кейін танитыны, оған уағында кедергі көп болады.

* * *

Кейбіреулердің сөзінен сезбейтіні сезіліп тұрса да білетіндей әр нәрсені бір шататыны бар. Мұндайлар тәсейілсізден шығады.

* * *

Алматыдан Галя, Аида, Диана, келінім Әлия, Астанадан Мұратбек, Отардан Дания-Талғат қызым Әлияның 40 жасқа толған тойына келді. Той өте жаксы өтті.

* * *

Тәуелсіздік көрген біздің арманымыз жоқ десе де болады. Мұны көрмей қанша жан кетті.

* * *

Өмірде жақсы жандар көп. Бірақ көбісі төңірегіне еліктеп, ауытқиды. Төңірегіне еліктемей, тек Отанына адал берілген бір адамды көрдім. Ол - Шуақов Иманалы.

* * *

Өмір сыры таусылған ба? Кейбіреуі шиеттей балалы-шағалы. Соны асырауы қалт-құлт. Кейбіреуде байлық та, мансап та бар, бала жоқ. Алла бұдан сақтасын.

* * *

Бұрын кедейді тәбеті тартып тамақ жесе, «Арғы жағы жарымаған, араны ашылмай қатсін» десе, керісінше тоқ болып, ауқат жемесе «Арғы тегі түк те жеп-ішіп кормеген, қалай тәбеті тартсын» деген тағы байлар.

Бай ат алса, «Құтты болсын!» десе, кедей ат алса «Қайтіп алдың?» деген байлар.

* * *

«Кедейді есіркеп, етегіне талқан салсаң, сезімі оянып кетіп, астынан түртіп, жеуге бұйыртпай төгіп қояды» деп байлар кедейге күлген. Сонда бұрын кедейге таң атып, күн шықпаған. Сол заман қайта келіп, байлар қарапайым халықты кедейді «табар» деп жүр.

* * *

Төңірегіне зиянды. Қолынан келсе қоршаған ортасына арамдық күлығын асырғысы келетіндерден да шығармаларынан да көрініс тапты.

Сондайлардың бірін қараниетті сұм, өзі жұқпалы туберкулез, ішкіш Төрехан Қарамазанұлы туралы әрбір жылдар деректі болған алты әңгіме, бір өлең жаздым.

1. «Қолғап ұрлаған ұры» (1979 жыл қыс айы, Қарағатыда жазылды)

2. «Есеп алғанда» 1-2 үзік (14.03.1980 жыл Қарағатыда жазылды)
3. «Зәлім қонақ» (1980 жыл жаз айы Қарағатыда жазылды)
4. «Кет» (15.02.1995 жыл Көлқұдықта жазылды)
5. «Айғақтар мен күдікгер» (20.02.1994 жыл Көлқұдықта жазылды)
6. «Көксау» (16.04.2003 жыл Жиенбетте жазылды)
7. Сөз емес Төрехан Қарамазанұлына кет дегенін (16.02.1995жыл Көлқұдықта жазылды)

* * *

Ал кім бір жамандық келтірсе, олар тозаққа етбетінен тасталады да: «Және сендер істеген істеріңнің ғана сазайын тартасындар» делінеді. (27 - С. 90- А)

* * *

Сөз қасиеті соның орнын тауып сөйлеуде. Асыл көркем сөздің өзі ретін таппаса қиюы қашып тұрады.

* * *

Қандай скені аржағынан көрініп тұрса да, соны жақсыға боямалап айтатындар өмірде аз емес-ау. Тұра сөйлегенге не жетсін.

* * *

Адам баласы әуелі сөз, қабілет, еңбек осы үшеуінен құрылады.

* * *

Әркімнің өткен күні өзін ойдан көргендей, ал келер күні күңгірт.

* * *

Әркім білімді түйсігіне қарай шамалаған жөн. Қабілетінен

артық білім қанша оқыса да шкімге дарымайды. Мен сол үшін шала сауат екенімді ескертіп, оқырман қауымынан кешірім сұрап отырмын.

Біреулер лауазымы жоғарыласа не байыса соны мәңгі тұрып қалмайтын сезінеді.

* * *

Біз кейде өміріміздің көбін ұсақ-түйскке жоғалтамыз. Одан кейінгі өміріміздің де түкке тұрмайтын тұсы көп.

* * *

Дүниеде ең оңай іс біреуге ақыл айту, ал ең қиын іс - өзіңді өзің тану депті Сократ. Сол айтқандай ойға келгенді жаза беру оңай, оны орындау қиын.

* * *

Кімде болса өз теңдесін көздейді. Күншіл әуелі содан басталады.

* * *

Арамдығын бұрын ойла

* * *

Жамандықтың алдын ал.

* * *

Басқа түгіл туа біткен әдетін өзі қойдыра алмайды.

* * *

Ұрыға бәрі бір не болса, соны ұрлай береді.

* * *

Бұл күнде кемпір айтқандай «тістеп алады анасын» дегендей келіндер көбейіп тұр.

* * *

Адам өзіне өзі баға берсе артық болмас, және сонысын мойындаған жон. Сондай-ақ менің сауатсыздығым барлық жағынан сезіліп тұрады. Бірақ табиғи болмысым одан басым сияқты.

* * *

Мен поэзия, проза және басқа жанрлар болсын солдардың ешқайсысынан талантты емеспін. «Құштарлықсыз даналық жоқ» - депті. Теодор, Момизен. Демек мені осы шақпақтарға қол жеткізіп жүрген тек - құштарлық.

* * *

Шын жаман болып тұрып мақтанғаннан шын жақсы болып тұрып датталған артық.

* * *

Аллаға пенде әсіресе, басына бір қиын сәт түскенде ғана сиынады. Бұған дейін сыйынудың көбісі жүрдім бардым.

* * *

«Балаларыма алтыннан да қымбат – Отаныма деген махаббатымды қалдырдым» - депті Сократ.

* * *

Мен де өмірге деген көзқарасымды поэзия мен проза арқылы балаларым мен болашағыма қалдырдым.

* * *

Осы жарық дүниеде жүргендердің кейбіреулерінің келер күнін ойламайтыны бар. Олар малға ұксап тіршілік етеді де келер күн өкіліне ұрпаққа тындырымды іс қалдыруды сезінбейді.

* * *

Жаксы қасиеттер: тума дарынын, жаксы оқығанын, жоғарғы оқу орнын өте жаксы бітіргенін, жоғарғы беделді лауазымды қызметін, жеткілікті жалақысын, мәдениетті, парасатты ортада қызмет істегенін, төңірегіннің сұмдық қолыпашын көтере алмайтын адамдар да болады. Олар - өзін-өзі қор қылғандар.

* * *

Күйеуінің таза сенімін аяқасты қылып, өмірі жаралы болып, өзін-өзі қор қылып жүрген әйелдер де кездеседі.

* * *

Адамдар арасында көп жаксы қасиеттердің бастысы - мейірім.

* * *

«Кішкентай кілт үлкен сандықты ашады» дейді Кавказ халқы. Сондай-ақ менің өмірімнің бар болмысын аз ғана жазған қолжазбаларым ашады. Өйткені өмірімнің шежіресін бүгусіз жасап шықтым.

* * *

Мамытбек Қалдыбай («Егемен Қазақстан», 22.03.2008ж.)

Кенен Әзербәев акын әйелдерді алтынға, күміске, темірге, көмірге, жезге теңеп жіктепті.

1. Алтын әйел ерінің әрдайым абыройлы болуын, ел құрметіне бөленуін тілейді. Құры тілін алып қана қоймай, соған жағдай жасайды, қамқоршы болады. Оның биікке, алысқа самғап ұшуына қуанбаса, ренжіп қиналмайды. Бұл ретте ол қыран мекен етер шың іспеттес.

2. Күміс әйел ерінің көңіліне, қас-қабағына қарап, әркез арнамысына кір жұкпасын, атак-даңқына сөз келмесін деген ақ тілеу, ақ ниетте болғанмен, қайда барса да мейлі – қырға шыкса да, ойға түссе де қол ұстасып, қатар жүргенді, қасында болғанды қалайды. Оның мұнысы көлін қорғаған қызғыш құсты еске түсіргендей.

3. Темір әйел ерінің айтқанынан гөрі өз айтқаным айтқан, айтқанымнан қайтпаймын деп қасарысып, илікпейді. Шаң-шұң шығарып, тіпті кейде кісі көзінше беттен алып, төске шабады. Содан ері амалсыз жасқаншақ, жалтақ күйге еніп, ешкімді қонақ етіп, сыйлай алмайды. Қайта «Қайтсем әйелімнің көңілін табамын» - деп абырой-беделінен, ақыл-қайратынан айрылады.

4. Көмір әйел өзінің де, өзгенің де бағасын білмей, ертелі-кеш көше кезіп, қыдырып жүргенді қалайды. Үсті-басы кір-қожалақ, үй іші жиылмай ыбырсып жатады.

5. Жез әйел бүгін мынамен, ертең анамен болсам дейді. Оныкі күле қарасаң көйлегіне жамау сұрайдының кері.

Осылайша әйелдерді беске жіктепті Кенен ақын.

* * *

«Жез әйел некеліден некесіз туған баласын жақсы көреді».

* * *

«Жез әйел көйлегіне жамау сұраудың кері» деуі қанағатсыздығын айтқаны.

* * *

«Шығармашылықпен айналысу - тазару».

Аристотель.

Осы тұжырымастарында өте терең мән бар. Шығармашылықпен айналысатын ақын-жазушылар күтпеген жерден бастап, өмір құбылысын, дәуірді, жақсы-жаман кейіпкерді шын, шынайы

болжам-жорамалмен өрнектеп, суреттеп,, оқырманын сендіре, таңқалдыра, күтпеген жерден шығармашылықпен өзгенің де ішкі дүние санасы шығармашылықпен тазаруы рас.

Демек мұның өзі сан құбылып, жойқын өмір құбылысы мен ағымның тек бергі жағы ғана болып қалады да, арғы ішкі терең құпиясының сан тармағының сыры әлі ашылмақ емес.

Сондай бола тұрса да өзіме өзімнің көңілім толмайтын шимай-шатпағымның шығармашылыққа жатпайтын тұсы болса да «тазару» деген терең тұжырымның бергі жағына жатқызған пенделігімнен сыр шертемін.

* * *

АЙНАЛАЙЫН, ТОҒЖАНЫМ!

Швейцариядағы Тоғжаным,
Болашақта білімді боп топ жарғын.
Сағынамын қылығыңды ойға алып,
Үміт күтер елдің кызы бол, жаным.
Күлгенінде желбіреді тұлымың,
Балдай тәтті еркелеген қылығың.
Ойнағанда пианиноны шырқатып,
Тебірентіп жібересің құлыным.
Бәріне де жетік дейді білімің,
Бірі бол кейін оз ортада ірінің.
Ағылшын, орыс, француз, неміс, қазақша,
Сөйлегенде құлақтан кетпей жүр үнің.
Айналайын Швейцариядағы Тоғжаным,
Жетілдіре бер әр білімнің талғамын.
Ақ тілегін қабыл алшы атаңның,
Алыстағы өзіңе сәлем олең жолдадым.

* * *

«Тәуелсіздігімізді көрген бізде арман жоқ. Арғы ата-бабамызды айтпағанда, кешегі кесес кезінде дүниеден өткендер түк те сезбей кетті емес пе?»

* * *

Тірінің өлісі де болады. Ол дүниеде не болып жатқанмен ісі жоқтар.

* * *

Әрбір істің жақсы-жаманы ой тудырмай қоймайды. Соның ішінде ұзақ жасайтын ойға не жетсін, шіркін.

* * *

Тобықтының ішінде Көкше деген рудан шыққан Бектас деген беделді адам Құнанбайға:

- Ей, Құнанбай, қыстың айы алтау еді, сенімен жетеу болды ма? – депті. Маханбет Сапармұратов М.Шоқай атындағы орта мектептің мұғалімі. Мақтарал аудан Оңтүстік Қазақстан облысы. («Жас Алаш» газеті, №13, 12 ақпан 2009 жыл)

* * *

Қазір бізде ақын-жазушы баршылық. Солардың көбісі таланттымыз деген ойда. Өз-өзінің болмысын тура бағалау жоқтың қасы.

* * *

Кейде біз үлкен ірі іс-оқиғаны болмышы ғып көрсетеміз де, болымсыз майда істі үлкен ірі іс құсатып жаңғыртып жібереміз.

* * *

Ұлы заңға бас июшілік пен өз тағдырыңа бас июшілік тепе-тең. Ұлы заңды даналар орнықтырса - өз тағдырыңды өзін

шешіп орнықтырасың. Тағдырыңа ептеп жазмыштың да үлесі болатыны анық.

* * *

Құран Кәрімнің аяттары мен хадистеріне қарапайым халық жүрдім-бардым түсінуі мүмкін. Ал ислам дінімен айналысып, соны халыққа уағыздаушының үлкенді-кішілі имандарына атүсті қарауы кешірілмейтін қателік.

* * *

Дарындылардан гөрі жолы болғыштар әлдеқайда көп – депті. Шынында дәл қазір жолы болғыштар қаптап кеткенін өмір көрсетіп жүр.

* * *

«Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді қазақ. Көркем сөз естісең жаның жадырап қалатыны анық-ау.

* * *

«Мейірім танытпағанға мейірім жоқ» - дейді Мұхаммед Пайғамбар. Кітап – 341-беттегі хадисте. Мейірім танытқанға не жеткен.

* * *

Адам жас албырт кезінде әртүрлі нәрсеге ұмтылыс жасайды. Соның рухани жағын таңдаған адамдардың өмірі мәнді.

* * *

«Жастық шақ – алға ұмтылатын мерзім. Кәрілік - өткен күніңе есеп беріп, соның жемісін көретін кезең».

* * *

Елесті көзге елестеп көңілге ұялататын ой мен үміт.

* * *

«Жер бетіндегі адам бір-біріне түрі ұқсамаса, ой-пікірі де әртүрлі болатыны анық. Тек ұлы заң мен әдеп-ғұрып қана бір пікірге түйістіре алады».

* * *

Нағыз талант карадай табиғи талант. Оған жататындар Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Сауытбек Ұсаұлы сияқтылар.

* * *

Баяғының іс-әрекетін құлпыртып айтатындарда екі себеп бар. Әуелі өткеннің артық-кемін көкसेген, ерен іс-әрекетін дәріштейді.

* * *

«Беймәлім нәрсенің өзі ой тудырады. Діт соны болжайды».

* * *

«Халықтың ортақ ой жарығын өшірмей дамытып отыру - әркімге міндет».

* * *

«Ұсақ мансаптағылардың қылмысынан – ірі мансаптағылардың қылмысы көп болса, әрі ұсақ мансаптағылар мың теңге жемқорлық жасаса, ірі мансаптағылар миллиондап жемқорлық жасайды».

* * *

Әркімге бірінші «Жеке бастың тірлігі мұқтаж болғанмен, халықтық ортақ тірлік мүддесі одан маңызды. Өйткені Отанның, жердің, елдің тәуелсіздігі - болашақтың тірегі». «Ұрпақтар камын ойлау - бүкіл халыққа ортақ парыз» - деген. (Садық Қасиманов)

* * *

«Белсенділік – ойындағысын тез сезініп соны құлшынып тындыру. Сол үшін ой-мақсатына белсене ұмтылады деген сөз. Мысалы, мен шимай шатпақ жазуға белсенудемін».

* * *

«Адам болған соң әркімнің өзіне тән шеберлігі бар. Кейде біз қолдан келмеске ұмтыламыз-ау».

* * *

«Әркімнің дәмесі әртүрлі, кейбіреу өз болмысына сыйымсыз атак дәрежені дәмететіні бар». «Арсыз адамның қоры» - депті (Жүсіп Балағаун)

* * *

«Маңызды оқиғаны – мағынасыз ғып, мағынасыз оқиғаны – маңызды ғып айтатындар бар. Мысалы, Қырымдағыны көретін Қосымбайға көрінген бұта түйе болды», - дейді Қосымбай.

* * *

«Мен ойыма не келсе соның бәрін түртіп жүрмін. Оны болашақ қалай шешетініне күмәнмын».

* * *

«Жеке адам кінәсінің жағымсыз жағын өзі-ақ көреді. Ел билегендердің кінәсінінің зардабын – халық көреді».

* * *

«Шығарманы – биік, терең, ойлы, астарлы жазамыз» - деп оқырман түйсігінен аттап өтіп шатпақтап кететініміз де бар-ау.

* * *

«Біздің ата-бабамыз ақылды, сұмдық батыр, айбарлы

болғанын бір-ак нәрсемен дәлелдеуге болады. Ол асты-үсті байлыққа толған ата-қонысымыз».

* * *

«Ұлы заң тәртібін аттап өтетіндер қаншама болса, өз тағдырын да аяқ асты қылып жүргендер де жетерлік. Заң тәртібін сақтамағандар – кінәсін тартса, өз тағдырын өзі аяқасты қылғандар да өмірін қор қылып өткізіп жүр». «Занды сақтамайтын адамнан өткен зиянды хайуан жоқ» - депті. (Д. Савонарала).

* * *

«Білімсізден - білімдінің қылмысы да жемқорлығы да көп. Алған білімін халықтың ортақ мүддесінен гөрі мансаптыққа, бақ құмарлыққа, ұйымдасқан қылмысқа, айла тәсілін жеке басқа жұмсауы басым». Қанша оқысақта, тәрбиеміз кем болса, қасиетіміз аз болады» - депті (Мұстафа Шоқай)

* * *

«Қаталдықтың түрі көп. Майда-шүйде үшін қаталдық түкке тұрғысыз. Мағыналы, маңызды қаталдық тиістісін тәртіпке шақырады да түсініксіз, ретсіз қаталдық өзін өзге жексұрын етеді».

* * *

«Еңбекті бағалай білмейтіндер дарындыларды да көзге ілмейді» - депті Люк де Вовенарг. Кейбір көре алмайтындар мені де көзге ілгісі келмейді. Онда да бір құдырет шала-сауат менің болмысыма (өз әлімше) жетекшілік еткендей. Сөйтіп ой-мақсатым орындалып жүргеніне шүкіршілік. Әумин».

* * *

«Ең таза әрі орнықты ақылдың орны - кеуіл» - депті. Ең таза мөлдір Асатов Умәлетін өмірлік болмысына сүйіспеншілікпен мен бар кеуілімді бердім.

* * *

«Поэзия мен прозада махаббат туралы жазатын жазушы көп. Мен бұған шорқақпын.»

* * *

«Ой мен сезім шешімі түйіссе арасынан үлкенді-кішілі бір шығарма тууы мүмкін.»

* * *

«Бұрын кітапты өзі іздеп оқитын оқырман көп еді, қазір әкесінің кітабын өз баласы оқымайтын уақыт туды».

* * *

«Адам атадан Аллаһ елшісіне дейін келген барлық пайғамбарлар мен философтардың және барлық алып мемлекеттер мен ғалымдардың ортақтаса жұмсаған күш-қайратының жемісі Ақиық Елшінің жиырма үш жылдық мерзіміне қол жеткізе алмады» - депті Мұхаммед Пайғамбар. Кітап- 421 бет. Өте орынды берген баға.

* * *

«Біреу қалдырған жан жүректегі кірді ойдан шығару қиын. Денедегі кірді сумен жуып кетіре аласың, ал жүректегі кірді көркем сөзбен көңілді жұбату арқылы кетіре аласың».

* * *

Жазушылар одағына барып:

- Менің жазушылар одағына мүшелікке өтуіме бола ма, дедім. Кітаптарымды көріп:

- Өтуіңізге болады. Мына құжаттарды дайындаңыз,- деп мына төмендегіні өз қолымен жазып берді.

1. Өтініш Н.Оразалинге

2. Өмірбаян

3. Личный листок

4. Үш ақын-жазышудан кітабыңызды оқығандағы пікірі.

5. 3x4 екеу, 6x10 екі фотосуретіңіз.

6. Шыққан кітаптарыңыздан бір-бір түгел әкеліңіз

7. Папка

Міне осыларды дайындасаңыз тиісті сарапшылар қарап шешеді, - деді. Мен мүшелікке құлықсыздық таптым.

* * *

«Зиялылық, мәденисттілік деп осыны бөле қарап көп айтады. Ой көзімен болжам жасасак, осыны меңгергендер меңгермегендерге үлгі көрсетпек түгіл, кейбірінің іс-әрекеті өмірде елді шошытатыны аз емес».

* * *

«Асан қайғының хан Жәнібекке, Шалқияздың би Темірге, Бұхар жырау Абылайға, Махамбет Жәңгірханға, Сүйінбай Тезек төреге, Шернияз Баймағамбет сұлтанға шындықты айтты. Ал Абай басшысы жоқ елге қоғамға халыққа айтты шындықты» - деп Сейіт Қасқабаев ой шертеді. («Қазақ әдебиеті» №4 (3168) 29.01.2010 ж.)

* * *

Дүниежүзілік жазушының мақсаты біреу: өмірдегі жағымсыз қылықтан жағымды қылыққа адам баласын бейімдеу. Осының аражігі аса ажырамы сезілмейтін сияқты.

* * *

«Барлық достарымнан пайда көрем, дұшпандарымды одан да көбірек пайдаланамын. Өйткені, жаман істерімді достарым жасырады, жақсылығымды асырады. Сондықтан да өз кемшілігімді білмей қаламын. Ал мен дұшпаным айтқан кемшілігімді тез жою үшін әрекет жасаймын» - депті Ескендір

Зұлқарнайын. Ал керісінше, ел басшылары өзіне шын-ақиқат кемшілігін айтқандарды тұғыртып өзінен алыстатып кудалап, кемшілігін жасырған жағымпаз көзбояушылар топтың қызметін жоғарылатып биіктетуде.

* * *

«Әр адамның қандай екенін өзінен бұрын төңіргі танытады».

* * *

«Біз адамбыз. Бізді Алла жанды-жансыздың төресі етіп жаратты. Бірақ біз өзара адамдығымызға кір келтіретініміз өкіндіреді».

* * *

«Қиямет жақын қалған заманда кісі таңдап сәлем беру (яғни танығанына ғана амандасу) етек алады. Сауда кең жайылады. Тіпті әйел күйеуінің саудасына көмектесетін болады. Туыстық қатынас та үзіледі. Жалған жалаға куә болу белең алып шындыққа келгенде куәлік жасырынады. Қаламның беделі артады» - дейді Хак пайғамбар хадисінде (Мұхаммет Пайғамбар. Кітап – 147 бет) Алла қияметгі жақындағнай-ақ қойсын деп тілеу тілеп отырып хадистен қорқамын.

* * *

«Әділ бидің елін дау алмайды, әділ патшаның жерін жау алмайды» - депгі Едіге би. Қырғыз елінің бүлінгені әділетсіз президент Құрманбек Бәкиевтің кесірінен елінен дау шығып, өзінен шыққан жау да алып жатыр. Алла бізді сондайдан сақтасын.

* * *

«Халқының қандай екені әр мемлекет . басшысының болмысына қарай».

* * *

«Үш топ адам жәннатқа кірмейді: маскүнем, әкешешесінің қарғысын алған және дәйіс (әйелін қызғанбайтын, әкпе-қарындастары сияқты басқа туысқан әйелдер үшін намыстанбайтын еркек). Табарани, Ахмед, Насай жеткізген хадис».

Өмірде әйелін, басқа туысқан әйелдерін қызғанбайтын дәйістер аз емес екені өкіндіреді.

* * *

«Жар жақсысы – ойнасын, оле қалса жоқтай алмайсың» дейді Түрікмен мақалы. Тура қазір өлген ойнасын көпе көрсеу жоқтайтындар бар. «Нәпсі құмарлық пен соқыр сенімнің түбі дәрменсіздікте» - депті. (М.Ф. Вольпер)

* * *

«Әйелдер қамқорлыққа мұқтаж, олардың әлсіз жақтары көп, мейірімдік жағынан еркектен жоғары тұрады. Жаратылысы нәзік, болмышы нәрсенің өзі оған ауыр тиіп, көңіліне тез алады» - дейді Мұхаммед Пайғамбар, кітап – 319 бет.

Біз еркектер әйелдің осындай қасиеттерін мән беріп сыйлап өтуіміз керек. Өмір шындығының өзі осы.

* * *

«Әйелдің тартым күші магниттей көзінде. Кімге болсын көзі арқылы сиқырлы сезімін сездіреді».

* * *

«Адамзат тарихында көптеген дара жол салушылар, жөн көрсетушілер келген. Бұлардың арасында пайғамбарлар да бар. Бұлардың кейбіреулері жетістіктерге қол жеткізді. Бірақ бұлардың ешбірі Хазырет Мұхамедтің көтерген биігіне қол жеткізе алған жоқ» - дейді Британдық энциклопедияда. Мұхамед Пайғамбар, кітап-421 бет.

Ең ұзақ өмірдегі түйінді шын осы.

* * *

«Жұмысшыға дені сау кезінде жұмыс бер, нан бер, ауру кезінде көмектес, мүгедек кезінде қамқорлық жаса, сонда ерекше заңның да керегі жоқ болады» депті Бисмарк.

Бұл біздің елде жегімсіз болып тұр. Заңды жиі шығарады. Оның кейбірі халыққа жетпейтіні де, өзгеріп жететіні де бар. Тағы бұрын шыққан заңға толықтырулар мен өзгертулері жиі болады. Кейбір заңды жергілікті биіктегілер орындамай, аяқасты қалдырады. Ал жұмыссыздық, ауру, мүгедек, аш, жаланап дегендер де аз емес екені өкіндіреді.

* * *

«Езілгендер өздерін ірі санағандарға: Күндіз түні кулықпен Аллаға қарсы келуімізді әмір етуші едің» - дер. Сондай-ақ азапты көрген кезде ішінен өкінеді. Мойнына бұғаулар жасадық. Оларға істегендерінің жазасы берілді. (34-с. 33-А.) Жекешелендіру кезінде халықты қанап, өздеріне тиісті үлестерін бермегені үшін Тілеу Бекқұлов пен Бейбіт Жазылбаев осы азапты аятқа лайық.

* * *

«Қылмыстыны жақтаған - қылмысты, күнәні ақтаған - жымысқы» депті С.Шүкірұлы.

Жекешелендіру кезінде, жекешелендіруді тура жүргізбегендерді көре тұрып, солардың қылмысын жақтаған биліктегілер де қылмысты екені болашаққа ақиқат.

* * *

«Жақсылық – жаман адамды бақытты ете алмайды» - депті Люк де Вовенарг.

«Халықты қанаған, жекешелендіруді тура жүргізбегенді біз қалай жақсы адам, болашағы бақытты дей аламыз».

* * *

Шын мәнінде адам баласы сабырсыз жаратылған (19)

Басына бір бейнет жетсе тым төзімсіз (20)

Қашан қолына дәулет түссе өте сараң (70-с. 19-20-21-А.)

Менің кейінгі ұрпағымды осы аяттардан Алла сақтай ғөр деп тілеймін.

* * *

«Білімдінің кейбірінен – білімсіздің зияны ел мен Отанға аз. Ал қазір зиянды білімдінің саны да ел мен Отанға жемқорлығы да көп».

* * *

«Қазір білімді де мәдениетті де аз емес. Керісінше ұйымдасқан жемқорлық өріс алды».

* * *

«Біздің ауылда бұрын 17 ұлт тұрды. Соның ішінде әсіресе асып-тасымай, көкірегің көтермейтін ұлт неміс халқынан жиі кездесетін».

* * *

«Тұрмыс байлығын кара басының атақ-данқына жатқызатындар нағыз жетесіздер. Отан, ел, атақоныс жайлы ерен еңбек етіп, атақ-данқы шықса бұл деген ортақ мүдде үшін ғой, шіркін».

* * *

«Заңды заң орны аққа да қараға да қолдана алады. Өйткені олар ретін табады. Содан соң заңсыздықтың өзі заңды болып шығады».

* * *

Тіл туралы күллі қазақ халқы боп мәселе көтеріп келеді. Бірақ биліктің былық етпеу кінәсі бар кінәдан ауыр.

* * *

Кеңес өкіметі тәуелсіз Қазақстан мен екі ағымда да өмір сүріп келемін. Бұрын штабты бұза бастағанда менің дабылымнан бес

тексеруші адам келіп штаб бұзылмай қалды. Ал қазір осындай заңсыздықты кімге шағынсаң да аяқсыз қалады. Соған карағанда Кеңес өкіметі кезеңінде заң күшті болған.

* * *

«Кінәліларды көрсетіп, соның ар жағында қазақ халқының 70 жыл жинап–терген еңбегі тұр. Соны жекешелендіру кезінде өздері заңсыз иеленіп кеткен Тілеу Бекқұлов пен Бейбіт Жазылбаев сияқтыны көрмес түйсіні де көрмей тұр».

Бұлар: «Қайнап тұрған суда болып, отқа жағылады» (40-с. 72)

«Сол уақытта олардың мойындарына ажырағалы бұғаулар болған түрде суреттеледі» (40-с. 71-А). Осы аяттар азабын Тілеу Бекқұлов пен Бейбіт Жазылбаев тартатын сияқты. Өйткені, олар халықты қанаған.

* * *

«Қатыгез басшылар ел мен елдің арасын алыстатады. Ал акындар ел мен елдің арасын жақындатады»- деген. Қырғыз мемлекет президенті Құрманбек Бакиев өз елінің арасын бір-бірімен алыстатқан ұрыс болды. «Қатыгез басшылар ел мен елдің арасын алыстатады» - дегенге Құрманбек Бакиев жатады.

* * *

Аялдамада таныс екі әйел кездесіп қалып бір-біріне:

- Қайда барасың? - дейді.

- Қызыма барамын, - дейді екіншісі.

- Қызыңа барсаң жатасың. Мен ұлыма барамын да тез қайтамын. Құдай маған үш ұл беріпті де бір қыз қимапты, - деп екінші әйел күрсініп қиналыпты. Осы екі әйел сөзінде өмір сырының астары бар екені сезіліп тұр.

* * *

1967 жылы мен Алматыда бір айға жуық болғаным бар. Сонда тұратын жолдасым екеуіміз анда-санда сондағы драма

театрына кіріп, өнерін көріп жүрдік. Бұрынырақ барып, театр ауласында екеуміз әңгіме-дүкен құрып отырамыз. Сол бір кездегі жолсерігімнің бір сөзі бүгін мына екі әйелдің сөзінен ойыма түсіп отыр. Сонда: «Ана адамдар театрға кіргелі келе жатқан топ ішіндегі үлде мен бүлдеге оралып, алдыңғы қатарда жайнандап келе жатқан егде әйел қасындағы ерлі-зайыптының әйелінің анасы. Ал енді бір топ ішіндегі соңын ала келе жатқан жұпыны киімді, жүзі пәс егде әйел қасындағы ерлі-байлының жігітінің анасы. Міне, ерлі-байлының қайсысының анасы екені осыдан-ақ белгілі» - деді. Ой сұмдық-ай деп, жолсерігімнің байқағыштығына аң-таң болдым. Сол кездері ерлі-зайыптылар да ұл-қыз өсіріп, бүгін келінді болып, бұрын не істегені бастарына келген шығар. Өйткені, «бұрын не істесең, сол алдына шығады» деген ғой Бабыр.

* * *

Абайдың «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде:

«Атымды адам қойған соң,

Қайтып надан болайын.

Халқым надан болған соң,

Қайда барып оңайын»- депті. Әр елде де надандар бар шығар.

Бірақ тұтас қазақ халқы надан емес қой.

Егер тұтас надан болса қазақ мұндай ата қонысты келешек ұрпағына мұраға қалдырмас еді ғой. Мен мұны қазақ халқыма тіл тигізбеді деп айта алмаймын. «Құдайға жазсаң жаз, көпке жазба» деген сөз бар емес пе?

* * *

«Басшы – елінің сақтаушысы, ер адам - өз үйінің сақтаушысы, әйел адам – күйеуі мен балаларының сақтаушысы» Бухари, Муслим, Хадисті жеткізушісі.

Осыншама атақонысты ынтымақ бірліктің арқасында болашақ ұрпағына сақтаушы болған ата-бабамыз емес пе? Қайтып: «Халқым надан болған соң» деп Абай құсап айтамыз?

Сақтаушысы жоқ Қырғыз мемлекеті не болып жатыр?

* * *

«Негізінде айлакерліктің кесірі иесіне ғана болады» (35-с. 40-А.) Айлакерлік жасаушы Төрехан Рамазанұлына тағы мына аяттар лайық. «Негізінде бұзықтар тозаққа болады (14). Олар қиямет күні тозаққа салынады (82-с. 14-15-А.)».

* * *

Мұхаммед Пайғамбар туралы ештеп сын жазғаны кітапта бар. Ал Абай туралы сын жазылмағанға тән.

Сонда Абай Мұхаммед Пайғамбардан даңқты болып па? Бұған қарап біз де шын-ақиқатты ашып айтатын сыншы жоқ деуге болатын сияқты.

* * *

«Хақ тағалладан кешірім тілеп: «Байқамай біреуін өзгелерден артық жақсы көруім мүмкін (он төрт әйелін айтады). Оным әділетсіздік болар. Сол үшін Раббым. Қолымнан келмейтін осы мәселеде сенің рақымыңа сиынамын» дейді. Мұхаммед Пайғамбар, кітап 391-392 бет. Тағы: «Бұлар менің қолымнан келмейтін нәрсені сұрайды» деу ғана Пайғамбар өзі өз кемістігін де мойындаған. Ал Абай «Халқым надан болған соң, қайда барып оңайын» деп өз кемістігін тұтас қазақ халқынан көруі әділеттілік пе?

* * *

«Рақымсыз жыртқыштан, әділетсіз әкімнен, ұятсыз ұрғашыдан сақтан» деген. Жекешелендіру кезінде әділетсіз әкім мен ұятсыз ұрғашы көбейді. Өйткені, жекешелендіру тура жүрмесе, тастанды жетім бала көбейіп кетті.

«Шыдай беру – ақымақтық, шыдай алмау - азап» депті Шекспир. Қазақ халқыма осы келеңсіз қиын болып тұр.

«Мемлекеттің кемелденуі төрт басқыш арқылы жүзеге асады:

әділдік, бақ-дәулет, білім және қанағат» депті Жүсіп Баласағуни. Қазір әділдік пен қанағат еліме жетпей тұрғаны қиынның қиыны.

* * *

Әр ұлттың қалыптастыратын өз әдеті бар. Соны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра беруге тиісті.

* * *

Нарымбек атай мен Тілеу марқұмдардың бейітінің басына барып құран оқыдым. Жәні жәннатта болсын. Нарымбек атайдың 100 жылдығына орай былтыр 2009 жылы гранит тасқа суреті бейнеленген ескерткішін орнатуға тиісті орынға сұраныс беріп, қаражатын төлеп қойған болатынмын. Сол дайын болған. Сол үшін ескерткішті орнататын қабір басына цемент, күйген кірпіш, құм жеткізетін көліктің ақысын беріп, осыларды дайында деп Тілеулеске табыстадым.

Әрі Нарымбек атайдың жатқан орнып өлшеп, бұрынғы қоршауға берген сұранысым кіші екенін сездім.

* * *

Әр адамның өткен күнде өкініші бар. Өткен күніме өкінішім жоқ деген адамды көргем жоқ. Кемістігін мойындаудың өзі ерлікпен пара-пар.

* * *

Заң, қаулы-қарар жиі шығады. Соның орындалғаннан, орындалмағаны бұрмаланғаны, тиісті жеріне жетпегені көп.

* * *

«Еркекке әйелдің жаттығы жоқ» деген сөз бар. Шынында еркекке қандай әйел болсын, әсіресе әйел талғамайтындарға бәрі бір.

* * *

«Түн төсек талғамайды» дегендей, келіскен екі кінәлі үшін түннің бәрі бір екені белгілі.

* * *

Біреулердің болмысы көрініп тұрса да, содан артық іс істеп, сөз сөйлеп, киім киіп өзіне жараспай тұратынын сезбейтін арсыздар да болады.

* * *

Қазір бәрі жскешеленіп ауылдық жерде жұмыссыздық жайлап, ел не істерін білмей дал болды. Жерді игеретін техника, не каражат жоқ.

* * *

Нарымбек атайдың мүрдесінің басына ескерткішті 6 адам әрең тұрғызып орнаттық. Марқұмның жәні жәнатта болып, Алла қабыл көрсін, Әумин.

* * *

«Дүниеге бой алдырмаған Бауыржан Момышұлы мен Дінмұхамед Қонасв».

* * *

«Өлім – жоқ болу құрдымға кету емес, керісінше, тек мекен ауыстыру, берілген міндетті өтеу, аманатын тапсыру. Қабыр – акырет әлеміне отетін есік, күту залы» - депті (Мұхаммед Пайғамбар, кітап 188-бет).

* * *

«Өлім – каратүнек емес, ол - жарық» деген «Ақиқат көзі», кітап 285-бет.

* * *

Сөйлесе алатындар тұрмақ, мылқаулар да бір-бірімен ыммен түсінісе алады. Соның өзінде кейбір адамдардың бір-бірімен тіл табысуы қиын. Ал басқа он сегіз мың әлем жындысының бір-

бірімен түсінісу сезімі сұмдық күшті жетілгендіктен сөзсіз-ақ түсінісуі нық.

* * *

Мансапқор – мансапта жүргеннің болмысын аңлуда. Бірақ оның кінәсін тапқан мен күш қолында болған соң бағыныштылары құжынаған шыбындай соның жағында.

* * *

Әркім өз шамасын білсе, ол да ерлік. Бәйет деген шөгіп жатқан түйеге күшінен артық жүк артады. Түйе өзінің шамасынан салмақты жүкті көтерін қалай тұрсын. Бәйеттің әр ісі осындай болған. Тәсейілсізге дауа жоқ.

* * *

Мұратбектің «Көлқұдықтағы» қоранын қадасына бір құстың мүсінін жасап, қондырып қойғанын көрген белгілі жазушы Әбікұл Ибрагимов таңғалып:

- Мына балаң сұмдық өнерлі болады, - деген. Сол кезде Мұратбектің жеті-сегізінші сыныпта оқитын кезі еді. Сөйтсем сол уақытта сурет салып, бірдеме түргіп жазады екен. Әттең, әттең сол бір табиғи дарынын дамытпай аяқсыз қалдырды.

* * *

Жас кезінде есейгенді сағынып, балаларымды жұмсап отырам дейтін. Енді есейгенде ол ойы болмаған соң жас кезі бір арман.

* * *

Қызға ұяндық пен әдеп лайық. Бұл қазір казак қызының қылығынан сиреп барады.

* * *

Жүздің көркемдігі, өңсіздігі, жүдегені, ашулы, көңілді кезі - бәрі адамның қандай күйде екенін танытады.

* * *

Осы біз ұлылықты немен олшейміз. Ой ұлылығы, сөз ұлылығы, іс ұлылығы секілді даналықтың әр қилы сыр-қырын тауып, жаңалығын ашқандарды да ұлылыққа жатқызатынымыз рас. Соның ішінде кейбір жансыздарды айтпағанда 18 мың әлем жандысын жоятын атом бомбасын ойлап тапқанды да ұлылыққа жатқызамыз ба?

Осымыз өмірдің арғы жағынан бағдарлай ой түйгенде саналы адамзат үшін дұрыс па? Мен ойымша жанды-жансызды тек жақсылығымен көркейтетіндер ғана - нағыз ұлы.

* * *

«Өмірден өткеннің жамандығын айтпа, тек жақсылығын айт» деп отыратын бұрынғы қарттар.

«Өліге тіл тигізбе, өйткені, олар тірі кезінде нені ексе соны орар» деген Хадисті жеткізген Бухари, Әбу Хұрайда.

«Өлгеннің жаманы жоқ, тірінің жаманнан аманы жоқ» деген де сөз бар.

«Өмірден озғанның қылмысын жасыру – кешірілмейтін күнә, яғни жаңа қылмысқа даңғыл жол ашу» депті Шопенгауэр.

* * *

Осыны ой елегінен өткізіп отырсам, төрт пікір төрт түрлі болса да, бәрі де орынды ескертпе. Әркім өзіне керегін алар. Онда да болса, құбылмалы өмір шіркіннің арғы жол-жөнекей сырының артық-кеміне баға беріп, сүзгіден өткізіп, түзетіп, болашаққа жетекшілік етіп мән беріп отыру орынды. Бұл әсіресе ел басқарған қауымның артық-кемін ашық айтуды талап ететін болашаққа қажет.

* * *

«Адам бойындағы қымбат қасиет қайсысы?» деген сұрақ туа қалса, «жаным, арымның садағасы» деп бұрынғы қазақ атам бекер айтпағандықтан «ар» дер едім. Өйткені «жанын арына

садаға еткен соң оның бойында тағы басқа қымбат қасиеттер болса да, ол арынан кейін болса керек».

Ал қазіргі арын байлыққа сатып жүргендерді өмір көрсетіп жүр.

* * *

Біздің аудан халқына уәде беріп талай адам депутаттыққа сайланды. Бірақ бірі де уәдесін орындаған жоқ.

«Жаманның жаманы уәде бұзған» депті ғой. Баласағуни айтқандай болғанына не шара.

* * *

«Кейбір ізденімпаз талапты талантсыз болса да, бірдеме шығаруы мүмкін. Ал кейбір қулықсыз талантты талаптанбаса, барынан айырылуы мүмкін». «Талант - тәңірберген сыйлық емес, бұл ең алдымен төзімділікпен еселенген еңбек» - депті. (А.С. Яковлев)

* * *

Көңілге бір күдікті кір ұяласа, одан тазару оңай емес, ол ұзақ жылғы кикілжіңді тудырады.

* * *

Лаж жоқтықтан әділетсіздікті көгеретін қарапайым момын халық. Жекешелендірудегі әділетсіздік - осыны көрсетті.

* * *

Шындық пен өтірік теміржолдың рельсындей қатар жүреді. Өмір жаралғалы бірі жеңіп, екіншісі жеңілгені алмасып жауласуының тоқтамауы өмір заңы сияқты.

* * *

Кейде адырандаған арсыздар ызаландырғанын сабырмен ішке сақтап, қайырымын кейін қайырамын.

* * *

Бізді Гитлер жеңіп отар ел болғанда, күніміз не болар еді. Оны халық күшімен жеңсек те. Сталинның басшылығымен жеңіс тарихта қалды.

* * *

Сахнаға шыққан оперлі әртістер көрермен қауымға кішіпейіл, мәдениетті болып көрінгенмен, кейбіреуі шын мәнінде жүрдім-бардым.

* * *

Ей, Абылай, Абылай
Кеше сен өзің кім едің
Үйсін Төле бидің қолында
Түйесін баққан құл едің
Арғы тегінді ақтарсам
Жаныс Қарабайдың үйінде
Түнде туған ұл едің, - деп

Қазак әдебиеті №52 (3108) 23 желтоқсан сейсенбі 2008 жыл.
Құлкерім Елемес Жаныстан шыққан Қарабай ұлы екенін Бұхар жырау дәлелдеп тұр, - дейді. Сұрақ көп, нақты жауап жоқ.

* * *

Адамды сыргтай да, іштей де бұзатын өсек болса, оған күншілдік, іштарлық, жолсыздық, қанағатсыздық қосылады. Бұдан тазару қиынның қиыны.

* * *

«Егер бақытты болғың келсе, онда ең алдымен досыңның жетістігіне қуанып, оның сенен гөрі бұрынырақ бақытты болуын кешіре біл» - депті И.А.Ильин.

Керісінше досын да, елін де қанап, солардың жекешелендіру кезіндегі үлесіне тиістісінен түкте бермей өздері иеленіп байып

отырған Тілеу Бекқұлов пен Бейбіт Жазымбаев сияқтылар өмірде қаншама десеңші. «Ол жалындаған отқа кіреді» (III-с, 3-А).

* * *

«Бір нәрсені қорытарда дұмадал жағы көп болып, әр тармаққа бөлінсе оны «қорыту» екі ұшты болады».

* * *

Жастық шағының қадірін уағында білмеген, кәрілік келгенде өкінеді.

* * *

Бұрын жас бола тұра үлкеннен үміт етсе, енді қартайған шағында кішіден үміт еткенді көзіміз көріп жүр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деген осы-да.

* * *

Теңеуді бейнелеуді де кейде тап басып дәл бере бермейміз. Не өз теңіне жеткізбейміз. Өзімен теңдесіне теңеу сирек.

Мысалы, данышпан Абай әкесі Құнанбайды Шыңғысқа, Ескендірге, Темірге теңеген.

* * *

«Ойлы жазамыз» деп лағып кететін, оқырманға түсініксіз тұсымыз да бар. Негізгі жанрға жақын, болған оқиғадан алыстамай оқырманға түсінікті ойлы жазған дұрыс сияқты.

Талай оқырман пікірін естіп жүрмін. «Кейбір кітапты қанша оқысаң да түк те түсінбейсің» - дейді. «Өмірі мазмұнды кісінің творчествасы да мазмұнды» - депті (Г. Ибсен). Солай болуы керек қой?

* * *

Ел тарихын аңғарсақ, ел басқарғандар әуелі өзін, одан кейін

халқын ойлайды. К.Маркс өзінен бұрын әуелі дүние жүзіндегі карапайым халықтың камын ойлаған.

Дінмұхаммед Қонаев та өз халқын ойлаған.

* * *

«Жаңалықтың тек жақсылығын естігін келсе де, жаман жағы да қабат жүретіні өкіндіреді».

«Әр өлік өзінің тірісінде тындырған болмысына қарай аттанады. Халыққа танымалды – халық құрметтеп жөнелтеді. Ал танымсыз өлікті артының қандай екені шешеді».

* * *

Мен артымның таза болуын көп ойлаймын. Сол үшін де шығармаларымда шын-ақиқатты жазуға бейім тұрамын. Өз басым мен отбасымның артық кем тұстарын баса айттым және, халықты қанап қатты тиген арам ойлы, кара ниет жағымсыз кейінкерді шығармада өз есімімен атап жазуым да сондықтан. Кітаптарыма редактор болғандар, тағы басқасы бар, осыма қайшы пікір айтқандар болды.

Әбікүл Ибрагимов деген жазушы балаларыма звондап:

- Әкеңе айтқын, кітаптары шыққан. Әкеңе оқырман сенбейді, өзін төмендетпесін. Кейінкерлердің кейбіреуін шығармасында өз есімімен атап жазғанды қойсын, - депті. Мұны өзіме де ескерткен болатын.

- Сонда шын-ақиқат қайда қалады, - дегем. Шын мәнінде мен шала сауат болсам, әрі сана-сезімім дамымаған жеңіл ойлы кара дүрсін екенімді сезінемін. Демек, өзіме-өзімнің көңілім толмайды. Қалайша мен өзімнің шын болмысымды жасыра алам. Бәрібір кемістігім шығармаларымнан көрініп тұрады емес пе?

Сондай-ақ халықты қанап, зәбір көрсеткен кара ниет арам ойлылардың іс барысындағы әрекеттерін болған оқиғаларды шығармаға бүкпесіз арқау етіп, кейінкерді өз есімімен атап

жазып жүрмін. Солардың бәрін жіпке тізгендей ғып көрсетпей-ақ үшеуін ғана тілге тиек етейін.

Олар: Бейбіт Жазылбаев, Тілеу Бекқұлов, Қабақов Төрехан Қарамазанұлы. «Олардың кірер жері тозақ! Сонда нендей жаман орын». (38-с. 56-А.).

Алдыңғы екеуін жайлы беделді үлкен газеттерге сын мақала жазғанмын. Тағы басқа оқиғаларға қатысы бар әрекеттері нақты деректермен шығармамда толық қамтылған.

Ал енді туберкулез Қарамазанұлы Төреханды 1996 жылы 02.15 күні үйіне келе жатқанын көрген біреу оның алдынан шығып:

- Қайда келесің? Кет, - дейді. Ондада ол есігінің алдына келеді. «Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығаратын» қазақ халқының әдеті бойынша үйіне кіргізбей, даладағы есік алдына отырғызып, дастархан жайып шәй береді. Төрехан кеткен соң оның шәй ішкен кесесі мен қасығын сындырып, жерге көміп тастайды. Өйткені, жұқпалы туберкулез ауруының микробы тарамас үшін.

Сөйтіп «Кет» деген әңгіме (15.02.1996 жылы) осылай туған. «Ол сондай зор тозаққа салынады» (87-с. 12-А.).

Тағы бірде Қарамазанұлы Төреханды: бір аға шопан әйелі сыпыртқышпен ұрып, үйінен қуып шыққан болатын.

- Үйге неге кіресің? көкірск ауруың өкпе құрт, қылқұрт, канқұрт, жұлын құрт, жегі құрт сияқты жұқпалы аурудың қайсысы болса да жұғады, - деп бұдан басқа да талай сөздің тиегін ағытып, ұрысып машинаға қуып тыққан болатын.

Дәл осы жолы Ленин орденді аға шопан Тәттібек Қыстаубай да:

- Ары жөтел, құрт ауруың жұғады, - деп есігінің алдынан Төреханға ұрысып шыққан еді. Осы болған екі оқиғаны да көлік жүргізуші Қайыпберген екеуіміздің көз алдымызда болған ақиқат істер. «Есеп алғанда» деген әңгіме (14.03.1980 ж.) осылай жазылған. Демек, Рамазанұлы Төрехан көксау туралы жазылған

шығармалардың бәрі шын-ақиқат болған оқиғалар. Мен көбінесе осындай кейіпкерлердің жетесіне сабақ болсын деген оймен жазамын.

* * *

Қазір дүние жүзіндегі елмен байланыс жасауға жол ашылды. Соның жағымды-жағымсыз жағын БАҚ құралдары тең көрсетуде. Бірақ соның жағымды жағынан гөрі жағымсыз жағына жастардың еліктеуі басым.

* * *

Адам өз уақытын дұрыс пайдаланбаса, кейін ұмтылғанмен дәл уағындағыдай болуы екіталай.

* * *

«Өнерсіз ел, өнерсіз мемлекет – бір аяғы жоқ ақсақ, бір қолы жоқ шолақ, бір көзі жоқ соқыр сияқты мемлекет болады» - депті Ататүрік.

Азия олимпиада ойыны елімізде өтіп, дүниежүзі халқына көрінгенімізге мақтан тұтамын.

* * *

Әсіресе ірі лауазым иелерінің кейбірі ірі жемқорлыққа айналасын жатса, бұған дейінгі қызметкерлерін де одан құралақан емесі сезіліп қалады тұрады. «Заң адамды бағындырады» - денті. (Т.Фуллер) Бізде заңды ақыл бағындыра алмай тұр.

* * *

Қоғам тіршілігі басшысына қарай дамиды да, құлдырайды да.

* * *

«Адамның үш жамандығын көрмей, жаман деме» демекші, менің шығармамдағы аттарына сын айтылғандардың талай жамандығын талайлар көрген.

* * *

Әйел мейірімі еркектен басым, айласы одан да басым.

* * *

«Өлімнің көркі - жоқтау» деп мен өзіме қатысты жандарды қалай жоқтап жазғаным шығармаларымда бар.

Ал Зәбира екеуімізді кімдер, қалай жоқтайтынын болашақ көрсетеді. Мүмкін бізді жоқтамайтындар да болар.

* * *

Кім артық сөйлейді дегенге жататындар: түсініксіз, надан, ойсыз, паң, мақтаншақ, тәкаппар.

* * *

Өмірдің тірегі – уақыт. Бұл жалғанда уақыттан артық күштілік жоқ. Барлық жанды да, кейбір жансыз да уақытқа бағынышты.

* * *

Шабанның асына Зәбира, Галя, Назарбек төртеуіміз бардық. Шабанның, Құлаштың бейітіне төртеуіміз барып құран бағыштадық.

* * *

Өмірде уақыттан асқан күшті нәрсе жоқ. Сол уақыт арқылы әркім өз мақсатына ие.

* * *

Әркім кейін өкінбейтін іс істесе нағыз ақылды сол.

* * *

Қара бастарының қамына біздің мансапқорлар шығалмай жүр.

* * *

«Күнәдан, кінәдан, забырдан сактанатындар бұл өмірде мөлдірдей таза жүріп, дін жолына шын беріліп, о дүниесін ойлайтын адам. Бірақ мұндайлар өмірде некен саяк».

* * *

«Шала таланттыны сүйеп өсіреді де, шын таланттыны өлген соң ескермегеніне өкінетіндер көп». «Суреткердің шеберлігі дегеніміз - ең алдымен өмірді бақылау және ұғу шеберлігі» (К.Л. Федин) дегенін ескермейді.

* * *

«Өмірдің неше түрлі қасиетін оятағын сезім».

* * *

«Отан қылмыстыға қару қылса, дін кінәліға тамұқты қару еткен. Отан халқына қалтқысыз ерен еңбек еткенді болашаққа паш етсе, дін күнәсіздің о дүниесіне жұмақты паш еткен. Сонда жарық дүниемен қараңғы дүниеде тепе-теңдік бар».

* * *

«Кенес өкіметі кезінде көрмеген, естімеген, сезбеген сорақылыққа егемен болғанда кезіктік. Бұл қалай?»

* * *

Қиындықты көп көріп өскенмен, таршылық қормай, баршылықта өмір сүрдім. Маған қарағанда балаларым еркін бақытты боп өсті. Олар соны сезінуге тиісті. Ол өздерінің ой-санасына байланысты.

* * *

«Әртүрлі болмыстың сырын ашатын - ұғым».

* * *

«Ойлағанын іс жүзіне асыру нағыз даналық. Бұған Бабыр мен Бауыржан жатады».

* * *

Ұғып алмай «білдім» деу бос сөз.

* * *

«Халықтың көбі күндігін ойлайды. Елі үшін арыдан ойлау неткен саяқ».

* * *

«Қазір әсіресе қанағат байларда жоқ».

* * *

- Ал сіздің міндетіңіз, жолдас Момышұлы, бұрынғыша жиыrmасына дейін тапжылмау. Жиыrmасына қараған түні буынып-түйініп қоныс аударыңыз. Тағы да көрісетінімізге де кәміл сенемін. Ал енді... - Маған қол берді, ол көздері маған ақтық рет қарады. Көздерінен сенім ұшқыны атылып тұрды. СЕНІМ. Бұл сөзді де бадырайтып үлкен әріптермен жазғайсыз. Бұрынғы күндей ол тағы да:

- Жолың болсын, қазағым, - деп тілек білдірді. (29 том, кітап 158 беттен 192 бетке дейін. өте қысқартып алдым. С.М.)

* * *

(Бабыр өз атақоныс жерінен қуылғаннан кейін екі жүзден көп, үш жүзден аз нөкерімен әуелі жорықты бастап Кабулды алып, Ауғанстанды толық бағындырды. Бұдан соң Үндістанда ұлы могол мемлекетін құрған. Осының өзі батырдың ержүрек қолбасшы, өте іскер ұйымдастырушы екенін көрсетеді.

Ал Бауыржан Момышұлы да әуелі батальон командирі аз күшпен үлкен жауын талай мәрте жеңіп, көзге көрінеді. Одан соң полк командирі, дивизия командирі болып ұрыс жүргізудегі

әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басынын ерен ерлігімен ерекше көзге түсіп, қаһармандығы тура Бабырға ұқсас екенін көрсетеді.

Мен Бауыржанды Бабырға теңеймін. Екеуі де аз күшпен үлкен жауын тізе бүктірген С.М.).

* * *

«Өте ерен ержүрек батырлардың шебер тапқыр соғыс қимылдарына қиын ірі тосқауылдар сөз емес екенін Бабыр мен Бауыржан көрсетті.»

* * *

«Бастық не айтса соған тақ тұрған адам сорлы адам. Әйтпесе, оның да бастықтың дұрыс-бұрысына өз пікірталасы болуға тиіс». Армия қолбасшысының орынбасары генерал-лейтенант Звягиннің бұйрығы бойынша орнынан тайдырылса да, Бауыржан өз ойын іске асырып, өзінен басым жаудың екі жүзден асасын жойып, қаншама олжа түсірді.

* * *

- Енді бадырайтып тұрып үлкен нүктеге қойыңыз, - деді Бауыржан Момышұлы.

- Панфиловшылар батальоны жайында шежіремізді осымен аяқтаймыз. Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылғы жиырма үшінші ноябрьде мен комбат болудан қалдым. Мені армия штабына шақырып, полк командирі етіп тағайындады. Мен өзімнің батальонымды Ысламқұловқа өткіздім. Панфиловтың ерекше серіппесін қолдана отырып, гитлершілерді отты жұдырықпен төмпештей отырып, менің полкім Крюково поселкесі мен станциясына дейін шегінді. Сол жерде «Ленинград тас жолы» деген тақырыппен тағы бір кітап жазуға болар еді. «Старая Русса түбінде» деп те жазуға болады. Бірақ кітап бітті. Ал болашақта сізге қояр бір ғана шартым бар... - Салалы

саусақтарыммен қылыштың балдағын ұстады да. Момышұлы күтпеген жерден қаруын суырып алды, күңгірт блиндаж ішінде болағтың қылылдаған жүзі – осы кітаптың басталар кезіндегідей – тағы да жарқ-жұрқ етті.

- Бір ғана шартым бар – деп қайталады Момышұлы.

- Өтірікті сықпыртсаңыз – оң қолыңызды стол үстіне қоя беріңіз. Әп деймін де оң қолыңызды шауып тастаймын. Осыған көнетініңіз рас па?

Мен күліп жібере жаздадым. Қайран менің айбарлы Бауыржаным, оз мінезінен, қаламмен, жүйрік қоңілімен, шарықтаған қиялымен жасалған сипатыңнан бір де айнымайсынау.

Дегенмен, хатшының әдепті болғаны мақұл. Рас – дедім мен, - дейді Александр Бек.

(29 том, кітап 252-253 беттер. С.М.).

* * *

«Адамзат мүддесіне ортақ ойлы жазған поэзияда да, прозада да баршылық. Сол ашқан жаңалығын, не ойлаған мақсатын әркім өзі іс жүзіне асырса, сол нағыз данышпан және нағыз ержүрек батыр». Бауыржан сондай батырлардың батыры.

* * *

«Сыншы шын сынаса – ол ақыл. Егер өтірік сынаса – ол шатбақ». Бауыржан кімді болса да қиын кездің өзінде шын сынайды, шын бағасын береді, шын жазасын береді. Ода шатбақ жоқ.

* * *

«Жазушының бақыты оның еңбегінің танылуында». Қаһарман Бауыржан Момышұлының 30 томдық кітабын оқып бұрынғыдан да бетер таныдым.

* * *

«Ұлылықтың түрі әр салада көп. Соның ішіндегі адамзатқа тән ортақ ой ұлылығы мәңгі жасайды». Бауыржанда ой ұлылығы да, ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігі мен тапқыр ерен ерлігі қоса бар, сегіз қырлы бір сырлы батыр.

* * *

«Көргенді, естігенді, істегенді, білгенді, сезгенді, түсінгенді, ойлағанды, жазғанды - осының бәрінің шешімді түйіні әркімнің қалай қорытуында. Демек бұған шындық пен дұрыстық үстем». Олай болса, Бауыржанның шындық үшін арпалысқаны, кеңес халқының дұрысын деген бағасы үстем болып тұр болашаққа.

* * *

«Қандай данышпан болсын, соның ішінде өз ойын іс жүзіне асыру, өте ересен даналық. Бұған Маркс, Бабыр, Бауыржан сияқтылар жатады». «Білу ғана аз сол білгенді іске қолдана білу керек» - депті (И.Гете). Бұған жоғары аты аталғадар жатады.

* * *

«Ымм. Демек екі майданда бірдей дұшпанмен де, үлкен бастығыңызбен де (генерал-лейтенант Звягинді айтады) соғысқан екенсіз ғой» - дейді Панфилов Бауыржанға». (Мен бұған қоса үшінші майдан деп өзіне қарасты жауынгерлерге қатаң тәртіп орнатып «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған ұйымдастырушылығы, Бауыржанның ерекше қаһармандығы дер едім. Әрине, ерен ерлігі өте қауіпті қиындықтардан туған. С.М.).

* * *

Талантсыздық Алладан, ал талапсыздық әркімнің өз кінәсінен.

* * *

«Қазір кейбір ел басқарғандар, өткенге ой көзімен қарамайды. Өйткені Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин тағы кейінгілер сияқты біздің де ақырымыз не болар екен демеітініне іс әрекеттері куә».

* * *

«Есті сөзге мән бермеген нағыз надан». «Құнды сөз құнарлы ойдан туады» - деген (Л.Н. Толстой).

* * *

«Қазіргі жемқорлық қанағатсыздардың мұрасы болған соң өріс алып келеді».

* * *

Бір нәрсеге ақыл қос десең өрісі жетпейтіндердің өзі ақылды болып кететіні бар.



* * *

Қысқа өмір деректерім

Әкем Мәдімәр Тұңғышалұлы 1889 жылы туып, 1945 жылы қайтыс болған. Мен әкемнің 51 жасында 1940 жылы туыппым. Сонда әкеден 5 жасымда жетім қалып, әкемді сағынып өстім.

1. Әкем бидай қаптаған қаптың ауыз жағына салып маған «Қара пима» әкелгенін білемін.

2. Әкем көп ақша санағанда қасында отырған маған екі қағаз ақша бергені де есімде қалыпты.

3. Үйіміз көшкенде әкем ауырып, жүк артқан түйенің үстіне жатып келгенін де білемін.

4. Түн ортасында біздің киіз үйге ұрылар от қойып (киіз майша лаулап тез жанады ғой) есіктін алдындағы әкем бағатын колхоздың бір отар қойынан бөліп алып айдай қашқан. Бірақ оларды қасқыр алып жүрген ешктей екі төбет ит Қырқар мен Алыпсоқ жібермей арпалысуда. Сонда әкем үй ішіндегі дайын тұрған екі шелектегі судың алғашқы біріп өртке өрістетпей дәл құйып, енді екінші шелектегі суды тағы өртке құя берген асығыс опыр-топыр дүрбелең кезде ұйықтап жатқан мен оянып кеттім. Өртті өшіре салып әкем мен шешем үйден жүгіре шыққан қарбаласта шошып үрейленген мен де жылай қабаттаса соңынан ілесе далаға шықтым. Әкем мен шешем ұрыларға ит қосып «Айдақ, айдақ, айт» деп дем беріп жүргенде мен үйдің артындағы «Ақтобе» колхозының тоған суына түсіп кеттім. Терең суға бір батып, бір шығып шолпылдатып ағып бара жатқан жерімнен қайран әкем жүгіріп келіп мені судан суырып алды.

Сонда ұрылар үйге от қойып, отар қойдан бөліп алып айдай қашқанда оған иттер үріп, азан-қазан боп жау шапқан үрейлі сәттің өзінде «Қарғаның бір көзі бокта болса, бір көзі оқта» деп қараңғыда қапыс қалмай, менің тоған суына түсіп кеткенімді қалай байқап қалған десеші. Қайран әкем, мені өлімнен алып қалған кезі, көз ілеспес сәттілікке бағада жетпес. Шіркін, сөйткен әкеме бұл өмірге мен оған не опа көрсеттім деп кейде қиналамын.

Сонда ұрылардан қойды иттердің күшімен түгел алып қалды. Ұрылар ұсталмаса да жаңадан жер аударылып келген шешен ұлтынан екені белгілі болды. Өйткені ұрыларды иттер талағанда жандалбасалып өздеріне тән белдігін сермегенде иттер белдігін тістеп, бір үзігін қиып үзіп алып қапты. Осы белдіктің үзігі шешен халқына тән екені анықталған. Киіз үй босағасының осы ортенген орны сол бір қауіпті оқиғаның куәсі ретінде мен есейгенде де көз алдымнан кетпей ойымда мәңгі қалды.

5. Әкем маған бір жорға, құнан, не дөнен-ау деймін, сатып әкелді. Ерттеп, соған мінгізген кезде аузы ақ көбік болып тұрғаны есімде қалды.

6. Сол жорғаны ұрылар ұрлап әкетіп, оны Шу стансасында сойып жатқан жерінен әкем ізімен барып ұстайды. «Төгілген толмайды» деп айыбына берген торы байтал мен анама тігін қол машина алып келгені әлі есімде. Сол торы байтал әкем өлген соң жүйрік торы бие болды. Оны Ұмбетқұл сұраусыз мініп, қамшымен ұрып оң көзін ағызып жіберді. Содан соң «Мәдімәрдың соқыр биесі» деп атады ауыл.

7. Әкем өлгенде киіз үйдің ішкі іргесіне шымылдық құрып, сүйсін сонда жатқызып, үстіне үлкен тас бастырып қойыпты. Іші кеуіп кетпес үшін қойса керек. Мен өлген әкемді киіз үйдің іргесінен сығалап көріп жүргенім әлі есімде.

* * *

2. Міне, менің әкем туралы ойымда ұмытылмастай болып қалғаны осы жеті түрі ғана. Басқа бес жасыма дейін әкемнің не істеп, не қойғанын білмеймін. Жүре келе әкенің орны бөлек екенін қорлық көріп, жылап сағынып өстім.

3. Әкем мешін жылғы (1932 ж.) аштықтан қысылмай аман өткен екен. Одан кейінгі өлгенге дейінгі өмірі Шу өзенінің екі жағындағы ел ішіндегі ең ауқаттылар қатарында болған көрінеді. Әкем қайтыс болған кезде төрт тұлкті малды болыпты. Қойдың өзі жүзден аса екенін ел-жұрт айтатын.

4. Әкем жоқ болса да тамақтан, ішім-жемінен, киім-кешектен, шаруа-тіршілікке күш-көліктен таршылық көргеміз жоқ. Бәріне де бардам болдық. Костюм-шалбарды қатарымнан бұрын кисем, белесенетті де бұрын айдадым. Ол кезде ауыл тұрғынының көбісінің тұрмысы төмен екені белгілі ғой. Жүйрік ат, жорға деген менде болды.

5. Мен төрт жетімнің үлкені болсам, әрі шешем мен інім сырқат болды да, үй тірлігіне жастай ерте араластым. Шешем айтқанына так тұрдым.

6. Мектеп оқуына құлқым жоқ болып, нашар оқыдым да, үй шаруасына бейім болып өстім.

7. Мен жоқшылықтан емес, баршылықтан қорлық көріп өстім. Төрт түлік малдың қолдағысын жастайымнан бағамын, ұры-қары зорлықшылдан қорғаймын, өз әлімше жем-шөбін дайындаймын. Ол кезде бірен-сараны болмаса көбісінің тұрмысы төмен. Шаруаға күш-көлік қат, сұрап алғаны балай тұрсын, сұраусыз түйе, аттарды қарау адамдар зорлап алғанда боктаудың неше түрін естісем, таяқ жеген кезім де аз болған жоқ. Соның бірін тілге тиек етіп кетейін. Мініп келе жатқан қара іңген түйемді жолдан Моди деген шешен ұлтының жігіті тартып алып, жыртып қойған жерін кешке дейін өңдеді. Мен түйемді «бер» деп соңынан жүгіріп жылаумен болдым. Міне мұндай зорлықшылдар өмірде аз болған жоқ.

8. Әкем өлген соң төрт-бес жылдан кейін көп малдың белді иесі болмаған соң берекесі кете бастады. Үмбеткүл 30 саулық қойды тоқтысымен сонда, 60 басты кейін, тағы 20 басты қарызы үшін колхоздың есебіне салын жіберді. Шегінен бірден-екіден үйіне алғаны толып жатыр ғой.

Маған деген әкем қалдырған жүйрік шұбар атты сұраусыз Үмбеткүл мініп, зорықтырып өлтіріп, бізге терісін көрсетіп тынды. Жорғаны да құртама деп анам колхоз бастығы «мен мінейін, колхозға сат» деген колхозға сатып жіберді. Міне, осылай төрт түлік малымыз азайды.

9. Анам Іздән Тұңғышалы келіні 1913 жылы туып 1991 жылы өмірден қайтты. Әкем Мәдімәрдан 19 жыл жолдас болып шешем 32 жасында жесір қалды. Анам ашық-жарқын, ақ көңіл, көпшіл, алтілді сөзшең болатын.

Бардам болған соң ба, жесір әйел болса да қазаны оттан түспейтін, дастарханы жиылмайтын, үйді кісіден кісі басып жататын жиі еді. Кейінгі кезде ауыршаң болды. Әйтпесе еңбекшіл еді. «Береген қолы алаған» деп қолы қысқа, кемтар момындарға күш-көлікті, тұрмысқа қажеттілікті де елге көп беретін. Көбіне сол бергеніне жазатын. Мысалы, Ессналы деген кісі екі күнге сексауыл әкеліп алуға қара іңген түйемізді сұрап әкетті.

Соны тоғызыншы күні әрең әкелді. Сөйтсе, түйені батпаққа тығып, екі-үш айдан соң өлмей өз қалпына әрең келді. Анам неше күн сол үшін жылады. Сұраусыз кейбіреуі «берсе қолынан, бермесе жолынан» деп жесір әйел, жетім бізді басынып талай нәрсе істейтін. Анам Іздән сезімді, саналы, әр нәрсенің жөнін біліп, істің көзін табатын. Ешкімнің аса көңілін қалдырмайтын. Көп малдың да аяқасты болуы сондықтан болса керек. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы колхоздану сәтінде Жиенбет ауылының қазіргі қонысын менің анам Іздән таңдап қоныс құрған екен. Сонысына бола бүгінде «Іздән» атында бір үлкен, тағы бір шолақ екі көше бар.

10. Үй шаруасынан басқа жастайымнан алтыншы сыныптың үш ай демалысынан бастап қоғам жұмысына араластым. Шөмелей салдым, арба айдап шөп тасыдым, арба айдаушы болып жұмысшыларды жұмысқа апарып үйіне әкелдім. Сексауыл тасып, қамыс орып, шөп шауып осыларды үйге тасып, базарға да сатып тіршілік қамын жасадым.

11. 1956 жылы жетінші сыныпты тауыса салып, 1958 жылға дейін колхоздың неше түрлі жұмысына араластым. Арба айдаушы болдым, жылқы, сиыр, бұқа да бақтым. Бір бұқа сүзіп, өлім аузынан қалдым. Сақпаншы, шопан да болдым, колхоздың белсенділері қайда жұмсаса соған бардым. Қант

кызылшасының неше түрлі жұмысына атсалыстым. Сонда Ләлә дейтін мақау бала екеуіміз Шу стансасындағы қант зауытында қант қызылшаны машинадан түсіруші болып жарты ай жаттық. Сонда Ләлә жүргізушілерден тамақ сұрап, мені жарты ай бакты. Ләланың мақау екенін ескеріп машина айдаушылары тамақ беретін. Қазір ойласам айдалада біз жататын жатын орын жоқ, көрінген бұрышқа түнейміз, не тамақ жоқ, неге барғанымызды білмеймін. Колхоз да жарытып ештеңе төлемейді ғой. Қазір ойласам, жігерім құм болады.

12. Колхоздың белсенділері мені қайда жұмсаса соған бара берген тіл алғыштығымнан болса керек, мені шақырып алып, 1958 жылы Жамбыл қаласындағы ауыл шаруашылығы мектебінің қой шаруашылығының бригадирлік мамандығын дайындайтын оқуға жолдамамен жіберді. Айына 30 күн еңбек күн жазып, айына 200 сом (ескі ақша) ақша колхоз есебінен төлен, мені бірінші оқытты.

Бұдан кейінгі өмір жолымнан бастап осы жасқа дейінгі не істеп, не тындырған деректерім «Жалған екен көргенім», «Күміс той», күнделіктерде, хикаялармен тағы толып жатқан шығармаларымда сыр беретін болғандықтан қысқартып отырмын.

* * *

Жазушыға тән кемістіктерім

1. Шала сауаттылығым.

2. Болған, көрген, естіген, сезген оқиғалардан аса алмайтындығым.

3. Кінәлілардың ісі мен оның болмысын бадырайтып дәл көрсететіндігім.

4. Ортақ мүддеден астарлы сөз, астарлы ойларды сирек қолданатындығым.

5. Ойландыра, ой сала, ойлы жазуым кем болса, сәтті теңеу мен бейнелеп, айшықты сөзбен құлпыртып жазуым да сирек. Бұған қоса көркем тілмен әдебиеттің талаптарын орындай бермейтін сәттерім де аз емес.

* * *

«Әйелдің басты естілігі тазалығында, одан кейінгі естілік соның ішінде».

* * *

«Сұлулық кімнің болса да бергі жағын көрсетеді. Ең таза сұлулық оның ішкі дүниесінде».

* * *

«Қазір ойласам, менің шығармаларымдағы негізгі мақсат, шындық пен өтірікті, жақсылық пен жамандықты бейнелеуім басым екен. Бұл да өмір болмысы шығар».

«Әр нәрсені түсінгенде: түгел, дұрыс не терен түсінбесен дәл тура қорыта алмайсың. Одан соң беталы лағылғандық».

* * *

«Барлық адам жастық өмірін бастан өткізеді. Сол жастық шак өмірдің өзіне тән қасиеттерін босқа өткізетіндер бар. Бұл өкінішті».

* * *

«Туған елін, туған жерін, Отанын кім жамандайды. Ешкім де жамандамайды. Тек ішіндегі келеңсізін ғана сөз қылады».

* * *

«Ленин, Сталин, Маленков, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачев – міне, бұлардын әрқайсысы бір жүйелі кеңес одағын әртүрлі басқарды. Тіпті ең соңғы басқарған Горбачев «кайта құру» деп жұмысшылар мен шаруалардың тұңғыш мемлекеті – Ұлы Кеңес Одағының шаңырағын ортасына түсіріп тынды. Одан да кейін басқарған Борис Ельцинге мың рахмет. Бірталай кірме республикаларға тәуелсіздік алып берді. Оның жаны жанатта болсын, марқұмның деп Алладан тілеймін».

* * *

«Адамзат тағдырына ортақ игі жаңалық ашып, оны өзі іске асыра алмай артына құры қалдырған данышпандар көп. Оны кейінгі іс жүзіне асырушылар сонын даналығына ортақ».

* * *

«Өзімшілдер ішінде адал адам жалғыз болса, жүнше түтіледі».

«Мәңгіге жататын не болды екен. Мәңгі дегеннің өзі ақырзаманда жоқ болатын сияқты Алла ақырзаманды болдырмаса екен» деп тілейік.

* * *

«Біреулерге мына заман бәрі бір сияқты. Тек күнін көрсе болды. Ондайды «Кім» деп түсінеміз. Ол хайуанға жақын емес пе?»

* * *

«Егемен ел болғалы бір-ақ адам билеп келеді. Оның қалай билегені туралы кейінгі басшы шешетін сауал көп».

* * *

«Қазақ елінің негізгі шаруасы бұрын мал болған, Кеңес кезінде оған егін тағы басқа жұмыс орны қосылды. Ал қазір тәуелсіздік алғалы неше түрлі жұмыс орны тағы қосылды. Онда да қазақ халқының жұмыссызы аз емес. Осыны біле тұра сырттан жұмыс қолын қабылдауы қалай?»

* * *

«Талапсыздық – ойсыздыққа тән. Талаптының ойында бір мақсат бар деген ұғым».

* * *

«Мен 37 жасқа дейін өмірге жеңіл қарадым. Одан кейінгі өмірімнің нәтижесінің бағасын оқырман берер».

* * *

«Мен шамамды білемін. Сол үшін шала сауат скенімді ескергіп, оқырман қауымнан кешірім сұрап отырамын».

* * *

«Бұрынғылар: «Халықтың бір атасы «Ит» деп түсінбес наданын айтады екен». Соған жатпасам болды».

* * *

«Тіл туралы газет-журналда тағы басқа БАҚ-құралдарында жазып та, айтып та келеді. Бәрі сол жауапсыз қалып тұр».

* * *

«Мен қазір жетпіс бірдемін. Бұл сан жасамал болғанымды көрсетсе, оның аржағында уақыттан ұтылыс жасадың дегендей сыр тұр. Қайран өмір, уақытыңды осылай ұрлайды екен-ау».

* * *

«Мен жазбаларымды кайталап оқып байқасам, өз тарихыма ден қойған сияқтымын».

* * *

«Әрбір тақырыптың ішкі сырына сол жазылған оқиға жауапты».

* * *

«Тәкаппар, паң, асқак, надан ойсыздық бір адам бойында болса, ол түзелместен өмірен өтеді».

«Ұлы ойшылдардың ойға қонар ойы - ұғымдыны мұратына жеткізетіндей әсер етеді».

* * *

«Қоғам тіршілігі бұрын басқаның қолында деп армандадық. Енді қолымызда болса да, өз қолымыз өз аузымызға жетпей тұр».

«Әр нәрсені өз бетімен түсінгісі келгенмен – білімсіздік кедергі жасайды».

* * *

«Бұрын қандай сын жазылсын – бәрі бақылаулы еді. Қазір барлық БАҚ құралдары бақылаусыз».

* * *

Қазір ойлап отырсам, тапсырыспен жазылған шығармаларым аз емес екен. Тапсырыс бергендер ішінде, әсіресе, қарапайым халыққа қиянат жасап, оларға кірбең келтірген деректі іс-әрекетті ашық, сынай жазу әрбір жазушы міндеті екені рас. Сол тапсырыспен жазылған шығарманың текі екі-үшеуін ғана сөз етер болсам олар халыққа зәбір көрсеткен мыналар:

1. Бейбіт Жазылбаев «Төле би» шаруашылығының төрағасы болып тұрған кездегі қарапайым еңбекшіл елге істеген қиянаты ұшан-теңіз. «Төле би» шаруашылығының елінің маған Бейбіт Жазылбаевтың жемқорлығын ескерткеннен басқа осы шаруашылықтың тексеру комиссиясының төрағасы Кененбай Бірімқұлов біздің үйге келіп тұрып маған тапсырыс беріп, Бейбіт Жазылбаев туралы қылмысты істерін жаздырды. «Тұрғылықты халық туралай бере ме?» «Заң газеті», 09.04.1997 жыл. Тағы да «Заң газеті» 28 қазан 1998 жыл «Ұяттан басқаның бәрі бар». Бұдан басқа да жазылғандар бар.

2. Тілеу Бекқұлов «Нұр» ұжымдық шаруа қожалығының төрағасы болып тұрған кезде ұжым мүшелеріне обал жасағаны тегі сұмдық, айтып тауыспайтындай. Әуелім бейіттерді бұзып, бақша еккенін мені ертіп барып елдер көрсетті.

Тілеу Бекқұловтың ұжым мүшелеріне істеген қиянатына 88 отбасы қол қойып, маған мақала жаздырды. 20 мамыр 1994 жылы «Халық кеңесі» газеті «Жекешелендіру әділ жүрмей жатыр», «Аша слі» кітабында «Жаналқым», «Көлқұдық» кітабында «О дүниеде рақымшылдық жоқ» - мұндай шығарма баршылық.

3. Төрехан Қарамазанұлы Қабақов «Абай» совхозында бөлімше зоотехнигі болып жүрген кезде оның да жолсыздығы шығарма жазуыма түрткі болды. Тапсырыс бергендер: Байтөре Қашағанов. «Көлқұдық» кітап, «Көксау», Қыстаубай Тәттібеков – Ленин орденді «Есеп алғанда» «Көлқұдық» кітап. Зәурехан деген әйел: «Үйге неге кіресің, жұқпалы көкірек ауруын жұғады» деп Төрехан Қарамазанұлын үйінен сыпырғышпен ұрып, қуып шыққан. Күләш деген әйел де «Жөтелің жұғады» - деп дүкеннен қуып шыққан. Қапуза деген әйел де осылай ұрысып, Төреханды қуып шыққан. Мұнан басқа үйінен қуып шыққандар аз болмаған. Осындай намыс қылар ескертпеден сақтанбақ түгіл арсыз, ұятсыз неме сөз естуге қайталай беретін. Оның үстіне ешкім маскүнемдікпен «әйел үй тастамайды, сиыр су тастамайды» деп ішімдіктің реті келіп, қаламаны ойлап, әрбір шақырусыз, жақтырсын-жақтырмасын тіміскілеп жүретін. Сонда ірісін айтпағанда кірген үйдің қолына ілінгенін алып кететін, жымыскы ұрлығы бар еді. Соның бірі «Қолған ұрлаған кокжотел» деген әңгіме жазып, сол «Көлқұдық» атты кітапқа енгені өте майдалығы болатын.

Міне, Төрехан Қарамазанұлы туралы жазылған шығармаларымның бәрі деректі болған, ақиқат тапсырыспен жазылғандар болатын. «Үйіңе кет» десе кетпей қойғанына «Кет» деген әңгіме «Көлқұдық» атты кітапқа енді. Мұндай шын-ақиқаттар менің жазбамда аз емес екенін оқырманға ескертемін. «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартарсың» деген. Талай адамнан сөз естіп, күйігін тартқан. Төреханға ешкім өздігінен тиіспейді. Керсінше ол бірінші тиіседі. Әсіресе әйелдердің екі бұт арасына намысқа тиер қатты сөз айтқан соң Зәурехан Сыпыртқышпен ұрса, Күләш ұрын дүкеннен қуып шыққан. Басқаларда өздігінен тиіскен соң Алла жіберген сырқатын бәріне басып салық қылғандар көп болған. «Жамандыққа қарғыс айт өле-өлгенше» - депті. (Абдрахман Жәми)

* * *

Қорыға айтқанда, Тұңғышалының тоғыз ұлының ішінде оның өмір жолын жалғастырған Мәдімәрдан екі ұл, екі қыз бармыз. Әкем Мәдімәрдың дарқан көңілінің, ниетінің кеңдігінен шығар. О бастан кең ойлаған әкеме «өсер отау өрісті» дегенді тілеп, осы сөзімді асылыққа жазбай, Алла ақырын берсін. Әмин.

* * *

Менің болашаққа ескертерім: шығармамда болсын, күнделігімде болсын кейбір болмысымдағы іс-әрекеттерді ашып жазып келемін. Бұл сырым кейбір ақиқатты сүймейтіндер үшін жағымсыз, күлкілі екенін де сеземін. Онда да «шындықтың ағы шындық» деп, осы өмір жолымның ақиқатын алтын қазық қып кейінгіме қалдыруға жазып келемін, оқырманым. «Шындық - адамның ар-ұятының жемісі» - деген. (Н.М. Поржевальский)

* * *

Ақ жолды таңдағанға қашан да қара жолды қарсы тұрады.

* * *

Күйкі кісі қашанда жымыскы ойын бүгіп тұрады.
Зеректер дегеніне жеткізбесе бейқамды шалып қалады.

* * *

Әбдіманан інім қайтыс болған соң оның үйін иеленіп үлкен балам Мейрамбек тұрды. Оның да марқұм болғанына талай жыл болды. Бұл үйдің моншасы, төрт түлік малдың қора-жайы, тауық күрке, керек-жарак қоятын орын мен шөп жинайтын бастырмасына дейін бәрі бар. Жері көп, әрі судың мойны, басқаның жеріне шықпаса да, оған дайын. Алма, өріктің неше түрімен көк өрістің әр түрі самсып тұр. Бұл үйге қарастының бәрімен қоса ауласы мен жері түгелімен сыртынан мықты қоршалған. Ұшқан күс болмаса, жүретіндер бұзбаса төңірегіне

кіре алмайды. Осыған қызыққандарға үйді көп жыл болды, сатпай қойдым. Қаражатына пенделік етсем баяғыда сататын едім ғой. Оған екі марқұмның екі ұлының бірі болмаса бірі иеленер деген ойда болдым.

Әбдіманапұлы Арманды осы үйге тіркетіп, кітапшасын қолына берсем де шешесі екеуі келіп, бұл үйге тұрмай қойды. Ал Мейрамбектің Жантөресі де сойтті. «Ауыл тұрғындары жұмыссыз. Біз не істейміз?» - дейді. Шынында солай екені де рас. Менің балаларымның бәрі сыртта болған соң жерді пайдалануға, жоғарыдағы айтқан көк өрістің бәрін жыл сайын жиып алуына бір көршіме босқа беріп қойдым. Ол тұрмақ өзім тұрған үйдің тағы басқа толып жатқан жерлерім пайдаланусыз жатыр. Осы босқа бергенді жиып алуға барған көршінің көрі шешесі Шәйкүл бал татып, самсып тұрған алма, өрік, тағы басқа жемістерді көріп, иссіз қалғанына екі марқұмды есіне алып, қамығып жылағанын айтты маған. Мен де оған жасып, «иесі жоқ үй жетім» деген осы ғой деп қиналып, көзіме жас алдым. Мен оны сатпай отырғаным анам Іздән мен інім Әбдіманап, балам Мейрамбектердің тұрған үйі, солардың көздері деп сатпай қойғанмын. Енді ең болмаса иесі жоқ осы үйдің теректері мен қарағаштарын өзіме кесіп алайын деп, соның төрт терегін кесіп, өзім тұрған үйге трактормен сүйретіп апарып қойғам. Сол төрт теректі бүгін қабығын аршып бітірдім. Бұл ағаштар да адам белінен де жуандап кеткен. Қалған терек, қарағаштарын да кесіп алатын ойдамын.

* * *

Тектінің текті екені, тексіздің тексіз екені болмысынан сезіліп тұрады.

* * *

Бүгін Сағижанның туған күні. Екі жасқа толды. Соның туған күнін тойлады.

* * *

Барлық нәрсенің арасы қарсылықтан тұрған,
Жаксы мен жаман шын мен өтірік содан туған.

* * *

Адам жасамал болған сайын өткен өміріне ой жүгіртпін, еске алып отырады екен. Соның бірін қазір 73 жасқа қараған шағымда ойласам, менің азан шақырып қойған атымнан басқа бес атым бар екен.

1-шісі – төрт жасқа шыққанша тілім шықпаған соң мені «Қарамақау» атапты.

2-шісі – мен жасымда аузымды аңқитып жүреді екем. Соныма бола мені «Ашықауыз» атапты.

3-шісі – Менің астыңғы ернім томен, салпыңқы болғанына «Салпыауыз» атапты.

4-шісі – мені Жиенбет елінің апа-жеңге, кейбір ағаларым «Сәукен» деп атайтын. Әсіресе менен 14 жас үлкен Күзербай ағам «Сәукен» деумен о дүниеге өмірден өтті.

5-шісі – менің үлкен апаларым, жеңгелерім (олардың «қарак», «шырақ» деп өздерінің маған қойған атынан басқа) «Сәукентай» деп еркелетіп қойған есімді жиі айтатын. Шіркін, бұл өмірде кім қалар дейсің? Солардың бәрі қазір ойласам, атымды атайтындар өте сирек еді. Осының бәрі мені құрметтеп, сыйлап еркелетудің әсері екен. Соның да кәдірін кейде біліп, кейде білмеген екем.

Кейін мен үйленгенде кейбір жеңгелерім қалжындап:

- Күйсуінді біз бұрын Қарамақау, Ашықауыз, Салпыауыз деп атайтынбыз, – деп қалса, жолдасым Зәбира:

- Қойшы жеңеше, олай атамаңызшы, - деп қалжындасып, намыстанып қалағын. Қайран сол марқұм болған жеңгелерім ойыма түсіп, бүгін сағынып отырмын.

* * *

«Жасыратыны жоқ, аяңкос абайтанушылар, шалағай Шәкәрім

танушылар көбейіп барады», - дейді Аян Нысаналин («Айкын» газеті, №147(2058), 9 тамыз, бейсенбі, 2012 жыл) «Кімді-кім іздеп жатыр» атты мақалада.

* * *

Біреулер басқаның ісі оған қатысты болмаса да сыртынан тон пішіп, қол сұғып сойлейтіні бар. Мұнысы өзіне кереғар емес пе?

* * *

Адамды сүю дегенді кейбіреуіміз тек байлыққа айналдырдық.

* * *

Кейбіреу меже, шама, олшемін өз болмысынан асырып, не жетпей жасанды тағылыққа ұрынады. Одан да әркім өз тауанына қараса соның өзі өзіне жақсы қасиет емес пе?

* * *

Сәгенкүл күйеуі сенімен құрдас болса да сені көз ұшынан көріп, байқамай жолыңды кесіп өткеніне абыржып күтіп тұрып амандасқан соң:

- Аға, сізді байқамай, жолыңызды кесіп өтіп кеттім. Мына жағымнан өтінізші, - деді Зәбира дастархан басындағыларға.

- Ізет білгеннің жөні бөлек қой. Әнеу күні қоларбамен ағаш алып келе жатсам Баян анандайдан көріп, мен өткенше күтіп тұрды. Әуелім амандасуының өзі сараң құдаша әлі тұр, әлітұр, бұл неғып тұр деп ойласам, менің жүріп өтіп кетуімді әжептеуір уақыт күтіп тұр екен. Жүріп өттім де: «Көп жаса, рахмет!» - дедім. Басқа көшедегі кейбір келіндер де сонандайдан келе жатқаныңды көрсе болды жолыңды кеспей, күтіп тұрады өткенінше. Сондайда оларды көп күттірмей тез отіп кетіп, рахметінді айтасың. Басқа ауыл арасында жүргенде де танитындар түгіл танымайтын әйел-келіншектердің де жолыңды кесіп өтпей күтіп тұратындары бар. Жолын кесіп өтіп кеткенде тұрған не бар дейтін түсініксіздер

өмірде бар шығар. Бірақ казак халқының өзіне тән әдеп-ғұрпын сақтағанға не жетсін дедім. Осыны дастархан басында естіп отырған балам Ниязбек:

- Мына келініңіз жол бере ме? – деп келіншегі Айгүлді көзімен нұсқады.

- Даладағы жолымды кесіп өтіп жүргендерін айтпағанда, бір үйде бірге тұрған сон кейде кірген-шыққанда бір есікте екеуміз қабаттасып кездесіп қаламыз. Сонда: «Қарағым, сен өтіп кет», - деп әуелі жолды Айгүлге мен беремін. Туған атасы маған сондай болған соң сырттағы ары-бері жүріп жүрген, танымайтыны түгіл таниғын үлкен кісілерге Айгүлге сөз болып па? – дедім. Зәбира күліп, Ниязбек Айгүлге алара карады. Ол қып-қызыл болып, төмен карады. Бұл әуелі дұрыс тәрбие бермеген әке-шешесінің кінәсі болса, өзінің де үлкен-кішіге деген казак халқының салт-дәстүрін зерделей білмейтін сезімсіз екенінің көрінісі, тағы да тосын келген кісіге: «Үйге кіріңіз, нан ауызтиыңызды» да айтпайды, - дедім.

* * *

Адам қамын шын ойлайтын жоғарыдан сезілмейді,
Парызына сылтау айтып кейбір басшы безілдейді.

* * *

Тегі жоғарының лауазымы төмен болса да болмысы жоғары.
Тегі төменнің лауазымы жоғары болса да болмысы төмен.

* * *

Жемқорлықты тиюды алдымен соны тиятыннан бастау керек.

* * *

Бұрын-соңғы ойшыл-философтар, ұлы тұлғалар және ақын-жазушылардың негізгі мақсаты адамды – адагершілікке үйретуге жазған аса құнды шығармалары өте көп. Содан әсіресе

үлгі алған ел басшысы неге аз. Сонда солардың даналық өсиеті, ақылы керексіз нәрсе құсап құр қағазда жазылып тұр.

* * *

Текті кісінің кісілігі тұрақты,
Тексіз кісінің кісілігі тұрақсыз.

* * *

Мен малшы қауым орталығы Көлқұдықта (Штабта) ұзақ жыл тұрғанымда біздің үйге жоғары-төмен ел басқарған басшы қонақтар көп келді. Солармен дастархандас болғанда сезгенім сөзі - ісіне, ісі – сөзіне сай келмейтініне көз жеткіздім. Біз, адамдар, неге сондаймыз? Сол ниетімізге қарай Алла бізге бір қауіп тудырмаса екен деген қияли ой тудырады. Осы ойдан үрейлене қорқам.

* * *

Данышпан Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» - деп айтады да, өлеңі мен Қара сөзінде күллі қазақ халқына бірде бір адамға арнаған жылы сөзі жоқ та, ал өзінің әкесі, інісі, баласына бар. Керісінше, қазақ халқын қатты сынаған. Сонда «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым» - деп айтқан сөзіне қарай «сөзі – ісіне, ісі - сөзіне» сай келген деп айта аламыз ба?

* * *

Өзіне бір-ақ рет келетін өмірін жағымсыз күн көріспен, мағынасыз қызық қуып, арзан жолмен өткізетіндер бар. «Мақсатсыз өмір сүрген

* * *

Кеңес кезінде сын мақала шешімін табатын,
Болдық қазір сын жазған адамға кінә тағатын.

* * *

Терең ойлайтын ойлы адамға мына дүниенің күн көрісі
қызықтырмайды,

О дүниеге өткенше артына не қалдыратыны қызықтырады.

* * *

Ой еңбегі артында қалады,
Дене еңбегі күн көрісті қалады.

* * *

Кісілігі мол адам – төңірегіне жарық сияқты,
Кісілігі кем адам – қисық ісінің өзі өзіне жөн сияқты.

* * *

Өзін-өзі үнемі жетілдіріп отырғанын,
Сезесің бұрынғыдан дұрыстыққа тазарғанын.

* * *

Жеңілдік іздеген кедергіге тап болады,
Қисынын өткізіп ап сәтсіздікке тапталады.

* * *

Адамгершілік жолымен билеу биліктің көбінде жоқ,
Бүгінін ойлан, ертең өзіне болатыны ойында жоқ.

* * *

Билік өтірік мактағанды шын көреді,
Сөйтіп оның құрған тұзағына ілінеді.

* * *

Астана қаласындағы циркке Зәбира, Ниетжан, Тоғжан,
Сағижан бәріміз бардық. Өте қызықты өтті.

* * *

Байлықтың түбі былық,
Билікке жету екі ұшты қылық.

* * *

Ақыл адамды тура жолға бастайды,
Өмірін нұрлы өткізіп артық іске баспайды.

* * *

Құрмет кісілікті, парасатты адамға жарасады,
Мансап пен байлық тұрақсыз екеніне кім таласады.

* * *

Жақсы іс, сөзінен үлгі алған артық болмас,
Ол ақыл өмір жолында естен қалмас.

* * *

Төрт көзіміз түгел дастархан басында сөзден сөз шығып,
сөздің артын сөз түртіп, келінім Айгүлге:

- Жолдасың Ниязбек Көлқұдыққа, тағы басқа жақтарға жұмыс барысына байланысты жол жүріп барып неше күн түнеп, не үйден ертеңгісін кетіп, кешіне, не түнде келетін сәттері аз емес. Сонда сол жақта ертеңгісін не тамақ іштің, түсте не тамақ іштің, кешіне не тамақ іштің деп сұрайсың ба? – дедім.

- Жоқ, - деді.

- Сенен не ауқат ішіп жүрсің деп сұрай ма? – дедім балам Ниязбекке. Ол да: «Жоқ», - деді.

- Онда Айгүл, құдай қосқан қосағыңның түзде қалай ауқағтанып жүргенімен ісің болмаған соң саған бәрібір бір ботен адам сияқты екен Ниязбек. «Ас – адамның арқауы» деген. Адамның жасының ұзақ-қысқа болуы әуелі Алладан, одан соң өз қолыңда. Әркім о бастан жасынан бастап өзін-өзі күтініп, уағымен дұрыс тамақтанып жүрмей аш құрсақ болған сайын

жүре келе бірге-бірге денсаулығы нашарлап, бұған зиянды іс-әрекет қосылса жасамал болған сайын тез қартайыа, күш-қуаты кеми береді. Маған қазір сізге не болды қартайғанда ауыр жұмыс істеп, соншама бейнеттеніп жүрсіз деп сөгіп отырсыңдар. Бұрын мен жетімдіктің кесірінен жылына бір-екі рет ауруханаға жатып, емделіп шығатынмын. Қалай Зәбирамен отау құрдым солай оның күтімінің арқасында аурухана көрмейтін болдым. Ол үйде күндіз-түні іш-же, демал, сен істейтін шаруаны мен істеймін, - деп жас баласындай күтіп келеді. Неше түрлі астың да дәмін кіргізіп істеп, тәбетіңді соған тілендіріп қояды. «Жаман әйелге жоқ сылтау» дегені ол білмейді. Қайта «жоқтан бар жасап» береке көзін табады. Зәбира мені үйде тұрмақ сыртта жұмыс бабымен жүргенімде қалай тамақтанып жүргенімді қадағалап отырады. Мен өзі жұмыс барысында соған беріле істеп, ауқаттанатын мерзімді кейде ұмытып кететінім бар. Сонымды Зәбирадан жасырамын. Егер біліп қалса «Ас – адамның арқауы» деген, «Сен өзіңе өзіңнің қаражатыңды тамақтануға қимайсың» - деп ренжіп ұрсады. Ал Айгүл сен Ниязбектің түзде не ішіп-жейтінін қадағаламақ түгіл үйде жондеп тамақ істеу аса қолыңнан келе бермейтінін көріп жүрміз. Жүрдім-бардым, тәбеті тарта бермейтін шала-пала бірдеме істеп беріп тамақтандырасың, - дедім. Ол күлді. – Мен, міне, 73 жасқа келсем де әлі неше түрлі ауыр жұмысты тындырғанымды көргендер: «Сенен 30-40 жас кіші жігіттер сен істеген ауыр жұмысты олар істемейді» - деп таңғалады. Осының бәрі 53 жыл жолдас болған Зәбираның күтімінің арқасы. Ол сендерге талай айтты. «Күш-қуатым, денімнің сауында әкенді жас балаша мәпелеп, ер адам істейтін шаруаны өзім істедім дегенінің бәрі шын-ақиқат. Шынында мен тағдырыма ризамын. Алла маған текті жерден өмірлік жолдас сипап, ол мені өмір бойы мәпелеп келеді. «Өмірден шын дос тапқан адам нағыз бақытты адам. Ал оны өзінің әйелінен тапқан адам одан да бақытты адам» - депті Франц Шуберт. Мен сондай бақытты адаммын! – дедім дастархан басындағыларға.

* * *

Адамды қорқыту арқылы басқарғаннан,
Ұтымды адамдық пен тұрақтылықты алға тартқан.

* * *

Қанағат сезімі көп адамға жақсылықты тудырады,
Қиын сәт пен қарсы топты өзінен қудырады.

* * *

Бағыныштылар қашанда қалқасында билеушінің,
Тәңір салған жол болған соң ерсілігі жоқ қой мұның.

* * *

Мейірімсіз адам кейбір хайуаннан көмегі кем,
Қасқыр тартса сиырды табыны болысып берер жәрдем.

* * *

Жақсы ниет жарым ырыс білгендерге,
Күн батып, таң атпайды білмегенге.

* * *

Табыс көзі еңбек екенін сезбейтін бар,
Ұйқыбас, ретін таппас, жарымайды жалқаулар.

* * *

Адамды адам сүю жалпыға ортақ,
Болса да ыжың-қыжың боламыз ақ.

* * *

Шын күлкіге өтірік күлкі қарсы тұрар,
Жымиған теріс пікірлі арамзалар.

* * *

Кім де болса зеректік жолын ашар,
Артық іс, қауіп-қатер одан нашар.

* * *

Философтар биік даналыққа жеткен,
Жолмен жүрсе ел билеген болмас октем.

* * *

Тәртіп сақтау адамға тән бірінші орын,
Оны бұзған басқа елге тартқызып жүр зардаптарын.

* * *

Әдепті әдет еткен қасиетті адам сақтайды,
Өзінен төмен жолын кессе көңілге кірбің алмайды.

* * *

Корсеткен соң басқаруды алдамай-ақ халықты,
Ататүрік еліне ата болып қалыпты.

* * *

Өз еркімен биліктен бас тартқан Ельцин ердің,
Жолын аттап жүргендер бар қарғысына қалып елдің.

* * *

Әр нәрсеге байсалдылық сақтаған,
Өмірін рахатқа кенелтетін сол адам.

* * *

Адамдар арасындағы шыншылдық пен сенім,
Тұрақтанса береке-бірлігі артады елдің.

* * *

Жайлы өмір мен тоқ болуды көздейтін адам көп,
Көксемейтін Маркс сияқты даналар халық қамын ойлар тек.

* * *

Уәдеде тұратын, қиындықты жеңетін, ортақ найда көздейтін,
Ақылды адам, іскер кісі, бесаспап мен сондаймын демейтін.

* * *

Адам өзінің мәнін ақыл-санасы арқылы төңірегінен алады,
Оған сезім түйсігі жетпеген ең төменгі боп жолда қалады.

* * *

Адамды жоғарғы деңгейге жеткізетін білім өмір мектебі мен
тәрбие
Болмыс құбылысқа да ұғынса «ол адам саналы» деген сөзге
ие.

* * *

Адагершілік жүрген жерде жамандық болмайды,
Жамандық болған жерде адамгершілікті былғайды.

* * *

Адам адамгершілікті басқадан алмайды,
Өзінің табиғи жаратылыс санасынан алады.

* * *

Жол-жора сақталса адамдарда силастық тұрақтар еді,
Бір-біріне деген мейірім күшейіп, ретсіздер тапталар еді.

* * *

Өзін-өзі жетілдіргенге не жетсін,
Туа біткен білім қабылетіне жететін.

* * *

Билеуші де, бағынышты да өз жолымен жүрсе,
Арасынан қарама-қайшылық тумас мүлде.

* * *

Ілтипатты үлкен-кішіге жасаған,
Тас атқаннан құтылады тасадан.

* * *

Басшының әдептілігі оның адамдығы,
Керісінше, болса онда оның надандығы.

* * *

Басқаның артына ерімей өз жолымен жүретіндер,
Соңына ілескендер де айтқанына тың дайын тұратындар.

* * *

Текті адам сөзде де, істе де ірілігін көрсетіп отыады,
Тексіз тек ұсақ-түйек майдалығымен бас қатырады.

* * *

Іс-шарасын төнірегіне мейірбандықпен жүргізсе,
Кім де болса оның қадір-қасиеті арта береді жүрген жерінде.

* * *

Көп тыңдап, көп байқаған, оқыған білімге тән,
Ойға сақтап түйініп, керегіңе сараласаң.

* * *

Сабырлы адам әр ісіне нық сақ тұрады,
Сонысы оның өміршен екені сақталады.

* * *

Әуелі өзін-өзі тәрбиелеу адамдық парыз,
Жұмсайтын өмірге жақсы қасиет нағыз.

* * *

Ақиқат айнитын болды
Қиянат қанат жайды.

* * *

Кісіні зерделесең танымы саналуан,
Тарихтан дана философтар орын алған.

* * *

Әркім-ақ бай болғысы келеді,
Ретін тапқан еңбек пен ниетіне қарай реттеледі.

* * *

Адам тек жақсылықты қолданса,
Періште болар еді қалмасқа.

* * *

Жағымды, жағымсыз қасиеті әр адамның өз қолында,
Қайсысын қаласа да өз мақсатының жұмсайды талабына.

* * *

Ізетті болу басқаны силау,
Әрі өзіне адамгершілікті жинау.

* * *

Ақыл адамға қайырымдылықты ойлағады,
Надан-топас жазықсызды жайрағады.

* * *

Біз тек өзіміз туралы ғана ойлаймыз,
Ал ұлы ойшылдар өзгенің қамын ойлайды.

* * *

Кемшіліктерін жоюға тіріспайтынды адам деме,
Кемдік кімде жоқ, оны бойына сақтайтын надан дене.

* * *

Басынан адам баласының бәрі бірдей,
Екеніне келеді билеуші топ мән де бермей.

* * *

Көненің ілімін жалғастырған тарихтан,
Ойлы адам оқып одан білім алған.

* * *

Әділ – әділдігін, адал – адалдығын, жақсы – жақсылығын
сездірсе,
Пейілі тар, арамдыққа бейім кездестірер кедергіге.

* * *

Адам өзін-өзі жетілдіріп, ұмтыла берсе,
Мақсат-мүддесіне жетеді Алла өмір берсе.

* * *

Жақсы сөз, ісінен үлгі алған артық болмас,
Ол саналыға ақыл өмірінде қапы қалмас.

* * *

Ұрпағына ұлағатты үлгісі жоқ,
Ойсыздар мәз болған соң қарны тоқ.

* * *

Мінезін жұмсартқысы келмейтіндер,
Қара өкпе, өр көкірек өзімшілдер.

* * *

Таза қалпын сақтайтынның өзін
Кір жолдырар жойғысы келеді көзін.

* * *

Адам өмірінің соңына қарай өкінішті көп ойлайды,
Жүріп өткен жолының артық-кемін саралайды.

* * *

Білімді кісі өзінен гөрі ел-жұрт өмір сырын талғайды,
Тура шешімді құптатып, бұрысына көңілі толмайды.

* * *

Ақылсыз ел басқарғанды бұл өмір көрсетіп тұр,
Ел-жұрты жазасын беріп, о дүниеге атқандырып жүр.

* * *

Уағымен ұйықтап, уағымен тұру жаратқан сиын,
Бұзған адам нашарлатар денсаулығын.

* * *

Адам өзі білмегенді үйренгенге не жетсін,
Жан-жақты зерттеп жеткізе алса жетсін.

* * *

Ақын-жазушы жаңаны жаңғыртқысы келеді,
Көбісі көне мен бүгінгі өмір дерегі.

* * *

Билік бәріне барады,
Кейбірі өз басын өзі алдырады.

* * *

Мәрт адам тоқ етерін бірақ айтағын аз сөзді келеді,
Ол іске де, уәдеге де тұрақты.

* * *

Аса сезімді адам өзін-өзі жетілдірумен өтеді,
Ол о дүниеге кетсе де ой еңбегі кейінгіге жетеді.

* * *

Ақылды адамға табиғи дарындылығының өзі аздық қылады,
Ол терең оймен терендете түсіп игілігін мына өмірге ұсынады.

* * *

Адам басқадан ақыл, сана, сезім, білімімен ерекшеленеді,
Соның жемісін коргендер құрмет тұтып, оны ес көреді.

* * *

Туа біткен дарын оқу арқылы алғаннан күштірек,
Сүйінбайдың айтыс өлеңі соны дәлелдеп тұрған дерек.

* * *

Білгенін басқаға үйреткен өте жақсы адам,
Білгенін жасырып, іштарлық қылған – ол надан.

* * *

Кейбір жас-жұптастар бір-бірін лаж жоқ тәні сүйіскенмен
Шын мәнінде бір-біріне деген терең қамқор сыйластық
жүрдім-бардым.

* * *

Зиялы дегеннің бәрі білімді. Бірақ сол білімін Отаны мен елінің игілігіне жұмсауы аз да, өзінің жолсыздығына жұмсауы көп кездеседі.

* * *

Мемлекеттегі аса ірі жемқорлықтың дені ең жоғарғы лауазым иелерінде екеніне халық киналуда.

* * *

Бәріміз де құдыретті тәңірдің құлымыз,
Ала-құла боп ескермейміз мұны біз.

* * *

Төменгі істермен айналысқанның кейбірі,
Кездесетіні бар жоғарғының ойынан да ол ірі.

* * *

Ізгі кісінің де кісісі бар,
Айтар сөзінің де екіұштысы бар.

* * *

Жетілген деп көп нәрсені игергенді айтады,
Құбылыстарды саралап, өз межесінен қайтады.

* * *

Жақсы не жаман болсын ішкі сырды білу қиын,
Ол анық тек өмір жолы сыртқа шығаратын.

* * *

Жердің сәні мал мен егін,
Елдің сәні ынтымақ-бірлікпен бір-біріне деген сенім.

* * *

Ой шындығы мен ойлы саналыға таза жүрек керек,
Соны қорытып, зерттеп білген мақсатқа берер көмек.

* * *

Мақсаты айқын адам әуелі соған ұмтылады,
Соны орындауда басқа тірлігі ұмытылады.

* * *

Қазір бізде білімділер аз емес,
Бірақ соның пайдалысы халыққа мәз емес.

* * *

Білу мен таным мағынасы бір,
Бір нәрсені екеуі де хабарлап тұр.

* * *

Кейбір адам аз жасайды, мәңгілік қағида қалдырады,
Кейбіреу көп жасайды, жым-жырт өмірін босқа өткізеді.

* * *

Адамды әуелім үміт діттегенін көздетеді,
Бәрінің басы сол болып діттегенге де жететін кез келеді.

* * *

Сау уағында күтінбеген дер кезін,
Ауруға ұшыратар дәл өзін.

* * *

Жайдақ, тұрпайы адам еш көңілден шықпайды,
Шатты-бұтты майдалықтан аспайды.

* * *

Адамсүйгіштілігіне жемқор біткеннің қабылеті жетпей тұр,
Ашық қиянат емес пе қарапайым халыққа көрнеу бұл.

* * *

Басқару жүйесі өз елінің кіріс-шығысына жуанты,
Қоғам байлығын орнымен жұмса деп халық айтуға талапты.

* * *

Ізденісті жетілдірген адам арманына жетеді,
Талпынбаған талапсыз құры өмірі өтеді.

* * *

Бастаған ісін жеріне жеткізуді мақсат еткен,
Тұрақты, тындырымды, саналы адам тек соған жеткен.

* * *

Дерексіз пайымдауды жиі айтатын кезіміз бар,
Өз басынан өткенін мақал, мәтел қылған бұрынғылар.

* * *

Бұрынғы өткен жол - аталар жолының бәрі мектеп.
Ессізі болмаса естілер ата жолын қайтіп аттап өтпек.

* * *

Бір елді немесе бір аймақты ойлайтын әр жерде бар,
Бүкіл әлем жұртын ойлайтын Маркс сияқты жан да бар.

* * *

Адам арасындағы таза рухани адамгершілік
Болған жерде сыйластық пен өріс алар береке-бірлік.

* * *

«Өзің ойлан» деген сөздің ар жағы мың қатпар,
Басқадан бұрын өзіңді-өзің танып ал деген астар.

* * *

«Алмағайып заманда өмір сүр» деген қарғыс,
Ауылдық жерге дәл келіп, күнін көре алмай жүр жұмыссыз.

* * *

Адам жетеді мақсатына өзін-өзі тәрбиелеп қамшыласа,
Текке өтпеген өмір ол, тұрғандай асығының алшысына.

* * *

Намысты адамға намыс тисе атқан оқтай,
Тынбайды қарсыласының мысын баспай.

* * *

Тындырымды адам өмірінде тұрақты адам,
Тұрақсыз адам өмірінде берекесіз надан.

* * *

Қайырымы жоқ кісі алғанды жақсы көреді,
Пиғылына қарай өмірі жоқпен өтеді.

* * *

Өмірде ұлы нәрсе мен болмашы нәрсе болады,
Жетесі жетпегенге болмашыға көңілі толады.

* * *

Қонақ үй таңдап қонады,
Бақ та Алла қаласа, ниетіне қарай болады.

* * *

Тек өз басының қамын ойлайтын аз емес,
Ортақ мүдде ойсыздарға сөз емес.

* * *

Жандының бәрінің өмір сүру міндеті жансақтау,
Жарымайтын адамға ұйқыбас, жалқаулық өзіне жау.

* * *

Барлық істің басы мен соңы болатыны анық,
Соңысы ғана жақсы-жаманына жауапты толық.

* * *

Өмірдің өзі келер күнге тәжірибе беретін мол дерек,
Сұрыптаса саналыға сабақ ол кейінгіге дәлірек.

* * *

Жаңалықсық ескі тумайды.
Бүгінгі жаңалық – ертең ескі болып артық-кемін ел талдайды.

* * *

Кім болса да намысты адам намысын жер,
Адамдығы шамалы намыстануды сезбейтіндер.

* * *

Намысты келеді талантты адам,
Сөйлеуге тұрмайтын мән де бермейді бұған.

* * *

Шама, өлшем, межені құзырлы орын аттап өткен,
Ойында жоқ жемқорлыққа беретін жауапты ертең.

* * *

Акпарат құралдарында тиісті орын келеді асыра сілтеп,
Халық сезіп отырса да такыр жерге жасырына бермек.

* * *

Ұсақтықтан қазір ұсақ нәрсеге құмарғу орын алды,
Бұған шүйлігіп, жоғарғы лауазым жемқорлыққа топталды.

* * *

Жоғарғы лауазымсымақта қызмет істейтін біреулер қарапайым халықты «тобыр» деп тіл тигізеді екен. «Естіген құлақта жазық жоқ» деп солай естідім. Бұл аузына ие болмағандар қазіргі жемқорлыққа жол бергеніне сеніп, әрі лауазымсымағы мен аз күнгі бок дүниеге мастанып, халыққа тіл тигізіп отырған шығар. Әр нәрсенің жауап беретін соңы болатыны анық. Соған кез келгенде, аумалы-алмағайып күн өзгеріске ұшырағанда, әлгі аузына ие бола алмай әруақтанып жүргендер «әруақтың арты жын болады» деп, соған кезікпесіне кім кепіл???

* * *

Халықтың несібесін үнемдеген билікке тап болған кез,
Өткенше байлығымыз таусылып қалмай ма тез.

* * *

Халықтың биліктегілерге сеніммен қарайтыны азайды,
Оған дүниежүзінің елі куә қылды талайды.

* * *

Біреу ойлайды не жазады даналығы іске аспай өтетіні бар,
Соны іске асырған да онымен тең халық игілігіне жаратқандар.

* * *

Ілімнің негізі адамды нақты жақсылыққа жеткізу,
Осы жолда қаншама дана тер төксе де аз оған тұрақтану.

* * *

Ақылды кісі мүмкіндікті қалт жібермес,
Көпке ортақ іс тындырғанын да сөз етпес.

* * *

Әр ұлттың өз табиғаты өз өмірінен туған жаратылысы әрқалай,
Біз сол өміріміздің салт-дәстүрін аттап өттік, бұл қалай?

* * *

Бұрынғының наным-сенімін қолдамаған біреулер,
Шыға келді молда болып жимақ үшін дүниелер.

* * *

Өлсе адам жауызға да жақсы тілектер айтылады,
Бұл қалай, ол адам қырушы емес пе, деген ой туады.

* * *

Адамға қабылет дариды екі жолмен,
Табиғи дарын және оқып алған біліммен.

* * *

Тәңір сыйы адам үшін жетерлік,
Екені жанды, жансызды бағынышты еткендік.

* * *

«Малда ақыл бар, ес жоқ» деген мәтел,
Малдан ары кейбір адамға болмас өткел.

* * *

Әуелі адам өзін-өзі тани алса,
Басқаны да сөз қылуды ойламас та.

* * *

Ұлы ойшыл басқадан жоғары қойып өзін артық санамайды,

Көптің қамын ойлап, нашардың сөзін сөйлеп, ақ-қарасын саралайды.

* * *

Ақыл-кеңес сұрағанға ақылдылар ақыл бергені жөн,
Ақымақтар сұрамай-ақ ақыл айтқанына ығыр боласың сен.

* * *

Жақсы сөз, жақсы мінез, жақсы іс – осы үшеуі адамдарда тең болса,

Береке-бірлік орнап, жақсы өмір сүреді бірін-бірі қолдаса.

* * *

Адамзаттың бақытты өмір сүруін ойлаған данышпандар қаншама,

Соның жолын ұстанушы көп болса жер үстінде тыныштық болар еді тамаша.

* * *

Өлімнен кейін өмірді танытуға жұмақ пен тозақты қатар қойған,

Мінсіз бен міндінің бұл өмірдегі жауабы ақыретте дайын оған.

* * *

Бұл өмірдегі кінәсіз жұмақ, кінәлі тозақ тартады ақыретте,
Деген сенім екі дүниені тең қамтыған дін өте керемет те.

* * *

Ойы биік, адамдығы зор кісі келтірмейді ешкімге зиян,
Қараниет, арамза, жаман атаулы болса оны кері тиған.

* * *

Білгендер аса көп сөйлемейтін сөз ұғатынды бағымдаған,
Білмей сөйлестіннің сөзінде бәтуа жоқ бір тиянаққа бағынбаған.

* * *

Тегін берген нәрсені ала беретін ойсыздар,
Сұрауын естен шығарып, өзін етер қарыздар.

* * *

Білмейтіннің өзі білетіннен ары білгішсінед,
Тәсейілсізге дауа жоқ құсағаны бір керемет.

* * *

Жалпыға ортақ тәртіпті сақтағандар құл болмайды,
Күн көрісте өзін таза ұстағанды ел де құрметтейді ондайды.

* * *

Тіршілік иелері заңдылыққа бағындырса санасын,
Өмірі жарқын отеді барлық жағынан тауып жарасым.

* * *

Бір жүрген түгіл, бір үйде тұрғандар ойы бір жерден шыға
бермейді.

* * *

Бірге оқыған, бірге жұмыс істеген, бірге тұрғандар да бір-
бірін күндейді.

* * *

Елінің еңбегіне басшысы ие болып, ортақ қазынаға
қабылдайды,
Орнымен жұмсаса халқы қуанып, алыстағылар жақындайды.

* * *

Мемлекет байлығының кері кетуі басшысынан,
Соған сеніп жемқорлықтың тұрады асығы алшысынан.

* * *

Мемлекетті басқару саналы тәртіптің болуында,
Ал, қарақан басын күйіттеген биліктер жазалануда.

* * *

Әр халықтың ырым, дәстүр-салт, нанымы бар,
Өмірінде соған сүйеніп, әрекет етеді олар.

* * *

Өзін өзгеден төмен қойған нағыз ақылды адам,
Көп төмен болса да өзінен өзге жоғары оған.

* * *

Кеңпейілділік пен кешірімшілдік сиын саналы ұғынады,
Санасыз «менен секем алды» деген өктемдігін малданады.

* * *

Бір рет ескерткен адамға соны қайта ескерткенше,
Оның қандай адам екені белгілі болғаны өмірден өткенше.

* * *

Адамгершілікті, тұрақтылықты сақтау мен шектен шықпауды
Бауыржан Момышұлы сияқтылар орнықтырып, шындықтан
қайтпайды.

* * *

Адамгершілікті, шектен шықпауды, ұстамдылықты тұрақтату
қиын,
Осы үшеуін игерген адам халықтан алады сыйын.

* * *

Зиялының бойында әділет пен шындық болу керек,
Сонда ғана ол төменгі топқа берер көмек.

* * *

Қателігін жөндеген адамнан жақсылық күтуге болады,
Қателігін қару еткеннен қауіп-қатер туып та қалады.

* * *

Адам әуелі сөзі арқылы төңірегіне танылады,
Содан соң қандай екеніне ат та тағылады.

* * *

Әр адамның өзіне лайық қасиеті де өзімен бірге туады,
Құдырет те табиғи жаратылысын соған тән етіп тынады.

* * *

Қазір бізде құры уәдешіл басшының көбейген кезі,
Бос сөйлеп, «уәде құдайдың үйі» дегенді де еткен мезі.

* * *

Ынтықтық, күштарлық қызығынан нәр алуға шырмалған,
Жандар бар, шөлін басса болғаны келер күнін ойға алмаған.

* * *

Пысықтығын нешебір жолсыздыққа жұмсайтындар,
Жақсылыққа «мыңқ етпес» пасықтықтан аспайтындар.

* * *

Белгісіз біреудің аргы жағын тануды бағдарласаң,
«Неге солай» болғаны қобісінің ойы қасаң.

* * *

Күдікшілдің діті діттегенінен де ары асатыны
Арамдығын өтірігіне арқау етіп, қисық жолға салатыны.

* * *

Биліктегілер заңды өздеріне бағыттап шығаруда,
Халық мұны кейде ескерусіз құр қалуда.

* * *

Биліктегілер «ақиқатым – өзімде ғана» деген оймен
жолсыздығын бүгеді,
Халық оның іс-әрекетін айнадан көргендей боп біледі.

* * *

Жемқорлық – індет, жою – міндет екенін сезбейді жоғарғы
билік,
Заң тосқауылына көнбейді билікті қалқалап жүрген шенеунік.

* * *

Бұрын үнемі келер күннен үміт күтуші еді халық,
Қазіргі заманда таусылмас күдікке тап болып қалдық.

* * *

Қандай ойын-сауық кеші болсын бағасыз, баянсыздық өріс
алды,
Әсемдік, шын сүйгендік, тазалық емес жеңіл күлдіргі болса
болды.

* * *

Сес көрсеткендер ес жидырмай елге қиянат жасап тұр,
Желтоқсан мен Жаңаөзендікке оқ жаудырғаны соның дәлелі
бір.

* * *

«Өзімдікі ғана жөн» дейтіндер сезімсізден шығады,
Қанша білгіш болса да көптікі дұрыс боп тұрады.

* * *

Данышпанның данышпаны сол ақыл-ойын әлем мойындауда,
Мұндай философтар жол көрсетіп дайын тұр ғой тарих
қойнауында.

* * *

Әлемдік тарихта адамзаттың тең бақытты болу жолын көп
ойлаған,

Бірақ лаж бар ма сол теңсіздік әлі күнге дейін түк те
жойылмаған.

* * *

Бізде қазір басқаға ақыл айтып жазатындар аз емес,
Соның өзі өз сөзіне дәл келуі аса мәз емес.

* * *

Сөзі ісіне, ісі сөзіне тең келгенге не жетсін,
Бұл ақиқат болмаған соңайтқан артық өзгесін.

* * *

Білімді адам мақсаты қашан да мағыналы өмір сүру,
Азып-тозбай саналы төңірегімен шешіміді қатынас құру.

* * *

Қабылеттіні қадірлейтін сезікті сергек адам,
Үндейді пайдасының септігін тигізуге елге одан.

* * *

Дана да, онерлі де, ақылды да баршаның жақсы ісі халыққа
орғак,

Сол үшін білімді жақсы адамды ел-жұрты отыру міндет қолнаштап.

* * *

Қараниет, ұры, өтірікші жамандардың адамға зияны көп,
Сырттан көрген жүздесуге қаймығып тура қашар қырсығы
тиеді деп.

* * *

Өз ұлтына өзі өзге тілде сайрайтындар,
Өз халқының болмысына атүсті қарайтындар.

* * *

Өзін-өзі силамай мансабы мен жоғарғыға сыйынғандар,
Ол уақытша екені басына іс түскенде туысын таниғындар.

* * *

Ойсызға ойсыз ісінің жауабы болатындығын,
Ол анық әр нәрсеге бір зауал келетіндігін.

* * *

Жақсылық та, жамандық та жауаптасар,
Ақиқат орнын тауып қарсыласар.

* * *

Әр іске өмір-өзен баға берер,
Түйінін шешеді оның көрегендер.

* * *

Уақыт бір қалыпты өтуінсн өзгермейді,
Жанды, жансыз болмысын сол билейді.

* * *

Жандылардың уақытша жүргендігін,
Ей, адамзат бүгін, міне, соны білгің.

* * *

Алдамшы бұл өмірге алданбайық,
Аттамай сыйластықты бағымдайық.

* * *

Кім келіп, кім кетпеген бұл өмірден,
Болса да уақыт тұр түк білмеген.

* * *

Өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жылпостық осы
мінез,

Төртеуі де түгел бір бойында болған адам адам емес.

* * *

Өлімнен де жеккөрінішті ұят – арын сатқан
Әке-шешесі деген жөн қызына содан сақтан.

* * *

Немқұрайдылық жайлады біздің елде,
Неге дайын қыз-келіншек кез келгенге.

* * *

Немкеттілік, пайымсыздық бәрінен де қорқынышты,
Азғындауға жібермей тыю керек басқамен болған істі.

* * *

Көбсйді баласын, ұятын, арын сатқан,
Тосқауылдар сөз емес намыстанған.

* * *

Кездеседі баласының көзін жойған,
Пына болып туған соң жын-ойнақтан.

8 МАРТТА АНАМА

Әйелдер тауып өсірген бәріміздің анамыз,
Жер-көкке өсіп тараған солардан туған баламыз.
Мейірленген ананы нық көргенде рахаттанамыз,
Ақ сүтін беріп аялап, әлдилеп ән сап баяулап.
Отырғанын ананың еске бір сәт аламыз.
Үй тірлігін өткеріп, түн ұйқысын төрт бөліп,
Айналып сені иіскеп, отырғанын қараңыз.
Алты айға жасың толғанда, отыратын болғанда,
Анаңды танып сондағы толғанып қанат қағамыз.
Қасына жетіп барғанда, көтеріп жерден алғанда,
Төсіне басып басыңды мәзірежай боп қаламыз.
Жасырынып ойнап тығылса, көп ішіне бұғынса,
Айнала қарап ананы иісінен іздеп табамыз.
Лякталып жүрген соң, былдырлап сөйлеп күлген соң,
Асылып ана мойнына, еркелеп ойын саламыз.
Жетіден жасың асқанда, сегізге қадам басқанда,
Сөмке салып мойыңға мектепке де барамыз.
Мектепке балам барды деп, қолына қалам алды деп,
Қуанған ана елжіреп, құшағында боламыз.
Айналып сенен үйірілген, шын пейілін білдірген,
Ананы туган көргенде, оттай гулеп жанамыз.
Ортаға салып білгенін, пада ғып жанын жүргенін,
Шын жүрекпен сезініп, сүйініп қатты нанамыз.
Киім бүтін, тамақ тоқ, үй де жылы, уайым жоқ,
Анам барда бәрі бар, шарқ ұрып ойнап шабамыз.
Ержетіп жігіт болғанша, отауланып қалғанша,
Қорғанысым, қорғаушым, Алатаудай панамыз.
Есейіп өсіп кетсек те, кісілікке жетсек те,
Рахымын төккен ананың, мейіріне мүлде қанамыз.
Мәпелеп жастан өсірген, тентек істі кешірген,

Ардактаймыз ананы, келгенінше шамамыз.
Арасында ананың, ұзарды басқан кадамың,
Оқу оқып біліп аң, жетілді ақыл-санамыз.
Ақ сүтін өтеп ананың, бала үшін құрбан адамның,
Көтеріп жүріп төбеге ақ жарылып бағамыз.
8-ші Март күні, мейрамы әйел бақтылы,
Атын қосып ананың, әнге бір әсем саламыз.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ МІНЕЗДЕРІ

Әйелдер бірден бірге тасиды өсек,
Болар ек кателескен бәрі десек.
Ішінде білімдісі, ақылдысы,
Табылар некен-саяк байқап көрсек.
Кез болсаң жақсысына әйелдердің,
Иіліп жастық болар жайлы төсек.
Жұмысты үйге керек өзі біліп,
Өзара оңашада береді есеп.
Жолықсаң жөн білмейтін момынына.
Он ұрсаң бір баспайтын бейне есек.
Адамды бет бақтырмас бейбақтары,
Күйдіргі тілі ащы удай шешек.
Долысы көкбеттенген әйелдердің,
Алады байларына тілін көсеп.
Орынсыз тиіседі көрінгенге,
Ондайдан сауға алармыз үндемесек.
Тоң мойын дүрсілдегі тағы да бар,
Ортаға тас түскендей сөзі кесек.
Түседі асты-үстіне зұлымдары,
Майдалап әкетайлап тілін төсеп.
Әйелдің бәдіктері іркілместен,

Не келсе аузына соны бөсер.
Баз бірі ақ көңілді бағдарсыздау,
Анқылдап ақтарылып желдей еседі,
Әйелдің өр кеуделі бой бермесі.
Әркіммен жөнсіз жерде ерегісед,
А шіркін, қадір білер қайран жақсы,
Жақсысы әйелдердің қырсық келед.

ЖАҚСЫ ӘЙЕЛ

Әйелің жақсы болса жанға серік,
Жайдары тиянақты іске берік.
Отырсаң көп ішінде ісі болса,
Сыбырлар құлағыңа жақын келіп.
Ұялтпас ел көзінше беттен алып,
Қуаттап мақұлдайды сөзіңе еріп.
Ағайын-туысыңды, мейманыңды,
Күтетін ризасың көзбен көріп.
Барлығын орынды ғып істеген соң,
Сүйеніп отырасың кәміл сеніп.
Өзіне ақыл-ойы сай келген соң,
Жарына билетесің ерік беріп.

ЖАМАН ӘЙЕЛ

Өтеді жаман әйел жағаласып,
Сөз сөйлер көп ішінде ала қашып.
Білсе де, білмесе де шатпақтайды,
Ісіне еркектердің араласып.
Өз әлін білмеген соң күлкі болар,
Үлкенге, кішіге де қара басып.
Қоймайды қой дегенге өрбіп, өршіп,
Айғайлап үйден шыға тура қашып.
Келгенде талай жасқа ұяларсың,
Жүргенге ел алдында жамандасып.
Өкініп іштей тынып ұят жеңіп,
Жүрерсің өз өзіңнен қарның ашып.
Әйелің жаман болса, білмес нарық,
Жиренер ағайының күллі халық.
Кетіріп көп ішінде беделінді,
Бажылдап болмашыға беттен алып.
Тарынып ашулансаң мінезіне,
Бүлдірер жер жаһанды ойран салып.
Мені ұрып, үйден қуды күйеуім деп,
Шағынар жазала деп заңға барып.
Құрысын бұйткен тұрмыс дегендей боп,
Өзің де ренжірсің назаланып.
Жүргенде өзің күйіп тотанақта,
Жаза алсаң болғаны ғой қызық анық.

Не келсе аузына соны бөсер.
Баз бірі ақ көңілді бағдарсыздау,
Аңқылдап ақтарылып желдей еседі,
Әйелдің ор кеуделі бой бермесі.
Әркіммен жөнсіз жерде ерегісед,
А шіркін, қадір білер қайран жақсы,
Жақсысы әйелдердің қырсық келед.

ЖАҚСЫ ӘЙЕЛ

Әйелің жақсы болса жанға серік,
Жайдары тиянақты іске берік.
Отырсаң көп ішінде ісі болса,
Сыбырлар құлағыңа жақын келіп.
Ұялтпас ел көзінше беттен алып,
Қуаттап мақұлдайды сөзіңе еріп.
Ағайын-туысыңды, мейманыңды,
Күтетін ризасың көзбен көріп.
Барлығын орынды ғып істеген соң,
Сүйеніп отырасың кәміл сеніп.
Өзіңе ақыл-ойы сай келген соң,
Жарыңа билетесің ерік беріп.

ЖАМАН ӘЙЕЛ

Өтеді жаман әйел жағаласып,
Сөз сөйлер көп ішінде ала қашып.
Білсе де, білмесе де шатпақтайды,
Ісіне еркектердің араласып.
Өз әлін білмеген соң күлкі бөлар,
Үлкенге, кішіге де қара басып.
Қоймайды қой дегенге өрбіп, өршіп,
Айғайлап үйден шыға тура қашып.
Келгенде талай жасқа ұяларсың,
Жүргенге ел алдында жамандасып.
Өкініп іштей тынып ұят жеңіп,
Жүрерсің өз озіңнен қарның ашып.
Әйелің жаман болса, білмес нарық,
Жиренер ағайының күллі халық.
Кетіріп көп ішінде беделінді,
Бажылдап болмашыға беттен алып.
Тарынып ашулансаң мінезіне,
Бүлдірер жер жаһанды ойран салып.
Мені ұрып, үйден қуды күйеуім деп,
Шағынар жазала деп заңға барып.
Құрысын бүйткен тұрмыс дегендей боп,
Өзің де реңжірсің назаланып.
Жүргенде өзің күйіп тоғанакта,
Жаза алсаң болғаны ғой қызық анық.

САРАМЖАЛ ӘЙЕЛ

Әйелдің косем келер сарамжалы,
Ол адамның ақ пейіл адалдары.
Баскарып көпшілікті той-жиында,
Риза ғып аттандырған адамдарды.
Баршаның кеулі толып қызметіне,
Луылда алғыс айтқан қалғандары.
Көңілді үйде, түзде жігіттердің,
Кез келіп мұндай әйел алғандары.
Не пайда сұлулардан ақылы аз,
Білімді болса жарар алған жары.
Жұмсалса жолыменен жонін тауып,
Тапқаны ол жігіттің адал малы.
Қашанда опық жеген ондай адам,
Сұлуға ақылы кем ұрынғаны.
Тұзы сор еңбегі еш ол жігіттің,
Өтеді дүниеден күйіп-жанып.

ҰЯЛШАҚ ТҰЙЫҚ ӘЙЕЛ

Әйелің тұйық болса өзі ұялшақ,
Кісіге араласбай жүрес алшақ.
Не десең соған сеніп бас изейді,
Келеді ондай жанның көбі иланшақ.
Ақырын жауап қатып амандасар,
Үйіне жолдастармен бара қалсақ.
Әңгіме сөйлер сөзге сондай саран,
Жарайды сұрағына жауап алсақ.
Жарқылдап ел қатарлы бір күлмейді,

Бас қосып зәуіменен бір жиналсаң.
Қалжыңдан қатты тисең қытығына,
Бой бермес тарс кетіп, ашуланса-ақ.
Өзінде ұяларсын қойғыза алмай,
Қысылып жолдасыңнан барған аңсап.

СӨЗ ҚҰМАР ӘЙЕЛ

Сүйеніп тіл жағына қағар безек,
Бермейді бас қосылса сөзге кезек.
Ішінде бұл әйелдің самыр жағы,
Қыдырып ауыл үйді түгел кезед.
Естігенінен көргеніне қосып айтып,
Дем алмас қайтқанынша бірде мезед.
Зуылдап кешке дейін өне бойы,
Білмейсің жаңалықты қайдан сезед.
Кетеді шағыстырып бірді-бірге,
Айтқандай мергендерше дәлдеп кезеп.
Жұмысы үйде жоқ па түсінбейсің,
Еркегі мұнысына қалай төзед.

ШАРУАҚОР ӘЙЕЛ

Әйелдің томпылдаған кейбір ісі,
Жігіттің ондай әйел тек ырысы.
Қаншама айтсаңдағы ойландырып,
Өтірік осекпенен болмайды ісі.
Нәрсе жоқ шашау жатқан даласында,
Бұрыштай кіршіксіз таза үйдің іші.
Үйдегі барын қояр дастарханға,

Қонақтап үйлеріне келсе кісі.
Алдыңнан колденендеп кетпейді,
Әйелдің ізет қылып коргендісі.
Өзінді қағып соғып басып отер,
Ақылы аз есіріктің белсендісі.
Болғаны бүгін болса ондай жанға,
Есіне кіріп шықпас ертеңгісі.

ЖҮРДЕК ӘЙЕЛ

Кейбірі байға еркелеп шолжақтаған,
Не істеп не қойғанын болжатпаған.
Жоқ жерде кесел тауып, курорт іздеп,
Бара сап биін билеп, ойнақтаған.
Бойына әдет болып үйде-түзде,
Мұндай жан төсегіне құр жатпаған.
Хат жазып жұма сайын сағындым деп,
Бөтен ой күйсуіне ойлатпаған.
Бой түзеп, күнде қыз боп тіршілігі,
Арманы есіл-дерті ойнап қалған.

САЛАҚ НАДАН ӘЙЕЛ

Боянған қып-қызыл ғып көзі басын,
Қарайды көз астынан теріп қасын.
Кигені келте көйлек жуан балтыр,
Тұрған соң әдемі боп қызығасың.
Тапнайсын шайнам ақыл тал бойынан,
Қызығып бояуына не қыласың.
Жуылмай кешегі астан ыдыс аяқ,

Ішерсің қалай шыдап құйған асын.
Корпесі жамылғанда сідік сасып,
Жұмаған нәжіс те бар былғанасын.
Бір айда бір жуырмай кірі үйіліп,
Сонда да бұйралатқан күнде шашын.
Біреуден жаңа киім көре қалса,
Мен қалдым кимедім деп төгер жасын.
Іс тігіп, киім пішіп, жамақта жоқ,
Талтайса күйеуіне болды қатын.
Жөндемді тәрбие жоқ баласында,
Не дейміз жаман демей мұның атын.

ҰЙҚЫШЫЛ ЕРІНШЕК ӘЙЕЛ

Әйел бар ұйқыдан көп бас алмайтын,
Манаурап екі көзін аша алмайтын.
Баласын құшаққа алып теріс карап,
Желеуі ұйықтатамын деп тасалайтын.
Ертеден кешке дейін ұйқы басып,
Керекті үйге жағдай жасалмайтын.
Еріншек салақ келер қонақ келсе,
Бабарсыз жөндеп ауқат аса алмайтын.
Анасы балалардың болғаннан соң,
Амалсыз байы бастап қаша алмайтын.

КҮЛКІШІЛ ӘЙЕЛ

Әйелдің көп күледі кеулшегі,
Қайғысыз, уәйімсіз келешегі.
Не болса соған күлер жас балаша,
Бала емес ол адамның ересегі.
Ойында арамдық жоқ ішке бүккен,
Ақ көңіл ол әйелдің көуілшегі.
Бос келер ондай жанның дамбал бауы,
Бұрында айтылатын бар осегі.
Күлдіріп кеулін тапсаң жата кетер,
Болар деп тәуекелдей бір есебі.

БАЙҒА БИ ӘЙЕЛ

Әйелдің байға қожа билегені,
Қамырдай басып жаншып илегені.
Мұндай жан мұттайым қу болады,
Тек қана жер астында білмегені.
Келген соң байға айтқаны өзі біліп,
Байқұсты ойға-қырға сүйрегені.
Не істесе де өз қолында ол әйелдің,
Қалмаған әуес қылып кимегені.
Сылтау ғып бір жұмысты үйден шығып,
Кетеді сауық іздеп күйлегені.
Болмайды жігіті мен бір кездесіп,
Тасада ебін тауып күлмегені.
Олжам деп бүгін тапқан күле сөйлеп,
Байына көрсетеді бірденені.
Ол байғұс соғанда мәз әйелінің,
Беймәлім жүргені мен жүрмегені.

ӨР КЕУДЕЛІ ӘЙЕЛ

Әйел бар көкірегін өрге айдаған,
Бой бермей қызыл өңсіп бор байлаған.
Болмаса өз айтқаны бүлінгені,
Көнбейді ешбір жөнге ондай надан.
Сау емес, жынды да емес белгісіз бір,
Жігітке кез болады соры қайнаған.
Әркімнің келкесі, мазағы боп,
Өтеді дүниеден ондай адам.
Тоқтау сап ығыстырсаң жөнге карай,
Қақпа деп көп ішінде ойбайлаған.
Қатынсыз дүниеден өтсеңдаңы,
Өзі артық аулақ жүрген ойдайлардан.

ОҚЫРМАНДАРҒА

Жақсы деп әйеліміз бәрі үміткер,
Жақсыны жаман адам кері үгітгер.
Әйелдің міне-құлқын жаздым теріп,
Тауып ал әйелінді ей жігітгер.
Сенсеңіз жаздым шындық көзбен көрген,
Аралап кез болған соң талай жерден.
Абайлап байқасаңыз көз жіберіп,
Шығады небір сұмдық әйелдерден.
Сипаттап жаздым сырын әйелдердің,
Көз көрген, құлақ естіп, ақыл сенген.
Толықтырар кемі болса оқығандар,
Шығады жақсы, жаман бәрі де елден.
Түзелсін сана түсіп ойларына,
Табылар нақыл сөздер кемеңгерден.

НҰСҚАЛЫ ӨЛЕҢ

Лашын қыран деме ілмеген соң,
Мақтама бекер босқа білмеген соң.
Итіңді сақ құлақ деп мақтамағын,
Ұрыға үйге түскен үрмеген соң.
Балаңды келініңмен жақсы деме,
Орынсыз беттен алып тілдеген соң.
Жолдасың жанашырлық дос болмайды,
Көре алмай өсек айтып күндеген соң.
Не қайыр қоршіліктен бірге бірге тұрған,
Күнбе күн араласып кірмеген соң.
Жақының жат болады жекжат тағы,
Арада алыс-беріс жүрмеген соң.
Сыйласқың тіршілікте бір-біріңмен,
Қайыр жоқ қара жерге кіргеннен соң.
Болғаны дертің күшті екі талай,
Бойыңа ішкен асың сіңбеген соң.
Не керек әуесқойлық зерлі тонды,
Адамның бәрі бірдей кимеген соң.
Жүйрікке құмарланба қол жетпейтін,
Ер салып иемденіп мінбеген соң.
Сұлуға сұқтанбағың құр бекер,
Құшақтап ақ бетінен сүймеген соң.
Жақсыға жақсы екен деп қылма жалпаң,
Пайдасы бір басына тимеген соң.
Амалсыз бағынасын жамандарға,
Сүйеумен ел басқарып билеген соң.
Алты алып жеті жесең шықпас бүйірің,
Барына болмаған соң қанағатың.
Өмірдің ойлы-қырлы кезінен де,
Коресің неше алуан кереметін.

Дүние сондай ыстық адамдарға,
Итгерше сүйек үшін таласатын.
Барынша өміріңді тату өткіз,
Итшілеп корген күнің қараң қалсын.
Болсаң да кудан ұшқыр, мыңнан жүйрік,
Бір кезде тапсырарсын аманатын.
Үймелеп құрт-құмырска жерді қабар,
Қадірлеп жоғары ұстап жүрген басың.
Нұскалап өз әлімше жаздым өлең,
Даңғарлы болмасам да дарынды акын.
Коргенім, білгенімді өлеңдетіп,
Қалсын деп кейінгіге жазған хатым.
Пайдалан керектісін теріп алып,
Керексіз артық болса не ғыласын.

*Балам Мұратбек Мәдімәр Сауытбекұлына Орал қаласының
ақыны Зайдолла Қабенов «Мәңгілікке жол» және «Жалғыз
келдім өмірген жалғыз кетем» деген екі кітабын да арнау өлең
жазып сыйға тартыпты.*

*1. Атқа мінсе азамат ұнап көпке,
Сәлемі дұрыс болса, жоқ қой өкпе.
Сыйлаймын кітабымді ізгі ниетпен,
Мәдімәр Сауытбекұлы Мұратбекке.*

*2. Жерде жұмақ, отырып Құдай аспанда,
Болмаса күнәң, байдан биден жасқанба.
Сұлулық, саулық бақ басынан көресін,
Ізгі ниетпен, мен батамды берейін,
Мәдімәр Мұратбек Сауытбектің ұлына,
Сексен асып, тоқсанға қадам басқанда.*

Орал қаласы, Зайдолла Қабенов.

Май 2014 жыл.

ТҰҢҒЫШ НЕМЕРЕМ

Жаниям менің, тұңғыш шөберем,
Болған соң жақынсың маған өзгеден.
Арсаландап шаттанасың құлпырып,
Балдай тәтті қылығың да көбейген.

Аялайды үй іші қолдан-қолға өзінді,
Өмір таңың күн сайын оянуы сезілді.
Шақырғанда ұмтыласың еңбектеп,
Сүйсіндіріп сүйкімді сәбиге тән кезінді.

Бұл өмірдің болмысының әсері,
Адам біткен нәрестеден өседі.
Ата-апаңның о дүниесіне сиың бар,
Шөбере сүйгеннің орны пейіш деседі.

Бал-бұл жанған тұңғыш шөберем,
Сен өмірге келгелі
Қуанышқа кенелем.
Тәубе қылып тағдырыма жүргенім,
Сендерменен болашақта көгерем.

Жаниям менің, тұңғыш шөберем,
Бір жасқа да келіп қапсың дембе-дем.
Туған күнің құтты болсын, өсе бер,
Қабыл алшы саған өлең жазған ем.

АЯЛАҒА!

Сен бақытсың
Аялам менің, Аялам!
Нәрестесіз болашағы бола ма адам
Жұбаныш қылып Галяма сені берген,
Алла сыйынан айналайын Аялам.

Үлпілдеген, үрпиген үкідей сәбиім,
Сені көрсем
Кіріп қалар сән күйім.
Аялап шақырғанда шарқ ұрып,
Үмтылатын, құлшынатын әлдиім.

Балдан тәтті өмірімнің шекерісің,
Жанды-жансызда не жетеді балаға тым.
Жеткіншекке тең келер теңеу бар ма,
Бар байлықты игеріп өтсе де кім.

Масатыдай құлпырып бал-бұл жанған,
Перзентсіз өмірдің бәрі жалған,
Аялам
Галяма медет болып
Төрт құбыласы теңеліп сайран құрған.

Бөбегім
Балдырғаным, көгершінім.
Бүлдіршіңсіз бұл өмірде көгерсін кім?
Ғұмырың ұзақ болып, бақыт қонсын,
Жалғай берші Галяиның болашағын.

БОЛАТҚА!

Болат, сен биыл дәл қырықтасың,
Неге жұрт
Бұл жасыңа қызықпасын.
Ләззаттай бақыт тапқан өміріңе,
Сұм сұқтанды, дос сүйінді қызыққан соң.

Мұқтаж жанға қолқайыр ұсынғаның,
Игілігін сыйлап тұр Алла соның.
Тәкаппарсыз, тәубе қылған ақ көңілдің,
Парасатты саналы білімдінің.

Табады ниетіне қарай өз болмысын,
Дегендей Қыдыр дарып, бақ қонсын.
Еңбекшіл, адал жанға Алла берген,
Үйіндегі береке өз табысың.

Мал мен басқа тең болуды,
Алла жазсын.
Пейілі кең Болат-Ләззатқа нұрын шашсын.
Қашанда ниет көшбасшы деген сөз бар,
Зор бақыт, ұзақ ғұмыр
Сендерді алдан тоссын.

ДАНИЯРҒА!

Болаттың көптен күткен аңсағаны,
Сен едің.
Саған дейін болған бәрі,
Шаттыққа шаңырақты бөлеп тудың,
Жолда қалып күдікті ойдың талғамдары.

Содан бері сәбилік кезің өтті,
Сүндет пен тілашарға
Жасың жетті.
Құтты болсын, тойың тойға ұлассын,
Бақ қонған әке-шешен қасиетті.

Әр сөзің, әр қимылың айқындалып,
Келесің жылдан-жылға өмір танып.
Соңында әке-шешен шат болып жүр,
Бал дәурен қылығыңнан қуат алып.

Өмір болмысы
Саналы жолын беріп.
Сырынан керектісін жүрсін алып,
Соңыңнан Болат-Ләззат үміт күтер,
Мақсаты шешілгендей орын тауып.

Екі той қабат болған
Құтты болсын!
Ойлаған үміт-арман орындалсын
Данияр ел таныған азамат боп,
Бақытты шаңыраққа шаттық қонсын.

ҚҰРМЕТТІ РОЗА КЕЛІН!

Бұл өмір кімге қалай, оңай болсын,
Кезі де бар ортаяр көңіл-хошың.
Біреулер сырт айналып жонын берсе,
Қолтығыңнан демейді талай досың.

Болған соң тал бойыңда талап-жігер,
Әркім-ақ парасатын қарап білер.
Риза шығар Мүсілімнің әруағы,
Ойында Розаның қабат жүрер.

Нисті де ақ еді Мүсілімнің,
Үлгі етеміз талайға кісілігін.
Ұрпақтары өзіне тартып өсті,
Болған соң сенің биік түсінігің.

Қиын мына кезеңде бүгілместен,
Мұң біткенді шығардың бүгінде естен.
60 жаста шырайың ажарлансын,
Артта калып жайсыздау күнің кешкен.

Ал тойыңа бүгінде бақ тілеймін,
Қабыл етсін көптің де ақ тілеуін.
Тойың-тойға ұласып отбасыңа,
Байлық, бақыт қонақтап жатсын деймін!

ДАРЫМАС ОҒАН ТІПТІ «КЕТ» ДЕГЕНІҢ

Ауамен де
Бюірге отырғанда да
Түкіргенде де
Жұғады туберкулез түшкіргенде де
Сауға осылай Төрехан тұзақ құрар,
«Аралық ие» құсаған көксау неме.

Тек сізге
Сөз емес тек дегенің
Сезбейсің сырқатын жұқтырайын деп келгенін
Сезіп қап жолын бөгеп айтқың мейлі
Дарымас оған тіпті
«Кет» дегенің.

Кет дегенде кетпей қойған қаскүнемнің,
Көкірек ауруын жұқтырайын деп келгенін.
Сезгендейсің арам ойын асырмаққа,
Жиындысы бойында жаман әдеп деп білгенің.

Өмірде болады екен осындай да арсыз адам,
Сақтық керек
Әркімге ондайлардан
Әйтпесе жұғуды қуалаған туберкулез
Тарайды Төрехан сияқты
Көксаулардан.

Аурудың ауруын сауға жұқтырушыны
«Аралы ие» дейді.

16.02.1995 жыл Қолқұдық

* * *

Сүм алаяқ азғырып айнытқан адалдықтан,
Сөйтіп Көрехан Қорамазанұлын екі дүниеде құдай атқан.


Күнәһар денесін нәпсіге сүйсіндірген зинақор,
Зұлымдық көрсер өмірінде жапа шегіп болып қор.

Бұл өмірде Көреханның айнытуы адалдықтан,
Мекен дайындау о дүниесіне тозақ оттан.

Құты қашып ар алдында қасіретін көреді,
Елі-жұрты күнәһар скенін кейінгіге өреді.

Зинақор деген жаман ат тағылып сүм жалғанда,
Тозақ отына жанар о дүниеге барғанда.

«Көлқұдық» 1995 жыл



ШҮКІРШІЛІК

(болған әңгіме)

«Адамды адам еткен еңбек»

Ф.Энгельс

Бек сонау жетім өмірінен ой кешіп отыр. Бәрі-бәрі көз алдында. Мен мұндалаған жарқын істер бірінен соң бірі елес береді. Сонда әкеден беске жетпей жетім қалып едім-ау. Бір күн ауру, бір күн сау анасын айналып ұзап та ойнамайтын. Бұған тағы кездейсоқ қаза ташқан әке дәулетін қосыңыз. Жүзден аса қой, төрт түлік малдың әртүрінен бар онға тарта ірі қаралар, түлік қалды. Оған ие ауру ана мен шикіөкпе Бек қана. Сол кезең ауыртпалығы аз емес еді. Ұлы Отан соғысының соңы 1945 жылы халықты жаппай толық жоқшылық меңгерген тұста әкесі марқұм Сәтібар осынша малды болғанына таң қалса, тағы осынша малдың белді иесі болмаған тағдырына Бек қиналған. Сол бір кезде сол өңірдің тұрмысты ауаттысы Сәтібар болатын. Әуелім әке олімін ауыл бейітіне қойып, қайтып келгенше жеті-сегіз қойды жоқ еткен. Көрінеу бір көмескі бір жырымдаушы әр кезде табылатыны белгілі. Бұрынғы 1932 жылғы жаппай ашаршылықта ел жанжакқа ауған кезде Сәтібар жеті отбасы қазіргі ауыл мекенінде қалып, еңбектеніп ашаршылықтан аман қалған. Үш-төрт жылдан соң ел қайта жиылған соң қазіргі ауыл орнына қоныс құруды тиісті орындарға ұсыныс жасап, Сәтібармен әйелі Іздән екеуі Жиенбет ауыл мекенін құруға ұйытқы болған. Ашаршылық өте сап-ақ Сәтібар тез ауқатты боп төңірегіндегілерден бұрын тізгінін ерте игеріп алды. Еңбекшілдігінен болса керек. Демек, қорыта айтқанда 1932 жылғы қиын жылда да Ұлы Отан соғысының тұсында да, екі қиын кезеңнің өзінде ауқатты болды. «Тұрмысым түзелсін десен» ретін тап деп ерен еңбегінің ретін тапқандық болар. Сөйтіп, бүгін ауылын осы мекенге қоныс құрдырғаны үшін Жиенбет ауылының бір үлкен, бір шолақ көшесі Бектің анасы Іздән атымен

аталады. Осының бәрін Бек ой елегінен өткізе отырып, бес жасқа жетпей жетім қалғанда әкеден қалған көп малдың әуресі оны тез есейткенін есіне алады. Мектепке барғанда күнде бір таба нан апаратын. Сұраған балаларға беріледі анасы. Сол кезде елдің көбісінде ішкерге тамақ тапшы, балалары мектепке жүгері, жүгері нан сияқты нәрселер апаратын. Міне, осылай бардым болса да, Бек оқудан гөрі үй тірлігіне бейім болып, малды айдап сал, айдап келді әуелі жастан игеріп, шеше тілін екі етпей өсті. Он жасынан бастап отын-суға, мал азығын дайындауды игере бастады. Түйе, атын артып алып жұмсайтын қара ниет зорлықшылдар да Бекке батпайтын болды. Ол кезде елде күш көлік жоққа тән еді. Қоғам жұмысы мен ауыл тұрғындарының жұмыстары күш көлікке сүйенетін. Техника деген атымен жоқ кез ғой. Біздің күш көлік түйе, аттарды қарау қара ниеттілер жайылымнан ұстап алып жұмсай беретін. Әсіресе, шешен ұлтында қараулар көп болады екен. Осылардан бізге қиянат жиі туатын. Бек осындай қиындықты көргендіктен, он жасынан бастап отын-суға, малына әзір болып, оның жемшөбін дайындауға бейім тұрды. Он бір, он екі жасында мектептің үш айлық демалысында колхоздың арбасын айдады. Содан бастап мектеп оқуын біткенге дейін де, біткеннен кейін де колхоздың неше түрлі жұмысынан бірде қол үзген емес. Алла да өзімен ниеттес етіп, Зәбира атты қызға тап келтіріп шаңырақ көтерді. Екеуі қалай үйленді солай шаңырақ шаптығы жүріп берді. Өмірдің неше түрлі кедергілері жойылып, не істесе де содан береке тауып, ой-мақсаттары орындала бастады. Алла ерлі-зайыптының ниетін қос көргендей төрт ұл, төрт қыз беріп, оларды саналығып тәрбиелеп, өсірді. Бүгінде көбісі Алматыда тұрады. Үлкендері қызметін істеп, кішілері оқуын оқып жүр. Бек өткен күнін еске алғанда қазіргі күніне шүкіршілік етеді. Қатарынан ерте тез өзі тізгініне ие болып шаруасын дөңгелегіп әкетті. Баршылықты ерте игеріп, еңселі үй салып, машинаның неше түрін өз деңгейлесінен ерте мінсе, тракторда иеленді. Жұмысынан да, жүріс-тұрысынан да мөлдірдей таза абырой алып, жаман аты шыққан емес. Сөйтіп,

ел көзіне жақсы жағынан ерте көрінді. Мұның бәрі шақырмай келген қонақтарды күліп қабылдап, барын алдына жайып салып, риза етіп шығарып өзгені де өзіндей санаған кіршіксіз ала-күласыз кең пейілімен ерен еңбегінің жемісі деп балаларына басқаға айтып отырады Бек.

Бүгін ағым өзгеріп «Өз күніңді өзің көр» дегенге лайықты істер істеп, «Көлқұдықтан» 50 гектар жайылымдық жерді жалға алып, сол арадан үй алып, үлкен ұлына 150-дей қой-ешкі, 30-дай сиыр, 10-дай жылқы иеленіп, осыларды бағатын бақташыны баласына жәрдемші ғып ауыл орталығындағы үйіне Бек бұратала көшіп келді. Жаңа ағым жолын кейбіреулерден гөрі тез игергеніне достары сүйсініп, күншіл суық көздер күндегендей де болды ел ішінде.

Әрине, 1991 жылдан бастап ағымның өзгергеніне байланысты шаруасы кері кеткенге тап болғандар да аз болған жоқ. Жұмыссыздық, қымбатшылық, жоқшылық бос белбауларға кедергі келтірді. Мұның да кері кетірген себебі бар. Өйткені, жетпіс жыл жинаған ел байлығы, мал, техника, қолмен өндірген өнім, қордың барлық түрлерін атқа мінерлер бөлісіп алып, қарапайым халық ескерісіз қалды. Ал жекешелендіру де әділ жүрмей, 70 жыл еңбектеніп жинаған байлықтың барлық қазынасы бастықтардың оған пәре бергендерді, еншісі, болып, қара жұмысшылар үлесіне тиелісін алу да екі талай болып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Осы «Екі ағым арасындағы өріс алған келенсіз көрініс тек басшылардың пайдасына шешіліп, қарапайым халық әділетсіздік көрді. Бұған заң орны да, жоғары орындағы басшылар да қой дейтін қожа, әй дейтін әже болмады. Жұмысқа тек пәре бергендер мен директордың таныс-тамыр, туыстары орналасып, халық ішінде жұмыссыздық өріс алды. Келешекке деген сенім азайды. Халық екі жарылды бай, кедей боп. Ел арасында жемқор ұры, анашист, пәреқор сияқты заңсыздықтың неше түрі көбейді. Адам өлтіру, бала сату, қарапайым адамдарды күл ету, ері әйеліне, әйелі еріне сену азайып, жезөкше көбейді. Қорыта айтқанда,

болашақта мемлекет басына адал арлы, халық қамын терең ойлайтын әділ басшы келмесе сенімі халықтың болашаққа деген азайып тұр.

Осындай «кері кеткен» кезең қиындықтарынан қысылмай Бектің отбасының еркін жүруіне шүкіршілік етіп отырады. Бұл жақсылық әуелі Алладан болса, екінші «Су аққан жермен ағады» - деп Бектің әкесі Сәтібарға, оның баласы Бекке, одан кейін Бектің балаларына өмірде еркін жүру жалғасын тапқанына Бек шүкіршілік етіп келеді. Шүкіршілік етіп отырады.

*Жиенбет ауылы.
23.04.1999 жыл.*



ШЫҢҒА БІТКЕН ШЫНАРДАЙ

Аудандық кітапханада ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, кездесу жиындары өтуде. Оқырмандарға ерекше әсер еткен кездесулердің бірі - «Шыңға біткен шынар» деп аталды. Кешке өңіріміздің тумасы, жергілікті ақын-жазушымыз Сауытбек Мәдімәрұлы келіп, өмір жолымен, шығармашылық тәжірибесімен бөлісті.

Жиенбет ауылында дүниеге келіп, тағдырдың тәлкегімен жастайынан ата-анадан жетім қалып, үйінің тұңғышы болғандықтан, өзінен кейінгі бауырларына қамқор болады. Жетіжылдық мектепті, кейіннен кешкі мектепті бітіріп, жалпы орта білім алады. Қиындыққа мойымай қолдан келген жұмысын жасап, ел қатарлы өмір сүруге талпынады. Тиянақтылығы әрі еңбекқорлығының арқасында Мойынқұм ұжымшары оны өз есебінен оқытады. Кейіннен өз бетімен ауыл шаруашылығы мектебінде оқып, «Мал шаруашылығы бригадирі» мамандығын алып шығады. Мұнымен қоса, Шу аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен сауда училищесіне оқуға түсіп, «Сатушы» мамандығын алады. Осы салада көп жылдар бойы халыққа қалтқысыз қызмет көрсеткені үшін аудандық, облыстық тұтынушылар одақтарының, жұмысшылар кооперативінің Мактау грамоталарымен марапатталады.

Кейіннен мәдениет саласына ауысып, зейнет демалысына шыққанға дейін көптеген мәнді мақалалар жазып, бірнеше кітаптардың авторы атанады.

-Шалғайдағы штабтағы рация менің үйіме тұрақты орнатылып, әуелі зайыбым, кейін балам рацист болып істеді. Сол жылдардың бірінде Көшкінбай деген кісінің бір кора қойы судан қырыла жаздады. Ауыл, аудан азаматтары тындамаған соң, рациямен облысқа хабарластым. Сөйтіп, бір рацияның көмсігімен бір отар қой аман қалған еді,-деп естелігінен сыр шертті.

Шығармашылықты да жанына серік еткен аға «Жыр

бесік», «Аша елі», «Түсімдегі жолбарыс», «Көлқұдық» сынды шығармалар жазған.

Кездесу барысында М.Мақатаев атындағы Тірек мектебінің оқушылары кеш қонағының шығармашылығынан өлеңдер оқыды. Сондай-ақ, «Кітап сыйлайық» акциясы өткізіліп, онда автордың «Өмір керуен», «Болашаққа хат», «Менің қарапайым өмірім», «Көлқұдық» атты кітаптары оқырмандарға сыйға берілді.

Бағдагүл АЛЖАНБАЕВА,
аудандық орталықтандырылған кітапхана
директоры.
«Шу оңірі» 12.10.2016 жыл.



САУЫТБЕК ЖЕЗДЕ

Ал, Тәңірім, жағарда пендесін,
Іштей ғана ыңылдап бір термесін.
Жазады екен мың ойланып, толғанып,
Не көрерін бұл өмірге келгесін.

Осы сәтке куә болып Зеңгір-Көк,
Бұл жазуға ат қояды – Тағдыр-деп.
Шарананы жерге түскен шырылдап,
Жұбатады әз-Анасы әлдилеп.

Менің жездем туылғанда іңгәлап,
Сөз түсіпті ауызыңа тың қабат.
70 жасқа асса-дағы бүгінде,
Шығаруда сол сөздерін ілләлап.

Орындалып арманының ақ гүлі,
Бүгінде ол бес кітаптың авторы.
Екі жылдың ішінде ол қос еңбек
«Көлқұдық» пен «Аша елін» бастырды.


Бітіргені жеті класс бар-жоғы,
Ауыр соғып бұл өмірдің тар жолы.
Жас кезінде қиындықтың не түрін,
Көрген еді ұзарғанша өз қолы.

Оқасы жоқ, бұл өмірдің сынағы,
Есесіне, бүгіндері қырағы.
Кеудесінде шығамын деп, бой бермей,
Лықсып тұр ғой, патша сөздің бұлағы.

Алсаң-дағы, басқалардың мазасын,
Тегінде сен, тек шындықты жазасын.
Осы қайсар мінезіңмен көресің,
Әлі талай, алыстарға шабасың.

Анаңыздан бір-ақ рет, ақ туып,
Жүрген жоқсың атак қуып, бақ қуып.
Қаламыңнан шыққан әрбір сөзіңді,
Қабыл алсын, туған елің, тақ тұрып!

*«Қозғалтсаңшы кеудемнің бір жартысын»
атты кітаптың 142-бет.
Болатбек Әбішев.*



ЖЕКЕ ИНТЕРНЕТ САЙТЫМНЫҢ БІРІНШІ БЕТІНЕ

Ақын-жазушының ең жақыны – оның оқырманы болып табылады. Сондықтан да сіздерге өмірімдегі бар сырымды айттым. Енді, міне, бас-аяғын түгендеп, өздеріңізге ұсынып отырмын. Қолдан келгені осы болды. Жазбаларымда артық немесе кем жерлері болса, алдын-ала кешірім сұраймын. Бұл да өмірдің болмысы шығар. Өмірдің мәнді максаттарын сіздерге тілеймін.

1. Мен 1940 жылы 1 қазанда Жамбыл облысы Шу ауданы Мойынқұм ұжымшарына қарасты Жиенбет ауылында дүниеге келдім. Бірақта, туу туралы куәлікке маған белгісіз себептермен «1941 жылдың 20 мамырында туылған» деп жазған. Бес жасымда әкеден жетім қалып, төрт баланың үлкені болдым. Ауыршан анамның, белі ауыратын інімнің және екі қарындасымның әлі кішкентай болуына байланысты үй тіршілігіне жастайымнан араластым.

2. Жетімдіктің әсерімен әкеден қалған көп малды бағамыңдан деп, жеті жылдық мектепті толығымен бітіре алмадым. Қоғамдық жұмыстарды жемісті атқаруыма орай, 1958 жылы Мойынқұм ұжымшарының жолдамасымен мені Жамбыл қаласындағы ауылшаруашылығы мектебіне қой шаруашылығының бригадирі мамандығын игеру үшін жіберіп, өз қаражатымен оқытты. 1961 жылы Шу аудандық комсомол ұйымының жолдамасымен Жамбыл қаласындағы малдәрігерлік техникумына оқуға жіберді. Бірақ та аталған техникумның Талас ауданындағы Аққол елді мекеніне көшуіне байланысты, Жамбыл қаласындағы тұтынушылар училищесіне оқуға түсіп, «саудагер» деген мамандық бойынша 1962 жылы аяқтадым.

3. Елге оралғаннан кейін сауда саласында он бес жыл жұмыс істедім. Сауда саласында таза жұмыс істеудің қиын екендігіне көзім жетіп, одан бас тарттым. Одан кейін сегіз жыл бойы орманшы болсам, кейінгі жылдары «қызыл отау» меңгерушісі болып, зейнетке шықтым. Осы үш салада да қызметімді тиісті

деңгейде атқаруға тырыстым және оннан аса мақтау грамоталарын иелендім.

4. 1959 жылдың 13 желтоқсанында сүйген жарым Зәбира Нарымбекқызымен отау күрдым. Жаратушымыз төрт ұл мен төрт қыз беріп, екеуміз бар өмірімізді соларды саналы да білімді етіп тәрбиелеуге бағыштадық. Елу төрт жыл болды ұл-қыздан немере-шөбере сүйіп, бақытты өмір сүріп келеміз.

5. Құрметті оқырман! Бұқаралық ақпарат құралдарына тілші болғандағы шығармалым мен іс-әрекеттерім жарық көрген кітаптарымда айтылғанына қарамастан, кейбір тұстары жөнінде баяндап өтуді жөн көрдім. 1977 жылы «Шу өңірі» мен 1980 жылы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің штаттан тыс тілшісі ретінде қоғамдық меншік пен қарапайым халық мүддесіне қол сұғушылармен күресе жүрдім. «Қазақ қалтамда» және «бастықтарды пәремен аламын» деп бүкіл елдің намысына тигені жөнінде «Келісекке жем болып жүре береміз бе?» атты мақалам республикалық «Халық Кеңесі» газетінде (1992 жыл 19 ақпан), қазіргі отпелі кезеңге байланысты «Жекешелендіру әділ жүрмей жатыр» деген мақалам «Халық Кеңесі» газетінде (1994 жыл 24 мамыр), Ұлы Отан соғысында опат болған жүзден аса боздақтарға ескерткіш орнату жөніндегі мақалам «Социалистік Қазақстан» газетінде (1-ақпан 1979 жыл) жарияланды. Аталған мақалалардағы ұтымды сындар өз нәтижесін берді және оны оқыған адамдар маған алғыстарын айтып, басшыларды тиісті іс-шараларды атқаруға мәжбүрледі. Қайсы бірін айтамын, сын мақалалар көп жазылды және газеттерде жарық көрді. Әйелдер босанарда немесе ауырғанда, өрт болғанда басқа да кездейсоқ төтенге жағдайларда жазған мақалаларым, сындарым ұтымын бергенмен, жарық көргені жетерлік. Соның бірін тілге тиек етер болсам, жоғарыда айтқан мақаламды Жамбылдан келген: «Сіз неге жоғарыға жазасыз? Оны Колбин келіп тексеруі керек пе?» - деп өзімді сөкті. Шалғайдағы рация біздің үйде орналасқандықтан жазғы шілде айында

Кыргызбаев Көшкінбайдың бір отар койы шолден кырыла жаздады. Жонбаева Тоты деген әйел босанарда, баласы ауырғанда, міне осындай неше түрлі қиын төтенше жағдайда ауыл, аудан басшылары тыңдамаған соң, облысқа хабарлап, рациямен көмек жағдайларын жасағаным қаншама? Мұнымды бастықтар «жаптым жала» ретінде талай қыр көрсетсе де қайтпадым. 1982 жылдан Жамбыл облысы бойынша обш, охотоинспекторының штаттан тыс егері болып та табиғат тамашасын қорғауға атсалыстым. Бастықтар қанша соңыма түссе де түкте істей алмады. Ақиқат жеңді.

6. 1951 жылы 11 жасымда төртінші сыныпты оқып жүріп «Ей, балалар, келіндер» деген тұңғыш өлеңімді жаздым. Мұндай жасық-нашар өлең әрдайым туындап тұрды. 15 жыл сатушы болып жүріп бір шумақтап өлең жазуға арландым. Мен өлең жазсам, тағы тұтынушылардың бір тиынын қымқырсам, онда кім болғаным деген ойға келдім. Сауда жұмысынан біржолата бас тартып, өлең жаздым. «Батыр аға» деген (Бауыржан Момышұлына арнаймын) тұңғыш өлеңім 09.05.1978 жылы жарыққа шықты. Кейін «Жыр-бесік» топтама жинағында («Жалын», 1983) бір топ өлеңім жарық көрді.

Әуелі мені бір жолбарыс бас салатындай болып, шошып ояндым. Сыртқа жүгіріп шығып, жарық жағып, қуыс-қуысты, қораны, үйдің төңірегін карадым. Әлгі мен көрген жолбарыс жоқ. Түсімдегіні өңімдегідей сезініп, неше күн үрейленіп жүріп, ұмытып кеттім.

А) Жарты айдай уақыт өткенде тағы жолбарыс бас жағымда маған қарап жүр екен, мұның түс екенін бұл жолы анық сезіндім.

Б) Тағы біраз күндерден соң бір топ адам біздің үйдің алдында тұр екен. Мына Сауытбектің жолбарысына қарашы, оң босағасының астынан ін қазып алып жатыр, деп бір-біріне көрсетіп тұр екен. Мен де барып көрсем, баяғы жолбарысым түбінде жатыр. Оянып кетсем – түсім. Осы үшінші көрген түсімнен бастап бұл жолбарыс өмір бойы менімен бірге болып,

түсімнен шыққан емес. Әсіресе, мен арақ ішіп, қалай болса солай жүрген күні түсіме жиі кіріп, жолбарыс үйдің төрінде жатып алады. Көп жылдан соң осы жолбарыс түсімнен шықпай қойған соң, Сүлейман нағашыма айттым. «Басыңа қонған бақты күт. Ішімдік ішу мен қисық жүрісті қойғын», деп мені түзу жолға салды. Сөйтіп жиырма үш жасымда маған жолбарыс пайда болды. Бұдан кейін де «ауада қалықтап жүретін» түсті де жиі көретін болдым. Міне, мұның бәрі маған деген құдіреттің сыйы шығар. Қазір жолбарыс түсіме сирек кіреді. «Кәрінің бағы таяды» деген сөз бар ғой. Мен қазір 73 жастамын. Енді киелі жолбарысым балаларымның біріне барса деп Алладан тілек тілеймін, оқырманым. 360 беттік өлең кітапты «Түсімдегі жолбарыс» («Раритет», 2008) деп атадым. 1958 жылы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» кітабының Шоқай болысы деген тармағындағы Бүйенбай Қарақшының баласымен айтысын кездестірдім. Аша елін Әулиеата оязы ел демеі төңірегіндегі болыстарға қаратып, әрі қанатып қойған. Осыған қарсы күрескен Секер батыр көп еңбек сіңіріп, өзінше Аша болысын құруға белсене атсалысқан. Нашардың сөзін сөйлеп, соның жағында болғаны үшін де ағайындары батырды өлтіргені туралы айтып, өлеңмен жоқтайды. Мені сондағы Секер батырдың іс-әрекеті, тағдыры қызықтырған соң, араб әрпімен жазылған өлеңді аудартып, бүгінгі кириллица қарпіне түсіріп алдым. Осыдан бастап Аша елі, Секер батырдың, соған қатысты адамдардың тағдыры туралы ел аузынан сұрастырып, отыз жылға жуық материалды тірнектесп, «Аша елі» («Мерсей», 1994) кітап жаздым. Тәуелсіздік алып Қазақстан Республикасы болғанда қиын да аласапыран кездегі, бұрынғы кемеліне келген шаруашылықтардың ойсырап-күйреуі мен ауылдағы ел-жұртқа тигізген орасан зардаптары, өз жеке басын ғана күйіттегенді «Екі ағым арасы» деп ашық шығарма жаздым. Бұған әңгімелер, мақалалар, ой-толғанымдар қосып, «Көлқұдық» («Раритет», 2009) атты кітап жарық көрді. Тағы қайта жазылған «Аша елі» («Раритет», 2010) жарыққа

шықты. Кеңес үкіметі тұсында «Отан жайлы кімге сенеміз» деп «Болашаққа хат» (24.12.1978 – 22.02.1985) жылы аяқтаған едім. Ондағы ойым архив пен мұражайға мен дүниеден өткен соң аманат ретінде өткізу үшін жазғанмын. Ойткені бұл сыныма кеңес үкіметі менің басымнан сипай қоймайтыны белгілі ғой. «Болашаққа хат» («Алматы», 2010) кітап болып жарық көрді. Өз өмірімнен жазылған «Менің қарапайым өмірімі» атты кітапты «Үш қиян» баспасында шығып жатыр. Енді тағы «Күнделік» екі кітап болып баспаға басылуға дайын тұр.

Бұл аталған жеті кітап пен тағы жарық көретін екі кітаптардағы хикаялар, әңгімелер, мақалалар, ой-толғанымдар, зерттеулерге қоса менің ішкі-сыртқы болмысыммен толық таныса аласыздар.

Бұрынғы кеңес үкіметі кезіндегі «Болашаққа хат» пен тәуелсіз Қазақстан Республикасы болған кездегі «Екі ағым арасы», тағы толып жатқан шығармаларымда ел тағдыры, халық мүддесі жолында ойымдағының бәрін бүкпесіз жазғанымға сөге көрмеңіздер. Мен де қарапайым халықтың бір өкілі ретінде одан тыс қала алмадым. Осы ойымның артық-кеміне тағы сіздерден кешірім сұраймын.

Отан тыныш, ел аман болып, халқымыздың ынтымақ-бірлігі артып, тоқ болуын және еліме мол бақыт, мықты денсаулық, істеріне сәттілік тілеймін.

Қош аман болыңыздар, оқырман қауымым!

*Сауытбек Мәдімәрұлы.
01.10.2016 жыл. Жиенбет ауылы*

АЙҒАҚТАР МЕН КҮДІКТЕР (әңгіме)

*Махаббат арқылы құтқару келетінін
білмейтіндер, сенімді де кері итеретіндер.
Поуло Козльо.*

Ары аунап, бері аунап ұйықтайын десе, ұйқы келмейді. Үйдің іші жым-жырт, бәрі ұйқыда. Ең қиыны – жанындағы жатқан адамның өзгеше күй кешкені. Не онда емес, не мұнда емес, түпсіз ой, берекесіз беймаза көңіл.

«Неге мен соншама жақсыдан жаманға, адалдан арамға жақын болып бейімделгенмін» деген байлауы жоқ тиянақсыз сұрақ туады. Әсіресе, осыдан жиырма жеті жыл бұрын отша лаулап барып жалындап басылған шатақ қайта оянған күдікке айналды. Сол құрғыр шатақ ұзақ жыл жанындағысын ескерусіз ұмыттырып жүріп, андаудың әсерінен жымысқы ой өз жалғасын тауып, айғақтар мен күдіктер қыл-қыбырын сүйретіп, тұнық тағы лайланып шыға келді.

Өткен іске жаңа сезік секем тудырған сайын оны ойламайын десе де жанын жай таптыратын ой тағы жоқ. Неге адам баласы соншама секемшіл?! Жоқ бұл маған ғана тән жаман әдет пе деп Сабыр күйзелу үстінде. Бұл күдік құштар сүйіп қосылған жары Жәмила жайлы еді. Енді бүгін «айғақтар мен күдіктер өріс алып қайта қозды.

Жәмила аудан орталығында бір шаруасы болып, сонда түнеп келген күні көшедегі дарбазадап кіре беріп-ақ ай-шай жоқ Сабырға ұрысты жаудыра жөнелді. Келесі жол сол жаққа түнеп келген күні ұрысын тағы да қайталады.

Алғашында мұндай-мұндайын аса ескермеген Сабыр кейінгі кезде істерін бағамдаса, әйелі сол жаққа түнеп келген сайын

осы әдетін қайталай беретін тәрізді. Тіпті бір күн, не екі күн болсын жұптастар түгіл жай түс таныстардың өзі бір-бірін бір күн көрмесе сағынысып, қал-жағдайын сұрасып, шүйіркелесіп қалады. Ал Жәмила болса, сағынысудың орнына, керісінше, Сабырға ұрыса келеді.

Сабыр да кайбір оңған, тырнақ астынан кір іздейтін, түймедейді түйедей бадырайтып жіберетін өте қиын адам. Жәмиланың ойында түк те жоқ шығар, кім біледі, бұрын араларында кірбің болса да кейінгі кезде аңғал, бейқам болып, ширек ғасыр өзін сынап жүрген Сабырдың сен демеген айналасына әуейіленіп тоқпейіл, тоқмойын танытып бәрін ұмыттыға балап, өзі білерменге салынып, не болса соны ұрыс қылатын шығар. Қара суды қатықсыз ішсе де, қасындағысы қазымырланын секем тудырмау үшін әйеліне айламен болса да сен демеген соң, күйсуіннің бағасын біліп, ойнап-күліп, гүлдей жайнап, жақсы сөз, жайлы қылығымен жанын жадыратып жүре берсе қайтеді.

Бар-жоққа төзе қарап, қайғысыз, алаңсыз өмір кешкеннің өзі шаңырақ шаттығы емес пе? «Сұрап алған сырқаттың емі табылмайды» деп ендігі күні не болады? Сабырдың айтқанынан қайтпайтыны, бұрынғы қыл-қыбырын аш ішекше шұбатып, ұмытпай қазымырлана беретіні Жәмилаға белгілі емес пе? Сол бір мазасыз күндерге де обал жоқ, ол сыйлағанды білмейді, сол бір мазасыз күнді ұмытып кетті. «Қашан да адам баласы өзіне өзі істейді» деген рас екен.

– Сен сол жаққа түнеп келген сайын қисынсыз ұрыс шығаратын болдың, әрі тоқмейілсіп қалыпсың, Кеселдіге барып тояттап келген екенсің, – деп Сабыр Жәмилаға ашық айтты. Шынында бұрын күдікке алып, Жәмилаға таңып жүрген Кеселді сол түнеп келген жақта тұратын. Ширек ғасырдан бері мұндай артық сөз естіп көрмеген Жәмила үстінен жай түскендей айтылған күдікке бар болмысымен ашуға басты.

Сабырмен ұрыса жөнелді. Көресіні Жәмиланың өзі көріп жатты. Көп жылғы тыныш өмір көкке ұшып, ол әрдайым сенен

баска еркек көрсем, «ақырым тақыр болсын» деп адалдығын дәлелдеп қарғанумен болды. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан тыйылды. Сабыр Жәмилаға бүгінгі түгіл бұрынғы атам заманғы айғақ пен күдіктерді жиып-теріп маза беруден қалды. Міне, енді осы кірбін әсерінен өмірде біреу бетіне салық қылып айтпаған Жәмиланың алғашқы бірінші түнгі кемістігін Сабыр жіпке тізгендей ғып айтқанда бұрынғы сыйдың білмегеніне іштей күйінумен болды. Бірақ енді бұдан ақталып, қарғанғанымен еш нәтиже шықпайтын еді. «Адалдық – ерлі-зайыптыларынтымағының айқын белгісі» - депті. (Д. Фонвизан).

Жәмиламен ең алғашқы танысып, екеуі қосылып, аққан екі бұлақтай болуға ниет қылып жүргендегі тұңғыш тамашада Сабырдың өзіндей тағдырласы Темірбек те, Жәмиланың қыз жолдасы Табыл да бар болатын. Қос ғашықтың бір-біріне сыр ашып, сөз байласқан тамаша болатын.

Сөйтін, тамаша өткен түннің ертеңіне Сабыр мен Темірбек жолаушы көлігін көпшілік жұртпен бірге күтіп тұрған аялдамаға Қалибек пен Жетпісбай да келді.

Аман-саулықтан соң:

– Сабыр, мен саған келдім. Аз да болса мектепте бір сыныпта екі жыл бірге оқыдық. Сол үшін саған әдейі айтайын деп тұрмын. Менің Жәмиламен уәдем бар. Ол маған берілген қыз. Екеуіміз үйленбек болғанбыз. Артық болса да шын-ақиқатты айтуға тура келіп тұр. Жәмиланың ақ шымылдыққа жауып беретін алғашқы түнгі адалдығы менің мойнымда. Демек, мен Жәмиланың абырой пердесін оның келісімімен бұзып, сакинасын сындырғандықтан, оны әйелім деуіме толық қақылымын. Сол үшін екеуіміздің аразды ажыратпа. Бәрібір, сен сезімді, намысшыл жігітсің, онымен қосылсаң да, кейінгі өмірің өкінумен өтеді. Бірге оқыған сыныптас болған соң алдын ала ескертейін деп келдім, – деді Қалибек.

Сабыр аң-таң күйде үстінен жай түскендей болып, аңырып тұрып қалды. Сол түні Жәмила бастаған коп қыздар Қалибекті тамашаға кіргізбей, қуып жібергенін Сабыр байқап қалған болатын.

Сөйтсе, бұлардың осындай құпиясы бар екен ғой деп ойланғын тұрғанда, Темірбек:

– Біз Жәмилаға барып, Қалибектің сөзін жеткізейік, – деді.

Оған Жәмила:

– Ол бөсіпті. Мен адалмын, балалығым бойымда, құдайға шүкір, абырой пердем бұзылмаған, – депті.

– Мейлі, адал, таза болғаны дұрыс. Кейін екеуіміз ренжіспей өмір сүруіміздің куәсі болады, – деді Сабыр.

Осы жерде бір ұйғыр азаматы:

– Қазақ жігіттері алғашқы үйленгенде алғандарының қыз, не әйел екенін ескермейді де кейін жүре келе адал емесі сезілген соң ұрыс-керіс болып ажырасып жатады. Бізде алғаш үйленгенде қыз, не әйел екенін дәлелдеу үшін көпшілік ұйғарған сенімді жеңгесі қатысып, соның барысына көз жеткізгенін екі жаққа да жария етіп, келешек өміріне нық, алаңсыз жұптастығын жалғастырады, - деген сөзін ойына алды Сабыр.

Былай шыққан соң:

– Екеуіміз де екеуіне үйленейік. Егер қыз болмай шықса, абыройын ашып елге паш етіп, «қыз емес, қатын екен» деп екеуін де тастай салайық. Өз обалдары өзіне. Сол үшін бір-бірімізге алған қызымыздың адалдығын жасырмай ашық айтайық. Сонда екеуіміз де бір-бірімізге куә боламыз, – деді Темірбек.

Бұрын Сабыр Қалибекпен бір сыныпта екі жыл бірге оқығаны рас. Ол бала кезінде қой сияқты тентек сүрей, шыр айналып жүріп кетіп, қалай болса солай, не болса соны сөйлей салатын сенімсіздігі де бар болатын. Бірде партада отырып «Мен сабақ айтамын» - деп қол көтерді. Тақтаға шыққан соң қайдағы бір

бұрын өтіп кеткен тақырыпты шатып-бұтып айтқаны. Оған мұғалім: «Қазіргі өтіп жатқан сабақты айтқын», - десе не оны түсінбейді, төңірегіне айнала тентек қойша оқшау қарайды. Сөйтіп оқушыларды күлкіге қарық қылатын тұстары көп болатын. Тінгі өзі кейін өсе келе түзелмесе әуім-сәуімдеу еді. Ал бүгінгі Қалибектің мына сөзінің түп төркіні рас-өтірігі екіталай екені Сабырға түсінікті.

Бірақ Сабыр Жәмиламен отау құрғанда, қыз екеніне анық көз жеткізе алмай, күмәнді болды.

«Қыз ба, әйел ме екен» деп Қалибектің сөзінен секем алған Темірбек сұрағанда Сабыр: «Қыз екен, пәктігі сақталған», - деп нық жауап берді. Бірақ Темірбек қайта-қайта келіп, үш-төрт мәрте күдіктене сұрауын қоймады. Онда да, Сабыр Жәмиланың көңіліне қарады. «Өзің сүйгенді алма, өзінді сүйгенді ал» деп, менімен таныспай тұрып, онымен байланысып қалған. Кейін менімен танысқан соң мені шын сүйген ғой деп, осы жерін ескеріп, Сабыр кешірім жасады. Кейінгі өмірі адал болып, басымды сыйлап, бағаласа болғаны да, «бір қапыс жазым басынан өткен шығар» дегенді ойлап ләм-мим деп тіс жармады. Түр-тұрпаты, өңі де келісті, көркем, толық қараторы келіншек. Кім-кімде менің әйелім осындай болса екен деп қызығарлықтай.

Ал енді бұлардан кейін үйленген Темірбек Табылдың қыз белгісін, екі өзен қосылған жерінде Шалатайдың қасынан Сабырды шақырып алып көрсетті. Сен Жәмиланың алғашқы түнгі адал екеніне көз жеткізетін белгісін көрсетпедің. Табыл таза қыз екен деп, үстіндегі іш киіміндегі дақтарды көрсетіп тынды.

Бұрын да сұрау салып, үш-төрт мәрте келгенін тағы мына көрсеткенін Жәмилаға айтсам ба деп Сабыр қиналып ойланып жүрді. Осыны сезді ме, сезбеді ме қайдам, әйтеуір үйде де, сыртта да Жәмила «сен не ойлап қамығып жүрсің» деп құшақтап сүйіп, аймалап, аялай берген соң отыз бес жыл болды «сен пәктігіңнен айырылып келдің» деп бетіне салық қылған емес. Ал «Табыл қыз, сен Жәмиланың қыздығын көрсетпедің» деуі - күндестік

пиғылда екеуін арандатып арасына от жағып, бүлінсін деген Темірбектің жымысқы, арам ойы жалғасын таба берді. Ол елге Сабырдан бұрын Жәмила байға тиген деп өсектеумен болды.

Екі-үш кара домалақ балалары өмірге келгеннен кейін «Асау той, тентек жиын опыр-топыр» деп Лермонтов айтқандай, осындай той үстінде Бұралқы деген Жәмиланы арбағандай икемдеп, ол да оған берілгендей қолтығына кіре сүйісуге жақын тұрғанын абыр-сабыр болып жатқан жұрт арасында окшау тұрған Сабыр сыртынан аңғарып тұрды. Осыны сезе қойған Жәмила табанда жалт бұрылып, қуыстанып, тұра кашқандай болды. Өмірінде біреуге таңып кормеген Жәмиланың мұнан кейінгі өмірі сынақ үстінде өтті.

– Егер Бұралқыдан таза болсаң, сөйлескен бойда неге тұра бермейсің. Сүйіскелі тұрғанымды көріп қойды-ау дегендей қуыстанып неге секемдендің, – деді Сабыр ашуланып.

– Сенің бір-екі жерде берген ескертпеңнен кейін ыңғайсыздандым, – деп Жәмила ақталған болды.

Сыртынан бағымдап карап, саралағанда, ерлі-зайыптының екеуінің де пікірі дұрыс сияқты. Бірақ бұл жұмбақтың құпиясын қай көріпкел шешпек. Міне, соның артын Сабыр үлкен шағакқа ұластырып, май құйып жаққан отша алаулатып, реніші үдей берді.

Осыдан кейін Жәмиланың отырғанын опақ, жүргенін сопақ көріп, оған сенуден қалды. Тіпті кім болса сол оның көңілдесі тәрізді сезіліп тұратын болды.

Бірде Сабыр ауданда жүргенде, Кеселді дегеннің қолынан өзінің бессаусақ тері қолғабын таныды. Сабырдың сұңғыла пәле іздегіштігі мұны қалт жібермеді. Ал бұл жігіттің азан шақырып қойған аты Рамазанұлы Төрехан еді. Көкірек ауруымен ауырып,

ілініп-салынып жүретін бұл жігітті ел ішінде «Кеселді» деп атап кеткен болатын.

Сабыр сол Кеселдінің қолынан тері қолғабын танығанын Жәмилаға келіп айтты.

– Мен оны қайдан білейін, үйге келіп-кетіп жүргенде тұрған жерінен киіп кеткен шығар, – деп ақталды Жәмила.

– Кеселді қашап келді, мен үйде жоқта неге келеді, үйге неге еркегі жоқта кіреді, қолғапты неге сұраусыз киеді? – дегендей тергеудің астына алады. - Қорыта айтқанда, көңілдесің болған соң, қолың жаурамасын деп өзің бердің, - деп Сабыр күдік туғызды. Мұның аяғы үлкен ұрыс-жанжалға ұласты. Бір күні Кеселді үйге келгенде:

– Сіз неге қолғапты сұраусыз киіп кеттіңіз? – деп Жәмила оны сыпайы сөккенсіп қолғапты алып қалды.

– Әншейінде бірсудің басы артық болар-болмас жай сөзіне бола жерден алып жерге салып, жер-жебіріне жетуші едің. Осы қолғап үшін талай сөз естідің, тәтті етіңе ащы таяқ тисе де, үндемей ашусыз жай алып қалғаның қалай? Сен Кеселдіге басқалар құсап қатты ұрыссаң: «Сен қолғапты қолың жаурамасын деп қолыма өзің кигізгенсің. Керек болса, сен менің ойнас қатынымсың» - деп ашу үстінде айтып қоя ма деп бұғынасың, - деді Сабыр.

Жәмила осындай әр ұрыс сайын «Ақырың тақыр болсын», «Сенен басқа еркек көрсем» деп талай қарғанғанымен, Сабыр оған сенбеді.

Тәтті етіңе ащы таяқ тиді. Талай күнді жылаумен, талай түнді ұйқысыз өткізіп, Жәмиланың кейінгі күні сынақ үстінде болды.

Осыдан кейін төрт-бес күн бір шаруамен сыртта болып кешке үйіне келген Сабыр мен Жәмила салқындау амандасты. Сабырдың келгенін жақтырмағандай ма, жоқ болмаса бір жері ауырып қалған ба, әйтеуір көңілсіз қабылдады.

Жатар шақта бір машина үйдің алдына тоқтайын дегендей, жүрісін тежеп, аздап кідіріс жасап, қайта газды үдете басып,

тоқтамай өте шыққан дыбысы үйдегілерге естілді. Соның артында есікті біреу тоқылдатты.

– Есіктің ілгішін ашқын, – деді Сабыр.

– Өзің ашқын, – деді Жәмила оған кинала жауап қатты.

«Әншейінде ауырсынбай-ақ есікті аша беруші еді. Енді мұнысы қалай?» дегенді ойлаған күйі барын есікті ашса, келген Кеселді екен. Жана машинаның жүрісін бәсендеткенде, секіріп түскені белгілі болып тұр. Бұл келісі - Сабыр үйінде жоқ, талай күнгі шаруасымен жолаушылап кеткенін күндіз келіп білген. Жәмила екеуінің келісілген шаруасы сияқты. Оны бір Алла біледі, бірақ ақиқаты да осы. Машинаның сырт көзге тоқтамай өте шыққаны - көршілерді артық ойдан сақтандыруы. Машинадан ешкім қарғып түспеген көрінді. Бұл ойластырған зымиян әрекет қазір іске аспағанымен, бұрын мұндай-мұндайдың талайы іске асып, сәтін түзеген шығар, оны бір Алладан басқа кім білер. Өйткені мына келісі «соқырға таяқ ұстатқандай» көрініп тұр. Ойда-жоқта кіріп келген Кеселді не дерін білмей сасып, Сабырды көріп тосылып қалды. Бір кезде:

– Қонайын деп келдім, – деді.

Жәмила ләм-мим деместен үнсіз, төсекте қай бөлмеге салайын деп те Сабырға айта алмады. Кеселдіге ауыз бөлмеге салды. «Далаға шықсам маған жолда дайын жатсын» дегендей. Есікті ашып қойды. Сабыр: «Мына жүрісің қай жүріс дегендей түр байқатып, оқталған мылтықтай өзін әрең ұстады. Әр нәрсені бір ойлап әрі ұзақ жолдан жолсоқты болып шаршап келген Сабыр қатты ұйықтап кетіп, ертеңіне бір-ақ тұрды. Бір-бірін күтіп жатқан екеуі түнде не істегені белгісіз. Киімсіз терезеден қараса, үйдің алдында екеуі сөйлесіп тұр екен. Сабыр шала киініп далаға шыққанда Жәмила есіктің салдыр-гүлдірін ести сала үйге қарай, Кеселді кошеге қарай беттей берді. Заты Жәмила Сабыр тұрғанша көзден таса болып кетіп қал деген болса керек. Соның артында кешегі машина келіп, Кеселдіні іліп алды да қайта кетті. Демек, Жәмиланың ертеңмен тұрып, Кеселдімен сөйлесуі - оның

бетімен жүргенге еті әбден үйренгенін байқатады. Өйткені оның ертеңмен жүрген жүргіншіге ұқсағаны көршілерге Кеселді жаңа келгендей көрініп, Жәмиланың үйіне түнемегендей әлпет танытуы. Тек қана сәтсіздігі сол түнде Сабыр келіп қалып, скеуіне еркіндік бермеуі. Әйтпесе ойластырған арам ойлары Гитлердің жоспарынан да ары, терең екені сезіліп тұр. Бір аптадай уақыт өткен соң Кеселдінің машина жүргізушісі:

– Сабыр, сен неге әйелінді сонша қызғанасын? Түнде келіп қалса, хабар бересін деп мені сенің жолыңды тосқауылдатып жіберіп еді. Сен оған дейін үйіңе келіп қойыпсың, – деп өзінен-өзі шатып-бұтып бөсті.

– Барлық жанды өзінің ұрғашысын қызғанады, тек шошқа ғана қызғанбайды екен. Сонда мен өз әйелімді қорғағаныма айыптымын ба? Бұл қай сөзің? – деді Сабыр.

– Кеселді сені оңбаған, әйелін қатты қызғанады, – деп соғып жүр... - деп тағы да бірталай сөз айтпақшы болып оқталып тұрды да, аяғын ішке жұтып қойды. Осыны Сабыр Жәмилаға айтқанда:

– Кеселді жас болған соң ойына бірдеңе түсіп, маған келген шығар. Онысын мен қайдан білейін, - деді. Түсінгенге бұл аз да болса мойындауға жақын әрі соған тән сөз емес пе? Басқа не айтсын, сөйтіп-бүйтіп еді десін бе деген жымысқы ой өзінен-өзі туындайды.

– Егер сен үйге түнде келуіне келісім бермесең, көлігінен секіріп түсіп келмейді. Әрі Кеселдіні түнде үйіне кіргізбейтін болсаң, машинасын жіберіп қойып, жаяу қалмайды. Егер ондай атты күн болса, скеуің де көршілерге күлкі-дабыра болып, абыройларың айрандай ашылар еді. Сол себепті скеуінде келісім болған соң, саған біратала сеніп келіп отыр. Күндіз менің жоғымды пайдаланып, әрі бүгін келмейтін шығар деп төсекте болуға уәделескенсіңдер. Бұл сенің көп жылғы, демек қолғаптан бұрынғы көңілдең. Міне, сенің ойнасыңды екінші рет бұлтартпайтын айғақ дәлелмен ұстап отырмын, - деп Сабыр бастырмалатып, дәлелді іс-әрекеттерін жайып салды.

Жәмила оған шыр-шыр болып, не десе де зар илеп қарғанып, «Ақырым тақыр болсын, мен ақпын» - деп әлегі шықты. Жәмиланың анасы Бәлиза бір келгенде, осының бәрі оған да айтылды. Сонда ол кісі:

–Ойпыр-ай, ойпыр-ай! - деп көп ойланып, қызына күдіктеніп қалды.

Осы оқиғаның қарсаңында көп малшылар келген күні Кеселді де Жәмилаға мотоциклмен жеткен еді - деген сыбыс тағы шықты. «Тағы бір ұзақ жолда бір көлікпен Жәмила мен Кеселдің бір жүруі екеуінің оңаша көңіл қосуы» – деп күдіктенгені бар Сабырдың.

Қызғаныш, сенімсіздік. Сенімсіздікті оятатын сенімсіз іс-әрекет. Жәмиланың сенімсіз іс-әрекеттерін әшкерелейтін тағы бір-екі оқиғаға кезек берейік. Бұрын осы Кеселді көрші тұрғанда, оның әйелі Әскен күйсуінің өне бойы ішімдікке салынатынын, жаман жүрісті екенін айтып, үш-төрт әйелге күйініп, мұңын шаққан. Сонда ай-шай жоқ:

– Адам деген бір-бірін жамандамай, тыныш жүруі керек қой, - деп, оның күйеуін қызғанғанын жақтырмай, маған еркін жібере бер дегендей ишара байқатқан. Сонда Әскен:

- Әй, сен не деп тұрсың?! Мені кінәлап тұрсың ба, жоқ күйеуімді кінәлап тұрсың ба? Бұл қай айтқан сөзің... – деп, шап ете түсті. Сөз астарын түсінген Жәмила жерге кіріп кете жаздады. Жауап та қайтара алмады. Сонда Сабыр алакөзімен атып жібере жаздап, Жәмилаға:

– Тыныш тұрмайсың ба? – деп зекін тастады. Бір әйелге барған Бұралқыны өз әйелі біліп қойып, қуып барып, шатақ шыққан. Сонда да:

– Олар оңған болса, бірін-бірі қуа ма, – деп Жәмила оның әйеліне де кінә тағып, сыртынан соғеді. Сөйтіп Жәмила оны мен екеуіне еркіндік берілуін тілеген есекдәме ойын сездіріп қойып жүрді.

Сабыр ауылға алғаш кошiп барғанда су техникi Кеселдiнi екi мәрте ертiп келген. Жұмысы жоқ, себепсiз келген олар Сабыр үйiнде болған соң тұрып-тұрып Жәмиламен тiлдесе алмай керi қайтқан. Сабыр кейiн сутехникке:

– Сен неге бiздiң үйге Кеселдiнi себепсiз ертiп келдiң? – дейдi.

– Оны сенiң әйелiңе ертiп бардым. Алдында сенiң әйелiңдi Кеселдi iздеп барса, әйелiң де оны дүкеннен өзi iздептi, - деп жауап бердi сутехник. Шынында да сутехник Жәмила мен Кеселдiнiң ара-қатынасын бiлетiн сияқты. Ойткенi, бiр жолы сутехник Сабырдың үйiне келгенде, Жәмила кұрдай жүгiрiп, оған арағын кұйып, қалғанын қалтасына салып берiп, жан таппаған.

– Сен неге менiң рұқсатымсыз сутехникке арақ бердiң? Тiптi қалған жартысын да қалтасына тыққылап салып беруiң қалай? Кұран бойынша қара суды да күйсуiннiң рұқсатынсыз басқаға беру әйелдерге жол жоқ, – дедi Сабыр. Оған «қарғай ма» деп бердiм» деп жауап қатты Жәмила.

– Әй, кайдам, сенiң Кеселдiмен екi араңды бiлгендiктен басқаға айтып қоя ма деп жаның қалмайды, – дедi Сабыр.

Сабыр облыстық дәрiгерге қаралып жүргенде Жәмила мен Кеселдi қонақ үйге түнедi деген де өсек шыққан. Жәмила сырқаттанып, ауруханада жатқанда Кеселдi барып, көңiлiн сұрауы да тегiн емесiн сездiрдi. Сонда даладағы танысына Жәмила тоқалым сырқаттанып жатыр едi, соған келдiм көңiлiн сұрайын дептi. Базарға вишня сатамын деп келген сайын Жәмиламен қонақ үйде әрдайым түнейтiнiн Кеселдi мақтан етiп әркiмге айтқаны да бар.

Бiр жолы Жәмила аудан орталығындағы базарға кеткен. Күйеуiмен сол жерде кездесетiнiн бiлген ол: «Базарда отырмын, келсiн», - деп, Сабырды шақыртып алды. Барса, Кеселдi қызу, әр нәрсенi бiр сөйлеп, қасында отыр. Аузынан сiлекейi

аккандай күйге түскен Жәмила қасында тағы бір-екі адам бар, мас адам аузына қарап қалыпты. Бұл, біріншіден, осы отырысымды көріп қоя ма деп, Сабырды әдейі шақыртып ақталғаны болса, екіншіден, күйеуім Кеселдімен сойлесіп, тіл табысып, қатынасса, маған да жаман болмас еді дегендей.

Бірде құдық басында Сабыр мен Әуесхан ұрсысып қалады. Сонда күйеуіне жақтасқан Жәмилаға:

– Сен тыныш тұр! Керек болса сен менің келінімсің, ұялмайсың ба? – деген. Оның келін деу себебі Кеселді соның ауылының жігіті. Оған Жәмила:

– Менікін жепсің! – деді.

Тағы да аялдамада тұрған қызу Әуесхан:

– Сен мені көшірін жіберіп едің. Оның жақсы болды. Үй салып алдым. Бірақ сенің әйелің Кеселдінің көңілдесі, - деп, намысқа ауыр тиетін сөзді айтып тұрғанда, әйелі келіп, итеріп-итеріп:

– Сен не оттап тұрсың?! – деп Әуесханды Сабырдың қасынан сүйрегендей ғып алып кетті.

Бірде Сабыр мен Жәмила үлкен көшемен келе жатса жолдың жиегіндегі көгалда Жамал деген кемпірмен сөйлесіп отырған Кеселді:

– Жәмила! - деп айқайлап, - амансын ба? - деді.

Егер Жәмила одан таза болса, екі ортаға от тастаған Кеселдіге:

– Әй, көргенсіз, не оттап тұрсың? Әуелім менен бұрын еркегіммен амандаспайсың ба? – дер еді, олай айта алмады.

Луылға көшіп келген соң, Сабырдың қарындасы келіп:

– Атаңа нәлет, Бұралқының жәлебі! - деп Жәмилаға ұрысқанда, Сабыр шыдай алмай үйге кіріп кетеді. Тағы бірде Сабыр үйіне барайын деп көлік күтіп тұрғанда, Тілетай деген әйел кездесіп қалып:

– Сен неге кеше үйінде болмадың? Жәмила прапал! - деді.

Тағы бірде Жәмила ертеңмен базарға кеткен болатын. Сабыр көше жақтағы коленкеде отырған. Сонда базардан келе жатқан Бұралқының әйелі көшемен өтіп бара жатып Сабырға амандасып:

– Сенің әйелің Жәмиланы сыртынан көрдім. Ұзын бойлымен үздігіп сөйлесіп тұр, - деп кете берді. Бұл сөзінен Жәмила мен Кеселді сөйлесіп тұр дегендей сөкем алды Сабыр.

Сабыр бір жаңадан көшіп келген үйге Кеселдінің келгенін естиді. Ол бұл үйге тегін келген жоқ. Оның сыры былай:

– Мен ауылыңа көшіп барайын, маған жұмыс тауып бер, - деп кездескен сайын Кеселді Сабырға айтып жүрген болатын. Бұл қайтсе де Жәмилаға ептеп жақындау ойы еді. Сөйтіп енді мына көшіп келген оның туған күйеу баласына малын қосып, әдейі келіп отыр.

Сөйтіп Кеселдінің келгенін естіген Сабыр не де болса ол ертең Жәмилаға бір соғар деген оймен мылтығын оқтап, Құран кітабын дайындады. Өйткені, ол жоғарыдағы «айғақтар мен күдіктерді» естіп, көріп біліп, қанына қарайып, Жәмилаға талай азап шектірген болатын. Сол себепті егер Кеселді келсе, «сенің кесірің жетеді» деп, Жәмила үйден қанғытып қуып шығады деп ойлаған. Бірақ олай болмады. Айтқандай-ақ ертеңіне Кеселді келіп, құдық басында жүрген Сабырға амандасып еді, ол қылиған да жоқ, қайта кет дегендей ниет білдірді. Кеселді де оның жақтырмағанын сезді. Сабыр жарты сағат уақыт әр нәрсені бір шұқылап тұрғанда, Кеселді бір отырып, бір тұрып, үй жаққа қарап, Жәмила көріне ме дегендей, мойнын анда-санда бір созып қойды. Артынша Сабыр үйге қарай бет алды. Кеселді оған итше ілесіп бірге келді. Ол Жәмиламен ақырын ғана амандасқан болды. Бірақ Жәмила Сабырдан сақтанып қылиған жоқ. Тым-тырыс отырыс. Ал Жәмила Кеселдіні үйден қуып шықпақ түгілі, Сабырдың жақтырмай отырғанын сезе тұрып, оған шәй қойып берді. Егер екеуінің арасында бір байланыс болмаса, оны үйден қуып, қан қып шығуы керек еді. Бір байланыс арасы болғандай. Себебі, Кеселдінің кесірінен көрген азабы ұшан-теңіз. Соның бәрін ұмытты. Түк те сөз қозғамады. Егер

ондай атты күн туғанда, екеуі де адал болса, «Құран» үстінен нанды жегізетін, егер жемесе, мылтық атылатындай Сабыр ашу үстінде. Қаны қарайып, қылмыстың алуан түріне баруға басын тігіп отырған. Сонымен тым-тырыс отырып бір-екі кесе шәй ішілді. Ол кеткен соң:

– Кеселдінің шәй ішкен кесесі қайда? – деді Сабыр.

– Анау тұр, басқа ыдыстарға араластырмай бөлек қойдым. Өзінше бөлек тазалап жуамын, не сындырып, жерге топырақпен көміп тастаймын - оның жұқпалы көкірек ауруы жұқпас үшін, – деді Жәмила.

– Сен Кеселдіні үйден қуып шығып, оған ол ақталғандай жауап қатса, «Саған бессаусақ тері қолғапты кім берді? Машинадан қарғып түсіп, үйге неге келдің? Екеуіңнің тосектес болуға келісімдерің болды ма? Менің жолыма машинаны торауылдатып неге қойдың? Бұдан басқа айғақ-күдіктерді айтпағанда, қазір менің жақтырмағанымды сезіп тұрып, қандай ниетпен келдің? Кәні, шынықты айтқың! - деп мылтықты алыстан кезеп тұрып, Құран үстінен нан жегізетін едім», – деді Сабыр.

– Сен осыны неге қоймайсың, – деді Жәмила.

– Ол саған келді, - деп Сабыр Жәмилаға қайта шүйлікті. – Сен көрші кемпір келінімен ұрсып, біздің үйді мият тұтып келгенде, шәй қойып бер дедім. Неге жасы үлкен кісіге шәй қойып бермедің? Ал мен жақтырмай отырсам да Кеселдіге неге шәй қойып бересің?! – деп, Жәмилаға ұрысты жаудыра бастады. Сөйтіп, Кеселдіні үйден қумақ түгілі Жәмила шәй қойып беріп, сөзін сөйледі. Бұл жолы өте қауіпті еді, шын-ақиқатын айтқызу үшін мылтықты басынан асыра атамын деп, ашумен дәл атып та жіберуі мүмкін еді. Сабырдың қаны қатты қарайған кезі болатын.

Әрбір ана өзінің туған баласын тентектігі үшін жерден алып, жерге салып ұрсатыны белгілі. Жәмила да солай. Бірде бір баласын: «Сен арамсың, арамнан пайда болғансың», - деп ұрсады. Бұрын мұнысын Сабыр талай естісе де, аса зейін қойып, елеген

емес. Және құдай берген балаларының бәріне де осылай ұрсады ғой, деп ойлаған. Сөйтіп, ақырын аңғарып байқаса, бір ойынпаз баласына ғана осылай тіктеп ұрсады екен. Оны арам дейтіндей 5-6 жастағы бала не арамдық жасайды. «Арамнан пайда болдың» - деп сөз төркінін әкесі Сабырға тигізе тілдесе, бәріне осылай артық сөзбен ұрысу керек қой. Жоқ, олай емес, жеке соған ғана тіктеп қадалады. Осы екі ортада ашылмаған құпия бар ма? «Бала әкеге күмән, шешеге аян» деген ғой. «Арамнан жаралғансың» деп Жәмиланың өзі айтқандай, бұл баланың кімнен пайда болғанын өзі сезеді де деген тағы басы артық күдікті ой Сабырға сап ете түсті. Сол балаға ұрысқанын аңдатын болды. Шынында, көбінесе осылай ұрсады екен. Мұндай ұрыстан бұл бала әбден есі кіріп жігіт болған соң бірақ құтылды.

Әрі Жәмиланы шын ашу қысқанда, құдайдан да, адамнан да жасқанбай шын-ақиқатын айта салатыны бар. Аңт беріп отырғанда:

–Саған келгелі адалмын, - деген Сабырға. Мұнысы - ол келін болып түскелі таза екенімен бірге ауылынан әйел болып келгенін мойындау екені сезіліп тұр. Сабыр ұстап қалады. Баланы ұрысқан сөзінен шикілігі сезілгендей. Сабыр іштей әбден күйзеліске түсіп, сол баланың ішке пына болған күнінен бастап күнін санады. Бала 281 күнде өмірге келеді. Сонда бұл бала айдың 20-сында жатырда найда болған. «Мен сол күні үйде болсам ба, болған жоқпын ба», - деген екіұшты күдік күдікті ой туды Сабырға. Бірде Жәмила Кеселдіге осы баланы «өстіп ойнайды, бүйтіп ойнайды» деп неге айтты дегенді күдіктене еске алды. Сол бір айдың 20-сы күні өзінің қайда болғанын ойына алып, өткен-кеткен күндердің жұмбақ сырын шеше алмай басын қатырды. Ары ойлап, бері ойлап бағымдаса, сол күні үйде болмаған сияқты сезіледі да тұрады. Арам ойдан арам ой туындап, кейде шын-ақиқат кері бұрмаланып кететін сияқты.

Мұның шет жағасын Жәмилаға да айтып, ұрыс та болып, тұрды.

Осы хикаяның басында айтылғандай Сабыр осының бәрін жіпке тізгендей ғып көз алдынан өткізіп отыр. Оның да мақтайтын жері жоқ. Іліктен шілік шығарып, майда-шүйдеге дейін қазбалаған арам ойға жетік.

Адалдықтан бейқамдықтан өзіне не жолдасына сенген тазалықтан, тіпті басқаны да өз көңіліне сынағандықтан туындайтын Жәмиланың ойына ештеңе келмейтін ақкөңілділігінен сөксем алып, қалт кеткен байқаусыз, әлсіз тұсын арам ойға жорып, соны жамандық жағына қару етіп ала қоям ба дегенді де ойлайды Сабыр. Онысы мына айғақтар мен күдіктерден көрініп тұрған сияқты. Осынау ширек ғасырда Жәмиланы бейқам күйге түсіріп, еркінсітіп, айғақтар мен күдіктерді мазалайтын жымысқа жасырын алдаусыратып «сен» деген айлакерлікті де Сабыр қару етті. Ол былай еді. Ең алғашқыда Бұралқы мен Кеселдіге теңеп жүрген ұрыс үстінен түскен біреу:

– Сенің әйелің мен оның көңілдесі деп жүргендеріңе сезігінді секем тудырмай көп жыл аңдысаң, шын-ақиқатқа көзің жетеді, деп еді, басқа ауданнан келген Әбдіманат деген.

Сол жиырма жеті жыл «сен» демеі еркінсіткеннің жемісі - мына айғақтар мен күдіктер Жәмиланың көп жылғы бейқамдығының көрінісі сияқты Кеселдінің талай секем тудырған қырсыз ісіне неге төтеп бермейді?

Бір ауыз артық айтқан сөзі үшін білдей бір азаматты шөмішпен ұрып, басын қауындай айырып, қан қылған еді. Міне, осы жерде қаншама қара көңіл болса да, Сабырдың арам ойы айдалаға кетпейтін тәрізді. Мүмкін, Кеселді машинадан секіріп түсіп келгенде, екеуінің төсектес боламыз деген келісімі бар шығар. Бірақ Сабыр сол түні үйіне күтпеген жерден келіп қалғандықтан, арам ойлары быт-шыт болғаны белгілі.

Соған орай ардан ағтау оған жақпайды екен, қыз күнгі артық істі Қалибектің әйгілеп айтқаны анау, Сабыр тегін адам емес екен, мені әруағы жаза бастырмады деп Жәмила райынан тез

емес. Және құдай берген балаларының бәріне де осылай ұрсады ғой, деп ойлаған. Сөйтіп, ақырын аңғарып байқаса, бір ойынпаз баласына ғана осылай тіктеп ұрсады екен. Оны арам дейтіндей 5-6 жастағы бала не арамдық жасайды. «Арамнан пайда болдың» - деп сөз төркінін әкесі Сабырға тигізе тілдесе, бәріне осылай артық сөзбен ұрысу керек қой. Жоқ, олай емес, жеке соған ғана тіктеп қадалады. Осы екі ортада ашылмаған құпия бар ма? «Бала әкеге күмән, шешеге аян» деген ғой. «Арамнан жаралғансың» деп Жәмиланың өзі айтқандай, бұл баланың кімнен пайда болғанын өзі сезеді де деген тағы басы артық күдікті ой Сабырға сап ете түсті. Сол балаға ұрысқанын аңдатын болды. Шынында, көбінесе осылай ұрсады екен. Мұндай ұрыстан бұл бала әбден есі кіріп жігіт болған соң бірақ құтылды.

Әрі Жәмиланы шын ашу қысқанда, құдайдан да, адамнан да жасқанбай шын-ақиқатын айта салатыны бар. Аңт беріп отырғанда:

–Саған келгелі адалмын, - деген Сабырға. Мұнысы - ол келін болып түскелі таза екенімен бірге ауылынан әйел болып келгенін мойындау екені сезіліп тұр. Сабыр ұстап қалады. Баланы ұрысқан сөзінен шикілігі сезілгендей. Сабыр іштей әбден күйзеліске түсіп, сол баланың ішке пына болған күнінен бастап күнін санады. Бала 281 күнде өмірге келеді. Сонда бұл бала айдың 20-сында жатырда пайда болған. «Мен сол күні үйде болғам ба, болған жоқпын ба», - деген екіұшты күдік күдікті ой туды Сабырға. Бірде Жәмила Кеселдіге осы баланы «өстіп ойнайды, бүйтіп ойнайды» деп неге айтты дегенді күдіктенсе еске алды. Сол бір айдың 20-сы күні өзінің қайда болғанын ойына алып, өткен-кеткен күндердің жұмбақ сырын шеше алмай басын қатырды. Ары ойлап, бері ойлап бағымдаса, сол күні үйде болмаған сияқты сезіледі да тұрады. Арам ойдан арам ой туындап, кейде шын-ақиқат кері бұрмаланып кететін сияқты.

Мұның шет жағасын Жәмилаға да айтып, ұрыс та болып, тұрды.

Осы хикаяның басында айтылғандай Сабыр осының бәрін жіпке тізгендей ғып көз алдынан өткізіп отыр. Оның да мақтайтын жері жоқ. Іліктен шілік шығарып, майда-шүйдеге дейін қазбалаған арам ойға жетік.

Адалдықтан бейқамдықтан өзіне не жолдасына сенген тазалықтан, тіпті басқаны да өз көңіліне сынағандықтан туындайтын Жәмиланың ойына ештеңе келмейтін ақкөңілділігінен секем алып, қалт кеткен байқаусыз, әлсіз тұсын арам ойға жорып, соны жамандық жағына қару етіп ала қоям ба дегенді де ойлайды Сабыр. Онысы мына айғақтар мен күдіктерден көрініп тұрған сияқты. Осынау ширек ғасырда Жәмиланы бейқам күйге түсіріп, еркінсітіп, айғақтар мен күдіктерді мазалайтын жымысқа жасырын алдаусыратып «сен» деген айлакерлікті де Сабыр қару етті. Ол былай еді. Ең алғашқыда Бұралқы мен Кеселдіге теңеп жүрген ұрыс үстінен түскен біреу:

– Сенің әйелің мен оның көңілдесі деп жүргендеріңе сезігіңді секем тудырмай көп жыл аңдысаң, шын-ақиқатқа көзің жетеді, деп еді, басқа ауданнан келген Әбдіманат деген.

Сол жиырма жеті жыл «сен» демеі еркінсіткеннің жемісі - мына айғақтар мен күдіктер Жәмиланың көп жылғы бейқамдығының көрінісі сияқты Кеселдінің талай секем тудырған қырсыз ісіне неге төтеп бермейді?

Бір ауыз артық айтқан сөзі үшін білдей бір азаматты шөмішпен ұрып, басын қауындай айырып, қан қылған еді. Міне, осы жерде қаншама қара көңіл болса да, Сабырдың арам ойы айдалаға кетпейтін тәрізді. Мүмкін, Кеселді машинадан секіріп түсіп келгенде, екеуінің төсектес боламыз деген келісімі бар шығар. Бірақ Сабыр сол түні үйіне күтпеген жерден келіп қалғандықтан, арам ойлары быт-шыт болғаны белгілі.

Соған орай ардан аттау оған жақпайды екен, қыз күнгі артық істі Қалибектің әйгілеп айтқаны анау, Сабыр тегін адам емес екен, мені әруағы жаза бастырмады деп Жәмила райынан тез

кайтып, адалдығын мәңгі сақтаған болар. Кім біледі. Өйткені, қарғанудың, анттың барлық түріне барып шырылдаудай-ақ шырылдап зар илейді. Алғашқы түні пәктік жоқ деп айтпай, әрі Темірбекте қыз белгісі бар ма, жоқ па деп үш-төрт келіп сұрағанында бар дегеніне сенбегенін, одан «Мен әйелімнің сақинасын өзім сындырдым» деп шақырып, соның дақтарын көрсетіп, «сен Жәмиланыкің көрсетпедің» дегенін бетіне салық қылған емес. Тек отыз бес жылдан соң Кеселдінің кесірінен бір ұрыста ашу үстінде бір-екі мәрте айтып қалғаны болмаса. Ал Кеселді болса «әуедегі еттің иісі-ай» деп, баяғы Жәмила берген бір уәдені жамылып, сезіктен секем тудырып, көрінгенге сөз қып араға от жаққандай болып жүр ме деген де ой туады. Сондай-ақ Кеселдіге Жәмиланың қатты сөз қатпауы - уәде орындалмаса да, сол уәденің өзі бетперде болып, «жүз көрсе бет ұяладының» кері болып жүр ме? Сол берген уәдеден именшектей бере ме екен? Оны бір Алла білер.

Өйткені, Сабыр айғақ пен күдікті үйіп-төгіп бастырмалатып қойғанда ол шарасыздан:

Сен не десең о де, аманмын. Ақпын, адалмын. Сенен басқа адам көргенім жоқ, - деп ант-су ішіп, Құран кітапты алып келіп, үстінен нан да жемекші болды. Сабыр оны қолынан жұлын алып, «ақ болсаң да ант ішпе» десе де, оған нан тигізіп жеді. «Адалдығыма не істе десең, соның бәрін істеймін», - деп шырылдайды-ақ, шіркін. Құдай басқа салмасын. Адамнан сенім бір кеткен соң сендіруі сұмдық қиын болады екен.

Тағы да бір мүмкін артық іс орындалмаса да, кінәлі болса, ол тек келісім бергеніне ғана кінәлі ме екен деген ой туады.

Демек, онда да ол келісім бергені де арадан аттаған болар. Кім білсін.

* * *

Төрехан Рамазанұлының көкірек ауруы – жегі құрт, жұлын құрт, қанқұрт, күскұрт, өкпе құрт, қылқұрт сияқтының қайсысы болсын жұқпалы. Кейінгі кезде Жәмила да әлгі күдікті бала да ештеп жөтелетінді шығарды. Бұған Кеселдінің жөтелі жұқты ма

деген астарлы күдікті ой қоюланып, Сабыр санасын жегідей жеуден кенде емес екені тағы да бар.

Демек, Жәмилаға Әуесханның «Сен менің келінімсің» деп, Кеселдінің әйелі ғыш өз еліне тән етуінің астарында шын-ақиқат айғақ сыр бар сияқты.

– Сенің әйелің зоотехник Қожа мен Төрехан Рамазанұлының - үшеуің дамбал бажасың – көңілдесі, - деп Сабырға елдің көзінше айтып, айғақ болғаны да бар жынды Жетпістің.

Сертген тайған – өзіне қастандық. Қара болып тұрып, «Ақырым тақыр болсын» деп ант беріп, «жегі құртқа» інісін құрбандыққа шалуы Жәмиланың өзіне-өзі жасаған қастандық.

Міне, осындай айғақтар мен күдіктер Сабырдың санасын жаулап алғаны сондай, ойдан шығатын емес. «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартарсың», - деп Жәмила күйігін тартып жүр.

«Алладан басқамен ант ету дұрыс емес» (37-с.4-А) «Екі аяқтың арасындағы жыныс мүшелеріне сақ болындар». Мұхамед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың қасиетті хадистерінен.

«Арсыздық істеген екеуіне де жапа беріңдер». (4-с. 14-А).

Колқұдық, 20.02.1995 жыл.

АВТОРДАН!

(Немесе өмірдің жинақшылық тұрғысынан.)

Мен бүгін 01.10.2017 жылы 77 жасқа толып отырмын.

«Ең үлкен емші - уақыт» - деген осы жасымдағы тағдырымды уақыт екі кезеңге бөліпті.

Біріншісі: үш мүшелі жасқа дейін «Тірлік қуған» кезеңім екен. «Өмірден шынайы дос тапқан адам – нағыз бақытты адам. Ал оны өзінің әйелінен тапқан адам одан да бақытты адам» - депті Франс Шуберт. Әуелі мен шынайы дос тапқан бақытты адам екенімнен ештеңе сыр шертейін. Сүйген жарым Зәбира 18 жасында мен 19 жасымда екеуміз 13.12.1959 жылы отау құрдық. Мына мақалды толық игерген мен бақытты адам екенімді қысқа қорытып айтқанда мына іс-әрекеттер куә.

Зәбираның әуелі әйелге тән жақсы қасиеттердің бәрін толық меңгергенін текті жердің қызының тектілігін сақтауынан болса, соның әсіресе үш қасиетін тілге тиек етейін.

Бірінші қасиеті: - күйеуі мен оған өмір жолындағы неше түрлі қырсыз істерімді кешіріп, мені шексіз сүйіп, күте білуі.

Екінші қасиеті: - үйін таза әрі отбасын тәртіпті ұстап «жаман әйелге жоқ сылтау» - дегенді білмей, бар түгілі жоқтың ретін тауып, дастарханның береке көзін кіргізіп, асты да дәмді дайындап, ішіп-жеуге тәбетімді аштырып қояды. Ал танитын-танымайтын қонақтарды күтуі көптің анасындай болуы еді.

Үшінші қасиеті: келін болып келгелі енесін, қайын-қайны ағасын, қайын сіңлісін, елін-жұртын сыйласа, үлкен адамдардың жолын кесіп өтпеуі, тұрақты. Енді өзі туған 4 ұл, бес қызын өте таза, орынсыз істен тәртіпті етіп өсірсе, кейінгі немерелерін қартайса да шексіз тәрбиелеуде. Мұның бәрі ерең еңбек пен адамгершіліктің көрінісі.

Осы «тірлік қуған» үш мүшелі жасқа дейін адал еңбек етіп, ретін тапқанның жемісі өз қатарластарымнан бұрын тізгінімді ерте игеріп алып, өзімнің төңірегіме мен тез танылдым. Әуелі

Алладан болса, екінші Зәбираның арқасы еді, әйтпесе «мен кімін?». Қарапайым отбасында тәрбиеленіп, жетім болып, қорлық көріп басылып өскен, білімі шектеулі азаматпын.

Екіншісі: ой қуған кезеңім екен. Осы кезеңін сыр толқынындағы жетістіктерім мына төмендегілер.

1. «Жырбесік» атты кітап (Жалын, 1983 ж.).
2. «Аша елі» атты кітап (Мерей, 1994 ж.).
3. «Түсімдегі жолбарыс» атты кітап (Риритет, 2008 ж.).
4. «Көлкұдық» атты кітап (Риритет, 2009 ж.).
5. «Аша елі» атты кітап қайта жазылған (Риритет, 2010 ж.).
6. «Болашаққа хат» атты кітап (Алматы, 2010 ж.).
7. «Менің қарапайым өмірім» атты кітап (Үш қиян, 2013 ж.).
8. «Өмір керуен» атты кітап (Үш қиян, 2015 ж.)

Тегім Дүйсебай әулие

Оныншы кітап та басылуға дайын тұрады.

Бұған қоса 1980 жылдан «Социалистік Қазақстан» қазіргі «Егемен Қазақстан» тағы 1977 жылдан «Шу өңірі» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болып, қоғамда, ауылда, қарапайым халық арасында орын алған оқиғалар төңірегінде көптеген мақалалар, әңгімелер, өлеңдер, естеліктер жаздым. 1983 жылдан Жамбыл облыстық охотинспектор болып штаттан тыс қосымша табиғат тамашасын қорғаушы болып жұмыс істедім. Міне осылай осыншама кітаптарым жарық көргенімен мен өзімді акын немесе жазушымын деп санамаймын. Мен Мемуаристердің бірімін. Ол ой толықны, сыр толқыны деген мағына береді екен. Демек мемуарлық естелікте ой толқып, сыр шерту есебінде тек шындықты жазуға тырыстым. Солай ой қуғанның әсерінен көрген-білгендерімді, естігендерімді, ойлағандарымды, сезгендерімді, оқығандарымнан түйгендерімді міне осылардан тек қорытып, сыр шертіп, соларды қағазға түсіруші ғана адаммын. Осы жазғандарым кітап материалы болып тынды. Көркем бейнелеумен сәтті ұштастыру шеберлігі менде жетіспейді. Нағыз қаламгер бола алмағанымының себептерін мойындап, бұрын

жазып ескертемін. Онда да бірталай шығармаларым жарық көргенімен ақын не жазушы бола алмағаным көркем әдебиеттің ахуалы үшін шын ақиқатын мойындаймын. Сондықтан бұрынғы жазбаларымды шатпақ санап сыр бергенмін. Бұл ойымды сыншылар мен оқырман талқысы шешеді. Әрине шығармаға көрген-білгенді жазған шын ақиқат екені де даусыз ғой. «Естіген құлақта, көрген көзде жазық жоқ» - деген. Онда да естігендерімді пайдаланып, жазғандарымның артық-кемі тұсы болса, соным үшін алдын-ала болашақ оқырманнан қауымнан кешірім сұраймын. Өйткені қазақ «көзбен көрген рас, құлақпен естіген өтірік» десе тағы «естігенге сенбе, көргенге сен» деген мақалды тегін айтпаған. Өмірде шын ақиқат бәрінен де жоғары әрі үстем екенін мен ойымнан шығармаған жанмын. Сондықтан тек шындықты зерттеп, мәлімет-деректерді ой елегінен өткізіп, соларды салыстырып, сұрыптап жазамын. Қорыта айтқанда мен өзіме-өзімнің көңілім толмайтынын бүкпесіз мойындап, жазып келемін. Оқырман мен сыншылар беретін сынды өзіме-өзім бергеніме сіздерден кешірім сұраймын. Ашық айтқан ішкі сырым осы. Қош-аман бол ел-жұртым.

Бізді қай жерге жерлейтінін көрсеттім де, Құрал Алдабергенұлының кітабындағы (Өмір – керуен, 70-71 беттер) өзін қалай жерлеу керек екенін мен де Зәбира екеумізді солай жерлеуін балаларыма аманат-өсиетімді ауызша-жазбаша табыстадым. Бұған қоса біздің басымызға қандай белгі қоятынын да айтып, соның суретін де бердім. Өзім бұрын жазған «Бейіттерден өткенде» (1995 ж.) өлеңнің бір жолы. «Ей, тірілер, біз де сіздердей болғанбыз» дегенді ескерткіш тасқа жазып қоюды да аманаттадым. Осы аманат-өсиетімді балаларым орындауға тиісті. Және менің кітаптарыма сақ болып, жанартып отыру ұрпақтарымының сана сезімнің үлесі екені белгілі жайт.

Ұзындығы 2 метр, биіктігі 1,30 см., ені 0,70 см., қалың қалыңтыр темірден сейф жасаттым. Отбасымыз және Зәбира екеуміздің өмір жолымыз толық қамтылған тиісті құжаттар,

суреттер, кітаптар, хикаялар, әңгімелер, естеліктер, мақалалар, басқа да әр түрлі жанрда жарияланған газеттер, жарық көрген шығармалардың қолмен жазылған түпнұсқасы, түгел және бізге қатысы бар, қатысы жоқ кездейсоқ жағымды-жағымсыз дереккөздер, кейбірінің көшірмесі бұған қоса әр түрлі заттар да сейфтен орын алды. Айтылмаған қосымша дереккөздер де аз емес.

Сейфтің есігіне үш түрлі құлып орнатып, оның кілттерін үш балаларыма бердім. Оларды сейфті бірігіп ашып жабады. Бастары қосылмай тұрып ашып-жаба алмайтыны үшеуінің бірлігі ұқыпты шешіле тудырып, сейфтегі дереккөздерді болашаққа тұрақты сақтайтын болады деген оймен осындай ұйғарым жасадым.

«Өлімді білмеген, өмірді сүрмегенмен бірдей» - деп: бұл дереккөз және өсиет жазуым менің о дүниеге дайындалуым. Біздің артымызда 3 белгі қалады.

1. Ұрпақтарым: «Олардың бәрін аман-есен етіп, ынтымақ-бірлігін берік, әрқайсысының ұрпағын үзбей өсіріп, өндіріп мәңгі ақырын берсін»- деп Алладан тілеймін.

2. Біздің мәңгі мекеніміз (мүрдеміз).

3. Менің кітаптарым, шығармаларым міне артымызда мәңгі қалатын осылар ғана.

Бұдан басқаның бәрі мына өмірдің жалғандары. Қазақ елімнің ата қонысы, Отаным, ұрпақтарым осының бәрі мәңгі аман-есен болуын Алладан тілеймін. Қош-аман болыңдар. Ұрпақтарыма бұл үшінші ескерту. Амин.

* * *

Британдық ғалымдар алты жүзден астам адамды жарты жыл зерттеуі бойынша бақытты болудың сыры - бойдағы талант пен адамгершілік екені қортқан екен.

(Арстан 12 тамыз 2016 жыл) «Мені де соған жақындатса екен Алла деген ой түйдім: «айтсаңда - өлім, айтпасаң да - өлім.

Айтарыңды түгел айтып өлгейсің, сөз берсе» - депті муин
Беиеу.

Демек: мен де кітаптарым да? Айтарымды түгел айттым.
Артық-кеміне оқырман қауыммен болашақтан кешірім
сұраймын.

Автор.



МАЗМҰНЫ

Өз жайымнан қысқа мағлұмат.....	3
Мұқағали не деген көреген	23
Қарапхашаны ұмытқансыз ба?	24
Төрт жастан жүз жасқа дейін	27
Анам Іздәнға	34
Әкем Мәдімәрға!.....	34
Бір жемқор қазасына.....	36
Балаларыма қосымша аманат өсиеттеме	38
Бейіттерден өткенде.....	41
Тұрар есімі Шу теміржол бекетіне сұранып тұр емес пе?	42
Хабарлама	47
Оқырманға ашық хат.....	51
Тойдағы сөз!.....	53
Сарысу ауданына бара жатқанда	63
Ой.....	68
Көшекеңе қайтсем жағамын?	69
Бұл не?	73
Жағыпбай мен Егордың жақсылығы.....	74
Жабық әңгімелер туралы ойлар.....	82
Әңгіме.....	85
Грузия.....	93
Бұл қалай?	106
Хабарлама	108
Өтініш-арыз	127
Мұқалмайтын қалам иесі.....	130
Ел риза	133
Айналайын, Тоғжаным!	166
8 мартта анама.....	240
Әйелдердің мінездері	241
Жақсы әйел	242
Жаман әйел.....	243
Сарамжал әйел	244
Ұялшақ тұйық әйел	244
Сөз құмар әйел	245
Шаруақор әйел	245
Жүрдек әйел.....	246
Салақ надан әйел.....	246
Ұйқышыл еріншек әйел.....	247
Күлкішіл әйел	248
Байға би әйел	248

Өр кеуделі әйел.....	249
Оқырмандарға	249
Нұсқалы өлең	250
Тұңғыш немерем.....	252
Аялаға!	253
Болатқа!.....	254
Даниярға!	255
Құрметті Роза келін!	256
Дарымас оған тіпті «кет» дегенің	257
Шүкіршілік	259
Шыңға біткен шынардай	263
Сауытбек жезде	265
Жеке интернет сайтымның бірінші бетіне.....	267
Айғақтар мен күдіктер.....	272
Автордан!	290

С. Мәдімәрұлы
Тегім - Дүйсебай әулие

Кітап “ҮШ ҚИЯТ” баспасының
компьютер орталығында беттелді

Редакторы
Тех.редакторы

Жолдас Сарманов
Құралай Рысқалиева
Жадыра Махмутқызы

Басуға 21.07.2017 қол қойылды.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$ Қарп түрі “Times New Roman”.
Көлемі 18,5 баспа табақ. Таралымы 500 дана. Тансырыс № 67

Алматы қаласы, Жібек Жолы көшесі 50
“Үш Қият” баспасының баспаханасында басылды.
Тел: 393-29-38

© 1999 American K. S. Books
Library of the American College of Pr



000001568035

